



Андыбаева Г.Т.
Канабекова А.К.
Абитова А.К.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Оқулық



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Университеттік білім» сериясы

Андыбаева Г.Т.
Канабекова А.К.
Абитова А.К.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Оқулық

АЛМАТЫ
 ЭКОНОМИКА
АСПАСЫ
2016

ӘОЖ 330 (075 8)

ББК 65.053

А 57

Гүрар Рысқұлов атындағы ЖЭУ жаңындағы ҚР Бжі М-нің РӨӘК ОӘБ
«Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» маман дықтар тобы бойынша
(хаттама №3, 26 маусым 2015 жыл) және Т. Рысқұлов атындағы ЖЭУ
Ғылыми кеңесі басынаға ұсынады.

Пікір жазғандар: **К.Ш. Дүйсембаев** – э.ғ.д., профессор;
А.А. Сәтмырзаев – э.ғ.д., профессор;
Ш.С. Нұрқашева – э.ғ.к., доцент.

А 57 **Андыбаева Г.Т.**

**Экономикалық талдау: Оқулық / Андыбаева Г.Т., Канабекова
А.К., Абитова А.К. – Алматы: Экономика, 2016. – 296 бет**

ISBN 978-601-225-890-5

Оқулықта экономикалық талдау негіздері, оның ішінде талдау түсінігіне, әдістері мен тәсілдеріне, талдау түрлеріне, факторлық талдау әдістемесіне сипаттама берілген. Экономикалық талдау түрі – басқарушылық талдау негіздері, өндірістік ресурстарды пайдалану тиімділігін талдау әдістемесі, өзінің құнды шығындар баптары бойынша талдау, сонымен бірге қаржылық талдау негіздері, активтер мен пассивтер құрамы мен құрылымы, көлемқабілеттілік және баланс өтімділігі, табыстылық және іскерлік белсенділікті талдау әдістемесі және т.б. мәліметтер негізінде жан-жақты жүйелі түрде қарастырылған.

Оқулық экономикалық жоғары оқу орындары студенттеріне, оқытушыларына және кәсіпқой бухгалтерлерді, аудиторларды және аналитиктерді дайындау жүйесінің тыңдармандарына сонымен қатар орта білім беретін колледж студенттеріне арналған.

УДК 330 (075.8)

ББК 65.053

ISBN 978-601-225-890-5

© Т. Рысқұлов атындағы ЖЭУ, 2016

© Андыбаева Г.Т., Канабекова А.К.,

Абитова А.К., 2016

«А экономика» баспасы ЖШС, 2016

Бұл еңбекті немесе оның бөліктерін бітардың келісімінсіз тарауға және авторлық құқық жөніндегі нормаларға қайшы келетін басқа да әрекеттерге тиым салынады, әрі заң бойынша жағалады

КІРІСПЕ

Нарықтық экономикада ұйымдардың табысты жұмыс істеуі үшін олардан басқару мен шаруашылықтың тиімді нысандарын, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін енгізу негізінде қызмет көрсетулер мен өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін, өндірістің тиімділігін көтеру талап етіледі. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін компанияның шаруашылық қызметін талдау маңызды. Кешенді талдау көмегімен компанияның даму тенденциясы зерделенеді, қызмет нәтижелерінің өзгеру факторлары зерттеледі. басқару шешімдері мен бизнес-жоспарлар негізделеді. олардың орындалуына бақылау жүзеге асырылады, өндіріс тиімділігін жоғарылататын резервтер анықталады және компания қызметінің нәтижелері бағаланып, оның дамуының экономикалық стратегиясы жасалады.

Нарықтық экономиканың қалыптастуы экономикалық талдауды бірінші кезекте микродеңгейде, яғни оның жеке ұйымдар және олардың құрылымдық бөлімшелері деңгейінде дамуын қажет етеді, өйткені бұл төменгі звенолар нарықтық экономиканың негізін құрайды. Бірақ бұл макродеңгейдегі талдауды жоққа шығармайды, керісінше оны болжамдайды және қажеттілігін дәлелдейді.

Кешенді экономикалық талдау- кәсіпкерлікте басқару шешімдерін қабылдаудың ғылыми базасы болып табылады.

Оларды негіздеу үшін ұйымдағы әлуетті мәселелерді анықтап, болжау керек. қабылданған шешімдердің шаруашылықтың табыстарына әсерін анықтау қажет. Сондықтан экономикалық талдаудың әдістемесін меңгеру жоғары оқу орындары студенттерінің, бухгалтерлердің, аудиторлардың, менеджерлердің және тағы басқа кадр түрлерінің кәсіптік дайындығының құрамдас бөлігі болып табылады.

Нарықтық жағдайдың динамикалық өзгерісі жағдайында кешенді экономикалық талдаудың әдістері мен тәсілдерін білу ұйымның қызмет етуінің тиімді тактикасы мен стратегиясын жасауға, өндірістің тиімділігін жоғарлатудың пайдаланылмаған

резервтерін анықтауға, оларды практика жүзінде қолдануға жағдай жасайды.

Бұл оқу пәнінің негізгі мақсаты- студенттерде аналитикалық және творчестволық ой пікірді практикалық жұмысқа қажетті шаруашылық қызметті талдаудың әдістемелік негіздерін және тәжірибелік білімді меңгеру жолымен қалыптастыру. Қойылған мақсат оның келесідей міндеттерін шешуді көздейді:

- шаруашылық қызметті кешенді экономикалық талдаудың теориялық негіздерін және тәжірибелік дағдыларын зерттеу;

- толық және шынайы талдамалық ақпаратты қалыптастыру, яғни қаржылық тұрақтылықты, қаржылық нәтижелерді, шығындарды, өндіріс, сату көлемін, сондай-ақ ұйымды тиімді басқаруға қажетті кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлері мен бағыттары бойынша ұйым тиімділігін талдау мен бағалау бойынша есептеулерді, негіздемелерді мен қорытындыларды қалыптастыру.

- басқару шешімдердің нұсқасын дайындау мен талдамалық негіздеу;

- ұйымның қаржылық, еңбек, материалдық ресурстарын оперативті басқару мен пайдалануды білуі;

- ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін және оның қаржылық нәтижелерін болжау.

«Экономикалық талдау» пәнін оқыту нәтижесінде білім алушы:

білуі тиіс:

- қызметті талдаудың мақсаттары, міндеттері мен ақпарат көздерін;

- талдау жүргізу әдістерін;

- ұйымды стратегиялық және оперативті жоспарлау мен басқаруда қызметтің бизнес-талдау нәтижелерін пайдалану бағыттарын.

жасай алуы керек:

- бизнес-талдаудың негізгі амалдары мен әдістерін қолдануды;

- бизнес-талдау әдістемесін қолдануды;

- бизнес-талдауды жүргізуді, нәтижелер бойынша нақты

қорытындылар жасауға және басқару шешімін қабылдауға талап етілетін ақпараттық базаны дайындауды.

игере білуі керек:

– ұйымды бизнес-талдау және өндірістік-шаруашылық және қаржылық қызметтің әртүрлі бағыттарын бағалау бойынша тәжірибелік дағдыларды;

– ұйымның шаруашылық қызметінің нәтижелерін кешенді талдауға, мәселелерді айқындауға және оларды шешу кезектілігін анықтауға қабілетті;

– ұйым дамуының ағымдағы және перспективті жоспарларын негіздеуге қажетті дағдыларды;

– ұйымның қызмет ету тиімділігін арттыру резервтерін іздеу дағдыларын Жүйелі тәсілдемені кең көлемде қолдануға негізделген ұйымдардың шаруашылық қызметін кешенді зерделеу елеулі деңгейде басқару шешімдерінің жоспарлаудың, жобалаудың, құрудың және қызмет етудің барлық сатыларында негізділігін жоғарлатуға мүмкіндік жасайды, ал бұл жалпы менеджментке жағымды әсер етеді.

Экономикалық талдаудың фундаменталды базасы экономикалық заңдар жүйесі – өндіріс үдерісіндегі экономикалық сипаттағы құбылыстардың объективті және тұрақты себептік-салдарлық байланыстары мен өзара тәуелділіктері, тауарлар мен қызметтердің бөлінуі және айырбасы болып табылады.

Экономикалық заңдарды терең білу ұдайы өндіріс үдерісі-кезінде әр түрлі шаруашылық факторларды және олардың шаруашылық қызмет нәтижелеріне жиі қарама-қайшы әсерін жан-жақты есепке алуға мүмкіндік жасайды.

I БӨЛІМ

МОДУЛЬ I. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Тақырып 1. Экономикалық талдаудың пәні мен міндеті, объектісі және мазмұны

Тақырып 2. Экономикалық талдаудың әдістері мен тәсілдері

Тақырып 3. Факторлық талдау

Тақырып 4. Қаржылық коэффициенттер әдісі

1-ТАҚЫРЫП.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ ПӘНІ МЕН МІНДЕТІ, ОБЪЕКТІСІ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ

1.1 Экономикалық талдаудың пайда болу тарихы мен түсінігі

Талдаудың қалыптасуы мен даму тарихы қоғамның тарихи дамуымен, оның өндірістік күштері мен өндірістік қарым-қатынастарымен тікелей байланысты. Талдаудың дамуы мен қалыптасуының кезеңдеріне мыналар жатады:

Экономикалық талдаудың ізбасары болып Жак Савари (1622-1690) саналады. Ол синтетикалық және аналитикалық есеп түсініктерін енгізді. Оның бұл ойын Джузеппе Чербони (1827-1917) тереңдетті. Ол бухгалтерлік шоттардың синтетикалық қосылуы мен аналитикалық бөлінуі туралы ілімді тугызды.

Талдаудың пайда болуы ХІХ ғасырдың аяғы – ХХ ғасырдың басында ерекше шот жүргізу саласы – баланс жүргізу – есепте жаңа бағыттың пайда болуымен байланысты. Онда баланстар, оларды

жасау мен толтыру нысандарды қарастырылған. Сол уақытта балансты талдауға арналған алғашқы кітаптар пайда болды.

Жалпы экономикалық талдаудың пайда болуы мен қалыптасуының келесі кезеңдерін келтіруге болады.

Бірінші кезең – ғылымның қалыптасуы (орташа ғасырлар – 1918ж.), экономикалық талдаудың пайда болуы тауарларды сатып алушылардың төлем қабілеттілігін тексеру қажеттілігімен байланысты. Осыдан, ең алғашқы экономикалық талдау түрі – ол қаржылық талдау. Ол әртүрлі нысандағы жазбаша құжаттар негізінде жүргізілді, мысалы қарыз берушіде сақталған қарыз алушылардың қолхаттарынан бастап. Бұл қатынастардың дамуымен көпестердің мүліктік жағдайы мен міндеттемелеріне қызығушылық арта түсті.

Экономикалық талдаудың дамуына сол кезеңде Иоганн Шердің «Бухгалтерия и баланс» және Пауль Герстнердің «Анализ баланса» атты кітаптары әсер етті.

Екінші кезең 1918-1929 жж. қамтиды, яғни алғашқы көтерілістен кейінгі кезең. Ол кезде коммерциялық құпияға тыйым салынып, халық шаруашылығы ауқымында орталықтандырылған жоспарлау және әрбір кәсіпорынмен жоспардың орындалуына бақылау жүргізу еңгізілді. Есептіліктің біртұтас нысанын жасау және оны толтыру нұсқаулығы өңделе бастады. 1918 жылдан бастап «Мемлекеттік шот жүргізу мен есептілік бойынша негізгі ережелер» бекітілді, осы уақыттан бастап есеп, есептілікті және талдау жүргізуді ХШЖК (Халық шаруашылығының жоғарғы кеңесі).

Үшінші кезең – 1924-1941 жж. Балансты қаржылық талдаудан шаруашылық қызметтің барлық жақтарын кешенді талдауға айналуы және олардың оның соңғы нәтижесіне әсер етуін анықтау 1924 жылы Н.Р.Вейцманның «Шоттық талдау» атты кітабында көрініс тапты. Алғаш рет әдебиеттерде кәсіпорын қызметінің барлық жақтарын өзара байланыстылықта кешенді зерттеу қажеттілігі туралы ойлар айтылды. Бұл кезең аналитикалық зерттеулердің айтарлықтай кеңеюімен және терсіндеуімен сипатталады.

Төртінші кезең – Ұлы Отан соғысы мен соғыспен құлдыраған экономиканы қалпына келтірудің соғыстан кейінгі кезеңі

– 1941-1953 жж. Бұл кезеңде жылдық есеп берулерді талдау бойынша ресми әдістемелік нұсқаулықтарды жасау орын алған.

Бесінші кезең – проф.Н.Р. Вейцманның шаруашылық субъекті қызметін кешенді талдау және оны әрі қарай дамыту жүйесін құру туралы ойын жүзеге асыру; экономикалық талдаудың жекелеген түрлерінің пайды болуы мен дамуы (1953-1963 жж.).

Алтыншы кезең – 1963-1968 жж. Бұл кезең ҚСРО халық шаруашылығының барлық салаларында экономикалық талдаудың қоғамдық нысандарының – экономикалық талдаудың қоғамдық бюросы (ЭТҚБ) кеңінен таралуымен сипатталады. Бұл қоғамдық ұйымдар экономистерді және инженерлі-техникалық қызметкерлерді біріктіріп, олардың – қолда бар резервтерді айқындау жолымен шаруашылық қызметті арттыру мақсаты болды.

Экономикалық талдаудың жетінші кезеңі – оның өзіндік жеке пән ретінде орын алу кезеңі. Ол шартты түрде 1969-1983 жж. қамтиды, яғни экономикалық талдау бойынша екінші жалпы-одақтық мәжілістен кейін басталды. Бұл кезең экономикалық талдаудың алуан түрін қалыптастыру мен шектеуде маңызды болды.

Сегізінші кезең – 1983 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін, яғни КСРО экономикасын қайта құрудан нарықтық қатынастарға өту кезеңі. Осы кезеңнен бастап жедел талдаудың әдістемелік негіздерін өңдеуге көп көңіл бөлінді. Бүгінде экономикалық талдау негіздері толығымен зерттелініп басқа талдау түрлері жекешеленіп қарастырылды. Оған қоса талдаудың кеңінен таралған әдістері жан-жақты ұйым қызметін талдауда қолданылып келеді.

Талдау термині грек сөзінен бөлу, бөлшектеу деген мағынаны білдіреді. *Талдау* бұл біртұтасты құрамдас бөліктерге бөлуге және оларды көптеген өзара байланыстылық пен тәуелділіктерде зерттеуге негізделген сыртқы ортаның заттары мен құбылыстарын біліп тану тәсілі. Талдауға ең жақыны синтез, ол зерттелетін заттың жекелеген бөліктері арасындағы байланыстар мен тәуелдікті айқындайды.

Өндірістік күштердің, өндірістік қатынастардың дамуы, өндіріс көлемінің ұлғаюы, айырбастың кеңеюі экономикалық талдауды жеке өзіндік ғылым ретінде ерекшелеуге мүмкіндік берді.

Бүгінде талдаудың мына түрлері орын алады:

– жалпы теоретикалық экономикалық талдау – макродеңгейде экономикалық құбылыстар мен үдерістерді талдаудың негізгі әдістемелік және әдіснамалық сұрақтарын зерттейді;

– микродеңгейдегі нақты – экономикалық талдау, яғни әртүрлі саладағы жекелген ұйымдардың экономикасын зерттеу үшін қолданылатын қаржы-шаруашылық қызметті талдау.

Талдаумен экономикалық талдау теориясы айналысады: кәсіби деңгейде – тиісті салалардағы қаржы шаруашылық қызметті экономикалық талдау: өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, құрылысты, сауданы және т.б.

1.2 Экономикалық талдаудың негізгі тұжырымдамалары

Экономикалық талдаудың негізгі тұжырымдамалары:

1) *капиталды сақтау және арттыру тұжырымдамасы*. Кез келген кәсіпорын өзінің қызметін қаржыландыру үшін қаражат көздерін қажет етеді. Қандай бір қаражат көзін тарту кәсіпорын үшін белгілі бір шығындармен байланысты: акционерлерге дивиденд, банктерге несиенің пайыздарын төлеу қажет. Белгілі бір қаржылық ресурстарды пайдаланғаны үшін төленетін қаржаттардың жалпы сомасы осы көлемге пайызбен көрсетіледі де және *капитал бағасы* деп аталады.

Әрбір тартылған қаражат көзінің бағасы әртүрлі, сондықтан да капитал бағасын кәсіпорын орташа арифметикалық шама формуласы бойынша анықтайды:

Капитал бағасы $= \sum i$ –ші қаражат көзінің бағасы \times Жалпы сомадағы i –ші қаражат көзінің үлес салмағы

Капитал бағасы берілген қаражат көзінің бір бірлігін тартқы үшін қандай сома төлеу қажет екендігін көрсетеді. Көрсеткіш жылдық мәліметтер бойынша пайызбен есептеледі.

2) *кәсіпкерлік тәуекелдік тұжырымдамасы*. Кәсіпкерлік тәуекелдік концепциясы құн концепциясынан туындайды. Тәуекелділік – деп кәсіпорынның өзінің ресурстарының бір бөлігін жоғалту, табысты толығымен алмау немесе қызметті жүзеге асыру барысында қосымша шығындардың пайда болу ықтималдығын айтады. Тәуекелділік дәрежесі – жоғалту жағдайының келіп түсу ықтималдығы, сондай-ақ одан болуы мүмкін зиянның мөлшері. Тәуекелділікті талдау анықтау, бағалау, бақылау және тәуекелділікті басқаруды қосқанда сенімсіздіктен болған мәселелермен байланысқан көптеген амалдардан тұрады.

3) *ақиналай ағым тұжырымдамасы*. Бұл концепцияның негізгі мазмұны қаржылық ресурстарды тарту, олардың қозғалысын ұйымдастыру, оларды белгілі бір сапалы деңгейде ұстап тұру саласындағы кәсіпорынның саясатын өндеуді құрайды.

4) *өндірістік өсуді макроэкономикалық талдау тұжырымдамасы*. Экономикалық өсу дегеніміз экономикадағы шынайы табыстың ұлғаюы (жалпы ұлттық өнім, жалпы ішкі өнім, ұлттық табыс), сонымен қатар жан басына шаққандағы нақты шығарылымның өсуі. *Экономикалық өсу экстенсивті деп аталады*, егер ол қосымша ресурстарды тарту есебінен жүзеге асырылса және қоғамдағы орташа еңбек өнімділігін өзгертпесе. *Экстенсивті факторларға* капитал, еңбек шығындарының өсуі жатады. *Интенсивті өсу* – ресурстар шығындарының көлемін арттыру есебінен емес, керісінше олардың қайтарымының өсуі есебінен жүзеге асырылады. *Интенсивті факторларға* технологиялық жетістік, қызметкерлердің білімдік және кәсіби деңгейінің өсуі, ресурстарды бөлуді жақсарту, өндірісті басқаруды жетілдіру.

1.3 Экономикалық талдау түрлері

Экономикалық талдау келесі белгілері бойынша жіктелінеді:

Салалық белгі бойынша:

- 1) *Салалық* (нақты салалардың экономикасын зерттеу);
- 2) *Салааралық* (барлық сала үшін талдаудың жалпы әдіс-төмесін өндеу).

Уақыт белгісі бойынша:

1) *Алдын ала (перспективті)* – шаруашылық операцияларды жүзеге асыруға дейін жүргізіледі, болашаққа деген болжамдар жасалады. Мысалы, пайда мөлшері, сату көлемі, өзіндік құн, еңбек өнімділігі.

2) *Кейінгі (ретроспективті)* – шаруашылық операциялар жүргізілгеннен

кейін орындалады. Бұл талдаудың негізгі мақсаты - өткен кезеңнің кемшіліктерін айқындап, оларды есепті кезеңде жою. Ретроспективті талдау екіге бөлінеді: оперативті талдау (шаруашылық операциялар жасалғаннан кейін немесе ситуация өзгергенде бірден жүргізіледі) және қорытынды талдау (есепті уақыт кезеңіне жүргізіледі).

Кеңістіктік белгі бойынша:

1) *Ішкі шаруашылық талдау* – тек зерттелінетін кәсіпорын және оның бөлімшелерінің қызметін зерттейді;

2) *Шаруашылықаралық талдау* – екі немесе бірнеше кәсіпорындардың қызметі салыстырылады.

Басқару субъектісі бойынша:

1) *Технико-экономикалық талдау*. Компанияның қаржылық нәтижелеріне техникалық және экономикалық үдерістердің әрекетін зерттейді.

2) *Қаржылық-экономикалық талдау*. Қаржылық органдар, кәсіпорынның қаржы бөлімі, несие органдары айналысады.

3) *Аудиторлық талдау*. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын диагностикасын экспертиза жасау, аудиторлық фирмалар жүргізеді.

4) *Әлеуметтік-экономикалық талдау*. Статистикалық органдар, әлеуметтік зертханалар, басқарудың экономикалық бөлімі айналысады.

5) *Маркетингтік талдау*. өткізу нарығын, яғни сыртқы ортаны зерттейді, кәсіпорынның маркетинг бөлімі айналысады

6) *Экономикалы-статистикалық талдау*. Жаппай қоғамдық құбылыстарды зерттейді, статистикалық органдар жүргізеді.

7) *Экономикалы-құқықтық талдау*. Кәсіпорынның заң бөлімі жүргізеді.

8) *Экономикалы-экологиялық талдау*. Сыртқы ортаны қорғау органдары ұйымдастырады.

Объектілерді зерттеу әдістемесі бойынша талдау бөлінеді:

1) *Салыстырмалы* – шаруашылық қызмет нәтижелері туралы есептік көрсеткіштер ағымдағы жыл жоспарының көрсеткіштерімен, өткен жыл мәліметтерімен, озат кәсіпорындардың көрсеткіштерімен салыстырылады.

2) *Факторлық* – нәтижелі көрсеткіштердің өсіміне және деңгейіне әсер еткен факторлар шамасын айқындауға бағытталады.

3) *Диагностикалық (экспресс-талдау)* – типтес белгілердің негізінде экономикалық үдерістердің қалыпты жұмыс барысындағы бұзушылықтар сипатын анықтау тәсілі. Мысалы, егер жалпы өнімнің өсу қарқыны тауарлық өнімнің өсу қарқынынан озатын болса, онда ол аяқталмаған өндіріс қалдықтарының өсуін білдіреді. Егер жалпы өнімнің өсу қарқыны еңбек өнімділігін өсу қарқынынан жоғары болса, онда ол өндірісті автоматтандыру және механизациялау бойынша шаралардың орындалмауы белгісі туралы айтады.

4) *Маржиналды* – экономикалық үдерістерді зерттеуде шекті шамаларды (катыстырмалы өсімшілерді) пайдалануға негізделген талдау

5) *Экономикалы-математикалық* – экономикалық есепті шешудің ең оңтайлы нұсқасы таңдалынады, қолда бар ресурстарды толығымен пайдалану есебінен өндіріс тиімділігін арттыру резервтері айқындалады.

6) *Стохастикалық (дисперсионды, корреляционды)* – кәсіпорынның шаруашылық қызметінде зерттелінетін құбылыстары мен үдерістері арасындағы стохастикалық (толық емес, ықтималды) тәуекелділіктерді зерттеу үшін қолданылады

7) *Функционалды-құндық талдау (ФҚТ)* – резервтерді айқындау тәсілі.

Талдау субъектілері бойынша:

1) *Ішкі (басқару талдауы)*

2) *Сыртқы (қаржылық талдау)*

Кесте 1 – Басқару және қаржылық талдаудың айырмашылығы

Белгілері	Басқару талдауы	Қаржылық талдау
1. Ақпарат пайдаланушылар	Кәсіпорын және оның бөлімшелерінің басшылары	Кәсіпорын басшылары, банктер, салық органдары, инвесторлар, кредиторлар
2. Ақпарат көздері	Барлық көздер (есептік, нормативтік, салалық, есептілік мәліметтер)	Қаржылық есептілік нысандары
3. Өлшем бірлігі	Барлық өлшемдер (заттай, еңбек, ақшалай)	Ақшалай
4. Талдау объектісі	Кәсіпорын және оның бөлімшелері	Кәсіпорын біртұтас жүйе ретінде алынады
5. Талдау нәтижелеріне қол жетерлік	Коммерциялық құпия	Барлығына қол жетерлік
6. Талдау жүргізу кезеңділігі	Қажетіне қарай және іштей пайдалануға	Айға, тоқсанға, жылға

1.4 Экономикалық талдау пәні мен объектілері

Экономикалық талдаудың пәні болып шаруашылық қызмет нәтижелерінің пайда болу себептері мен өзгерістері, экономикалық құбылыстар мен үдерістердің себеп-салдарлық байланыстары табылады. Талдау барысында шаруашылық үдерістер олардың өзара байланыстылығында және өзара тәуелділігінде зерттеледі. Талдау үдерісінде тек шаруашылық қызметке әсер ететін негізгі факторлар ашылып және сипатталып қана қоймай, сондай-ақ олардың әрекет ету дәрежесі өлшенеді.

Талдау объектісі болып жоспарда, ағымдағы есепте, есептілікте, басқа ақпарат көздерінде сипатталатын кәсіпорындар мен бірлестіктерде, ішкі бөлімшелерде жүзеге асырылатын кенейтілген ұдайы өндірістің әлеуметтік-экономикалық үдерістері табылады.

Экономикалық талдау қаржы шаруашылық қызметтің үш басты жағын зерттейді:

– Технологиялық, өндіріс үдерісінде адамдардың табиғатпен байланысын көрсетеді (ауыл шаруашылық өнімдерін өсіру, мал бағу және т.б.);

– Ұйымдастырушылық-экономикалық, өндіріс үдерісінде адамдар арасындағы қатынасты сипаттайды (еңбекті ұйымдастыру, шаруашылықты мамандандыру, техниканы пайдалану және т.б.);

– Қаржылық, кәсіпорындар және жекелеген кәсіпорындар арасында. Ұйымдар мен тұлғалар арасында пайда болған экономикалық қатынастарды сипаттайды.

Экономикалық талдаудың мазмұны болып оңтайлы басқару шешімдерін қабылдау, олардың орындалу деңгейін бағалау, әлсіз жақтары мен ішкі шаруашылық резервтерін анықтау мақсатымен зерттелінетін субъектінің қызметі туралы экономикалық ақпаратты терең және жан жақты зерттеу табылады.

1.5 Экономикалық талдау міндеттері мен қағидалары

Талдау ол шығарылатын өнімнің саны мен сапасына, жұмыстың қаржылық көрсеткіштеріне әсер еткен ішкі және сыртқы, нарықтық және өндірістік факторлардың әрекет етуін кешенді зерттеу ретінде қарастырылады.

Талдау жүргізудің негізгі мақсаты – шаруашылық субъектілердің қызмет ету тиімділігін арттыру және мұндай арттырудың резервтерін іздеу.

Бұл мақсатқа жету үшін мыналар жүргізіледі:

- өткен кезеңдердің жұмыс нәтижелерін бағалау;
- өндірістік қызметке оперативті бақылау жүргізудің процедураларын өңдеу;
- кәсіпорын қызметінде және оның қаржылық нәтижелеріндегі негативті құбылыстарды ескерту бойынша шаралар өңдеу;
- жұмыс нәтижесін арттыратын резервтерді анықтау;
- дәлелденген жоспарлар мен нормативтерді өңдеу.

Талдаудың негізгі мақсатына жету процесінде келесі міндеттер шешіледі:

- экономикалық заңдылықтардың әрекет ету сипатын зерттеу, экономикалық құбылыстар мен процестердің заңдылықтарын және тенденцияларын орнату;

- бизнес-жоспарлардың және нормативтердің ғылыми-экономикалық негізделуін арттыру;

- бекітілген жоспарлардың орындалуын және өнімнің сапасы, саны және құрылымы бойынша нормативтердің сақталуын зерттеу;

- озат тәжірибені зерттеу негізінде өндіріс тиімділігін арттыру резервтерін іздеу;

- материалдық, еңбек, және қаржылық ресурстарды пайдаланудың экономикалық тиімділігін анықтау;

- шаруашылықтың нәтижелерін болжау;

- коммерциялық тәуекелділікті зерттеу;

- маркетингтік шараларды салыстырмалы зерттеу;

- оңтайлы басқару шешімдерін таңдау үшін аналитикалық материалдарды дайындау.

Талдаудың мазмұнды жағы өзіне келесі элементтерді (процедураларды) қосады:

- талдаудың нақты міндеттерін қою;

- себеп салдарлық байланыстарды анықтау;

- көрсеткіштерді және оларды бағалау әдістерін анықтау;

- нәтижелерге әсер еткен факторларды айқындау және бағалау, олардың ең маңыздыларын іріктеу;

- жағымсыз факторлар әсерін жою жолдарын өңдеу және жағымды факторларды ынталандыру.

Экономикалық талдаудың маңызды қағидалары:

1) талдау ғылыми сипатта болуы тиіс, яғни танып білудің диалектикалық теория ережелеріне негізделеді, өндіріс дамуының экономикалық заңдары талаптарын ескереді;

2) талдау мемлекеттік түріне негізделеді, яғни экономикалық өмірдің сипаттарын бағалай отырып, олардың мемлекеттік-экономикалық, әлеуметтік, халықаралық саясатқа және заңдылыққа сәйкестігінің ескеруі қажет;

3) талдауға жүйелі түрде қарауды қамтамасыз ету. Яғни әрбір объектіні зерттеген кезде барлық ішкі және сыртқы байланыстар, өзара тәуелділіктер ескерілуі тиіс;

4) талдау объективті, нақты, анық болуы тиіс. Яғни талдау шынайы, тексерілген ақпаратқа негізделуі тиіс, ал қорытындылары нақты болуы тиіс;

5) талдау кешенді болуы тиіс, яғни талдау кәсіпорын қызметінің барлық тармақтарын және жақтарын қамтуы тиіс;

6) талдау әрекет етуші болуы тиіс, өндіріс барысына және оның нәтижелеріне белсенді түрде әсер етуі тиіс, уақтылы кемшіліктерін айқындап, олар туралы басшыларына ақпарат беріп отыру қажет;

7) талдау жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

8) талдау оперативті болуы тиіс. Оперативтілік дегеніміз талдауды тез және мұқият жүргізе білу, басқару шешімдерін қабылдай алу.

9) талдаудың демократиялылығы. Талдау жүргізу кезінде кәсіпорын жұмысшылар қатарының қатысуы озат тәжірибені толық айқындауды және қолда бар ішкі шаруашылық резервтерді пайдалануды қамтамасыз етеді.

10) талдау тиімді болуы тиіс, яғни оған кеткен шығындар көп реттік тиімділігін беруі.

1.6 Экономикалық талдаудың басқа ғылымдармен байланысы

Экономикалық талдау білімнің арнайы саласы ретінде қоғамдық ғылымдардың түйісуі нәтижесінде қалыптасты. Экономикалық талдау бірқатар экономикалық және экономикалық емес пәндермен байланысты. Бірінші кезекте экономикалық талдау экономикалық теориямен тығыз байланысты, ол экономикалық заңдылықтарды, олардың әрекет ету механизмін зерттей отырып, барлық экономикалық пәндердің дамуына теоретикалық негіз тудырады.

Талдау салалық экономикалармен тығыз байланысты. Зерттелінетін ұйымның өндірісінің ұйымдастырылуын және сала экономикасын білмей отырып талдауды жүргізу мүмкін емес. Экономикалық талдау жоспарлау және басқарумен, бухгалтерлік есеппен байланысты. Бухгалтерлік есеп ұйымның шаруашылық

қызметі туралы экономикалық ақпаратты жеткізушісі болып табылады. Статистика да ақпараттық база болып табылады.


Экономикалық емес пәндерге математика және технология жатады. Аналитикалық зерттеулерде математикалық әдістерді қолданғаннан бастап талдау тереңдей және негізделе түсті. Қандай да бір өндіріс үдерісін талдау өндіріс ерекшелігін білмей жасау мүмкін емес. Ал технологияны жетілдіру аналитикалық зерттеулерсіз мүмкін емес.

Өзіндік жұмыс үшін материалдар

Келесі негізгі түсініктерге анықтама беріңдер: талдау, экономикалық талдау тұжырымдамасы, салалық талдау, салааралық талдау, қаржылық талдау, басқарушылық талдау, экономикалық талдау объектісі мен субъектісі, экономикалық талдау пәні мен мазмұны.

Бақылау сұрақтары

1. Экономикалық талдау түсінігі.
2. Экономикалық талдаудың тұжырымдамалары.
3. Экономикалық талдау қағидалары.
4. Экономикалық талдау түрлері.
5. Қаржылық және басқарушылық талдау түрлерінің айырмашылығы.
6. Экономикалық талдаудың басқа ғылымдармен байланысы.



2-ТАҚЫРЫП. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

2.1 Экономикалық талдау әдісі және оның сипаттамалық ерекшеліктері

Танымның диалектикалық әдісі барлық құбылыстар мен үдерістерді тұрақты қозғалыста, өзгерісте, дамуда болатынын көрсетеді. Осыдан шаруашылық қызметті талдаудың негізгі бір ерекшелігі – тұрақты салыстыру қажеттілігі екенін білуге болады. Экономикалық талдауда салыстыру кеңінен қолданылады, мысалы қызметтің нақты нәтижелері өткен жылдар нәтижелерімен, басқа ұйымдар жетістіктері мен және т.б. салыстырылады.

Диалектика әрбір үдерісті, құбылысты тұтас және қарама-қарсы күресі ретінде түсіндіреді. Осыдан ішкі қарама-қайшылықтарды, әрбір құбылыстың жағымды және жағымсыз жақтарын зерделеу қажеттігі туындайды. Бұл да шаруашылық қызметті талдаудың ерекшелігінің бірі болып табылады.

Талдауда диалектикалық әдісті қолдану ұйымның шаруашылық қызметін зерделеуді барлық өзара байланыстарды есепке ала отырып, жүргізу керек екенін білдіреді. Ешқандай құбылыс басқа құбылыспен байланыссыз, дара қарастырылмауы керек. Бұл да бір талдау әдісінің ерекшелігі.

Талдаудың тағы бір әдіснамалық ерекшелігі оның себепті-салдарлы байланысты орнатумен бірге сандық сипаттама бере алатындығында. Бұл экономиканың жағдайын болжауды нақты нәтижелері бойынша ұсыныстарды негізді етеді.

Шаруашылық қызметті талдаудың диалектикалық әдісін қолдану әрбір құбылыс немесе үдерісті жүйе ретінде, көптеген элементтер жиынтығы ретінде қарастыру керек екенін білдіреді. Осыдан талдау объектілерін зерделгенде жүйелік тәсілдеме қажеттілігі туындайды.

Шаруашылық қызметті талдаудың маңызды әдіснамалық ерекшілігі - шаруашылық қызметті кешенді жүйелі зерттеу үшін көрсеткіштер жүйесін өңдеу және қолдану болып табылады. Бұл жүйенің қаншалықты толық және адекватты зерделенген құбылыстың мәнін көрсететіндігінен талдау нәтижелері бойынша тұжырымдардың сапасы байланысты болады.

Сонымен, шаруашылық қызметті талдау әдісі дегеніміз ұйымның шаруашылық қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында оның нәтижелеріне әсер ететін факторларды жүйелі, кешенді зерделеу, өлшеу және жинақтау.

Шаруашылық қызметті талдау әдісі аналитикалық зерттеудің бірқатар нақты әдістемесін қолдануды қарастырады. Экономикалық талдауда әдістеме дегеніміз талдау мақсаты жетістіктеріне бағынатын шаруашылық қызметтің экономикалық құбылыстары мен үдерістерін зерттеудің аналитикалық тәсілдері мен ережелері жиынтығы.

Әдістеме жалпы және жеке болып бөлінеді. Жалпы әдістеме деп экономиканың әр түрлі салаларындағы экономикалық талдаудың түрлі объектілерін зерделеген кезде бірдей қолданылатын зерттеу жүйесін түсіндіреді. Жске әдістеме белгілі бір экономика саласына, өндіріс түріне, зерттеу объектісіне, талдау түріне қатысты жалпы жүйені нақтылайды.

Шаруашылық қызметті талдау әдістемесінің екі негізгі элементі бар:

1. Талдау технологиясы (аналитикалық жұмысты орындау реттілігі);

2. Зерделенетін объектілерді зерттеу тәсілдері;

Кешенді экономикалық талдау кезінде келесі технологиялық сатылар орындалады:

1. Талдау объектісі, мақсаты және міндеттері нақтыланады, талдау жұмысының жоспары құрастырылады;

2. Синтетикалық және аналитикалық көрсеткіштер жүйесі өңделеді;

3. Талдауға қажетті ақпараттар жинақталады және дайындалады;

4. Есеп беру жылы көрсеткіштерінің нақты нәтижелері жоспармен, өткен жылдың нақты нәтижелерімен, озық кәсіпорындар жетістіктерімен салыстырылады;

5. Факторлық талдау жүргізіледі;

6. Өндірістің тиімділігін арттырудың пайдаланылмаған және перспективті резервтері анықталады;

7. Шаруашылық нәтижелерін әр түрлі факторлар әсері мен қолданылмаған резервтерді есепке ала отырып бағалау.

Шаруашылық қызметті талдаудың әдістемесінің маңызды элементі техникалық әдістер мен тәсілдер болып табылады. Олардың ішінде басқа да пәндерде қолданылатын дәстүрлі логикалық тәсілдерді (салыстыру, графиктік, баланстық, ортапа және қатысты көлемдер, аналитикалық топтастыру, сараптамалық бағалау және т.б.) бөліп қарастыруға болады.

Шаруашылық нәтижелеріне әсер ететін факторларды зерделеу үшін талдауда детерминациялық және стохастикалық факторлық талдау тәсілдері, экономикалық міндеттерді оңтайлы шешу әдістері қолданылады. Оларға тізбектелген қойылымдар, абсолюттік және қатысты айырма әдістері, интегралдық әдіс, корреляциялық әдіс, ойындар теориясы, операцияларды зерттеу компоненттік әдістер және т.б. жатады.

2.2. Экономикалық талдаудың әдістері мен тәсілдері

Салыстыру әдісі

Салыстырудың мәні мынада: біркелкі объектілердің аясын немесе олардың арасындағы айырмашылықтарды табу үшін бір-бірімен салыстыру. Салыстыру көмегімен экономикалық құбылыстардың жалпы және айырықпа ерекшеліктері анықталады, зерттелінетін объектілер деңгейіндегі өзгерістер белгіленеді, олардың даму тенденциясы мен заңдылықтары зерделенеді.

Зерттеу мақсатына байланысты салыстыру мына түрлерге бөлінеді:

- нақты және жоспарланған көрсеткіштерді салыстыру;
- нақты және нормативтік көрсеткіштерді салыстыру;

➤ талдау кезеңіндегі нақты көрсеткіштер мен өткен есеп беру кезеңіндегі көрсеткіштерді салыстыру;

➤ зерттелініп отырған ұйымның көрсеткіштерін орташа салалық мәліметтермен немесе бірлестіктер, концерндердің орташа мәліметтерімен салыстыру;

➤ параллельді және динамикалық қатарларды салыстыру;

➤ озық нәтижелермен салыстыру, яғни еңбектің озық үлгісімен, ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерімен салыстыру.

1. Нақты және жоспарлы, нақты және нормативтік көрсеткіштерді салыстыру үшін кестеде жоспарланған (нормативтік) және нақты мәндерді орналастырады. содан кейін жоспардан абсолюттік ауытқуды және жоспардың орындалу пайызын есептейді (кесте 2).

Кесте 2 – Шығарылған өнім бойынша жоспардың орындалуын бағалау

Өнім түрі	Шығарылған өнім көлемі		Жоспардан абсолюттік ауытқу, мың тт	Жоспардың орындалуы,%
	Жоспар	Нақты		
А	500	524	+24	104,8
Б	400	360	-40	90
С	400	500	+100	125
және т.б.				
Барлығы	1300	1384	+84	106,46

Кесте мәліметтері шығарылған өнімнің әрбір түрі және жалпы кәсіпорын бойынша жоспардың қалай орындалғанын көрсетеді. Осыған ұқсас салыстыруды басқа көрсеткіштер бойынша да жасайды.

2. Нақты және нормативтік көрсеткіштерді салыстыру. Мұндай салыстыру талдау жұмысы тәжірибесінде көп қолданылады, ол өнімді өндіруге кеткен ресурстардың үнемделгенін немесе шығындалғанын анықтау үшін, оларды өндіріс үдерісінде пайдалану тиімділігін бағалау және өнім шығаруды жоғарлату, жоғалтқан мүмкіндіктерді анықтау және өзіндік құнды төмендету қажет (кесте 3).

Кесте 3 – Ұйымның материалдық ресурстарын пайдалану

Ресурс түрлері	Ресурс шығындары		Нормативтен ауытқу(+;-)	
	Нақты өнім көлеміне норма бойынша	Нақты	Абсолюттік	Қатысты, %
Мұнай өнімдері	1000	1100	+100	+10
Шикізат	1720	1780	+60	3.48
Отыр және т.б	400	450	+50	12,5

3. Талдау кезеңіндегі нақты көрсеткіштерді өткен есептік кезеңмен салыстыру (кесте 4).

Кесте 4 – Негізгі көрсеткіштер динамикасы

Жыл	Өндірілген өнім көлемі		Жұмыскерлер саны		Бір жұмыскердің өндірімі	
	мың тт	базистік жылға %	Адам	Базистік жылға %	мың тт	Базистік жылға %
2007	8400		120	100	70	100
2008	8500	101,19	115	95,8	73,9	105,57
2009	8600	102,38	108	90	79,6	113,7
2010	8800	104,76	90	75	97,37	167,57
2011	9480	112,85	85	70,83	111,52	159,3

Кесте мәліметтерінен ұйымның өндірілген өнім көлемі жоғарлау тенденциясында екенін байқаймыз. Бұл осу еңбек өнімділігінің жоғарлап, жұмыскерлер санының азаюымен түсіндіріледі.

3. Зерттелініп отырған кәсіпорын көрсеткіштерін орташа салалық немесе министрлік, бірлестіктер, концерндердің орташа мәліметтерімен салыстыру. Мұндай салыстыру сала бойынша басқа шаруашылық субъектілері арасында талданып отырған кәсіпорынның рейтингісін анықтау үшін, ұйымның даму деңгейін объективті бағалау үшін, оның шаруашылық қызметі нәтижелерін анықтаушы жалпы және спецификалық факторларын зерделеу үшін қажет.

4. Озық нәтижелерімен салыстыру. Кәсіпорынның ішінде жалпы ұжымның қол жеткізген көрсеткіштерінің орташа деңгейімен, озық учаскелер, бригадалар, жұмысшылар көрсеткіштерінің орташа деңгейімен салыстыру жүргізіледі. Бұл ұжымның озық тәжірибесін және жаңа мүмкіндіктерін анықтауға жағдай жасайды.

Шаруашылық аралық салыстырмалы талдаудың да маңызы бар. Онда талданып отырған кәсіпорынның көрсеткіштері соған ұқсас шаруашылық жағдайлардағы озық нәтижелері бар кәсіпорын көрсеткіштерімен салыстырылады. Мұндай талдау өндірістің жаңа мүмкіндіктерін іздеуде, озық тәжірибені зерделеуге бағытталған және кәсіпорын жұмысының тиімділігін жоғарлату резервтерін анықтауда маңызды құрал болып табылады.

Көрсеткіштерді салыстырмалы түрге келтіру әдістері

Талдаудың қажетті шарты – көрсеткіштердің салыстырмалылығын қамтамасыз ету болып табылады. Ол үшін келесі талаптарды орындау қажет:

- ✓ бастапқы шарттардың салыстырмалылығы;
- ✓ көрсеткіштерді есептеу әдістерінің бірыңғайлығы;
- ✓ көрсеткіштерді есептеу кезінде уақытша кезеңдердің тепеңдігі;
- ✓ көлемдік, құрылымдық, құндық факторлардың бірыңғайлығы

Көрсеткіштердің салыстыруға келмейтін жағдайлары әр түрлі себептерден туындайды, олар: әр түрлі қызмет деңгейі, құрылымдық өзгерістер, өнім сапасының біркелкі болмауы, көрсеткіштерді есептеу әдістемесіндегі ерекшеліктер және т.б. Көрсеткіштердің салыстыруға келмеуі талдау нәтижесін қате тұжырым жасауға әкеледі. Сондықтан мәліметтерді салыстырымдық түрге келтіру керек.

Көрсеткіштердің салыстырымсыздығы әр түрлі құндық бағалаудан туындаса, онда бұл факторды салыстырымдылыққа келтіру үшін оның деңгейін бір бағада көрсетеді. Мысалы, жалпы шығарылған өнімнің салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін

оның есептік және базистік кезеңдердегі физикалық көлемін базистік кезеңдегі бағада көрсетеді:

$$ЖӨ = \frac{\sum q_1 P_0}{\sum q_0 P_0}$$

Мұнда:

ЖӨ – жалпы өнім;

$q_1 P_0$ – есептік және базистік кезеңдердегі қандай да бір (i) өндірілген өнімнің физикалық көлемі;

P_0 – базистік кезеңдегі қандай да бір өнім түрінің бағасы.

Көптеген көрсеткіштерді көлемдік фактордың әсерінен салыстыруға келмейді. Егер есеп беру жылындағы шығындар сомасын $\sum(q_1 b_1 + a_1)$ базистік жылдағы шығындармен $\sum(q_0 b_0 + a_0)$ салыстырса, онда осы көрсеткіштердің айырмасы өнімнің бір бірлігіне кеткен ауыспалы шығындардың (в) және тұрақты шығындардың (а) жалпы сомасының өзгеруімен ғана емес сонымен бірге өнім өндіру көлеміндегі өзгерістермен де түсіндіріледі. Көрсеткіштер салыстырмалы түрде болуы үшін көлемдік фактордың әсерін нейтралдандыру керек, ол үшін базистік кезеңдегі ауыспалы шығындар сомасын есеп беру кезеңіндегі өндірілген өнім көлеміне $\sum(q_1 b_0 + a_0)$ қайтадан есептеу керек және осыдан кейін есеп беру кезеңіндегі шығындармен салыстыру қажет:

$$I_2 = \frac{\sum(q_1 b_1 + a_1)}{\sum(q_1 b_0 + a_0)}$$

Салыстырылатын көрсеткіштерді біркелкі құрылымға келтіру үшін өндірілген өнімнің нақты көлемін базистік кезеңдегі құрылымға қайта есептеу керек:

$$ЖӨ_0 = \sum (V_{жалпы_0} \times Y_{I_2} \times B_{I_0})$$

$$ЖӨ_{II} = \sum (V_{жалпы_{II}} \times Y_{I_2} \times B_{I_0})$$

Мұнда:

$V_{\text{жалпы}}$ -өндірілген өнімнің жалпы көлемі;

$У_i$ -қандай да бір i өнім түрінің жалпы шығарылған өнім көлеміндегі үлес салмағы;

B_i -қандай да бір i өнім түрінің бағасы.

Мысалы, берілген мәліметтер бойынша құрылымдық факторды бейтараптандырып көрейік (кесте 5).

Кесте 5 – Өндірілген өнім көлемі және құрылымы

Өнім түрі	Баға, мың тг	Өндіріс көлемі, жұп		Үлес салмақ	
		t_0	t_1	t_0	t_1
Теріден жасалған аяқ киім	25	6000	6200	0,5	0,57
Дермантинмен жасалған аяқ киім	5	6000	4600	0,5	0,43
Жиыны		12000	10800	1,0	1,0

$$ЖӨ_0 = 12000 \times 0,5 \times 25 + 12000 \times 0,5 \times 5 = 180000$$

$$ЖӨ_{\text{шарт}} = 10800 \times 0,5 \times 25 + 10800 \times 0,5 \times 5 = 162000$$

Келтірілген мысалда екі жағдайда өндіріс құрылымы мен бағасы бірдей, тек жалпы шығарылған өнім әр түрлі. Бұл өнімнің физикалық көлемінің өсімшесін бағалауға мүмкіндік береді.

Тағы да тек сапалы біркелкі көрсеткіштерді ғана салыстыру керек екенін атап айту керек. Мысалы, бір ұйымның баланстық пайдасын басқаның таза пайдасымен, әр түрлі саладағы ұйымдардың еңбек өнімділігін бір-бірімен салыстыруға болмайды.

Шаруашылық қызметті талдауда қатысты және орташа көлемдерді пайдалану

Шаруашылық қызметті талдауда көрсеткіштерді абсолюттік және қатысты түрде көрсетуге болады.

Абсолюттік көрсеткіштер құбылыстарды және үдерістерді басқа құбылыстардың мөлшері, салмағы, көлемі, ұзақтығы,

ауданы және т.б. бірліктерін қатыссыз құбылыстың және үдерістің сандық молшерін көрсетеді.

Қатысты көрсеткіштер зерделенетін құбылыстар көлемін қандай да бір басқа құбылыс көлемімен немесе осы құбылыстың көлемімен арақатынаста көрсетеді, бірақ олар басқа кезеңде немесе басқа объектілер бойынша алынады. Қатысты көрсеткіштерді салыстыру базасына қабылданатын бір көлемді екінші көлемге бөлу нәтижесінде алады. Бұл жоспарланған, базистік жыл, басқа ұйым, оргаша салалық және т.б. мәліметтер болуы мүмкін. Қатысты көлемдерді коэффициенттер немесе пайыздар түрінде көрсетеді.

Шаруашылық қызметті талдауда қатысты көлемдердің әр түрлі түрлері қолданылады: кеңістіктік салыстыру, жоспардың орындауы, динамикалар, құрылымдар, жоспарланған тапсырма, координация, интенсивті, тиімділік.

Кеңістік салыстырудың қатысты көлемі әр түрлі объектілерге кіретін, тек бір ғана кезең немесе бір уақыт мезетіне алынған көрсеткіштер деңгейін салыстырумен анықталады.

Жоспарланған тапсырманың қатысты көлемі дегеніміз ағымдағы жыл көрсеткішінің жоспарланған деңгейін өткен жылдағы оның нақты деңгейіне немесе алдыңғы 3-5 жылдағы оның орташа деңгейіне қатынасы.

Жоспардың орындауының қатысты көлемі – бұл пайыз түрінде көрсетілген есеп беру кезеңі көрсеткішінің нақты және жоспарланған деңгейі арасындағы қатынас.

Динамиканың қатысты көлемін ағымдағы кезең көрсеткішінің көлемін оның өткен кезеңдегі (ай, тоқсан, жыл) деңгейіне бөлумен анықтайды. Олар осу қарқыны деп аталынады және әдетте пайызбен немесе коэффициентпен көрсетіледі. Динамиканың қатысты көлемі базистік және тізбектік болуы мүмкін. Базистік динамикада әрбір келесі динамикалық қатар деңгейі базистік жылмен, ал тізбектікте әрбір келесі жыл көрсеткішінің деңгейі өткен жылмен салыстырылады.

Құрылым көрсеткіші – пайыз немесе коэффициент түрінде көрсетілген бөліктің жалпыдағы қатысты үлесі (үлес салмағы).

Координацияның қатысты көлемі - бұл бүтіннің бөліктері арасындағы арақатынас, мысалы негізгі өндірістік қорлардың белсенді және белсенді емес бөліктері.

Интенсивтіліктің қатысты көлемі таралу деңгейін, белгілі бір ортада қандай да бір құбылыстың дамуын сипаттайды, мысалы біліктілігі жоғары жұмысшылар пайызы. Тиімділіктің қатысты көлемі - бұл тиімділіктің ресурстармен немесе шығындармен арақатынасы, мысалы І теңгеге келетін пайда, І теңгеге келетін түсім және т.б.

Шаруашылық қызметті талдау тәжірибесінде орташа көлемдерді қолдану да жиі кездеседі. Олар қандай да бір белгісі бойынша біркелкі құбылыстар жиынтығын жалпылама сандық сипаттама беру үшін қолданылады, яғни бір санмен объектінің барлық жиынтығын сипаттайды. Орташа көлемдер көмегімен объектілердің әр түрлі жиынтығын салыстыруға болады, мысалы дәнді-дақыл өнімділігі деңгейі бойынша аудандар.

Шаруашылық қызметті талдауда орташа көлемдерді қолданған кезде олар жиынтық мәліметтер негізіне сүйенетін құбылыстың жалпылама сипаттамасын беретінін есепке алу керек.

Шаруашылық қызметті талдаудағы топтастыру тәсілдері

Ақпараттарды топтастыру дегеніміз объектілердің зерделенетін жиынтығын сәйкесінше белгілері бойынша сандық біркелкі топтарға бөлу. Талдау мақсатына байланысты типологиялық, құрылымдық және талдамалық топтастырулар пайдаланылады.

Типологиялық топтастыруларға меншік нысаны бойынша ұйымдар топтары, қызмет түріне байланысты тұрғындар топтары және т.б.

Құрылымдық топтастырулар көрсеткіштердің ішкі құрылымын, олардың ішіндегі жеке бөліктері арақатынасын, мамандықтары бойынша жұмысшылар құрамын, жұмыс өтілі, жасын, өндірім нормасын орындауын және т.б. зерделейді.

Талдамалық топтастыру зерделенетін көрсеткіштер арасындағы байланыстың бар болуын, бағытын және нысандарын анықтау үшін қолданылады.

Топтастыруды құрау әдістемесін келесі алгоритм түрінде көрсетуге болады:

- 1) талдаудың мақсатын анықтау;
- 2) объектілердің барлық жиынтығы бойынша қажетті мәліметтерді жинау;
- 3) топтастыру үшін таңдалынған белгілері бойынша жиынтықты ранжирлеу;
- 4) жиынтықты бөлу арасын (интервал) іріктеу және оны топтарға бөлу;
- 5) топтастырылымдық және факторлық белгілері бойынша орташа топтық көрсеткіштерді анықтау;
- 6) алынған орташа көлемдерді талдау, зерделенетін нәтижеге факторлық көрсеткіштердің әсер етуіндегі өзара байланысын және бағыттарын анықтау.

Ақпараттарды дұрыс топтастыру көрсеткіштер арасындағы тәуелділікті көруге, зерделенетін құбылыстардың мәнін терең түсінуге, талдау материалдарын жүйелендіруге мүмкіндік береді.

Тізбектелген қойылымдар әдісі

Факторлық талдаудың маңызды сатыларының бірі әрбір фактордың нәтижелік көрсеткішке әсерін анықтау және ол шаруашылық қызметті талдаудың әдіснамалық міндеті болып табылады. Детерминациялық талдауда факторлардың нәтижелік көрсеткішке әсерін анықтау үшін келесі тәсілдер қолданылады: тізбектелген қойылымдар, абсолюттік айырма, қатысты айырма, интегралдық, пропорционалды бөлу, логарифмдеу, баланстық және тағы басқалар. Осылардың ішінде тізбектелген қойылымдар әмбебап болып табылады. Ол факторлардың әсерін есептеу үшін детерминациялық факторлық үлгілердің барлық түрінде қолданылады.

Бұл тәсілде нәтижелік көрсеткіш көлемінің өзгеруіне факторлардың әсері біртіндеп, әрбір факторлық көрсеткіштің базалық мәні есеп беру жылының нақты мәнімен ауыстырылады. Есептеу кезінде келесі ережелерді есте ұстау керек: алғашында сандық факторлардың әсері, содан кейін сапалық факторлардың әсері есепке алынады, бірінші кезекте бірінші деңгейдегі факторлар

ауыстыралады, содан кейін екінші, үшінші деңгейдегі және т.б. Егер нәтижелік көрсеткішке екі фактор әсер етсе, онда үш есептеу, ал егер үш фактор әсер етсе, төрт есептеу т.с.с, яғни әсер ету факторларынан бір есептеу артық болады. Өрбір фактордың әсері екінші есептеуден бірінші есептеуді, үшіншіден екіншіні, яғни алдыңғы есептеуден кейінгі есептеуді шегеріп тастаумен анықталады. Бұл тәсілді қолдану тәртібін көрсету үшін келесі мысалды кесте түрінде көрсетеміз.

Кесте 6 – Жалпы шығарылған өнімді факторлық талдау үшін мәліметтер жиынтығы

Көрсеткіштер	Шартты белгілеу	Көрсеткіш деңгейі		Өзгеруі	
		Базалық	Ағымдағы	Абсолюттік	Қатысты.%
Жалпы шығарылған өнім, млн тг.	ЖШӨ	1000	2100	1100	110
Жұмысшылардың орташа тізімдік саны, адам	ЖС	50	70	20	40
1 жұмысшының орташа жылдық өндірімі, млн тг.	ЖӨ	20	30	10	50

Жалпы шығарылған өнім көлемі бірінші тәртіптегі екі факторға тәуелді: жұмысшылар саны (ЖС), орташа жылдық өндіріс (ЖӨ), яғни екі факторлы мультипликативті үлгі:

$$\text{ЖШӨ} = \text{ЖС} \times \text{ЖӨ}$$

Тізбектелген қойылымдар тәсілімен есептеу алгоритмі төмендегідей:

$$\text{ЖШӨ}_0 = \text{ЖС}_0 \times \text{ЖӨ}_0 = 50 \times 20 = 1000 \text{ млн. тг.};$$

$$\text{ЖШӨ}_{\text{шартты}} = \text{ЖС}_1 \times \text{ЖӨ}_0 = 70 \times 20 = 1400 \text{ млн. тг.};$$

$$\text{ЖШӨ}_1 = \text{ЖС}_1 \times \text{ЖӨ}_1 = 70 \times 30 = 2100 \text{ млн. тг.}$$

Факторлардың әсері

1. Жұмысшылардың санының өсуінен жалпы шығарылған өнім 40 млн теңгеге өсті (1400-1000).

2. І жұмысшының орташа жылдық өндірімі факторының 10 млн теңгеге жоғарлауы әсерінен жалпы өнім 700млн. теңгеге өсті (2100-1400).

Сонымен шығарылған жалпы өнімнің жоғарлауы келесі факторлардың есебінен болды:

а) жұмысшылар санының өсуінен 40 млн. тт

б) еңбек өнімділігі деңгейінің жоғарлауынан 700 млн. тт

Жиыны: 1100млн. тт

Әсер етуші факторлардың алгебралық сомасы міндетті түрде нәтижелік көрсеткіштің жалпы өсіміне тең болуы керек:

$$\Delta ЖШӨ_{жс} + \Delta ЖШӨ_{жө} = \Delta ЖШӨ_{жалпы}$$

Мұндай теңдік болмаса есептеуде қателік жіберілгенін көрсетеді.

Сонымен тізбектелген қойылымдар тәсілін қолдану факторлардың өзара байланыстылығын, олардың бір-біріне бағыныштылығын, оларды дұрыс жіктеуді және жүйелеуді білуді қажет етеді.

Абсолюттік айырма тәсілі

Абсолюттік айырма тәсілі детерминациялық талдауда нәтижелік көрсеткіштің өсуіне факторлардың әсерін мультипликативті ($Y = X_1 \times X_2 \times X_3 \dots \times X_n$) және мультипликативті – аддитивтік үлгілерде ($Y = a - b$)с и $Y = a(b - c)$ есептеу үшін қолданылады. Абсолюттік айырма әдісінде сандық фактордың әсерін есептеу үшін оның ауытқуын сапалық фактордың базалық мәніне көбейтеді. Ал сапалық фактордың әсерін есептеу үшін оның ауытқуын сандық фактордың нақты мәніне көбейтеді. Мысалы:

Кесте 7- Факторлық талдау үшін жалпы шығарылған өнім мәліметтері

Көрсеткіштер	Шартты белгілеу	Көрсеткіш деңгейі		Өзгеруі	
		базалық	ағымдағы	абсолюттік	қатысты% ^о
Жалпы шығарылған өнім	ЖШӨ	400	600	200	50
Жұмысшылардың орташа тізімдік саны	ЖС	100	120	20	20
І жыл ішіндегі І жұмысшының істеген күндері	К	200	208.3	8,3	4.17

Ауысымның орташа ұзақтығы, сағ	Ү	8	7,5	-0,5	-5
I жұмысшының орташа сағаттық өндірімі мың тг	СӨ	2,5	3,2	0,7	28

Мультипликативті төрт факторлы үлгі үшін есептеу алгоритмі мынадай:

$$ЖШӨ = ЖС \times К \times СӨ \times Ү$$

$$\Delta ЖШӨ_{ЖС} = \Delta ЖС \times K_0 \times Y_0 \times CӨ_0 = (+20) \times 200 \times 8,0 \times 2,5 = 80000$$

$$\Delta ЖШӨ_K = ЖС_1 \times \Delta K \times Y_0 \times CӨ_0 = 120 \times (+8,33) \times 8,0 \times 2,5 = 20000$$

$$\Delta ЖШӨ_Y = ЖС_1 \times K_1 \times \Delta Y \times CӨ_0 = 120 \times 208,33 \times (-0,5) \times 2,5 = -31250$$

$$\Delta ЖШӨ_{CӨ} = ЖС_1 \times K_1 \times Y_1 \times \Delta CӨ = 120 \times 208,33 \times 7,5 \times (+0,7) = 131250$$

Жиыны: 200000

Қатысты айырма тәсілі

Қатысты айырма әдісі нәтижелік көрсеткіштің өсуіне фактордың әсерін есептеу үшін тек мультипликативті үлгіде қолданылады. Мұнда коэффициент немесе пайыз түрінде көрсетілген факторлық көрсеткіштердің қатысты өсімшелері қолданылады. Осы тәсіл есептеу әдістемесін $Y = авс$ түріндегі мультипликативті үлгі бойынша қарастырайық:

$$\Delta Y_a = Y_0 \times \frac{\Delta a}{a_0}$$

$$\Delta Y_b = (Y_0 + \Delta Y_a) \times \frac{\Delta b}{b_0}$$

$$\Delta Y_c = (Y_0 + \Delta Y_a + \Delta Y_b) \times \frac{\Delta c}{c_0}$$

Осы ережеге сәйкес бірінші фактордың әсерін есептеу үшін нәтижелік көрсеткіштің базалық мәнін бірінші фактордың ауытқуына (өзгерісіне) көбейтіп, сол фактордың базалық мәніне бөледі:

Екінші фактордың әсерін есептеу үшін нәтижелік көрсеткіштің базалық мәніне 1-ші фактордың есебінен болған өзгерісті қосып, алынған нәтижені екінші фактордың өзгерісіне көбейтіп, сол фактордың базалық мәніне бөледі.

Үшінші фактордың әсерін есептеу екіншіге ұқсас: нәтижелік көрсеткіштің базалық мәніне бірінші және екінші фактор есебінен болған өзгерістерді қосып, алынған нәтижені үшінші фактордың өзгерісіне көбейтіп, сол фактордың базалық мәніне бөледі, және т.б. Осы әдістемені мысал түрінде көрсетейік (Кесте 7).

$$\Delta \text{ЖШЕ}_{\text{жс}} = \text{ЖШЕ}_0 \times \frac{\Delta \text{ЖШ}}{\text{ЖС}_0} = 400 \times \frac{20}{100} = 80 \text{ млн. тг}$$

$$\Delta \text{ЖШЕ}_x = (\text{ЖШЕ}_0 + \Delta \text{ЖШЕ}_{\text{жс}}) \times \frac{\Delta K}{K_0} = (400 + 80) \times \frac{8,33}{200} = 20 \text{ млн. тг}$$

$$\begin{aligned} \Delta \text{ЖШЕ}_y &= (\text{ЖШЕ}_0 + \Delta \text{ЖШЕ}_{\text{жс}} + \Delta \text{ЖШЕ}_x) \times \frac{\Delta y}{y_0} = (400 + 80 + 20) \times \frac{-0,5}{8} \\ &= -31,25 \text{ млн. тг} \end{aligned}$$

$$\begin{aligned} \Delta \text{ЖШЕ}_{\text{св}} &= (\text{ЖШЕ}_0 + \Delta \text{ЖШЕ}_{\text{жс}} + \Delta \text{ЖШЕ}_x + \Delta \text{ЖШЕ}_y) \times \frac{\Delta \text{СӨ}}{\text{СӨ}_0} \\ &= (400 + 80 + 20 + (-31,25)) \times \frac{0,7}{2,5} = 131,25 \text{ млн. тг} \end{aligned}$$

$$80 + 20 + (-31,25) + 131,25 = 200$$

Керіп отырғандай, есептеу нәтижелері алдыңғы тәсілдерді қолданған кездегі сияқты.

Қатысты айырма әдісін көп кешенді факторлардың әсерін есептеу қажет болған жағдайда қолданған ыңғайлы.

Интегралдық әдіс

Интегралдық әдіс факторлардың нәтижелік көрсеткішке әсерін есептеу үшін мультипликативті, еселік және еселік-аддитивті үлгілерде қолданылады.

Факторлардың әсерін есептеу алгоритмін әр түрлі үлгілер үшін қарастырайық.

1. $f = xy$:

$$\Delta f_x = \Delta x y_0 + \frac{1}{2} \Delta x \Delta y, \text{ немесе } \Delta f_x = \frac{1}{2} \Delta x (y_0 + y_1):$$

$$\Delta f_y = \Delta y x_0 + \frac{1}{2} \Delta x \Delta y, \text{ немесе } \Delta f_y = \frac{1}{2} \Delta y (x_0 + x_1).$$

Келтірген мысалда (кесте 8) факторлардың әсері келесі түрде болады:

$$\text{ЖШӨ} = \text{ЖС} \times \text{ЖӨ}$$

$$\Delta \text{ЖШӨ}_{\text{ЖС}} = (+20) \times 4 + \frac{1}{2} (20 \times 1) = 90 \text{ мың тт.}$$

$$\Delta \text{ЖШӨ}_{\text{ЖӨ}} = (+1) \times 100 \times \frac{1}{2} (20 \times 1) = +110 \text{ мың тт.}$$

$$2. f = x y z$$

$$\Delta f_x = \frac{1}{2} \Delta x (y_0 z_1 + y_1 z_0) + \frac{1}{3} \Delta x \Delta y \Delta z:$$

$$\Delta f_y = \frac{1}{2} \Delta y (x_0 z_1 + x_1 z_0) + \frac{1}{3} \Delta x \Delta y \Delta z:$$

$$\Delta f_z = \frac{1}{2} \Delta z (x_0 y_1 + x_1 y_0) + \frac{1}{3} \Delta x \Delta y \Delta z:$$

Кесте 8

Мысалы:

Көрсеткіштер	Шартты белгілеу	Көрсеткіш деңгейі		Өзгеруі	
		Базалық	ағымдағы	Абсолют	Қатысты,%
Жұмысшылардың орташа тізімдік саны	ЖС	x_0 20	x_1 24	Δx 4	20
1 жұмысшының істеген күндер саны	К	y_0 200	y_1 210	Δy 105	
1 жұмысшының орташа күндік өндірімі, мың тт	КӨ	z_0 30	z_1 35	Δz 5	16.67
Жалпы шығарылған өнім, мың тт	ЖШӨ	120000	176400	56400	47

$$\text{ЖШӨ} = \text{ЖС} \times \text{К} \times \text{КӨ}$$

$$\Delta \text{ЖШӨ}_{\text{ЖС}} = \frac{1}{2} \times 4 \times (200 \times 35 + 210 \times 30) + \frac{1}{3} \times 4 \times 10 \times 5 = 26666,67$$

$$\Delta \text{ЖШӨ}_{\text{К}} = \frac{1}{2} \times 10 \times (20 \times 35 + 24 \times 30) + \frac{1}{3} \times 4 \times 10 \times 5 = 7166,67$$

$$\Delta \text{ЖШӨ}_{\text{КӨ}} = \frac{1}{2} \times 5 \times (20 \times 210 \times 24 \times 200) + \frac{1}{3} \times 4 \times 10 \times 5 = 22566,67$$

Жиынны 56400,0

Еселік және аралас үлгілер бойынша факторлардың әсерін есептеу үшін келесі формулалар қолданылады:

1. Егер фактордың үлгі $f = \frac{x}{y}$ түрінде болса, онда

$$\Delta f_x = \frac{\Delta x}{\Delta y} \ln \frac{y_1}{y_0} ; \quad \Delta f_y = \Delta f_{\text{процент}} - \Delta f_x$$

Мысалы:

$$\text{ЖӨ} = \frac{\text{ЖІӨ}}{\text{ЖС}} ; \quad \text{ЖӨ}_0 = \frac{120000}{20} = 6000 ; \quad \text{ЖӨ}_1 = \frac{176400}{24} = 7350$$

$$\Delta \text{ЖӨ}_{\text{ж.д.б.}} = \frac{56400}{4} \times \ln \frac{24}{20} = 14100 \times \ln 1,2 = 14100 \times 0,182 = 2566,2$$

$$\Delta \text{ЖӨ}_{\text{ж.с.}} = 5 - 2566,2 = -2561,2$$

2. Егер факторлық үлгі $f = \frac{x}{y-z}$ түрінде болса:

$$\Delta f_x = \frac{\Delta x}{\Delta y + \Delta z} \ln \left| \frac{y_1 + z_1}{y_0 + z_0} \right| ; \quad \Delta f_y = \frac{\Delta f_{\text{процент}} - \Delta f_x}{\Delta y + \Delta x} \Delta y ; \quad \Delta f_z = \frac{\Delta f_{\text{процент}} - \Delta f_x}{\Delta y + \Delta z} \Delta z$$

Егер бөлшектің бөлімінде екі фактордан жоғары болса, онда тәртіп бойынша жалғаса береді.

Пропорционалдық болу әдісі

Кей жағдайларда нәтижелі көрсеткіштердің өсу қарқынына факторлардың әсерін анықтау үшін пропорционалды болу әдісі қолданылады. Бұл әдіс мынадай үлгілерде болуы мүмкін.

$$y = \frac{a}{b + c + d + \dots + n}$$

$$y = \frac{a + b + c + n}{k}$$

Бірінші жағдайда есептеу төмендегідей жүргізіледі:

$$\Delta y_a = \frac{\Delta y_{\text{процент}}}{\Delta a + \Delta b + \Delta c} \times \Delta a$$

$$\Delta y_b = \frac{\Delta y_{\text{жалпы}}}{\Delta a + \Delta b + \Delta c} \times \Delta a$$

$$\Delta y_c = \frac{\Delta y_{\text{жалпы}}}{\Delta a + \Delta b + \Delta c} \times \Delta c$$

Кесте 9

Мысалы:

Корсеткіштер	Өткен жыл	Есеп беру жылы	Ауытқу
Дайын өнімнің жыл басындағы қалдығы, мың теңге	20	30	10
Шығарылған өнім, мың теңге	10	20	10
Дайын өнімнің жыл соңындағы қалдығы, мың теңге	5	10	5
Өнімді өткізуден түскен табыс, мың теңге	25	40	15

$$\Delta \text{ӨӨТТ}_1 = \frac{15}{10 + 10 + 5} \times 10 = 6$$

$$\Delta \text{ӨӨТТ}_2 = \frac{15}{10 + 10 + 5} \times 10 = 6$$

$$\Delta \text{ӨӨТТ}_a = \frac{15}{10 + 10 + 5} \times 5 = 3$$

Екінші үлгіде алғашында тізбектегі қойылымдар әдісімен нәтижелі корсеткіштердің алымы мен бөлімі есебі негізінде өміргенін анықтап, содан кейін жоғарыда келтірілген алгоритмдер бойынша 2-ші тәртіптегі факторлар әсерін пропорционалды болу тәсілімен есептеу керек. 1-ші тәртіптегі факторларға нәтижелі корсеткішке тікелей әсер ететін факторлар қағады.

2-ші тәртіптегі факторлар I деңгейлі факторлар көмегімен нәтижелі көрсеткішке қосымша әсер етеді.

Кесте 10

Мысалы:

Көрсеткіштер	Өткен жыл	Есептік жыл	Ауытқу
Сатылған өнім көлемі, дана	500	600	100
Бір бірлік бағасы, теңге	55	70	15
Сатылған өнімнің өзіндік құны	25	40	15
Өнімді өткізуден түскен табыс, теңге	27500	42000	14500
Пайда, теңге	15000	18000	3000
Сатылған өнім рентабельділігі, %	54,5%	42,8	11,7

Алдымен тізбектелген қойылымдар әдісімен нәтижелі көрсеткішке факторлар әсерін анықтаймыз.

$$1. \frac{15000}{27500} \times 100\% = 54,5\%$$

$$2. \frac{18000}{27500} \times 100\% = 65,46\%$$

$$3. \frac{18000}{42000} \times 100\% = 42,86\%$$

$$1. \text{ Пайда әсері: } 65,46 - 54,55 = 10,91\%$$

$$2. \text{ ӨӨТТ әсері: } 42,86 - 65,46 = -22,6\%$$

Содан кейін нәтижелі көрсеткішке екінше деңгейлі фактордың әсерін тізбектелген қойылымдар әдісімен есептейміз.

$$1. (55 - 25) \times 500 = 15000$$

$$2. (55 - 25) \times 600 = 18000$$

$$3. (70 - 25) \times 600 = 27000$$

$$4. (70 - 40) \times 600 = 18000$$

$$1. \text{ Сатылған өнім көлемі әсері } 18000 - 15000 = 3000$$

2. Бағаның әсері $27000 - 18000 = 9000$
 3. Өзіндік күн әсері $18000 - 27000 = -9000$

$$\text{Жиыны } 3000 + 9000 - 9000 = 3000$$

Рентабельділік деңгейі пайданың 3000 мың теңгеге өсуімен 10,91% жоғарылады. Енді рентабельділік деңгейі әрбір фактор әсерінен қалай өзгергенін пропорционалды бөлу әдісімен анықтаймыз.

$$\Delta R = \frac{10,91}{3000} \times 3000 = 10,91\%$$

$$\Delta R = \frac{10,91}{3000} \times 9000 = 32,73\%$$

$$\Delta R = \frac{10,91}{3000} \times (-9000) = -32,73\%$$

$$10,91 + 32,73 - 32,73 = 10,91\%$$

Кесте II – Үлестік қығысу әдісі

Фактор	Пайданың өзгеруі, мың тг	Пайданың жалпы көлеміндегі факторлар үлесі	Рентабельділік деңгей өзгерулер.
Сатылған өнім көлемі, дана	3000	1	10,91
Бағасы	9000	3	32,73
Өзіндік күн	-9000	-3	-32,73
Барлығы	3000	1	10,91

Корреляциялық талдау

Корреляциялық талдау әдістері стохастикалық талдауда факторлардың әсерін өлшеу үшін көрсеткіштер арасындағы байланыс толық емес, ықтималдылық жағдайында болғанда қолданылады. Корреляция жұптық және көптік корреляция болып бөлінеді. Жұптық корреляция - бұл екі көрсеткіш арасындағы байланыс, онда көрсеткіштің біреуі - факторлық, біреуі -

нәтижелік болып табылады. Көптік корреляция нәтижелік көрсеткішпен бірнеше фактордың арасында өзара байланыс болғанда туындайды.

Корреляциялық талдаудың негізгі шарттарының бірі - зерттелінетін ақпаратты орташа мөлшер аумағына бөлуіне қатысты біркелкілігі. Орташа мөлшерден едәуір бөлек объектілер топтары жиынтығы бар болатын болса, онда бастапқы ақпараттың біркелкі емес екенін білдіреді.

Сандық берілген белгілер арасындағы байланысты анықтар алдында олардың арасында қандай тәуелділік бар екенін анықтау қажет. Егер бұл тәуелділік сызықты болса, онда сызықты және көптік корреляция коэффициентін, ал егер сызықты емес болса - онда корреляциялық қатынасты қолдануға болады.

Сызықты корреляция коэффициенті екі белгінің арасында сызықты тәуелділік болған кезде, олардың арасындағы тығыздықты және байланыс бағытын сипаттайды және келесі формуламен есептеледі.

$$r = \frac{[(x - x_{орт}) \times (y - y_{орт})]_{ср}}{\sigma_x \times \sigma_y}$$

Мұнда:

x - факторлық белгі,

y - нәтижелік белгі,

$x_{орт}$, $y_{орт}$ - факторлық және нәтижелік белгілердің орташа мәні,

σ_x , σ_y - факторлық және нәтижелік белгілердің орташа квадраттық ауытқулары және олар келесі формулалармен есептеледі:

$$\sigma_x = \sqrt{\frac{\sum_{i=1}^n (x_i - x_{орт})^2}{n}}; \sigma_y = \sqrt{\frac{\sum_{i=1}^n (y_i - y_{орт})^2}{n}}$$

Сызықты корреляция коэффициенті мәні 0 мен 1 аралығында болады, егер $r = 0$ тең болса, онда байланыс жоқ; егер $r = \pm 1$ болса, онда факторлық белгінің әрбір мәніне нәтижелік

көрсеткіштің тек бір мәні ғана сәйкес келеді; егер $0 < r < 1$ болса, онда байланыс тура, яғни факторлық белгінің мәні жоғарлаған сайын нәтижелік белгінің де мәні көбейеді; егер $1 < r < 0$, онда байланыс кері - факторлық белгінің мәні жоғарлаған сайын нәтижелік белгінің мәні төмендейді.

Сызықты корреляция коэффициенті маңыздылығы Стьюдент t -критериясы көмегімен бағаланады. Мұнда корреляция коэффициентінің 0-ге теңдігі турасы гипотезасы тексеріледі. Гипотезаны тексеру үшін t_{φ} есептік мәні есептеледі.

$$t_{\varphi} = \frac{|r|}{\sqrt{1-r^2}} \times \sqrt{n-2}$$

Егер $n < 100$, немесе

$$t_{\varphi} = \frac{|r|}{\sqrt{1-r^2}} \times \sqrt{n}$$

егер $n > 100$.

Содан кейін t_{φ} кестелік $t_{кесте}$ мәнімен салыстырылады, ол α кейбір мәнділік деңгейі және ерікті деңгей сандарымен ($n-2$) табылады. α мәнділік деңгейі, яғни дұрыс гипотезаны теріске шығару ықтималдығы көбінде жиі 0.05-ке тең деп алынады (қателесу тәуекелі 100 жағдайдың 5-еуінде кездеседі). Егер $t_{\varphi} > t_{кесте}$ болса, онда алғашқыда қабылдаған гипотеза теріске шығарылады, нәтижелік көрсеткіштің факторлық белгіге тәуелділігі елеулі болып табылады.

Факторлық және нәтижелік көрсеткіштер арасындағы тығыздықты сипаттау үшін Чеддок шәкілі қолданылуы мүмкін. (кесте 12)

Кесте 12 – Чеддок шәкілі

Байланыс тығыздығы	Байланыс күші сипаттамасы
0.1-0.3	Әлсіз
0.3-0.5	Қалыпты
0.5-0.7	Байқалатын
0.7-0.9	Жоғары
0.9-0.99	Өте жоғары

Мысалы:

Өнімді өткізуден түскен табыс пен өндірілген өнімнің бір бірлігіне кеткен шығындар арасындағы байланыс тығыздығын анықтау қажет. Мұнда өндіруге кеткен шығындар факторлық белгі (x, ақшалай бірлік), ал өнімді өткізуден түскен табыс - нәтижелік белгі (y, мың ақшалай бірлік) болып табылады (кесте 13).

Кесте 13 – Сызықты корреляция коэффициентінің есептеу

	x	y	$x-x_{\text{орт}}$	$y-y_{\text{орт}}$	$(x-x_{\text{орт}})^2$	$(y-y_{\text{орт}})^2$	$(x-x_{\text{орт}}) \times (y-y_{\text{орт}})$
1	0,95	327,1	0,11	-91,1	0,0121	8299,21	-10,02
2	0,83	434,5	-0,01	16,3	0,0001	265,69	-0,16
3	0,76	506,2	-0,08	88,0	0,0064	7744	-7,04
4	0,80	453,8	-0,04	35,6	0,0016	1267,36	-1,42
5	0,82	443,7	-0,02	25,5	0,0004	650,25	-0,51
6	0,78	497,4	-0,06	79,2	0,0036	6272,64	-4,75
7	0,92	332,4	0,08	-85,8	0,0064	7361,64	-6,86
8	0,90	344,3	0,06	-73,9	0,0036	5461,21	-4,43
9	0,84	376,4	0	-41,8	0	1747,24	0
10	0,80	466,2	-0,04	48	0,0016	2304	-1,92
Қосындысы	8,4	4182,0	0	0	0,0358	41373,24	-37,11
Орташа мәні	0,84	418,2	-	-	0,0036	4137,32	-3,71

$$\sigma_x = \sqrt{0,0036} = 0,06$$

$$\sigma_y = \sqrt{4137,32} = 64,32$$

$$r = \frac{-3,71}{0,06 \times 64,32} = 0,96$$

Алынған нәтижелер зерттелініп отырған көрсеткіштер арасында өте жоғары кері байланыс бар екенін көрсетеді. Сызықты корреляция коэффициентінің алынған мәнін тексеру үшін t_{φ} есептейміз:

$$t_{\varphi} = \frac{1 - 0,961}{\sqrt{1 - (-0,96)^2}} \times \sqrt{10 - 2} = 9,70$$

$\alpha = 0.05$ деңгейінде және ерікті сандар деңгейі $(n-2) = 8$
 $t_{кр} = 2,306$. Сонымен қадағаланып отырап тәуелділік статистикалық елеулі.

Егер нәтижелік көрсеткіштің факторлық көрсеткішке тәуелділігі сызықты емес болса, онда байланыс тығыздығын өлшеу үшін корреляциялық қатынас қолданылуы мүмкін;

$$\rho = \sqrt{\frac{\sigma_{xy}^2}{\sigma_x^2}}$$

Мұнда:

σ_x^2 – фактордың әсерімен байланысты нәтижелік көрсеткіштің дисперсиясы;

σ^2 – жалпы дисперсия.

Корреляциялық қатынасты нәтижелік көрсеткіштің факторлыққа сызықты, сонымен бірге сызықты емес тәуелділігін анықтағанда да қолдануға болады.

Корреляцияның қатынас 0 мен 1 аралығында өзгереді және байланыс тығыздығы деңгейін талдау сызықты корреляция коэффициенті сияқты жасалады.

Корреляциялық қатынасы есептеу үшін мәліметтер комбинациялық кестеге жинақталады (кесте 9), мұнда:

f_{ij} – салыстырылатын белгілер жиілігі;

k – A белгілері тобының сандары;

i – X белгісі тобының нөмірі;

S – B белгісі тобының нөмірі;

J – Y белгісі тобының нөмірі

$$n_j = \sum_{i=1}^n f_{ij}; \quad n = \sum_{i=1}^n n_j$$

Кесте 14 – Корреляциялық қатынасты есептеу үшін комбинациялық кесте түрі

У белгісі топтары	Х факторы топтары					
	x_1	x_2	...	x_j	...	x_s
y_1	f_{11}	f_{12}	...	f_{1j}	...	f_{1s}
y_2	f_{21}	f_{22}	...	f_{2j}	...	f_{2s}
...
y_l	f_{l1}	f_{l2}	...	f_{lj}	...	f_{ls}
...
y_k	f_{k1}	f_{k2}	...	f_{kj}	...	f_{ks}
жиыны	n_1	n_2	...	n_j	...	n_s

Есептеу алгоритмдері төмесідегідей:

1. У топтық орташа мәндерін анықтау:

$$y_{ice} = \frac{\sum_{j=1}^s y_j \times f_{ij}}{n_i}$$

2. Топтық дисперсияны есептеу:

$$\sigma_i^2 = \frac{\sum_{j=1}^s (y_j - y_{ice})^2 \times f_{ij}}{n_i}$$

3. Орташа топаралықты есептеу:

$$y_{орт} = \frac{\sum_{j=1}^s y_j \times n_j}{n}$$

4. Фактордың әсерімен байланысгы дисперсияны есептеу :

$$\sigma_x^2 = \frac{\sum_{j=1}^s (y_{ice} - y_{орт})^2 \times n_j}{n}$$

5. Есепке алынбаған факторлар әсерімен байланысты дисперсияны есептеу:

$$\sigma_{\text{ЕОЛГ}}^2 = \frac{\sum_{i=2}^n \sigma_i^2}{n}$$

6. Жалпы дисперсияны есептеу:

$$\sigma^2 = \sigma_X^2 + \sigma_{\text{ЕОЛГ}}^2$$

7. Корреляциялық қатынасты есептеу:

$$\rho = \sqrt{\frac{\sigma_X^2}{\sigma^2}}$$

Егер нәтижелік белгіге бірнеше фактор әсер етсе, онда байланыс тығыздығын өлшеу үшін көптік корреляция коэффициенті қолданылады. Ол келесі жағдайларда қолданылуы мүмкін:

- зерттелінетін ақпарат жеткілікті деңгейде біркелкі, яғни онда орташадан өзгеше мәндер жоқ;
- қадағалау саны жеткілікті;
- нәтижелік және факторлық көрсеткіштер өзгерістері гуралы ақпарат қалыпты бөлу заңына сәйкес келеді;
- зерттелінетін факторлар сандық өлшеснеді және өзара байланысты;
- фактор нәтижелік көрсеткішпен функционалды тәуелділікте емес.

Көптік корреляция коэффициентін есептемес бұрын факторлық және нәтижелік көрсеткіштер арасындағы байланысқа факторлық үлгі құрып алу керек.

Көптік корреляция коэффициенті келесі формуламен есептеледі:

$$R = \sqrt{\frac{\delta^2}{\sigma^2}} = \sqrt{1 - \frac{\sigma_{\text{ЕОЛГ}}^2}{\sigma^2}}$$

Мұнда:

δ^2 – көптік регрессия теңдеуі бойынша есептелген нәтижелік көрсеткіштің теориялық мәндері дисперсиясы;

$\sigma_{\text{жолы}}^2$ – дисперсия қалдығы (есепке алынған факторлар әсерімен байланысты)

σ^2 – нәтижелік көрсеткіштің жалпы дисперсиясы.

Көптік корреляция коэффициенті 0 мен 1 аралығында өзгереді.

Қорыта айтатын болсақ, көп факторлы корреляцияның ғылыми және тәжірибелік маңызы жоғары. Әрбір фактордың орны мен рөлін анықтау арқылы жоспар мен басқару шешімдері нақтырақ негізделеді, ұйымның қызмет нәтижелері объективті бағаланады.

Өзіндік жұмыс үшін материалдар

Келесі негізгі түсініктерге анықтама беріңдер: әдіс, экономикалық талдау әдісі, жалпы әдістеме, стохастикалық факторлық талдау, детерминациялық факторлық талдау, индукция, дедукция, әдіснама, экономикалық талдау әдіснамасы, тізбектелген қойылымдар әдісі, абсолюттік және қатысты айырма әдістері, функционалдық байланыс, корреляциялық әдіс, баланстық байланыс, нәтижелік көрсеткіш, факторлық көрсеткіш.

Бақылау сұрақтары

1. Экономикалық талдау әдісі түсінігі.
2. Экономикалық талдаудың сипаттамалық ерекшеліктері.
3. Тізбектелген қойылымдар әдісінің мәні.
4. Абсолюттік және қатысты айырма әдістерінің мәні.
5. Индекстік және интегралдық әдістер мәні.
6. Корреляциялық әдіс мәні.

3-ТАҚЫРЫП. ФАКТОРЛЫҚ ТАЛДАУ

3.1 Факторлық талдау түсінігі және түрлері

Кез келген ұйым шаруашылық қызметінің үдерістері мен құбылыстары өзара байланыста, өзара тәуелділікте болады. Осы өзара байланыстарды зерделеу үшін факторлық талдау қолданылады.

Әрбір құбылысты себеп ретінде және нәтиже ретінде де қарастыруға болады. Мысалы, еңбек өнімділігін өнімді өндіру көлемінің өзгеру себебі ретінде де, сонымен бірге өндірісті механикаландыру, автоматтандыру деңгейінің өзгеру нәтижесі ретінде қарастыруға болады. Егер қандай да бір көрсеткішті сандар ретінде және бір немесе бірнеше себептер әрекеті нәтижесі түрінде қарастырып және ол зерттеу объектісі ретінде көрінсе, онда өзара байланыстылықты зерделеген кезде оны нәтижелік көрсеткіш деп атайды. Нәтижелік белгінің қозғалу тәртібін анықтайтын көрсеткіштер факторлық деп аталынады.

Кез келген көрсеткіш көптеген және әртүрлі факторларға тәуелді болып келеді. Нәтижелік көрсеткішке факторлардың әсері жеке-жеке, бөлшектен қарастырылып, зерттелінетін болса, талдаудың нәтижесі және ұйымның шаруашылық қызметінің сапасын бағалау нақтырақ болады. Сондықтан ұйымдардың шаруашылық қызметін талдауда маңызды әдіснамалық мәселе факторлардың нәтижелік көрсеткіштерге әсерін зерделеу және өлшеу болып табылады.

Факторлық талдау дегеніміз нәтижелік көрсеткіштер мөлшеріне факторлардың әсерін кешенді, жүйелі түрде зерделеу және өлшеу әдістемесі.

Факторлық талдау бірқатар белгілері бойынша жіктелінеді: (1-сурет)

1. Факторлық және нәтижелік көрсеткіштер байланысы сипаты бойынша;
2. Логикалық әдісті қолдану бойынша;
3. Зерттеу тереңдігі бойынша;
4. Уақыт белгісі бойынша;
5. Себеп-салдарлы байланысты зерттеу сипаты бойынша.



Сурет 1. Факторлық талдау түрлері

Детерминациялық факторлық талдау функционалдық, қандай да бір математикалық функциямен анықталынатын, факторлық және нәтижелік көрсеткіштер арасындағы себепті-салдарлық байланысты қарастырады. Бұл жағдайда факторлық мәндердің белгілі комбинациясы әрқашан нәтиже береді.

Стохастикалық факторлық талдау егер факторлардың себепті-салдарлық байланысы және нәтижесі ықтималдылық сипатында болған жағдайда жүргізіледі. Бұл жағдайда факторлық мәндердің анықталынған комбинациясы әртүрлі нәтижелерге әкеледі.

Тура (дедуктивті) факторлық талдауда нәтижелік көрсеткішке факторлардың әсері жеке құрамдарға, яғни жалпыдан жеке бөліктерге бөлу жолымен жүргізіледі.

Кері (индуктивті) факторлық талдауды жекеден жалпыға – жеке факторлардан жалпылама көрсеткішке, яғни себепті-сал-

ырлық байланыстарды зерттеуді логикалық индукция тәсілімен жүзеге асырады.

Бір сатылы талдау тек бір деңгейлі факторларды зерттеуден тұрады, мысалы: $y = a \times b$.

Көп сатылы факторлық талдауда факторлардың мәнін ерделеу үшін оларды құрамдас элементтерге бөлшектеу, яғни нәтижелік көрсеткішке әсер ететін факторлар ұсақ факторларға депін бөлшектенеді.

Статистикалық факторлық талдау нәтижелік көрсеткішке факторлардың әсерін сәйкесінше белгілі бір күнге зерделеген кезде қолданылады. Ал динамикалық факторлық талдау себепті-салдарлық байланыстарды динамикада зерттеу әдістемесі болып табылады.


Ретроспективті факторлық талдау өткен кезеңдердегі шаруашылық қызмет нәтижелерінің өзгеру себептерін зерделейді. Ал перспективті факторлық талдау факторлар мен нәтижелік көрсеткіштер қозғалысы тәртібін перспективада зерттейді.

Факторлық талдау келесі реттілікпен жүзеге асырылады:

1. Талдау жүргізу үшін факторларды іріктеу;
2. Факторларды жіктеу және жүйелеу;
3. Нәтижелік және факторлық көрсеткіштер арасындағы ара байланысты модельдеу;
4. Нәтижелік көрсеткішке әрбір фактордың әсерін бағалау;
5. Басқару қызметінде факторлық үлгіні тәжірибе жүзінде қолдану.

3.2 Экономикалық талдауда факторлардың жіктелінуі

Факторлық талдау үдерісінде зерттелінетін факторлар әр түрлі және келесі белгілері бойынша жіктелінеді: (2-сурет)



Табиғаты бойынша факторлар табиғи-климаттық, әлеуметтік-экономикалық және өндірістік-экономикалық болып бөлінеді.

Табиғи-климаттық факторлар ауыл шаруашылығы оның ішінде егін шаруашылығы кәсіпорындары шаруашылық қызметі нәтижелеріне әсер етеді.

Әлеуметтік-экономикалық факторларға жұмыскерлердің тұрмысы, жағдайлары, ұйымдарда сауықтыру, мәдениет, кадрлардың білімі және т.б. жатады. Олар ұйымдарда өндірістік ресурстарды толығымен пайдалануға және олардың жұмысының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Өндірістік-экономикалық факторлар ұйымның өндірістік ресурстарын толық және тиімді пайдалануға және оның қызметі нәтижелерін дұрыс қолдануға ықпал етеді.

Әсер ету деңгейі бойынша факторлар негізгі және екінші деңгейдегі болып бөлінеді. Негізгі факторлар нәтижелік көрсеткішке шешуші әсер етеді. Екінші деңгейдегі факторлар шаруашылық қызмет нәтижелеріне қалыптасқан жағдайда негізгі қызметті атқармайды, яғни тікелей әсер етпейді. Бұл жерде мынаған ерекше көңіл бөлу керек: бір фактор жағдайға байланысты негізгі де, сонымен бірге екінші деңгейдегі болуы мүмкін.

Зерттеу объектісіне байланысты факторлар ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Ішкі факторлар ұйымның қызметіне байланысты, ал сыртқы факторлар байланысты емес. Сондықтан талдау кезінде ішкі факторларға көп мән беру керек, өйткені ол ұйымның өзіне байланысты.

Ұжымға байланыстылығы бойынша факторлар объективті және субъективті болып та бөлінеді. Объективті факторлар адамның тілегіне, сәтіне байланысты емес, мысалы жер сілкіну. Субъективті факторлар адамдар мен ұйымдардың қызметіне тәуелді болып келеді.

Таралу деңгейі бойынша факторлар экономиканың барлық салаларында болады. Спецификалық факторлардың іс-әрекеті ұйымның немесе экономиканың жекелеген салалары жағдайында көрінеді. Факторларды бұлай бөлу өндіріс салаларының ерекшеліктерін есепке алуға мүмкіндік береді.

Әрекет ету ұзақтығына байланысты факторлар тұрақты және тұспалы болып бөлінеді. Тұрақты факторлар зерделеніп отыр-

ған құбылысқа барлық уақытта үздіксіз әсер етеді. Ауыспалы факторлар кезеңмен көрінеді, мысалы жаңа өнім түрін, жаңа техника түрін игеру және т.б.

Талдау үдерісінде әрбір фактордың шаруашылық қызмет нәтижелеріне әсерін өлшеу міндет болып табылады, сондықтан оларды сандық және сапалық, қарапайым және күрделі, өлшенетін және өлшенбейтіндерге бөледі.

Сандық факторлар құбылыстың немесе заттың сандық белгілерін, сапалық факторлар зерделенетін объектінің ішкі сапасын, белгілерін көрсетеді. Мысалы, сандық факторларға жұмыскерлердің, жабдықтардың санын, ал сапалық факторларға еңбек өнімділігін, өнімнің сапасын жатқызуға болады.

Көптеген факторлар өзінің құрамы бойынша күрделі, яғни бірнеше элементтерден тұрады. Ал кейбір факторлар элементтерге, яғни құрамдас бөліктерге бөлінбейді. Мысалы еңбек өнімділігі күрделі факторға, жұмыс күндері саны - қарапайым факторға жатады.

Факторларды бағыну деңгейі (иерархия) бойынша бірінші тәртіптегі, екінші тәртіптегі және т.б. болып бөлінеді. Бірінші деңгейдегі факторлар нәтижелік көрсеткішке тікелей әсер етеді, ал нәтижелік көрсеткішке тікелей әсер етеді, ал бірінші деңгейдегі фактордың көмегімен нәтижелік көрсеткішке жанама әсер ететін факторлар екінші деңгейдегі факторларға жатады.

Талдау үшін факторларды басында іріктеу факторлар мен нәтижелік көрсеткіштер арасындағы функционалдық өзара байланыс сипаты туралы гипотеза негізінде жүзеге асырылады. Ол көбінесе талдаушының білімі және тәжірбиесімен анықталады. Факторлардың жиынтығын біркелкі жүйеге қайта түрлендіру факторлық және нәтижелік көрсеткіштердің арасындағы тәуелділікті және өзара байланысты модельдеуді анықтауды жеңілдетеді.

3.3 Экономикалық талдауда факторларды жүйелеу.

Детерминациялық талдаудағы модельдеу

Жүйелеу дегеніміз зерделенетін құбылыстарды немесе объектілерді олардың өзара байланыстылығын және бағыныштылығын анықтай отырып, белгілі бір тәртіпте орналастыру.

Жүйелеудің детерминациялық және стохастикалық факторлық жүйесі түрлері болады. Детерминациялық факторлық жүйе дегеніміз зерделенетін құбылысты алгебралық сома түрінде бір немесе бірнеше факторлардың көбейтіндісі түрінде көрсету. Мысалы, өнеркәсіп кәсіпорындарының жалпы шығарылған өнім көлемін бірінші тәртіптегі екі фактордың көбейтіндісі түрінде көрсетуге болады: жұмысшылардың орташа тізімдік саны және 1 жыл ішіндегі 1 жұмысшының орташа жылдық өндірімі, ал одан кейін өз кезегінде орташа бір жыл ішіндегі 1 жұмысшының істеген күндер саны мен жұмысшының орташа күндік өндірісіміне байланысты. Соңғысы жұмыс күнінің ұзақтығына және орташа сағаттық өндірісге тәуелді.

Жүйенің ары қарай дамуына байланысты кешенді факторлар біртіндеп одан кішірек жалпы факторларға бөлшектенеді, ал олар өз кезегінде одан да кішірек факторларға, яғни біртіндеп өзінің аналитикалық мазмұны бойынша элементікке (қарапайымдыққа) жақындайды.

Сонымен, факторларды жүйелендіру зерделенетін нәтижелік көрсеткіштердің мөлшерін қалыптастыруда факторлардың өзара байланысын терең зерттеуге мүмкіндік жасайды, ал ол болса талдаудың келесі сатысы - зерттелінетін көрсеткіштерді модельдеу сатысында маңызды роль атқарады. Нәтижелік көрсеткішке факторлардың әсерін детерминациялық талдау факторлық үлгіні құрызуды талап етеді.

Модельдеу дегеніміз зерттелінетін көрсеткіштің факторлармен өзара байланысы нақты математикалық теңдеу түрінде көрсетілуі.

Детерминациялық талдаудағы факторлық модель (үлгі) келесі қағидаттар негізінде құрылады:

1. Үлгіге кіретін факторлар мен нәтижелік көрсеткіш нақты болуы керек, яғни абстрактілік көлемде болмауы қажет.
2. Факторлық үлгінің барлық көрсеткіштері сандық өлшенетін болуы керек.
3. Факторлық үлгі көрсеткіштер арасындағы себепті-салдарлық байланысты көрсетуі керек.

4. Факторлық үлгі нәтижелік көрсеткішке факторлардың әсер ету деңгейін көрсету қажет, яғни жекелеген факторлардың әсер ету сомасы нәтижелік көрсеткіштің жалпы өсу қарқынына тең болуы шарт.

Детерминациялық талдауда келесі үлгілер қолданылады:

- аддитивтік;
- мультипликативтік;
- еселік (кратные);
- аралас.

1. Аддитивтік үлгілер: $Y = \sum x_i = x_1 + x_2 + x_3 + \dots + x_n$

Олар нәтижелік көрсеткіштердің алгебралық сомасы түрінде болған жағдайда қолданылады. Мысалы, өнімді өндіруге кеткен шығындар сомасы материалдық шығындар (МШ), негізгі құралдардың амортизациясы (А), еңбек ақыға кеткен шығындар (ЕАШ) және үстеме шығындар (ҮШ) сомаларының қосындысы түрінде болады:

$$\text{Ш} = \text{МШ} + \text{А} + \text{ЕАШ} + \text{ҮШ}$$

2. Мультипликативті үлгілер нәтижелік белгіні бірнеше факторлар көбейтіндісі ретінде болжамдайды:

$$Y = \prod_{i=1}^n x_i = x_1 \times x_2 \times x_3 \times \dots \times x_n$$

Мысалы, еңбекақы қоры жұмысшылардың орташа тізімдік саны ЖОТС мен І жұмысшының орташа жылдық еңбек ақысына (ЕА_{жж}) байланысты.

$$\text{ЕАҚ} = \text{ЖОТС} \times \text{ЕА}_{\text{жж}}$$

3. Еселік үлгі: $y = x_1 / x_2$

Еселік үлгі нәтижелік көрсеткішті бір факторды басқа бір факторға бөлумен алатын жағдайда қолданылады. Мысалы, І жұмыскердің орташа жылдық еңбек ақысын (ЕА_{жж}) еңбек ақы қоры (ЕАҚ) жұмыскерлердің орташа тізімдік санына (ЖОТС) бөлумен анықтауға болады.

$$EA_{\text{жжк}} = EAK / \text{ЖОТС}$$

4. Аралас үлгілер - бұл алдыңғы үлгілердің әртүрлі комбинацияда бірігуі:

$$y = \frac{a+b}{c} ; y = \frac{a}{b+c} ; y = \frac{a \times c}{c} ; y = (a+b)c$$

Аралас үлгілер аддитивтік, мультипликативтік және еселік үлгілерді әртүрлі көлемде біріктіреді.

Факторды сомаларға бөлшектеу немесе оны құрайтын факторлардың көбейтіндісі ретінде көрсету әдістерінен басқа еселік үлгілерді қайта түрлендіру үшін кеңейту, қысқарту және ұярту әдістері де қолданылады.

Кеңейту әдісі бастапқы факторлық үлгіні бөлшектің алымы мен бөлімін бір немесе бірнеше жаңа көрсеткіштерге көбейту жолымен кеңейтуді қарастырады. Мысалы:

$$y = \frac{a}{b} = \frac{a \times c}{b \times c} = \frac{a}{c} \times \frac{c}{b} = x_1 \times x_2$$

Мысалы, 1 жұмыскердің орташа жылдық өндірімін (ОЖӨ) келесідей жазуға болады:

$$\text{ОЖӨ} = \text{ЖӨ} : \text{ЖС}$$

Мұнда:

ЖӨ – жалпы өнім;

ЖС – жұмыскер саны.

Егер барлық жұмыскерлердің істеген жұмыс күндері саны ($K_{\text{жалпы}}$) деген көрсеткішті енгізсек, онда жылдық өндірімнің келесі үлгісін алуға болады:

$$\text{ЖӨ} = \frac{\text{ЖӨ} \times K_{\text{жалпы}}}{\text{ЖС} \times K_{\text{жалпы}}} = \frac{\text{ЖӨ}}{K_{\text{жалпы}}} \times \frac{K_{\text{жалпы}}}{\text{ЖС}} = \text{КӨ} \times \text{К}$$

Мұнда:

КӨ – орташа күндік өндірім;

К – 1 жұмыскердің істеген жұмыс күндер саны.

Қысқарту әдісі дегеніміз жаңа факторлық үлгіні бөлшектің алымы мен бөлімін тек бір ғана көрсеткішке бөлу жолымен алу.

Бұл жағдайда соңғы үлгі сол типте, яғни бастапқыдағыдай, бірақ басқа факторлар жиынтығымен қоса алынады. Мысалы, ұйымның жиынтық активтері рентабельділігі пайда сомасын (Π) олардың орташа жылдық мөлшеріне бөлумен (A) анықталады:

$$R = \Pi : A$$

Егер бөлшектің алымы мен бөлімін түсімге (m) бөлетін болсақ, онда еселік үлгіні жаңа факторлар жиынтығымен аламыз: сатылған өнім рентабельділігі және өнімнің капитал сыйымдылығы:

$$R = \frac{\Pi}{A} = \frac{\Pi : m}{A : m} = \frac{\text{сатылған өнім рентабельділігі}}{\text{өнімнің капитал сыйымдылығы}}$$

Ұзарту әдісі бастапқы үлгінің алымын бір немесе бірнеше факторлардың біркелкі көрсеткіштер сомасына ауыстыруды қарастырады. Мысалы, өнімнің 1 бірлігінің өзіндік құнын (ΘK) екі фактордың функциясы түрінде көрсетуге болады: шығындар (Π) сомасы және шығарылған өнім көлемі ($\Delta \Pi \Theta$). Бұл факторлық жүйенің бастапқы үлгісі келесі түрде болады:

$$\Theta K = \frac{\Pi}{\Delta \Pi \Theta}$$

Егер шығындардың жалпы сомасын олардың жеке элементтерімен ауыстырсақ, мысалы еңбек ақы (EA), шикізат және материалдар (ΠM), негізгі құралдар амортизациясы (A), үстеме шығындар ($Y\Pi$) және басқалар, ауыстырсақ, онда аддитивтік үлгіні жаңа факторлар жиынтығымен аламыз:

$$\Theta K = \frac{EA}{V\Pi \Theta} + \frac{\Pi M}{V\Pi \Theta} + \frac{A}{V\Pi \Theta} + \frac{Y\Pi}{V\Pi \Theta} = x_1 + x_2 + x_3 + x_4$$

Мұнда:

- x_1 – өнімнің еңбек сыйымдылығы;
- x_2 – өнімнің материал сыйымдылығы;
- x_3 – өнімнің қор сыйымдылығы;
- x_4 – үстеме шығындар деңгейі;

Жалпы нәтижелік көрсеткіштерді әртүрлі факторлық үлгі ретінде көрсетуге болады. Талдаушының міндеті зерттеу объек-

тісі мен мақсатына сәйкес қажетті үлгіні таңдап алу. Нақты және айқын құрастырылған үлгілер зерттелінетін көрсеткіштердің өзара байланысын көрсетеді, ал талдаудың соңғы нәтижесі соларға тәуелді.

Өзіндік жұмыс үшін материалдар

Келесі негізгі түсініктерге анықтама беріндер: факторларды жүйелендіру, детерминациялық және стохастикалық әдістердегі факторларды жүйелендірудің негізгі тәсілдері, детерминациялық факторлық үлгілердің типтері, үлгілеу ережесі, мультипликативті үлгі, еселік үлгі, аралас үлгі, сандық және сапалық факторлар, кешенді және тақырыптық жоспарлау, негізгі және көмекші факторлар, бірінші тәртіптегі және екінші тәртіптегі факторлар,

Бақылау сұрақтары

1. Факторларды жүйелендірудің қажеттілігі мен мазмұны.
2. Детерминациялық және стохастикалық әдістердегі факторларды жүйелендірудің негізгі тәсілдері.
3. Детерминациялық факторлық үлгілердің негізгі типтері және оларға сипаттама.
4. Үлгілеу ережесі.
5. Факторлардың белгілері бойынша бөлінуі
6. Факторларға сипаттама

4-ТАҚЫРЫП.

ҚАРЖЫЛЫҚ КОЭФФИЦИЕНТТЕР ӘДІСІ

4.1 Қаржылық коэффициенттер

Қаржылық коэффициенттер ұйымның қаржылық жағдайын талдау үшін қолданылады және олар қаржылық есептілік мәліметтері, ең бастысы бухгалтерлік баланс пен пайда мен залал

туралы есеп беру мәліметтері бойынша анықталып отырған қатысты көрсеткіштер. Қаржылық коэффициенттерді қолдану есептіліктің жекелеген баптары арасындағы арақатынастың бар екенін болжайтын теорияға негізделген.

Коэффициенттердің мәні ұйымның салалық ерекшеліктеріне, сонымен бірге әдетте сатылған өнімнің жылдық көлемімен және активтердің орташа жылдық құнымен бағаланып отырғандықтан олардың мөлшеріне байланысты. Коэффициенттердің мәніне сонымен қатар экономиканың жалпы жағдайы, экономикалық циклдің фазасы да әсер етеді.

Талдау үшін жүзден астам әр түрлі қаржылық коэффициенттерді қолданады. Коэффициенттерді іріктеу жүргізілетін талдау міндеттерімен анықталады.

Коэффициенттер әдісі артықшылықтары:

- пайдаланушылардың барлық категориялары үшін қызығушылық тудырағын ақпараттарды алуға мүмкіндік береді;
- қарапайымдылығымен және жеделдігімен ерекшеленеді;
- ұйымның қаржылық жағдайы өзгерісіндегі тенденцияларды анықтауға мүмкіндік жасайды;
- талданатын ұйымның қаржылық жағдайын сол сияқты ұйымдармен салыстырмалы түрде бағалауға жағдай жасайды;
- инфляцияның бұрмалаушылық әсерін болдырмайды.

Қаржылық коэффициент баланстың жеке баптарының және олардың комбинациялары арасындағы қатынаспен есептелетін қатысты көрсеткіш.

Қаржылық коэффициенттер шешім қабылдау жағынан қарағанда ұйымның қаржылық жағдайы туралы пайдаланушылар үшін маңызды ақпараттарды анықтауға мүмкіндік туғызады.

Коэффициенттер қаржылық жағдайдың өзгерісінің негізгі белгілерін, оның өзгеру тенденцияларын анықтауға жағдай жасайды. Коэффициенттердің ең бір үлкен артықшылығы - олардың инфляцияның кері әсерін жұмсартатындығында. Инфляция қаржылық есептіліктің абсолютті көрсеткіштерін бұрмалайды, сол себепті динамикада оларды салыстыру қиындайды.

Коэффициенттік қаржылық талдау дегеніміз тәртіп бойынша қаржылық көрсеткіштер (коэффициенттер) жиынтығымен қаржы-

лық есептілікті зерделеу және талдау. Коэффициенттік талдаудың міндеті – ұйымның қаржылық жағдайын көрсететін бірнеше базалық көрсеткіштер бойынша компанияны суреттеу. Коэффициенттік талдауды жүргізгенде олардың қалыпты немесе ұсынылатын мәндері батыс компаниялары қызметін талдау негізінде анықталғанын есепке алу керек.

Жоғарыда айтылғандай теория мен тәжірибеде екі жүздей коэффициент кездеседі және кейбір коэффициенттердің әр түрлі аттары бар, жалпы оларды ұйымның қаржылық жағдайының жске жақтарын сипаттайтын бірнеше топтарға біріктіруге болады. Көрсеткіштердің төрт негізгі тобы бар:

1. Өтімділік коэффициенттері;
2. Капитал құрылымы (тұрақтылық) коэффициенттері;
3. Рентабельділік коэффициенттері;
4. Айналымдылық (іскерлік белсенділік) коэффициенттері.

4.2 Өтімділік коэффициенттері

Өтімділік ағымдағы қаржылық міндеттемелерді жабу үшін материалдық және басқа да құндылықтардың тез арада ақша қаражаттарына айналуы. Ұйымның өтімділігін талдау дегеніміз ұйым үшін оның барлық қаржылық міндеттемелерін өтеу мүмкіндігін талдау.

Өтімділік коэффициенттері компанияның қолда бар қысқа мерзімді міндеттемелері есбінен ағымдағы берешектерін өтеуде оның қабілеттілігін анықтау үшін есептілік негізінде есептелген қаржылық көрсеткіштер. Бұл көрсеткіштердің мәні ұйымның ағымдағы берешектерін оның айналым қаражаттарымен салыстыруда.

Өтімділіктің келесі негізгі коэффициенттері бар:

Ағымдағы өтімділік коэффициентті (жалпы өтеу коэффициенті). Ол қысқа мерзімді активтердің қысқа мерзімді міндеттемелерге қатынасымен анықталады.

$$K_{\text{өт}} = \frac{ҚМА}{ҚММ}$$

Мұнда: $K_{об}$ – ағымдағы өтімділік коэффициенті;

ҚМА – қысқа мерзімді активтер;

ҚММ – қысқа мерзімді міндеттемелер.

Коэффициент компанияның ағымдағы міндеттемелерін қанша рет ағымдағы активтерімен өтей алатынын көрсетеді. Салалық срекшеліктеріне байланысты коэффициенттің қалыпты мәні 1,5 пен 2,5 аралығында, сонымен бірге жоғары ара қатынаста жағымсыз.

Егер коэффициент мәні 1-ден төмен болса, онда ұйым өзінің ағымдағы шоттарын тұрақты жағдайда толей алмауымен байланысты жоғары қаржылық тәуекелділікте екенін білдіреді. Ал егер коэффициент мәні 3-тен жоғары болса, онда капитал құрылымының рационалды емес екенін білдіреді, және мұнда қызмет түріне байланысты активтердің құрылымы және сапасы және т.с.с. коэффициент мәні өзгеруі мүмкін екенін есепке алу керек. Бұл коэффициент «толық суретті» компания бойынша бермейтінін атап өту керек. Әдетте материалды-өндірістік қорлары аз, вексельдер бойынша ақшалармен өтеуге дайын ұйымдар қорлары және тауарларды несиеге сатуы көп ұйымдарға қарағанда коэффициенттің төмен деңгейімен қалыпты жұмыс істей береді.

Ағымдағы (қысқа мерзімді) активтердің жеткілікті деңгейде екенін тексеру үшін аралық өтеу коэффициенті есептеледі.

$$K_{ар.ө} = \frac{АҚ + БҚ + ДБ + БҚМА}{ҚММ}$$

Мұнда: $K_{ар.ө}$ – аралық өтеу коэффициенті;

АҚ – ақша қаражаттары;

БҚ – тез арада өткізілетін базалы қағаздар;

ДБ – қысқа мерзімді дебиторлық берешек;

БҚМА – басқа да қысқа мерзімді активтер.

Бұл көрсеткішке банктер, жеткізушілер, акционерлердің қызығушылығы бар, өйткені компанияда қандайда бір белгісіз шығындар бойынша тез арада төлем жасауы қажет жағдайы туындауы мүмкін. Сондықтан оған барлық қолда бар ақша

қаражаттары – бағалы қағаздар, дебиторлық берешек, басқа да гөлем құралдары, яғни ақшаға айналатын активтер бөлігі қажет болады.

Аралық өтеу коэффициентті ағымдағы міндеттемелерді тек қана ақша қаражаттарымен емес, сонымен бірге көрсетілген қызмет, сатылған тауар есебінен өтеуге болатынын көрсетеді. Коэффициенттің қалыпты мәні 0,8.

Өтімділіктің келесі көрсеткіші - абсолютті өтімділік коэффициенті:

$$K_{\text{абс.ө}} = \frac{AK + BK}{KMM}$$

Мұнда: $K_{\text{абс.ө}}$ – абсолютті өтімділік коэффициенті.

Абсолютті өтімділік коэффициенті қысқа мерзімді міндеттемелердің қай бөлігі неғұрлым тезірек өтетін активтер (ақша қаражаттары, бағалы қағаздар) есебінен жақын уақыт аралығында өтелетінін көрсетеді. Коэффициенттің қалыпты мәні 0,2-ден жоғары болуы.

4.3 Қаржылық тұрақтылық коэффициенттері

Қаржылық тұрақтылық коэффициенттеріне тәуелсіздік, қарыз және меншікті қаражаттар қатынасы, маневрлік, ұзақ мерзімді активтер ішіндегі меншікті қаражаттар үлесі, меншікті айналым қаражаттарымен қамтамасыз етілу, қорлардың меншікті айналым қаражаттарымен қамтамасыз етілу коэффициенттері және т.б. жатады.

Тәуелсіздік коэффициентті ($K_{\text{тәуелс.}}$) ұйымның пассивтеріндегі меншікті қаражаттар үлесін көрсетеді және меншік иелері және кредиторлардың қызығушылығын тутады. Меншікті қаражаттардың пассивтегі үлесі қарыз қаражаттарынан жоғары болуы керек. Коэффициенттің жоғары болуы қаржылық тәуелсіздікті қысқартады және сырт жақтан қосымша қаражаттарды тартуға мүмкіндік жасайды. Бірақ коэффициенттің өте жоғары деңгейі несиелік ресурстарды тарту қабілеттілігінің төмен екенін

білдіреді. Өнеркәсіп кәсіпорындары үшін коэффициенттің калыпты мәні - 0,5.

$$K_{\text{тауелс}} = \frac{MK}{BB}$$

Мұнда: МК – меншікті капитал;

BB – баланс валютасы;

Қаржыландыру коэффициентті ($K_{\text{қарж}}$) меншік қаражаттарының қарыз қаражаттарына қатынасымен анықталады:

$$K_{\text{қарж}} = \frac{MK}{ҚК}$$

Мұнда: ҚК – қарыз капиталы.

Бұл коэффициент ұйымның қандай қаражат көздерімен қаржыландырылғанын көрсетеді. Тәжірибеде өнеркәсіп кәсіпорындарында коэффициенттің жеткілікті мәні 0,1-ге тең.

Ұзақ мерзімді міндеттемелерді қайтару деңгейі коэффициенті ($K_{\text{үмк}}$) операциялық пайданы төленетін пайыздарға бөлгенге тең.

$$K_{\text{қосы}} = \frac{OP}{TP}$$

Мұнда: ОП – операциялық пайда;

TP – төленетін пайыздар.

Бұл коэффициентті есептеу негізінде операциялық пайда, яғни пайыздарды және салықтарды төлегенге дейінгі ауыспалы және тұрақты шығындарды алып тастағандағы өнімді өткізуден түскен табыс қарыздарды төлеудің негізгі көзі екендігі жатыр.

Маневрлік коэффициенті ($K_{\text{маневр}}$) меншікті қаражаттар мен ұзақ мерзімді активтер арасындағы айырманың меншікті қаражаттарға қатынасымен есептеледі.

$$K_{\text{маневр}} = \frac{MK - \text{ҰМА}}{MK}$$

Мұнда: ҰМА-ұзақ мерзімді активтер.

Маневрлік коэффициент меншікті қаражаттардың қандай бөлігі іске тартылғандығын көрсетеді.

Коэффициенттің жоғары болуы тез ескіретін машиналар және жабдықтармен байланысты қауіпті сөйілтеді. Бұл көрсеткіштің ортайлы мәні 0,5-ке жуық деп есептеледі.

Ұзақ мерзімді активтер ішіндегі меншікті қаражаттар үлесі коэффициенті ($K_{\text{УМА/МК}}$):

$$K_{\text{УМА/МК}} = \frac{\text{УМА}}{\text{МК}}$$

Коэффициент меншікті қаражаттардың қандай бөлігі ұзақ мерзімді активтерді қаржыландыруға бағытталғанын көрсетеді.

Меншікті айналым қаражаттарымен қамтамасыз етілу коэффициенті меншікті капиталмен ұзақ мерзімді активтер айырмасының қысқа мерзімді активтерге қатынасымен анықталады.

$$K_{\text{МАК}} = \frac{\text{МК} - \text{УМА}}{\text{ҚМА}}$$

Мұнда: $K_{\text{МАК}}$ – меншікті айналым қаражаттарымен қамтамасыз етілу коэффициенті.

Бұл коэффициент меншікті айналым қаражаттарымен қамтамасыз етілу деңгейін өлшеу үшін қолданылады.

Қорлардың меншікті қаражаттармен қамтамасыз етілуі коэффициенті ($K_{\text{МК/К}}$) меншікті қаражаттармен ұзақ мерзімді активтер сомасы айырмасының қорларға қатынасымен есептеледі.

$$K_{\text{МК/К}} = \frac{\text{МК} - \text{УМА}}{\text{К}}$$

Мұнда: К – қорлар.

Коэффициенттің қалыпты мәні - 0,6 - 0,8.

4.4 Пайдалылық және рентабельділік көрсеткіштері

Пайдалылық және рентабельділік көрсеткіштерін келесі топтарға біріктіруге болады:

1) пайданың сәйкесінше түрлерінің сатылған өнім көлеміне қатынасымен анықталатын сатудың пайдалылығы көрсеткіштері;

2) пайданың сәйкесінше түрлерінің активтердің қандай да бір тобына қатынасымен есептелетін активтердің рентабельділігі көрсеткіштері;

3) пайданың қандай да бір түрінің қандай да бір міндеттеме тобына қатынасымен есептелетін капиталдың қаржылық көзі рентабельділігі көрсеткіштері.

Бірінші топ коэффициенттері ұйымның табысына әсер ететін әр түрлі факторларды талдау кезінде бірін-бірі толықтырады. Олардың ішіндегі маңыздысы мыналар:

1. Жалпы пайда коэффициентті ($K_{жп}$) Бұл сатылған өнім көлемі мен олардың өзіндік құны айырмасының сатылған өнім көлеміне қатынасына тең.

$$K_{жп} = \frac{СӨ - \Theta Қ}{СӨ}$$

Мұнда: СӨ – сатылған өнім көлемі;

ӨҚ – өзіндік құн.

Бұл коэффициент сатылған өнім көлеміндегі жалпы пайда үлесін көрсетеді және ұйымның менеджерлері үшін маңызды аналитикалық көрсеткіш болып табылады.

2. Операциялық пайда коэффициенті ($K_{оп}$) операциялық пайданың сатылған өнім көлеміне қатынасымен есептеледі.

$$K_{оп} = \frac{ОП}{СӨ}$$

Мұнда: ОП – операциялық пайда.

Бұл коэффициент сату көлемінің 1 бірлігіне келетін операциялық пайда көлемін көрсетеді.

3. Сатылған өнім рентабельділігі ($P_{сө}$) таза пайданың өнімді өткізуден түскен табысқа қатынасымен анықталады.

$$P_{сө} = \frac{ТП}{\Theta \Theta ТТ}$$

Мұнда: ТП – таза пайда,

ӨӨТТ – өнімді өткізуден түскен табыс.

Кoeffициент сатылған өнімнің I теңгесіне келетін газға пайда көлемін көрсетеді.

Көрсеткіштердің екінші тобы активтердің рентабелділігін сипаттайды:

1. Активтердің рентабелділігі (P_A) таза пайданың жалпы активтерге қатынасы.

$$P_A = \frac{ТП}{ЖА}$$

Мұнда: ЖА—жалпы активтер.

Кoeffициент жалпы активтердің I теңгесіне келетін газға пайда көлемін көрсетеді.

2. Қысқа мерзімді активтер рентабелділігі ($P_{КМА}$)

$$P_{КМА} = \frac{ТП}{ҚМА}$$

Кoeffициент қысқа мерзімді активтердің I теңгесіне қанша газға пайда келетінін көрсетеді.

3. Ұзақ мерзімді активтер рентабелділігі ($P_{УМА}$):

$$P_{УМА} = \frac{ТП}{УМА}$$

Кoeffициент ұзақ мерзімді активтердің I теңгесіне қанша газға пайда келетінін көрсетеді.

Кoeffициенттердің үшінші тобы ұйымға салынған қаражаттар табыстылығы деңгейін сипаттайды.

1. Жалпы инвестициялар рентабелділігі ($P_{ЖИ}$)

$$P_{ЖИ} = \frac{ССП + ТП}{УММ + МК}$$

Мұнда: ССП – салық салынғанға дейінгі пайда.

ТП – теленетін пайыздар.

Бұл коэффицент салынған қаржылар қаншалықты тиімді пайдаланғанын көрсетеді.

2. Меншікті капитал рентабелділігі ($P_{МК}$)

$$F_{MK} = \frac{TP}{MK}$$

Мұнда: TP – таза пайда

Бұл коэффициент меншікті капиталдың қаншалықты тиімді пайдаланғанын көрсетеді.

3. Ұзақ мерзімді міндеттемелерге келетін пайда ($K_{\Sigma MM}$)

$$K_{\Sigma MM} = \frac{TP}{\Sigma MM}$$

Мұнда: TP – таза пайда.

Бұл коэффициент ұзақ мерзімді несиелерді өтеу мүмкіндігін көрсетеді.

4.5 Іскерлік белсенділік коэффициенттері

Коэффициенттердің төртінші тобы іскерлік белсенділік коэффициенттері. Қорларды пайдалану тиімділігі көрсеткіштері осы топқа кіреді.

Айналымдылық коэффициенттері әртүрлі қаражаттардың ақшалай нысанға айналу жылдамдығын сипаттайды.

1. Қорлардың айналымдылық коэффициенті (K_{QA}) өнімді өткізуден түскен табыстың қорлар сомасына қатынасымен есептеледі.

$$K_{QA} = \frac{\Theta \Theta TT}{Q}$$

Мұнда: $\Theta \Theta TT$ – өнімді өткізуден түскен табыс.

Q – қорлар.

Бұл коэффициент қорлардың бір жыл ішіндегі айналым санын көрсетеді. Қорлардың айналым уақытын да есептеуге болады (K_{AV}).

$$K_{AV} = \frac{Q \times 365}{\Theta \Theta TT}$$

2. Дебиторлық берешек айналымдылығы коэффициенті (K_{DBA}).

$$K_{ДБА} = \frac{ӨӨТТ}{ДБ}$$

Мұнда: ДБ – дебиторлық берешек.

Кoeffициент 1 жыл ішінде дебиторлық берешек қанша рет ақша қаражаттарына айналғанын көрсетеді.

Бұл көрсеткіштің жоғарғы мәні өтімділікке және төлем қабілеттілікке жағымды әсер етеді. Бұл көрсеткіштің айналым ұзақтығы анықталады (ДБ_{АУ}).

$$ДБ_{АУ} = \frac{ДБ \times 365}{ӨӨТТ}$$

3. Кредиторлық берешек айналымдылығы коэффициенті (K_{КБА}).

$$K_{КБА} = \frac{ӨӨТТ}{КБ}$$

Мұнда: КБ – кредиторлық берешек.

Ұйымның қарыздарын төлеуі үшін қажетті қаражаттар айналым санын көрсетеді. Оның айналым ұзақтығы (КБ_{АУ}).

$$КБ_{АУ} = \frac{КБ \times 365}{ӨӨТТ}$$

4. Жалпы активтер айналымдылығы коэффициенті (K_{ЖАА}).

$$K_{ЖАА} = \frac{ӨӨТТ}{ЖА}$$

Мұнда: ЖА – жалпы активтер.

Бұл коэффициенттер ұйымның барлық активтерінің пайдалану өнімділігін сипаттайды.

5. Қысқа мерзімді активтер айналымдылығы коэффициенті (K_{ҚМАА}).

$$K_{ҚМАА} = \frac{ӨӨТТ}{ҚМА}$$

Бұл көрсеткіш ұзақ мерзімді активтердің айналым санын көрсетеді.

6. Ұзақ мерзімді активтер айналымдылығы коэффициенті ($K_{УМАА}$).

$$K_{УМАА} = \frac{ӨӨТТ}{УМА}$$

Бұл көрсеткіш ұзақ мерзімді активтердің айналымдылығын көрсетеді.

7. Негізгі құралдардың айналымдылығы коэффициенті ($K_{НҚА}$).

$$K_{НҚА} = \frac{ӨӨТТ}{НҚ}$$

Мұнда: НҚА – негізгі құралдар.

Негізгі құралдардың пайдалану тиімділігі деңгейін сипаттайды.

Есептеулерде нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін көрсеткіштердің кезең аралығындағы орташа көлемдерін алу керек.

Нарықтық белсенділік көрсеткіштерінің ішінде кеңінен таралғандар:

1. Бір акцияға пайда =

$$= \frac{\text{таза пайда} - \text{артықшылықты} \text{ акциялар бойынша дивиденд}}{\text{айналымдағы қарапайым акциялар саны}}$$

Бұл көрсеткіш айналымдағы бір қарапайым акцияға қанша таза пайда келетінін көрсетеді:

2. Акцияның нарықтық бағасы мен 1 акцияға пайданың арақатынасы = $\frac{\text{акцияның нарықтық құны}}{1 \text{ акцияға пайда}}$

Бұл көрсеткіш компания мен оның акционерлері арасындағы арақатынасты сипаттайды. Коэффициент акционерлердің таза пайданың ақшалай бір бірлігіне қанша ақша қаражаттарын төлегілері келетінін көрсетеді.

3. Бір акцияның баланстық құны

акционерлік капитал құны – артықшылықты акция құны
айналымдағы қарапайым акциялар саны

Бұл көрсеткіш бухгалтерлік есеп пен есептілік мәліметтеріне сәйкес қарапайым бір акцияға келетін таза активтер құнын көрсетеді.

4. Бір акцияның нарықтық құны мен баланстық құны ара қатынасы = $\frac{\text{акцияның нарықтық құны}}{\text{акцияның баланстық құны}}$

Бұл көрсеткіш акцияның баланстық құны мен салыстырғандағы нарықтық құнын көрсетеді.

5. Акция құндылығы = $\frac{1 \text{ акцияға дивиденд}}{\text{акцияның нарықтық құны}}$

Акцияның табыстылығы ағымдағы және жиынтық табыстылық болып бөлінеді. Ағымдағы табыстылық дегеніміз акцияның неси алатын дивиденттер.

6. Төлсетін дивиденттер үлесі = $\frac{1 \text{ акцияға дивиденд}}{\text{акцияның нарықтық құны}}$

Бұл көрсеткіш таза пайданың қанша бөлігі дивиденттерді төлеуге кеткенін көрсетеді. Коэффициенттің ерекшелігі оның «жақсы» немесе «жаман» деңгейінің болмауында. Жалпы критериясы оның 1-ден жоғары болмауы керектігі. Егер осы шарт орындалса, онда компания акционерлеріне дивиденттерді төлеу ұйымның пайдасынан қамтамасыз етілгенін көрсетеді.

Егер коэффициент 1-ден асып кетсе, онда компанияның дивиденттік саясатының рационалды емес екенін немесе оның қаржылық дағдарыс жағдайында екенін білдіреді.

Интерграцияланған көрсеткіштер әр түрлі топтағы коэффициенттер арасындағы эмпирикалық немесе теориялық өзара байланыстарға негізделген. Мұндай көрсеткіштерге мынадай мысалдарды келтіруге болады:

1. Уилкокс формуласы ұйымның жойылу құнын шамамен бағалауға қолданылады:

Ұйымның жойылу құны = Ақша қаражаттары + Бағалы қағаздар + Дебиторлық берешек + Тауар қорлары × 0,7 ×

Болашақ кезең шығындары + 0,5 x (Ұзақ мерзімді активтер) – Сыртқы міндеттемелер

Д.Уилкокстың формуласы тауарлық қорлар мен дебиторлық берешекті толық өткізуді болжамдайды, ал ондай жағдай, тәртіп бойынша, тәжірибиеде мүмкін емес.

2. Альтманның z - шоты – тәжірибиеде жиі қолданылатын банкроттық мүмкіндігін эмпирикалық бағалау:

$Z = 1,2(\text{таза айналым капиталы} / \text{жалпы активтер}) + 1,4(\text{үлестірілмеген лайда} / \text{жалпы активтер}) + 3,3X(\text{операциялық пайда} / \text{жалпы активтер}) + 0,6X$

(барлық акциялар нарықтық құны/сыртқы міндеттемелер) + 1,0X (сатылымдар (ӨӨТТ) / жалпы активтер)

Осы формуладан алынған мәнді төмендегі кесте мәліметтерімен салыстырады.

z - шот мәні	<1,8	1,87-2,7	2,8-2,9	>3
Банкроттық ықтималдылығы	Өте жоғары	Жоғары	Төмен	Өте төмен

Өзіндік жұмыс үшін материалдар

Келесі негізгі түсініктерге анықтама беріңдер: Қаржылық коэффициенттер, ағымдағы және перспективадағы төлемқабілеттілік, өтімділік, баланс өтімділігі, табыстылық пен пайдалылық коэффициенттері, қорларды пайдаланудың тиімділік көрсеткіштері, іскерлік және нарықтық белсенділік көрсеткіштері.

Бақылау сұрақтары

1. Қаржылық коэффициенттер түсінігі.
2. Ағымдағы және болашақтағы төлем қабілеттілік.
3. Өтімділік коэффициенттері.
4. Табыстылықтың қатысты көрсеткіштері.
5. Қорларды пайдалану тиімділігі коэффициенттері.
6. Іскерлік белсенділік коэффициенттері.
7. Нарықтық белсенділік көрсеткіштері.
8. Банкроттықты болжау көрсеткіштері.
9. Интеграцияланған көрсеткіштер.

II БӨЛІМ

МОДУЛЬ II. БАСҚАРУШЫЛЫҚ ТАЛДАУ

Тақырып 1. Басқарушылық талдаудың негізі

Тақырып 2. Компанияның маркетингтік қызметін талдау

Тақырып 3. Өнімді өткізу және өндірісті талдау

Тақырып 4. Өндірістік ресурстарды қолдануды талдау

Тақырып 5. Өнімнің өзіндік құнын талдау

1-ТАҚЫРЫП. БАСҚАРУШЫЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ НЕГІЗІ

1.1 Ұйымның шаруашылық қызметін басқарушылық талдау түсінігі

Басқарушылық талдау басқару есебінің мазмұнына кіреді. Ол жүйелі есеп пен кәсіпорынның меншік иелері мен әкімшілігі мүдделерінде басқару шешімдерін өңдеуге бағытталған мәселелі есептен тұрады.

Басқарушылық талдаудың жүргізілуі мемлекетпен реттелмейді, оның ұйымдастырылуы мен әдістері кәсіпорын басшылығымен анықталады, оның көмегімен басқарушылық есептер шешіледі. Басқарушылық талдау өзіне өндірістік пен ішкі шаруашылық талдауды қосады:

1. Бизнес-жоспарларды негіздеу мен жүзеге асыруды талдау;
2. Маркетинг жүйесіндегі талдау;
3. Шаруашылық қызмет тиімділігін кешенді экономикалық талдау;
4. Өндірістің техникo-ұйымдастырушылық деңгейін және басқа шарттарын талдау;
5. Өндірістік ресурстарды қолдануды талдау;
6. Өнім көлемін талдау;
7. Шығындар, өнім көлемі мен пайданың өзара байланыс-тылығын талдау.

Басқарушылық талдау ғылым ретінде арнайы білімдердің жүйесі болып табылып төмендегілермен байланысты:

➤ объективті экономикалық заңдардың және субъективті факторлардың әсерінен қалыптасқан өзара байланыстылығындағы экономикалық үдерістерді зерттеу;

➤ бизнес-жоспарларды ғылыми негіздеу, олардың орындалуын объективті бағалау;

➤ сандық жағынан өзгеретін жағымды және жағымсыз факторларды айқындау;

➤ қолданылмаған ішкі шаруашылық резервтерді анықтаумен бірге шаруашылық дамудың тенденциялары мен пропорцияларын ашу;

➤ оңтайлы басқару шешімдерін қабылдаумен алдыңғы қатарлы тәжірибені негізге алу.

Бизнес – жоспардың орындалуына белгілі-бір әсер еткен факторлардың негізгі себептерін ашу және түсіну, олардың әрекет етуін және өзара әрекеттесуін анықтау – бұл талданатын объектінің шаруашылық қызметінің ерекшеліктерін түсіну дегенді білдіреді.

Бірақ талдау процесі кезінде тек қызметке әсер еткен негізгі факторлар ашылып және сипатталып қана қоймай, сондай-ақ олардың әрекет етуінің дәрежесі өлшенеді.

Ол үшін экономикалық және математикалық есептеулердің тиісті тәсілдер мен амалдары қолданылады.

Талдау пәні болып шаруашылық субъектінің шаруашылық процестері, экономикалық ақпарат жүйесі арқылы алынатын объективті және субъективті факторлары әсерінен қалыптасатын қызметтің соңғы қаржылық нәтижелері және әлеуметтік-экономикалық тиімділік түсіндіріледі.

Бұл анықтамадан мынадай тұжырымдамалар шығады:

✓ басқарушылық талдау кәсіпорынның шаруашылық үдерістерімен байланысты. Кәсіпорын экономикасы динамика және статистикада зерттелінеді;

✓ соңғы нәтижелерге және шаруашылық процестерге сыртқы факторлар әсер етеді. Тұрақты түрде шаруашылық

қызметке әсерін тигізіп, олар экономикалық заңдардың әрекет етуін сипаттайды;

✓ соңғы нәтижелерге және шаруашылық процестерге субъективті (ішкі) факторлар әсер етеді. Бұл факторлар адамның калпы нақты бір қызметімен байланысты және толығымен оған тәуелді. Шаруашылық тәжірибеде объективті жағдайлардың әсерін дұрыс болжауды субъективті тәртіптегі құбылыс деп жорамалдауға болады;

✓ шаруашылық процестер және олардың нәтижелері экономикалық ақпарат жүйесінде сипат алады. Экономикалық ақпарат жүйесі - әртүрлі деңгейде шаруашылық қызметті жан-жақты сипаттайтын мәліметтердің жиынтығы. Ақпараттық жүйе динамикалы түрде болады. Ол өзіне кіріс мәліметтердің жиынтығын, олардың аралық өңделудегі нәтижелерін, шығыс мәліметтерін және басқару жүйесіне келіп түсетін соңғы нәтижелерді қосады.

Ішкі басқарушылық талдаудың субъектілері - кәсіпорын басшылығы, тартылған аудиторлар мен кеңесшілер.

Басшылық тек есептілік мәліметтерін пайдаланып қана қоймай, сондай-ақ басқару мақсатымен жүргізілген басқарушылық талдау шегінде шаруашылық есептің барлық жүйесінің мәліметтері арқылы да талдауды тереңдете алады.

Басқарушылық талдау өзінің жүйесіне тек өндірістік емес, сонымен қатар қаржылық талдауды да қосады. Онсыз кәсіпорын басшылығы өзінің қаржылық стратегиясын жүзеге асыра алмайды. Ақпараттың сыртқы пайдаланушыларына қарағанда, қаржылық талдау сұрақтарында басшылық мүмкіндіктері көп. Кез келген бизнес-жоспарының техникo-экономикалық негіздемесінде өндірістік сияқты, қаржы басқарушылық талдаудың әдістері де қолданылады.

Басқарушылық талдаудың мақсаттары:

- талдау нәтижелерін кәсіпорынның басқарушылық аппаратына бағдарлау;
- сырттан талдау нәтижелерін жария етудің жоқтығы;
- кәсіпорын қызметінің барлық жақтарын зерттеуге түбегейлі қарау;

- коммерциялық құпияны сақтау мақсатымен талдау нәтижелерінің максималды жабықтығы.

Басқарушылық талдау міндеттері:

- қабылданатын шешімдердің ғылыми-техникалық және есептік-экономикалық негізделуін қамтамасыз ету;

- ішкі өндірістік резервтерді және оларды рационалды пайдалану жолдарын айқындау;

- бизнес-жоспарлар мен нормативтердің (оларды өңдеу процесінде) ғылыми-экономикалық негізделуін арттыру;

- еңбек, материалдық және қаржылық ресурстарды пайдаланудың экономикалық тиімділігін анықтау;

- басқару шешімдерінің оңтайлығын негіздеу мен тексеру.

Дұрыс талдау жүргізудің алдын-ала шарты-шаруашылық қызметке және оның нәтижелеріне әсер еткен себептердің экономикалық тұрғыдан негізделген жіктемесі. Көрсеткіштер арасында өзара байланыстылық, өзара тәуелділік өндірістің және тауарлар айналымының объективті шарттарымен анықталады. Әрбір көрсеткіш екіншісіне байланысты, әрбір фактордың өзіндік мәні бар.

Объективті сыртқы факторлардың әсерінен қалыптасатын шаруашылық үдерістертер мен соңғы нәтижелер талдаудың пәні болып табылады. Бұл үдерісте баға факторымен – бағаның тауардың, ставкалардың өзгеруімен кездесеміз. Нарық жағдайында баға белгілеу – бұл стихиялы үдеріс. Бағалар құн, нарық заңдарының талаптары есебінен орнатылады. Бағалар бұл тұрақсыз факторлар, нәтижесінде барлық шаруашылық үдеріске әсер етеді.

Бағалар мыналарға байланысты:

- жалпы, тауарлық, өткізілген және таза өнімнің көрсеткіштері өзгертілген болса;

- өзіндік құн мен таза табысқа;

- көтерме тауар айналымына;

- жеңілдіктер, шығындар, айналым және табысқа.

Өндірілген өнімнің бағасын анықтай отырып, ол қай нарықта өткізілетінін білу қажет. Баға белгілеу бойынша ұйымның стратегиясын жасау дискриминация әдісін қолданумен жүзеге асырылады:

✓ сатып алушылар топтары бойынша (бір тауар әртүрлі баға бойынша сатып алушылардың әртүрлі топтарына сатылған жағдайда);

✓ тауарлар мен қызметтердің нұсқалары бойынша (тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің әртүрлі нұсқалары әртүрлі баға бойынша сатылса);

✓ аймақ бойынша (өнім әртүрлі аймақта әртүрлі бағамен сатылған кезде, сол уақытта жеткізу бойынша кәсіпорынның шығындары бірыңғай);

✓ уақыт бойынша (баға белгілеу маусымдылыққа, айға, апта күнінен және де тәулік уақытына байланысты болғанда).

Шығарылатын өнімнің 1 тенгесіне таза табысты (пайданы) алу мақсатымен баға белгілеуді талдаған кезде келесі сұрақтарға жауап беру қажет:

• Төменгі бағаны қолданып табыстың үлкен сомасын алу үшін сатылатын тауарлардың санын қаншалықты өсіру қажет?

• Тауарларды жоғарғы бағамен сатқан кезде үлкен табыс алу үшін сатылатын тауарлардың қанша санын жұмсау керек.

• Жоғарыда аталған амал кәсіпорынға шығындық баға белгілеуді қолданған кезде қателік жібермеу үшін мүмкіндіктерді іздестіре көмектеседі.

Бұл жағдайда мыналарды ескеру қажет:

✓ тауардың (жұмыстың, қызметтің) нарықтық бағасы деп бірыңғай тауарлар нарығында сұраныс пен ұсыныс өзара әрекеттескен кезде қалыптасқан баға танылады;

✓ тауарлар (жұмыстар, қызметтер) нарығы. Ол сатып алушының мүмкіндігінен алынып анықталады.

Сонымен қатар субъективті факторлар да әсер етеді – бұл өсіп-өну етудегі, еңбекті ұйымдастырудағы, білімі жағынан адамның қызметі.

Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі, оның өндірістік, қаржылық және инвестициялық қызметінің әртүрлі аспектілері нарықтық экономика жағдайында белгілі бір себептерге байланысты экономикалық және әкімшілік қатынастардың көптеген субъектілерін қызықтырады. Бірақ-та бұл қызығушылықты түндіратын себептер, осыдан келе бұл субъектілердің басқару

$$P_{\text{жк}} = \frac{\text{ТП}}{\text{МК}}$$

Мұнда: ТП – таза пайда

Бұл коэффициент меншікті капиталдың қаншалықты тиімді пайдаланғанын көрсетеді.

3. Ұзақ мерзімді міндеттемелерге келетін пайда ($K_{\text{УММП}}$)

$$K_{\text{УММП}} = \frac{\text{ТП}}{\text{УММ}}$$

Мұнда: ТП – таза пайда.

Бұл коэффициент ұзақ мерзімді несиелерді өтеу мүмкіндігін көрсетеді.

4.5 Іскерлік белсенділік коэффициенттері

Коэффициенттердің төртінші тобы іскерлік белсенділік коэффициенттері. Қорларды пайдалану тиімділігі көрсеткіштері осы топқа кіреді.

Айналымдылық коэффициенттері әртүрлі қаражаттардың ақшалай нысанға айналу жылдамдығын сипаттайды.

1. Қорлардың айналымдылық коэффициенті ($K_{\text{ҚА}}$) өнімді өткізуден түскен табыстың қорлар сомасына қатынасымен есептеледі.

$$K_{\text{ҚА}} = \frac{\text{ӨӨТТ}}{\text{Қ}}$$

Мұнда: ӨӨТТ – өнімді өткізуден түскен табыс.

Қ – қорлар.

Бұл коэффициент қорлардың бір жыл ішіндегі айналым санын көрсетеді. Қорлардың айналым уақытын да есептеуге болады ($K_{\text{АУ}}$).

$$K_{\text{АУ}} = \frac{\text{Қ} \times 365}{\text{ӨӨТТ}}$$

2. Дебиторлық берешек айналымдылығы коэффициенті ($K_{\text{ДБА}}$).

$$K_{\text{ДБА}} = \frac{\text{ӨӨТТ}}{\text{ДБ}}$$

Мұнда: ДБ – дебиторлық берешек.

Кoeffициент 1 жыл ішінде дебиторлық берешек қанша рет ақша қаражаттарына айналғанын көрсетеді.

Бұл көрсеткіштің жоғарғы мәні өтімділікке және төлем қабілеттілікке жағымды әсер етеді. Бұл көрсеткіштің айналым ұзақтығы анықталады (ДБА_У).

$$\text{ДБА}_{\text{У}} = \frac{\text{ДБ} \times 365}{\text{ӨӨТТ}}$$

3. Кредиторлық берешек айналымдылығы коэффициенті (ККБА).

$$K_{\text{КБА}} = \frac{\text{ӨӨТТ}}{\text{КБ}}$$

Мұнда: КБ – кредиторлық берешек.

Ұйымның қарыздарын төлеуі үшін қажетті қаражаттар айналым санын көрсетеді. Оның айналым ұзақтығы (КБА_У).

$$\text{КБА}_{\text{У}} = \frac{\text{КБ} \times 365}{\text{ӨӨТТ}}$$

4. Жалпы активтер айналымдылығы коэффициенті (КЖАА).

$$K_{\text{ЖАА}} = \frac{\text{ӨӨТТ}}{\text{ЖА}}$$

Мұнда: ЖА – жалпы активтер.

Бұл коэффициенттер ұйымның барлық активтерінің пайдалану тиімділігін сипаттайды.

5. Қысқа мерзімді активтер айналымдылығы коэффициенті (КҚМАА).

$$K_{\text{ҚМАА}} = \frac{\text{ӨӨТТ}}{\text{ҚМА}}$$

Бұл көрсеткіш ұзақ мерзімді активтердің айналым санын көрсетеді.

6. Ұзақ мерзімді активтер айналымдылығы коэффициенті ($K_{УМАА}$).

$$K_{УМАА} = \frac{ӨӨТТ}{УМА}$$

Бұл көрсеткіш ұзақ мерзімді активтердің айналымдылығын көрсетеді.

7. Негізгі құралдардың айналымдылығы коэффициенті ($K_{НҚА}$).

$$K_{НҚА} = \frac{ӨӨТТ}{НҚ}$$

Мұнда: НҚА – негізгі құралдар.

Негізгі құралдардың пайдалану тиімділігі деңгейін сипаттайды.

Есептеулерде нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін көрсеткіштердің кезең аралығындағы орташа көлемдерін алу керек.

Нарықтық белсенділік көрсеткіштерінің ішінде кеңінен таралғандар:

1. Бір акцияға пайда =

$$= \frac{\text{таза пайда - артықшылықты акциялар бойынша дивиденд}}{\text{айналымдағы қарапайым акциялар саны}}$$

Бұл көрсеткіш айналымдағы бір қарапайым акцияға қанша таза пайда келетінін көрсетеді:

2. Акцияның нарықтық бағасы мен 1 акцияға пайданың

$$\text{аракатынасы} = \frac{\text{акцияның нарықтық құны}}{1 \text{ акцияға пайда}}$$

Бұл көрсеткіш компания мен оның акционерлері арасындағы арақатынасты сипаттайды. Коэффициент акционерлердің таза пайданың ақшалай бір бірлігіне қанша ақша қаражаттарын төлегілері келетінін көрсетеді.

3. Бір акцияның баланстық құны

акционерлік капитал құны – артықшылықты акция құны
айналымдағы қарапайым акциялар саны

Бұл көрсеткіш бухгалтерлік есеп пен есептілік мәліметтеріне сәйкес қарапайым бір акцияға келетін таза активтер құнын көрсетеді.

4. Бір акцияның нарықтық құны мен баланстық құны ара қатынасы = $\frac{\text{акцияның нарықтық құны}}{\text{акцияның баланстық құны}}$

Бұл көрсеткіш акцияның баланстық құны мен салыстырғандағы нарықтық құнын көрсетеді.

5. Акция құндылығы = $\frac{1 \text{ акцияға дивиденд}}{\text{акцияның нарықтық құны}}$

Акцияның табыстылығы ағымдағы және жиынтық табыстылық болып бөлінеді. Ағымдағы табыстылық дегеніміз акцияның пәсі алатын дивиденттер.

6. Төленетін дивиденттер үлесі = $\frac{1 \text{ акцияға дивиденд}}{\text{акцияның нарықтық құны}}$

Бұл көрсеткіш таза пайданың қанша бөлігі дивиденттерді төлеуге кеткенін көрсетеді. Коэффициенттің ерекшелігі оның «жақсы» немесе «жаман» деңгейінің болмауында. Жалпы критериясы оның 1-ден жоғары болмауы керектігі. Егер осы шарт орындалса, онда компания акционерлеріне дивиденттерді төлеу ұйымның пайдасынан қамтамасыз етілгенін көрсетеді.

Егер коэффициент 1-ден асып кетсе, онда компанияның дивиденттік саясатының рационалды емес екенін немесе оның қаржылық дағдарыс жағдайында екенін білдіреді.

Интерграцияланған көрсеткіштер әр түрлі топтағы коэффициенттер арасындағы эмпирикалық немесе теориялық өзара байланыстарға негізделген. Мұндай көрсеткіштерге мынадай мысалдарды келтіруге болады:

1. Уилкокс формуласы ұйымның жойылу құнын шамамен бағалауға қолданылады:

Ұйымның жойылу құны = Ақша қаражаттары + Бағалы қаназдар + Дебиторлық берешек + Тауар қорлары × 0,7 ×

Болашақ кезең шығындары + 0,5 x (Ұзақ мерзімді активтер) – Сыртқы міндеттемелер

Д. Уилкокстың формуласы тауарлық қорлар мен дебиторлық берешекті толық өткізуді болжамдайды, ал ондай жағдай, тәртіп бойынша, тәжірибиеде мүмкін емес.

2. Альтманның z - шоты – тәжірибиеде жиі қолданылатын банкроттық мүмкіндігін эмпирикалық бағалау:

$Z = 1,2(\text{таза айналым капиталы} / \text{жалпы активтер}) + 1,4(\text{үлестірілмеген пайда} / \text{жалпы активтер}) + 3,3 \times (\text{операциялық пайда} / \text{жалпы активтер}) + 0,6 \times$

$(\text{барлық акциялар нарықтық құны} / \text{сыртқы міндеттемелер}) + 1,0 \times (\text{сатылымдар} (\text{ӨӨТТ}) / \text{жалпы активтер})$

Осы формуладан алынған мәнді төмендегі кесте мәліметтерімен салыстырады.

z - шот мәні	<1.8	1.87-2.7	2.8-2.9	>3
Банкроттық ықтималдылығы	Өте жоғары	Жоғары	Гөмен	Өте төмен

Өзіндік жұмыс үшін материалдар

Келесі негізгі түсініктерге анықтама беріңдер: Қаржылық коэффициенттер, ағымдағы және перспективадағы төлемқабілеттілік, өтімділік, баланс өтімділігі, табыстылық пен пайдалылық коэффициенттері, қорларды пайдаланудың тиімділік көрсеткіштері, іскерлік және нарықтық белсенділік көрсеткіштері.

Бақылау сұрақтары

1. Қаржылық коэффициенттер түсінігі.
2. Ағымдағы және болашақтағы төлем қабілеттілік.
3. Өтімділік коэффициенттері.
4. Табыстылықтың қатысты көрсеткіштері.
5. Қорларды пайдалану тиімділігі коэффициенттері.
6. Іскерлік белсенділік коэффициенттері.
7. Нарықтық белсенділік көрсеткіштері.
8. Банкроттықты болжау көрсеткіштері.
9. Интеграцияланған көрсеткіштер.

II БӨЛІМ

МОДУЛЬ II. БАСҚАРУШЫЛЫҚ ТАЛДАУ

Тақырып 1. Басқарушылық талдаудың негізі

Тақырып 2. Компанияның маркетингтік қызметін талдау

Тақырып 3. Өнімді өткізу және өндірісті талдау

Тақырып 4. Өндірістік ресурстарды қолдануды талдау

Тақырып 5. Өнімнің өзіндік құнын талдау

1-ТАҚЫРЫП.

БАСҚАРУШЫЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ НЕГІЗІ

1.1 Ұйымның шаруашылық қызметін басқарушылық талдау түсінігі

Басқарушылық талдау басқару есебінің мазмұнына кіреді. Ол күйелі есеп пен кәсіпорынның меншік иелері мен әкімшілігі мүдделерінде басқару шешімдерін өңдеуге бағытталған мәселелі есептен тұрады.

Басқарушылық талдаудың жүргізілуі мемлекетпен реттелмейді, оның ұйымдастырылуы мен әдістері кәсіпорын басшылығымен анықталады, оның көмегімен басқарушылық есептер нешіледі. Басқарушылық талдау өзіне өндірістік пен ішкі шаруашылық талдауды қосады:

1. Бизнес-жоспарларды негіздеу мен жүзеге асыруды талдау;
2. Маркетинг жүйесіндегі талдау;
3. Шаруашылық қызмет тиімділігін кешенді экономикалық талдау;
4. Өндірістің технико-ұйымдастырушылық деңгейін және басқа шарттарын талдау;
5. Өндірістік ресурстарды қолдануды талдау;
6. Өнім көлемін талдау;
7. Шығындар, өнім көлемі мен пайданың өзара байланыстылығын талдау.

Басқарушылық талдау ғылым ретінде арнайы білімдердің жүйесі болып табылып төмендегілермен байланысты:

➤ объективті экономикалық заңдардың және субъективті факторлардың әсерінен қалыптасқан өзара байланыстылығындағы экономикалық үдерістерді зерттеу;

➤ бизнес-жоспарларды ғылыми негіздеу, олардың орындалуын объективті бағалау;

➤ сандық жағынан өзгеретін жағымды және жағымсыз факторларды айқындау;

➤ қолданылмаған ішкі шаруашылық резервтерді анықтаумен бірге шаруашылық дамудың тенденциялары мен пропорцияларын ашу;

➤ оңтайлы басқару шешімдерін қабылдаумен алдыңғы қатарлы тәжірибесіні негізге алу.

Бизнес – жоспардың орындалуына белгілі-бір әсер еткен факторлардың негізгі себептерін ашу және түсіну, олардың әрекет етуін және өзара әрекеттесуін анықтау – бұл талданатын объектінің шаруашылық қызметінің ерекшеліктерін түсіну дегенді білдіреді.

Бірақ талдау процесі кезінде тек қызметке әсер еткен негізгі факторлар ашылып және сипатталып қана қоймай, сондай-ақ олардың әрекет етуінің дәрежесі өлшенеді.

Ол үшін экономикалық және математикалық есептеулердің тиісті тәсілдер мен амалдары қолданылады.

Талдау пәні болып шаруашылық субъектінің шаруашылық процестері, экономикалық ақпарат жүйесі арқылы алынатын объективті және субъективті факторлары әсерінен қалыптасатын қызметтің соңғы қаржылық нәтижелері және әлеуметтік-экономикалық тиімділік түсіндіріледі.

Бұл анықтамадан мынадай тұжырымдамалар шығады:

✓ басқарушылық талдау кәсіпорынның шаруашылық үдерістерімен байланысты. Кәсіпорын экономикасы динамика және статистикада зерттелінеді;

✓ соңғы нәтижелерге және шаруашылық процестерге сыртқы факторлар әсер етеді. Тұрақты түрде шаруашылық

қызметке әсерін тигізіп, олар экономикалық заңдардың әрекет етуін сипаттайды;

✓ соңғы нәтижелерге және шаруашылық процестерге субъективті (ішкі) факторлар әсер етеді. Бұл факторлар адамның жалпы нақты бір қызметімен байланысты және толығымен оған тәуелді. Шаруашылық тәжірибеде объективті жағдайлардың әсерін дұрыс болжауды субъективті тәртіптегі құбылыс деп жорамалдауға болады;

✓ шаруашылық процестер және олардың нәтижелері экономикалық ақпарат жүйесінде сипат алады. Экономикалық ақпарат жүйесі - әртүрлі деңгейде шаруашылық қызметті жан-жақты сипаттайтын мәліметтердің жиынтығы. Ақпараттық жүйе динамикалы түрде болады. Ол өзіне кіріс мәліметтердің жиынтығын, олардың аралық өңделудегі нәтижелерін, шығыс мәліметтерін және басқару жүйесіне келіп түсетін соңғы нәтижелерді қосады.

Ішкі басқарушылық талдаудың субъектілері - кәсіпорын басшылығы, тартылған аудиторлар мен кеңесшілер.

Басшылық тек есептілік мәліметтерін пайдаланып қана қоймай, сондай-ақ басқару мақсатымен жүргізілген басқарушылық талдау шегінде шаруашылық есептің барлық жүйесінің мәліметтері арқылы да талдауды тереңдете алады.

Басқарушылық талдау өзінің жүйесіне тек өндірістік емес, сонымен қатар қаржылық талдауды да қосады. Онсыз кәсіпорын басшылығы өзінің қаржылық стратегиясын жүзеге асыра алмайды. Ақпараттың сыртқы пайдаланушыларына қарағанда, қаржылық талдау сұрақтарында басшылық мүмкіндіктері көп. Кез келген бизнес-жоспарының техникo-экономикалық негіздемесінде өндірістік сияқты, қаржы басқарушылық талдаудың әдістері де қолданылады.

Басқарушылық талдаудың мақсаттары:

- талдау нәтижелерін кәсіпорынның басқарушылық аппаратына бағдарлау;
- сырттан талдау нәтижелерін жария етудің жоқтығы;
- кәсіпорын қызметінің барлық жақтарын зерттеуге түбегейлі қарау;

- коммерциялық құпияны сақтау мақсатымен талдау нәтижелерінің максималды жабықтығы.

Басқарушылық талдау міндеттері:

- қабылданатын шешімдердің ғылыми-техникалық және есептік-экономикалық негізделуін камтамасыз ету;

- ішкі өндірістік резервтерді және оларды рационалды пайдалану жолдарын айқындау;

- бизнес-жоспарлар мен нормативтердің (оларды өңдеу процесінде) ғылыми-экономикалық негізделуін арттыру;

- еңбек, материалдық және қаржылық ресурстарды пайдаланудың экономикалық тиімділігін анықтау;

- басқару шешімдерінің оңтайлығын негіздеу мен тексеру.

Дұрыс талдау жүргізудің алдын-ала шарты-шаруашылық қызметке және оның нәтижелеріне әсер еткен себептердің экономикалық тұрғыдан негізделген жіктемесі. Көрсеткіштер арасында өзара байланыстылық, өзара тәуелділік өндірістің және тауарлар айналымының объективті шарттарымен анықталады. Әрбір көрсеткіш екіншісіне байланысты, әрбір фактордың өзіндік мәні бар.

Объективті сыртқы факторлардың әсерінен қалыптасатын шаруашылық үдерістертер мен соңғы нәтижелер талдаудың пәні болып табылады. Бұл үдерісте баға факторымен – бағаның, тауардың, ставкалардың өзгеруімен кездесеміз. Нарық жағдайында баға белгілеу – бұл стихиялы үдеріс. Бағалар құн, нарық заңдарының талаптары есебінен орнатылады. Бағалар бұл тұрақсыз факторлар, нәтижесінде барлық шаруашылық үдеріске әсер етеді.

Бағалар мыналарға байланысты:

- жалпы, тауарлық, өткізілген және таза өнімнің көрсеткіштері өзгертілген болса;

- өзіндік құн мен таза табысқа;

- көтерме тауар айналымына;

- жеңілдіктер, шығындар, айналым және табысқа.

Өндірілген өнімнің бағасын анықтай отырып, ол қай нарықта өткізілетінін білу қажет. Баға белгілеу бойынша ұйымның стратегиясын жасау дискриминация әдісін қолданумен жүзеге асырылады:

✓ сатып алушылар топтары бойынша (бір тауар әртүрлі баға бойынша сатып алушылардың әртүрлі топтарына сатылған жағдайда);

✓ тауарлар мен қызметтердің нұсқалары бойынша (тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің әртүрлі нұсқалары әртүрлі баға бойынша сатылса);

✓ аймақ бойынша (өнім әртүрлі аймақта әртүрлі бағамен сатылған кезде, сол уақытта жеткізу бойынша кәсіпорынның шығындары бірыңғай);

✓ уақыт бойынша (баға белгілеу маусымдылыққа, айға, апта күнінен және де тәулік уақытына байланысты болғанда).

Шығарылатын өнімнің 1 тенгесіне таза табысты (пайданы) алу мақсатымен баға белгілесуді талдаған кезде келесі сұрақтарға жауап беру қажет:

• Төменгі бағаны қолданып табыстың үлкен сомасын алу үшін сатылатын тауарлардың санын қаншалықты өсіру қажет?

▪ Тауарларды жоғарғы бағамен сатқан кезде үлкен табыс алу үшін сатылатын тауарлардың қанша санын жұмсау керек.

• Жоғарыда аталған амал кәсіпорынға шығындық баға белгілеуді қолданған кезде қателік жібермеу үшін мүмкіндіктерді нәтеуге көмектеседі.

Бұл жағдайда мыналарды ескеру қажет:

✓ тауардың (жұмыстың, қызметтің) нарықтық бағасы деп бірыңғай тауарлар нарығында сұраныс пен ұсыныс өзара әрекеттескен кезде қалыптасқан баға танылады;

✓ тауарлар (жұмыстар, қызметтер) нарығы. Ол сатып алушының мүмкіндігінен алынып анықталады.

Сонымен қатар субъективті факторлар да әсер етеді – бұл басшылық етудегі, еңбекті ұйымдастырудағы, білімі жағынан адамның қызметі.

Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі, оның өндірістік, қаржылық және инвестициялық қызметінің әртүрлі аспектілері нарықтық экономика жағдайында белгілі бір себептерге байланысты экономикалық және әкімшілік қатынастардың көптеген субъектілерін қызықтырады. Бірақ-та бұл қызығушылықты тудыратын себептер, осыдан келе бұл субъектілердің басқару

талдауы алдына қойған талаптары мен міндеттері ерекшеленуі мүмкін. Талдау үдерісінің нақты мазмұны, оның уақыттық кезеңі, талдау кезінде қолданылмаған ақпараттың мазмұнына және ұсыну нысанына қойылатын талаптар, есептелінетін көрсеткіштердің жиыны – бұл талдау кім үшін және қандай мақсатпен жүзеге асырылатынымен анықталады.

1.2 Басқарушылық талдаудың ақпараттық базасы

Басқарушылық талдаудың ақпараттық базасы— кәсіпорын қызметі туралы барлық ақпарат жүйесі: өндірістің техникалық дайындығы, нормативті және жоспарлы ақпарат, шаруашылық есеп, соның ішінде оперативті, бухгалтерлік және статистикалық есеп, сыртқы және барлық ішкі шаруашылық есептілік жүйесі, өзге ақпарат түрлері, соның ішінде мамандарға сауал қою, мәжілістер ақпараты және т.б.

Басқару талдауының ақпараттық қамтамасыз етілуі жоспарлы, есептік және есептен тыс мәліметтерімен жүзеге асырылады.

Жоспарлы мәлімет көздеріне кәсіпорында өнделінетін жоспарлардың барлық типтері (перспективті, ағымдағы, оперативті, технологиялық карталар), сондай-ақ нормативтік материалдар, сметалар, жобалық тапсырмалар жатады.

Есептік сипаттағы ақпарат көздері – бұл бухгалтерлік, статистикалық және оперативті есеп құжаттарындағы барлық мәліметтер, сонымен қатар есептіліктің барлық түрлері және бастапқы есептік құжаттамасы.

Талдаудың ақпараттық қамтамасыз етілуінде алдыңғы рольді бухгалтерлік есеп және есептілік алады, онда шаруашылық құбылыстар, үдерістер, олардың нәтижелері толығымен сипатталады. Есептік құжаттардағы (бастапқы және жиынтық) және есептіліктегі мәліметтерді уақытылы және толық талдау жоспарлардың орындалуын жақсартуға, жұмыстың жақсы нәтижелеріне жетуге бағытталған қажетті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

Жаппай құбылыстар мен процестердің сандық сипаттамасы бар статистикалық есептің мәліметтері өзара байланыстылықты

терең түсіну және зерттеу, экономикалық заңдылықтарды айқындау үшін қолданылады.

Оперативті есеп және есептілік статистика мен бухгалтерлік есепке карағанда талдауды оперативті түрде қажетті мәліметтермен қамтамасыз етеді және соныменен аналитикалық зерттеулердің тиімділігін арттыруға жағдай туғызады.

Есептен тыс ақпарат көздеріне шаруашылық қызметті реттейтін құжаттар, сондай-ақ жоғарыда аталғандардың қатарына кірмейтін мәліметтер жатады. Оларға мына құжаттар жатқынылады:

1. Субъект өзінің қызметінде міндетті түрде пайдаланатын ресми құжаттар: мемлекет заңдары, президент жарлықтары, үкімет және жергілікті органдардың қаулылары, жоғарғы басқару органдарының бұйрықтары, ревизия және тексерулердің актілері, кәсіпорын басшысының бұйрықтары және үкімдері.

2. Шаруашылық-құқықтық құжаттар: келісім-шарттар, келісімдер, арбитраж және сот органдарының шешімдері, реклама-циялар.

3. Әртүрлі ақпарат көздерінен (интернет, радио, теледидар, газеттер) алынған алдыңғы қатарлы тәжірибені зерттеу материалдары.

4. Техникалық және технологиялық құжаттама.

5. Кәсіпорын ұжымымен немесе басқа кәсіпорындардың өкілдіктерімен кездесу барысында алынған ауызша ақпарат.

Кәсіпорын қызметін аналитикалық зерттеудің кез-келген нәтижелері құжаттар түрінде рәсімделуі тиіс. Ол түсіндірме хат, шықтама, қорытынды болуы мүмкін.

Түсіндірме хат көбінесе талдау нәтижелерін жоғары тұрған ұйымға жіберген кезде құрастырылады. Егер талдау нәтижелері иіккі шаруашылық пайдалану үшін арналған болса, онда олар шықтама түрінде рәсімделеді. Талдауды жоғарғы басқару органы күргізген кезде қорытынды жазылады.

Түсіндірме хатының мазмұны жетерліктей толық болуы тиіс. Шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы қорытындыдан және оларды жақсарту бойынша ұсыныстардан басқа түсіндірме хат жалпы сұрақтарды қамтуы тиіс – олар кәсіпорын дамуының экономикалық деңгейі, қызмет етудің жағдайлары, қызметтің

жекелеген бағыттары бойынша жоспардың орындалу нәтижелері. Түсіндірме хаттың аналитикалық бөлігінде аналитикалық есептеулер, кестелер, графиктер, диаграммалар және т.б. орын алады.

Кәсіпорынның шаруашылық қызметі өзара байланысқан элементтерден: ресурстар, өндірістік үдеріс, дайын өнімнен тұратын жүйе ретінде қарастырылады.

Кәсіпорын жұмысының мақсаты – рентабельділіктің жоғарғы деңгейіне жету. Басқарушылық талдаудың міндеті – рентабельділіктің жоғарғы деңгейін қамтамасыз ететін факторларды зерттеу. Олар:

✓ кәсіпорын экономикасының сапалық сипаттамаларын өңдеу – синтетикалық және аналитикалық көрсеткіштер жүйесі;

✓ жүйелі басқару талдауды жүргізу. жүйенің жалпы сызбасын жасау.

✓ сандық сипаттамаларды беретін факторларды және негізгі өзара байланыстылықты анықтау;

✓ өткен сатыларда алынған ақпараттың негізінде жүйе моделін жасау. Оған кәсіпорынның нақты мәліметтерін еңгізіп сан сипатындағы модельдің параметрін алады;

✓ шаруашылық қызметтің нәтижелерін объективті бағалау, өндіріс тиімділігін арттыру үшін резервтерді кешенді түрде айқындау.

Өзіңдік жұмыс үшін материалдар

Келесі негізгі түсініктерге анықтама беріңдер: басқарушылық талдау, басқарушылық талдау пәні, объектісі мен субъектісі, мазмұны, есептік сипаттағы ақпарат көздері, есептен тыс ақпарат көздері, түсіндірме хат.

Бақылау сұрақтары

1. Басқарушылық талдау түсінігі
2. Басқарушылық талдау мақсаты
3. Басқарушылық талдау пәні, объектісі мен субъектісі
4. Басқарушылық талдаудың міндеті
5. Басқарушылық талдаудың ақпараттық базасы

2-ТАҚЫРЫП. КОМПАНИЯНЫҢ МАРКЕТИНГТІК ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ

2.1 Маркетингтік қызметті талдаудың маңызы мен міндеттері

Нарықтық жағдайда маркетинг құралдарын қолдану – ұйымның тиімді қызмет етуінің қажетті шарттарының бірі. Маркетингті нарықтың басқа субъектілерінің қажеттілігін ауыстыру жолымен қанағаттандыруға бағытталған қызмет түрі деп анықтауға болады. Сондықтан кім үшін, қандай көлемде өндіруді және қандай баға бойынша сатуды шешпес бұрын, алдымен кәсіпорынға өнімге деген сұранысты, оны өткізу нарығын, бәсекелестерді, әлуетті сатып алушыларды, нарықтық баға деңгейін зерделеп алу керек. Осыған кәсіпорын жұмысының нәтижелері және қаржылық жағдайы тікелей байланысты. Айтылғандарға орай кез келген кәсіпорынның қызметі маркетингтік талдаудан басталуы керек.

Кәсіпорынның маркетингтік қызметін талдау міндеттеріне келесілер жатады:

- Қажетті ассортиментте және көлемде өнім өндіру мен сатудың жоспарын негіздеу мақсатында өнімге деген төлемқабілеттілік сұранысын, оны өткізу нарығын зерделеу;
- Кәсіпорынның баға саясатын талдау;
- Өнімнің деңгейін көтеру мақсатында кәсіпорын өнімінің бәсекеге қабілеттілігін бағалау;
- Өнімге деген сұраныс икемділігін қалыптастыратын факторларды талдау және сұранысы жоқ өнім тәуекелінің деңгейін бағалау;
- Сұранысты қалыптастыру стратегиясын, тактикасын, әдістерін өңдеу, өндіріс тиімділігін бағалау.

2.2 Өнімге деген сұранысты және тапсырыс қоржынын қалыптастыруды талдау

Сұраныс экономикалық категория ретінде тұтынушының белгілі бір нарықта белгілі бір уақыт аралығында белгілі бір бағамен алғысы келетін және оны сатып алуға шамасы келетін тауарлар көлемін сипаттайды. Тауарлар және қызмет түріне сұраныс деңгейі осы тауарлардың бағасына және олардың сапасына, тауарлардың орнын басушылардың бағасына, тұтынушылар табыстарының деңгейіне және олардың инфляциялық үдестерді күтуіне, салымдар бойынша пайыздық мөлшерлемелер көлеміне және т.б. байланысты.

Сұраныстың баға өзгерісіне сезімталдылық деңгейін бағалық икемділік коэффициенті (E_p) көмегімен есептейді:

$$E_p = \frac{1 - \text{тауары сұранысы көлемінің пайыздық өзгерісі}}{\text{тауарға бағанын пайыздық өзгерісі}}$$

Сұраныстың тұтынушылар табыстары деңгейіне тәуелділігі табыстар бойынша сұраныс икемділігі коэффициентімен (E_d) бағаланады.

$$E_d = \frac{1 - \text{тауары сұранысы көлемінің пайыздық өзгерісі}}{\text{тұтынушылар табыстарының пайыздық өзгерісі}}$$

Бұл коэффициенттердің мәндері 1-ден жоғары болса, онда сұраныс икемді және керісінше 1-ден төмен болса, онда сұраныс икемсіз. Егер икемділік коэффициенті 0-ге тең болса, онда сұраныс абсолютті икемсіз, яғни баға қалай өзгерсе де өнімге деген сұраныс өзгерісін туындата алмайды. Ал егер коэффициент 1-ге тең болса, онда пропорционалды тәуелділік (тура немесе кері) бар екенін, яғни сұраныстың өсу қарқыны бағаның төмендеу қарқынына тең дегенді білдіреді.

Кесте 15

Мысалы:

А өніміне сұраныс икемділігін анықтау

Баға теңге	Сұраныс көлемі	Өсімше қарқыны		Сұраныс икемділігі коэффициенті	Мөлшері, мың тг		
		баға	Сұраныс көлемі		Түсім	Шығын	Пайда
70	3000	-	-	-	210000	180000	30000
72	2850	2.85	-5	1.75	205200	175200	30000
75	2700	4.16	-5.26	1.05	202500	173400	29100
80	2400	6.67	-11.10	1.66	192000	162400	29600
85	2150	6.25	-10.40	1.66	182750	152400	30350
88	2050	3.53	-4.65	1.32	180400	150700	29700
90	1950	2.27	-4.87	2.14	175500	147300	28200
92	1870	2.22	-4.10	1.85	172040	144200	27840

Есептеуден сұраныс қарқынының төмендеуі баға өсімшесі қарқынынан озып тұрғанын байқауға болады. Сондықтан А өніміне сұраныс салыстырмалы икемді деп тұжырым жасауға болады, бірақ инфляция жағдайында сұраныс икемділігі төмендейді, өйткені бағаның өсуіне психологиялық қалыптасу болады. Кесте мәліметтерінен бұл ұйымның 85 теңге көлеміндегі баға нұсқасын таңдайтынын байқауға болады, бірақ мұнда сұраныс көлемі де және түсім де 70 теңгелік баға нұсқасына қарағанда төмен. Ұйымның негізгі мақсаты көп мөлшерде пайда алу болғандықтан, осы нұсқа тиімді, өйткені ол жоғары мөлшерде пайда алуға мүмкіндік береді.

2.3 Сұранысы жоқ өнім тәуекелін бағалау

Сұранысты зерделеу сұранысы жоқ өнім тәуекелін бағалаумен тығыз байланысты. Ол тұтынушылардың тауарды сатып алудан бас тартқан жағдайында пайда болады және ұйымға мүмкін болатын материалдық және моральдік зиян мөлшерімен анықталады. Әрбір ұйым өнімнің қандай да бір бөлігі сатылмай қалса, онда жоғалту мөлшерін білу керек. Сұранысы жоқ өнімнің салдары болмауы үшін оның болмау жолдарын іздеу немесе жоғалтуларды азайту мақсатында оның пайда болу факторларын зерделеу қажет. Оған әсер ететін ішкі және сыртқы факторлар болады.

Ішкі факторлар: өнімге деген сұраныстың қате құрастырылған болжамы; өткізу нарығындағы ұйымның қате жүргізілген баға саясаты; шикізаттың, құрал жабдықтың, артта қалған ескі технологияның төмен сапасы; персоналдың біліктілігінің нашарлығы; өткізу үдерісін және өнімді жарнамалауды тиімсіз ұйымдастыру нәтижесінде өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуі;

Сыртқы факторлар: тұтынушылардың төлемге қабілетсіздігі; салымдар бойынша пайыздық мөлшерлемелердің жоғарлауы; демографиялық, әлеуметтік – экономикалық, саяси және басқа себептер.

Сұранысы жоқ өнім тәуекелін еңсеруге келетін және еңсеруге келмейтін деп бөлуге болады. Оны осы екі топтың біреуіне енгізу критериясы болып нарыққа тауарларды жылжытуға бағытталған жаңалықтардың экономикалық дұрыс мақсаттылығы табылады. Егер дизайнға, сапаны жақсартуға, жарнамаға, өндірісті ұйымдастыруды қайта құруға және өткізуге кеткен қосымша шығындар оларды жабатын түсім сомасынан асып түссе, онда олар экономикалық дұрыс бағытталмаған, яғни еңсеруге келмейтін тәуекел болып табылады және керісінше.

Сұранысы жоқ өнім тәуекелі өндіріс алдында, өндірісте және өндірістен кейінгі сатыларда байқалуы мүмкін. Егер тәуекел өндіріс алдындағы сатыда байқалса, онда экономикалық зиян ат болады – бұл тек нарықты зерттеу, бұйымды өңдеу және т.б. шығындар. Егер сұранысы жоқ өнім тәуекелі өндірістік немесе өндірістен кейінгі сатыда байқалса, онда ол ұйымның қаржылық жағдайын ойсыратып тастауы мүмкін: зиян сомасына жоғары аталған шығындардан басқа өнімді дайындау, игеру, өндіру және кейбір бөліктерін сату шығындары кіреді.

Сұранысы жоқ өнім тәуекелін байқау сатыларына орай басқару шешімдері әртүрлі болады: өндіріс алдындағы сатыда өнімнің сол түрін өндіруді басқа өніммен ауыстыру арқылы қолға алмау; өндіріс сатысында әлі де болса дизайн, конструкция, бұйымның бағасына елеулі өзгерістер енгізуге болады және осылардың есебінен өнімді нарыққа жылжыту; өндірістен кейінгі сатыда банкроттықты болдырмау жағын ойлану керек, өйткені сұранысы жоқ өнім – бұл ұйым үшін тікелей зиян болып табылады.

Әрбір тауар егер оны жеткізу үшін тапсырыстар немесе келісім шарттармен бекітілген төлемге қабілетті сұраныс болған жағдайда ғана өндірілуі керек.

Сұранысы жоқ өнім тәуекелін бағалау үшін өнім өндірудің келісім шарттармен немесе тапсырыстармен қамтамасыз етілуін, дайын өнімнің әрбір түрі бойынша қалдықтары динамикасын, олардың жалпы сатылым көлеміндегі үлес салмағын, сатылу жылдамдығын және т.б. талдау жасау қажет.

Кесте 16 – Өнім өндіру жоспарының келісім-шартпен қамтамасыз етілуін талдау

Өнім түрі	Келісім-шарт бойынша жеткізілген тауар көлемі	Жыл басындағы дайын өнім қалдығы, мың тг	1 жылға өнім өндіру жоспары, мың тг	Келісім-шартпен өнімнің шығарылуының қамтамасыз етілуі, %
А	4800	150	5760	81,2
Б	5300	110	5600	92,8
С	3200	60	2743	114,0
Д	2600	40	1920	132,6

Кестеден С және Д өнімдерін шығару жоспары толығымен келісім-шартпен қамтамасыз етілгенін көруге болады А және Б өнімдерін шығару 81,2% және 92,8% қамтамасыз етілген. Ұйымға өзінің өндіріс құрылымын А және Б өнімдерінің үлес салмағын қысқарта отырып, С және Д өнімдерінің үлесін кебейту арқылы қиындауға тура келді. Жалпы ұйымның нарық конъюнктурасына белсене араласатынын байқауға болады.

Сұранысы жоқ өнімдер тәуекелін бағалау үшін дайын өнім қалдықтары динамикасын талдау қажет.

Кесте 17 – Дайын өнім қалдықтары динамикасы

Өнім түрі	Жыл басындағы қалдық	Нақты шығарылған өнім	Сатылған өнім көлемі	Жыл соңындағы дайын өнім қалдығы	Өсімше	
					мың тг	%
А	150	5040	4850	340	190	126
Б	110	5344	5300	354	244	222
С	60	3168	3050	178	118	197
Д	40	2688	2560	168	128	320

Кестеден есеп беру жылында А және Б бұйымдары бойынша сатылмаған өнім қалдықтарының біраз көбейгенін байқауға болады. Ал бұл болса сұраныстың төмендегенін білдіреді. Сондықтан ұйымға сұранысы жоқ өніммен зиян шекпес үшін шаралар қабылдау керек. Мысалы: бағаны төмендету, тартымды қорап, жарнамаға қосымша шығындар және т.б. Керісінше жағдайда егер бұл өнімдер тұтынушылардың сұранысына ие болмаса, онда ұйым оларды өндіру және сақтау шығындары мөлшерінде зиян шегеді.

2.4 Өнімді өткізу нарығын талдау

Өткізу нарығына сату көлемі, бағаның орташа деңгейі, өнімді өткізуден түскен түсім, алынған пайда сомасы және т.б. байланысты. Бірінші кезекте соңғы 3-5 жыл аралығында өткізу нарығындағы өнімнің әрбір түрі бойынша динамикасын зерделеу керек.

Кесте 18 – Өнімді өткізу нарығы динамикасын талдау

Корсеткіштер	Ішкі нарық			Экспорт		
А бұйымы						
Сатылған өнім көлемі, мың тг	5000	5000	4500	1000	500	350
Өнімнің бір бірлік бағасы, мың тг	4,6	4,8	5,0	8,0	8,0	7,77
Өнімнің бір бірлігінің өзіндік құны, мың тг	4,0	4,2	4,4	5,2	5,4	5,78
Пайда, мың тг	3000	3000	2700	2800	1300	695
Рентабельділік, %	13	12,5	12	35	32,5	25,6
Б бұйымы						
Сатылған өнім көлемі, мың тг	5200	5250	5300	-	-	-
Бір бірлік бағасы, мың тг	5,5	5,8	6,1	-	-	-
Бір бірлігінің өзіндік құны, мың тг	4,7	4,9	5,12			
Пайда, мың тг	4160	4725	5194			
Рентабельділік, %	14,5	15,5	16			
С бұйымы						
Сатылған өнім көлемі, мың тг	2000	2050	2300	-	500	750
Бір бірлік бағасы, мың тг	6,5	6,7	7,0	-	8,0	8,4
Бір бірлігінің өзіндік құны, мың тг	5,0	5,2	5,4	-	6,0	6,0
Пайда, мың тг	3000	3075	3680	-	1000	1800
Рентабельділік, %	23	22,4	23	-	25	28

Кестеден соңғы 2 жылда А өніміне сұраныстың, әсіресе сыртқы нарықта төмендегенін байқауға болады. Бәсекеге қабілеттілікті жоғарлату үшін қосымша шығындар пайда әкелмеді. Сатылған өнім көлемі және рентабельділік төмендеп кеткен. Б бұйымы бойынша сатылған өнім көлемі тұрақты және тұрақты пайыз алынды. Ал С бұйымы бойынша сатылған өнім көлемі мен пайызы жоғарлаған.

Талдау нәтижелері негізінде тауарларды төрт категорияға бөледі: «Жұлдыздар» - ұйымға негізгі пайданы әкеледі және экономикалық өсуге жағдай жасайды. «Сауынды сиырлар» - бұл тауарлар кемелдену кезеңін өткізуде, аз ғана мөлшерде экономикалық өсуге әкеледі, инвестицияны қажет етпейді. «Қиын балаларды» қаржыландыру үшін пайдаланатын пайданы әкеледі. «Қиын балалар» - жаңа тауарлар, жарнаманы және нарыққа шығуды қажет етеді, әзірше пайда әкелмейді, бірақ болашақта «Жұлдыздарға» айналуы мүмкін.

«Өлі жүк» немесе «жолы болмағандар» - өмір сүруге қабілетсіз, экономикалық өсуге және пайда әкелмейтін тауарлар.

Ұйымның өнімдерін бұлай топтастыру жақын уақыт аралығында «Жұлдыздарға» айналуы мүмкін «Қиын балаларды» қаржыландыруға, ұйымның ұзақ өмір сүруін қамтамасыз ететін «Жұлдыздардың» жеткілікті көлемін ұстап тұруға, «Қиын балаларды» қаржыландыруға мүмкіндік туғызатын «Сауынды сиырларды» сақтап қалуға бағытталған дұрыс стратегияны таңдауға мүмкіндік береді.

Талданып отырған ұйымда «жұлдыздар» болып көбірек табыла алатын әкелген және жоғары табыстылық деңгейін көрсетіп тұрған С бұйымы табылады. А және Б бұйымдары «сауынды сиырларға» жатады, өйткені олардың рентабельділігі төмен, бірақ олар жеткілікті мөлшерде пайда әкеледі және оларды өндіру ұйым үшін өнімді болып табылады.

Тауарларды категорияға бөлгенде нарықтың жеке сегменттерінде әрбір тауардың өмір сүру циклінің қандай сатысында тұрғанын есепке алу керек:

а) нөлдік саты - жаңа тауар идеясын зерделеу және енгізу;

б) бірінші саты (тауарды нарыққа шығару және енгізу) - нарықта тауардың жолы бола ма, соны анықтау; бұл сатыда пайда төмен болады. өйткені біршама қаражаттар жарнамаға шығындалады;

в) екінші саты (өсу және сатудың дамуы) - тауар пайда әкеле бастайды, барлық шығындарды тез арада жабады және пайданың көзі бола бастайды, бірақ оны нарыққа одан әрі жылжыту үшін жарнамалық қолдау мақсатында тағы да көбірек шығынды қажет етеді;

г) үшінші саты (кемселдену) - тауардың тұрақты нарығы бар. сұранысқа ие және күнделікті табыс әкеледі, яғни нағыз пайдалы кезеңде тұр, өйткені нарыққа шығу шығындары емес, тек жарнамалық қолдауды «атағын» шығару үшін қажет етеді;

д) төртінші саты (қапықтыру және құлдырау) - алдын ала білген және білмеген себептер бойынша сату көлемі алғашында білінбей, содан кейін бірден қысқарады. Бұйымға сұраныстың құлдырауын уақытында оны жетілдіру немесе басқа бұйыммен ауыстыру жолымен ұстап қалу қабілеті белгілі бір шеберлікті қажет етеді.

Талдау нәтижелері басшылыққа нарықтық конъюнктура стратегиясы мен талаптарына сәйкес тауарлардың ассортиментін жасауға көмектесуі керек.

Өнімді өткізу нарығына талдауды жүзеге асыра отырып, бәсекелестер қызметі көрсеткіштерін, олардың қолданатын өндіріс технологиясын, өнім сапасын, даму стратегиясын және баға саясатын зерделеу қажет. Бұл ұйымға өзінің қызметін оңтайлы және тиімді болжауға, сонымен бірге нарықта жеке табыс табу көзінің тиімді бағытын таңдауға мүмкіндік береді.

2.5 Баға саясатын және өнімнің бәсекеге қабілеттілігін талдау

Баға - маңызды экономикалық категория, ұйымның қаншалықты өзінің баға саясатын дұрыс жүргізгеніне оның нарықтағы жағдайы, алынған пайда көлемі, бәсекеге қабілеттілігі байланысты болады.

Баға саясаты ұйымдардың қысқа мерзімдегі және ұзақ мерзімдегі мақсаттарға қол жеткізудегі жетістіктерді қамтамасыз ету үшін кәсіпорынның баға белгілеуі.

Ұйым алында өзінің баға саясатын қалыптастыру кезінде келесі сұрақтар тұрады:

- өндіріске кететін және өнімді өткізу шығындары қаншақты негізделген;
- өнім бойынша нарықтағы баға деңгейін анықтайтын факторлар;
- бәсекелес кәсіпорындардың баға саясаты;
- өнімге деген сұраныс икемділігі;
- баға қалыптастыру облысындағы мемлекеттік саясат.

Баға деңгейіне салыстырмалы талдау жасау үшін келесі мәліметтермен берілген кестені қолдануға болады:

Кесте 19 – Баға деңгейін талдау

Өнім түрі	Баға деңгейі бір бірлік						
	Ішкі нарықта			Импорттық өнім	Сыртқы нарықта		
	Талданып отырған кәсіпорын	Бәсекелес кәсіпорын			Талданып отырған кәсіпорын	Нарықтағы орташа баға	
	№1	№2	Сала бойынша орташа баға				
А	6200	6300	6400	6300	-	6500	7100
Б	6900	6800	6600	6700	6800	6900	7300
В	10900	11170	11110	11060	11100	12800	14500
Г	5700	5900	5600	5700	-	5800	6200

Жалпы кәсіпорынның баға саясаты сәйкесінше өнім түрінің өмір сүру циклі сатысын есепке ала отырып, жүргізілуі керек. Нарыққа жаңа өнімнің бағасын белгілей отырып, жылжытуда кесте «қаймағын алу» саясатын қолданады. Ол алғашқы жоғары бағаны біргіндеп нарықтың ұлғаю (зрелость) сатысына өтуіне бағанысты төмендеуін қарастырады.

Кейбір жағдайында «қаймағын алу» саясатымен бірге «өніп келе жатқан бағаны қалыптастыру» баға белгілеу стратегиясын қолданады. Ол алғашқы төмен бағаны нарықты тез арада жаулап алу мақсатында белгілесуді болжамдайды. Өсу сатысында баға

қалыптастыру саясаты ұзақ мерзімдегі перспективаға бағытталуы керек. Кемелдену сатысында баға саясаты қысқа мерзімді пайда алуға бағытталады. Ал құлдырау сатысында жаңа тауар пайда болғанша жеңілдіктерді қолдану керек.

Бәскеге қабілеттілік деп өнімнің тауар-бәсекелестен нақты қоғамдық қажеттілігіне сәйкес деңгейі бойынша, сонымен бірге оны қанағаттандыруға кететін шығындар бойынша ерекшелендіретін сипаттамасын түсінеді.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін бағалау тұтынушының қажеттілігін және нарықтың талаптарын зерттеуге негізделген Тауар тұтынушының қажеттілігін қанағаттандыру үшін ол белгілі бір параметрлерге сәйкес келуі керек:

- техникалық (тауар қасиеті, оны қолдану саласы);
- эстетикалық (тауардың сыртқы түрі);
- эргономикалық (тауардың адам организміне сәйкес келуі);
- нормативтік (тауардың әрекеттегі нормаларға және стандарттарға сәйкес келуі);
- экономикалық (тауар бағасының деңгейі, оған сервистік қызмет жасау, қажеттілігін қамтамасыз ететін тұтынушының қаражаттары).

Төменде өнімнің бәсекеге қабілеттігін талдау әдістемесі көрсетілген (сурет):

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін бағалау үшін осы жоғарыда көрсетілген әдістеме бойынша талданатын бұйыммен бәсекелес-тауардың параметрлерін салыстыру қажет. Осы мақсатта өнімнің бәсекеге қабілеттілігінің жалғыз, топтық және интегралдық көрсеткіштерін есептейді.

Жалғыз көрсеткіштер (q) қандай да бір техникалық немесе экономикалық параметр деңгейінің (P) бәсекелес – өнім параметрі мөлшеріне 100% деп қабылданатын пайыздық қатынасын көрсетеді:

$$q = \frac{P}{P_{100}} \times 100$$

Топтық көрсеткіш (Q) жалғыз көрсеткіштер (q) параметрлерінің біркелкі топтары бойынша (техникалық, экономикалық,

эстетикалық) салмақтық коэффициенттер көмегімен сараптамалық жолмен анықталады:

$$G = \sum a_i \times q_i$$



3-сурет. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін талдаудың блок-сызбасы

Интегралдық көрсеткіш (J) техникалық параметрлері бойынша (Q_T) топтық көрсеткіштердің экономикалық параметрлері ($Q_э$) бойынша топтық көрсеткіштерге қатынасымен есептеледі.

$$I = G_1/G_2$$

Егер $I < 1$, онда талданып отырған бұйым үлгіге жол береді, ал егер

$I > 1$, онда бұйым - үлгіден немесе бәсекелес бұйымынан өзінің параметрлері бойынша алдыға шығады.

Кесте 20 – Тоңазытқыштың бәсекеге қабілеттілігінің жалғыз және топтық көрсеткіштерін есептеу

Көрсеткіш	Бағаланатын пұсқа	Үлгі	φ	α	Q
Техникалық параметрлер					
Жалпы көлемі, дм ³	315	325	0,97	0,15	0,1455
Тоңазытқыш камерасының пайдалы көлемі, дм ³	190	202	0,94	0,25	0,235
Мұздатқыш камерасының пайдалы көлемі, дм ³	70	70	1,0	0,20	0,20
Мұздату қабілеті, кг/тәулік	4,3	4,5	0,95	0,22	0,20
Орташа қызмет ету уақыты, жыл	16	15	1,06	0,10	0,106
Мұздатқыш камерадағы температура	-15	-18	0,83	0,08	0,0664
Жиыны	-	-	-	-	0,96
Экономикалық параметрлер					
Бағасы, ш.б.	350	400	0,875	0,6	0,525
Тәулігіне элект энергия шығыны, кВт-сағат	1,40	1,45	0,965	0,4	0,386
Жиыны	-	-	-	-	0,911

Кестеден бағаланып отырған тоңазытқыш техникалық параметрлері бойынша үлгі-тоңазытқышқа жол береді, бірақ одан экономикалық параметрлері бойынша алға шығады, сол себепті талданып отырған тоңазытқыш бәсекеге қабілетті.

$$I = 0,962/0,911 = 1,056$$

Тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін рейтингтік бағалаудан басқа белгілі бір нарықта бұйымның нақты жағдайын білу үшін осы компания бақылап отырған нарықтағы үлесін анықтауға болады. Бұл үлес жоғары болған сайын, осы нарықтағы тауарлардың бәсекеге қабілеттілігі нақты жоғары болады.

Осы мақсатта нарықта фирманың алған үлесінің бәсекелес үлесіне қатынасы ретіндегі көрсеткішті есептейді. Егер бұл қатынас 1-ден жоғары болса, онда компанияның үлесі жоғары, ал 1-ден кіші болса, онда төмен болып саналады.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін жоғарлатудың маңызды бағыты – тауар қозғалысы үдерісін, сауданы ұйымдастыруды, сервистік қызметті, өнімді жарнамалауды жетілдіру.

Сауданы ұйымдастыруды талдауда кәсіпорынның фирмалық дүкендерінің бар-жоқтығын, сауда әдістерін, сатудың жалпы көлемінде қандай үлес салмақты алатынын, олардың ішінде қайсысы табысты екенін және т.б. анықтайды.

Сервистік қызмет және жарнама тұтынушы үшін бәсекелестік күресте күшті факторлар болып табылады. Олар қосымша шығындарды қажет етеді, бірақ сату көлемін және пайданы ұлғайтады.

Сондықтан талдау үдерісінде кәсіпорынның қандай сервистік қызмет түрлерін көрсететінін және ол өнімге деген сұранысты қалай көбейтетінін, жарнамаға қанша шығын жұмсалатынын, оның тиімділігінің қандай екенін, кәсіпорынның фирмалық белгісінің бәсекелестер арасында белгілі екенін анықтау қажет. Ал бұлар болса өнімнің бәсекеге қабілеттілігін жоғарлатудың мықты құралы болып табылады.

Өзіндік жұмыс үшін материалдар

Келесі негізгі түсініктерге анықтама беріңдер: маркетингтік қызмет, баға саясаты, сұраныс және ұсыныс, өнім тәуекелі, бәсекеге қабілеттілік, сұранысы төмен тауарлар, «сауынды снырлар», «жұлдыздар», «өлі жүк», «жолы болмағандар», «қиын балалар», маркетингтік талдау, сұраныс икемділігі, тұтынушылар табысы бойынша сұраныс икемділігі коэффициенті, тапсырыстар портфелі, «қаймағын алу» саясаты, жалғыз, топтық және интегралдық көрсеткіштер.

Бақылау сұрақтары

1. Маркетингтік қызметті талдаудың мәні мен міндеті.
2. Өнімге сұранысты және тапсырыстар портфелінің қалыптасуын талдау әдістемесі.
3. Сұранысы төмен өнім тәуекелділігін бағалау.
4. Тауардың өмір сүру сатылары.
5. Тауар категориялары.
6. «Қаймағын алу» саясаты түсінігі.
7. Өнімді жабдықтау нарығын талдау әдістемесі.
8. Бәсекеге қабілеттіліктің интегралдық көрсеткіштері.

3-ТАҚЫРЫП. ӨНІМДІ ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІ ТАЛДАУ

3.1 Өнім өндіру мен өткізуді талдау міндеттері мен ақпараттық қамтамасыз етілуі

Өндіріс көлемі мен өнімді өткізу қасиеті тығыз байланысты көрсеткіштер болып табылады. Шектеуші өндірістік мүмкіндіктер мен шектеусіз сұраныс жағдайында өндіріс өнімінің көлеміне мән беріледі. Ол сату көлемін анықтайды.


Нарықтың, бәсекелестіктің күшеюі әсерінен сату көлемін өндіріс анықтамайды, керісінше мүмкін болатын сату көлемі өндіріс бағдарламасының негізі болып табылады. Ұйым өзі өткізе алатын көлемде тауар өндіреді.

Өндіріс көлемінің өсу қарқыны және өнімді өткізу, оның сапасын арттыру ұйымның рентабельділігі, шығынның, пайданың көлеміне әсер етеді. Сондықтан бұл көрсеткіштерді талдауда үлкен мән беріледі.

Өнім өндіру мен өткізуді талдаудың негізгі қызметтері:

- өнім өндіру және өткізу жоспарының орындалу дәрежесін және динамикасын бағалау;
- осы көрсеткіштер шамасының өзгеруіне әсер ететін факторларды анықтау;

- өнімді шығару мен өткізуді арттырудың ішкі шаруашылық резервтерін айқындау;
- айкындалған резервтерді игеру бойынша шаралар өңдеу.



Өнім өндіру мен өткізуді талдау үшін ақпарат көздері ретінде статистикалық және бухгалтерлік есептілік нысандары, сондай-ақ жекелеген цехтардың (бөлімшелердің) өнім өндірісі, қоймаға келіп түсуі және дайын өнімнің өткізілуі және т.б. туралы бухгалтерлік есеп мәліметтері алынады.

Жекелеген цехтар, учаскелердің өнімдерін өндіру және өткізу жоспарының орындалуын талдау кезінде қажетті ақпаратты ұйымның бизнес-жоспарынан, өндірістік учаскелер жоспарларынан, цех жұмысы туралы есеп берулерден, бухгалтерлік есеп мәліметтерінен алуға болады.

3.2 Өнім өндіру мен өткізу жоспарының орындалуын және динамикасын талдау

Өнеркәсіптік өнімді өндіру мен өткізу көлемі натуралды, шарты – натуралды. еңбек және құн өлшемдерімен берілуі мүмкін. Өнім өндіру көлемінің қорытындылаушы көрсеткіштерін

құндық бағалау арқылы алады. Өндіріс көлемінің негізгі көрсеткіштеріне тауарлық және жалпы өнім жатады.

Жалпы өнім – бұл аяқталмаған өндірісті қосқандағы барлық өндірілген өнім және орындалған жұмыс құны. Ол қатыстырмалы және ағымдағы бағамен өлшенеді.

Тауарлық өнім – ол жалпы өніммен салыстырғанда өзіне аяқталмаған өндіріс қалдықтарын және ішкі шаруашылық айналымды қоспайды. Өзінің құрамы бойынша көптеген ұйымдарда ішкі шаруашылық айналым мен аяқталмаған өндіріс болмағандықтан жалпы өнім тауарлық өнімге сәйкес келеді.

Өнімді өткізу көлемі сатып алушыларға өнімнің жеткізілуіне немесе төленуі бойынша анықталады. Ол салыстырмалы, жоспарлы және ағымдағы бағамен берілуі мүмкін. Нарықтық экономика жағдайында бұл көрсеткіш маңызды орынға ие. Өнімнің өткізілуі өндіру мен тұтыну арасындағы байланыстырушы буын болып табылады. Өнімнің сатылуына, нарықтағы сұранысқа қарай оны өндіру көлемі де байланысты.

Өндірістік бағдарламаны орындауды бағалауда натуралды көрсеткіштер (дана, метр, тонна және т.б.) маңызды мәнге ие. Оларды бір тектес өнім түрлері мен жекелеген топтар бойынша өнім өндіру мен өткізу көлемін талдау кезінде пайдаланады.

Шартты табиғи көрсеткіштер құндық сияқты өнім өндіру көлемін жалпы сипаттау үшін қолданылады, мысалы консерв зауытында мың шартты банкалар, жөндеу ұйымдарында – шартты жөндеу сапы, аяқ-киім өнеркәсібінде – аяқ-киімнің шартты жұптары сияқты көрсеткіштер.

Нормативті еңбек шығындары натуралды немесе шартты-натуралды өлшемдерді қолдану мүмкін болмағанда кон-номенлатуралы өндіріс жағдайында ғала өнім шығару көлемін жалпы бағалау үшін де қолданылады.

Өткізілетін өнім, базистік есептеу және тізбек қарқынның өсуі және өсімі, шығару динамикасын зерттеуде талдаудан басталады.

Кесте 21 – Өндіріс динамикасы және өткізілетін өнім

Жыл	Өнім өндіру көлемі, мың тт.	Осу қарқыны, %		Сату көлемі, мың тт.	Осу қарқыны %	
		Базистік	Тізбекті		Базистік	Тізбекті
xxx1	90 000	100	100	89 500	100	100
xxx2	92 400	102,7	102,7	92 600	103,4	103,4
xxx3	95 800	106,4	103,7	94 300	105,4	101,8
xxx4	94 100	104,5	98,2	93 500	104,4	99,1
xxx5	100 800	112,0	107,1	96 600	107,9	103,3

Кестеле көрсетілгендей, бес жыл ішінде өндіріс көлемі 12%-ға, ал сату көлемі 7.9%-ға өскен. Егерде алдыңғы жылдарға өндіру мен сатудың өсу қарқыны сәйкес келетін болса, онда соңғы жылы өндірістің өсу қарқыны айтарлықтай өнім сатудың өсу қарқынынан жоғары болады. Бұл ұйым қоймасында өткізілмеген өнім қалдықтарының жиналғаны және сатып алушылармен төленбегені туралы айтады.

Өнімді өткізу мен шығарудың орташа жылдық өсу қарқынын орташа геометриялық және орташа арифметикалық өлшеммен есептеуге болады.

Орташа геометриялық бойынша келесідей есептейік:

$$i_{\text{г}} = \sqrt[n]{1 \cdot 1,027 \cdot 1,037 \cdot 1,0982 \cdot 1,071} = \sqrt[5]{1,1201} = 1,0287 = 102,87\%;$$

$$\bar{T}_{\text{г}} = 102,87 - 100 = 2,87\%;$$

$$= \sqrt[5]{1,0776} = 101,88; \text{ c}_{\text{кшд}} = 101,88 - 100 = 1,88\%;$$

Келтірілген мысалда өнімді шығарудың орташа жылдық өсімше қарқыны 2,87 % құраса, ал сату көлемі – 1,88%.

Есепті кезеңге өнім өндіру мен өткізу жоспарының орындалуын бағалау төменде келтірілген кестедегі мәліметтер бойынша жүргізіледі.

Кесте 22 – Өнімді шығару мен өткізу бойынша жоспардың орындалуын талдау

Өнім	Өнім өндіру көлемі, млн тт.				Өнімнің сатылуы, млн тт.			
	жоспар	нақты	ауытқу (+: -)	жоспарға %	жоспар	нақты	ауытқу (+: -)	жоспарға %
А	38 800	35 200	-3600	-9,3	38 500	34 250	-4250	-11,0
Ә	43 600	43 264	-336	-0,8	43 600	41 800	-1800	-4,1
Б	29 200	32 176	+2976	+10,2	28 900	31 350	+2450	+8,5
В	24 400	30 160	+5760	+23,6	24 250	29 200	+4950	+20,4
Барлығы	136 000	140 800	+4800	+23,7	135 250	136600	+1350	+13,8

Кестеден көрінгендей, есепті жылда дайын өнімді шығару жоспары 23,7%-ға артық орындалса, ал сату бойынша тек 13,8%-ға артық орындалған. Бұл өткізілмеген өнім қалдықтарының өскені туралы білдіреді.

Өнімді өткізуді талдау өнімді орналастыру туралы шартты міндеттемелердің орындалуын талдаумен тығыз байланысты. Шарт бойынша жоспардың дұрыс орындалуынан кәсіпорынның түсімдері мен табыстарының азаюына, санкция айыпұлынын төлеуіне әкеліп соқтырады. Сонымен қатар, бәсекелестік жағдайында кәсіпорын нарықта өнім өтімінен айырылуы мүмкін, ол өндірістің құлдырауына әкеледі.

Ұйым үшін маңызды мәнге мемлекеттік қажеттіліктерге тауарларды жабдықтау келісім-шарттарының орындалуы алады. Бұл ұйымға өнімнің сағылуын, уақытылы төленуін, несие алуға жеңілдіктер берілуге мүмкіндік береді.

Кесте 23 – Келісімдік міндеттемелердің орындалуын талдау

Ай	Өнім жабдықтау жоспары		Өнімнің толық жабдыкталмауы		Орындалуы, %	
	айға	жыл басынан	айға	жыл басынан	айға	жыл басынан
Қаңтар	7 500	7 500	-300	-300	96,0	96,0
Ақпан	7 800	15 300	-100	-400	98,7	97,4
Наурыз	8 000	23 300	-800	-1200	90,0	94,8
.....						
Желтоқсан	9 500	95 850	-	-4800	100,0	95,0

Талдау процесінде жабдықтау жоспарының ай сайынғы орындалуы анықталады, жоспардың орындалмау себептері анықталып және келісімдік міндеттемелерді орындау бойынша ұғым қызметіне баға беріледі.

Өнімнің толықтай жабдықталмауы берілген ұйымның тек қызмет нәтижесіне ғана емес, сондай-ақ сауда ұйымдарының, кәсіп және т.б. ұйымдардың жұмысына кері әсерін тигізеді. Өткізуді талдау кезінде тапсырыс және экспорт бойынша міндеттемелердің орындалуына ерекше назар аударған жөн.

3.3 Өнім ассортименті және құрылымын талдау

Шаруашылық қызметтің нәтижелеріне өнім өндіру мен өткізудің ассортименті (номенклатурасы) және құрылымы үлкен әсерін тигізеді.

Өнімді шығару ассортименті мен құрылымын қалыптастырған кезде ұйым бір жағынан, берілген өнім түрлеріне сұрашысты, ал басқа жағынан – ұйым қарамағындағы еңбек, шикізаттық, техникалық, технологиялық, қаржылық және басқа да ресурстарды ең тиімді пайдалануын ескерген жөн. Ассортиментті қалыптастыру жүйесі өзіне келесі негізгі сәттерді қосады:

➤ сатып алушылардың ағымдағы және перспективті қажеттіліктерін анықтау;

➤ шығарылатын немесе шығаруға жоспарланған өнімнің бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау;

➤ бұйымның өмірлік үрдісін зерттеу және жаңа, жетілген өнім түрлерін өндіру бойынша уақытылы шараларды қабылдау және өндірістік бағдарламадан табиғи ескірген және экономикалық жағынан тиімсіз бұйымдарды алып тастау;

➤ экономикалық тиімділікті және өнім ассортиментіндегі өмірлік тәуекелі дәрежесін бағалау.

Өнім ассортименті бойынша жоспардың орындалуын бағалау арнайы коэффициенттің көмегімен жүргізіледі, ол ассортимент бойынша жоспардың орындалуына есептелген жалпы нақты өнімнің шығарылымын жалпы жоспарлы өнім шығарылымына (жоспардан артық дайындалған немесе жоспармен қарас-

тырылмаған өнім ассортимент бойынша жоспардың орындалуына жазылады) бөлу жолымен есептеледі.

Кесте 24 – Өнім ассортименті бойынша жоспардың орындалуы

Өнім	Жоспарлы бағамен өнім өндірісі көлемі, млн тг.		Жоспардың орындалу пайызы	Ассортимент бойынша жоспардың орындалуына есептелген өнім көлемі млн тг.
	жоспар	нақты		
А	38 800	35 200	90,7	35 200
Ә	43 600	43 264	99,2	43 264
Б	29 200	32 176	110,2	29 200
В	24 400	30 160	123,6	24 400
Барлығы	136 000	140 800	103,5	132 064

Кестеден келе, өнім ассортименті бойынша жоспар 97,1%-ға (132 064 / 136 00 x 100) орындалды.

Ассортимент бойынша жоспардың орындалмауының жоспары сыртқы сияқты, ішкі де болуы мүмкін. Сыртқы себептерге нарық конъюктурасы, жекелеген өнім түрлеріне сұраныстың өзгеруі, материалды-техникалық қамсыздандыру жағдайы, белгісіз себептермен ұйымның өндірістік қуаттылығын уақытылы емес қосу жатады. Ішкі себептерге – өндірісті ұйымдастыруда жетіспеушіліктер, жабдықтың нашар техникалық жағдайы, оның тұрып қалуы, авариялар, электроэнергияның жетіспеушілігі, өндірістің төменгі мәдениеті, басқару жүйесіндегі және материалдық ынталандырудағы кемшіліктер жатады.

Өнімнің бір түрі бойынша өндіріс (өткізу) көлемінің артуы және жекеленген түрлері бойынша қысқаруы оның құрылымындағы өзгерістерге әкеледі, яғни жекелеген өнімдердің оның жалпы шығарылымдағы арақатынасы. Құрылым бойынша жоспардың орындалуы – өнімнің нақты шығарылымдағы жоспарланған оның жекелеген түрлерінің арақатынасын сақтау дегенді білдіреді.

Өндіріс құрылымының өзгеруіне барлық экономикалық көрсеткіштер үлкен әсер етеді: ақшалай өлшеммен шығару көлемі, материал сыйымдылығы, тауарлық өнімнің өзіндік құны, пайда, рентабельділік. Егерде қымбат өнімнің үлес салмағы

ұлғаятын болса, онда оның ақшалай өлшемдегі шығару көлемі өседі, және керісінше. Осы жағдайы жоғары рентабельді өнімнің үлес салмағы ұлғайған кездегі пайда мөлшерімен де болады және сәйкесінше төмен рентабельді өнімнің үлесі азайған кезде де.

Әлемдік тәжірибеде өнім құрылымының әсерін анықтайтын екі әдіс орын алады: тікелей шот әдісі мен орташа бағалар әдісі.

Тікелей шот әдісі кезінде келесі формула қолданылады:

$$\Delta \Pi = (P_1 - P_0) \times Q_1$$

Мұнда: P_1, P_0 – есепті және базистік кезең бағалары.

Q_1 – өнімнің нақты шығарылымы.

Кесте 25 – Орташа бағалар әдісімен өнімді шығару жоспарының орындалуына құрылым әсерін есептеу

Өнім түрлері	Өлшем бірлігі	Өнімнің нақты шығарылымы	Орташа сату бағасы, мың тт.		Өнім шығарылымына құрылым әсері
			Жоспар	Нақты	
Тігін бұйымдары	дана	420	5000	5230	$(5230 - 5000) \times 420 = 96,6$
Аяқ-киім	жұп	240	6200	5940	$(5940 - 6200) \times 240 = -62,4$
Мата	мың метр	1200	200	224	$(224 - 200) \times 1200 = 28,8$
Барлығы:					63,0

Кестеден көрінгендей, талданып отырған ұйымда өткізілген өнімге баға өзгерісі болған. Сұраныстың өсуіне байланысты тігін бұйымдары мен матаға баға өскен. Оның өсуінен өнімді өткізуден түскен табыс 96 600 мың теңгеге және 28 800 мың теңгеге ұлғайды. Сол уақытта менеджер аяқ-киім бойынша шарықты жеткіліксіз зерттеген. Соның салдарынан ұйым өнімді өткізуден түскен табыстың 62 400 мың теңгесін жоғалтты. Бұл ұйымның басшысына келесі кезеңде өнім құрылымын ауыстыру қажет. Егер аяқ-киім бойынша бәсекелестік жоғары болса, онда тігін бұйымдары мен матаның үлесі есебінен өнімді өткізуден түскен табысты арттыруға болады. Келесі кезеңде ұйымға шарықты тереңірек зерттеп, өнімнің жаңа түрін игеру мүмкіндігін іздестіру қажет.

Сонымен қатар ұйымдарда тікелей шот әдісі қолданылады. Бұл әдіс ұйым бойынша толығымен резервтерді айқындауға мүмкіндік бермейді және әдісті қолдану сондықтан шектеулі.

Кесте 26 – Тікелей шот әдісімен өнім құрылымы әсерін есептеу

Өнім түрлері	Өнім шығарылымы		Өнім құрылымы, %		Өнімнің нақты шығарылымы, мың тг.	Құрылым әсері	Құрылым бойынша жоспардың орындалуына есептеледі
	жоспар	нақты	жоспар	нақты			
жиһаз	420	440	64,4	65,1	435,3	+4,7	435,3
ыдыс-аяқ	86	84	13,2	12,4	89,2	-5,2	84
кілем бұйымдары	146	152	22,4	22,5	151,4	+0,6	151,4
Барлығы	652	676	100	100	675,9	-	670,7

Кестеден көрінгендей, бұл ұйымда шығарылған өнім құрылымында өзгерістер байқалған. Атап айтқанда, жиһаз және кілем бұйымдарының үлес салмағы артқан, сол уақытта ыдыс-аяқты шығару төмендеген. Мұнын басты себебі осы тауар тобының нарықта толыққандығы. Жиһаздың үлес салмағының артуы өнімді өткізуден түскен табысқа оң әсер етті, оның шамасы 4 700 мың теңгеге өсуіне әкелді. Кілем бұйымдары бойынша өнімді өткізуден түскен табыс айтарлықтай шамада, яғни 600 мың теңгеге өскен. Ал ыдыс-аяқ үлесінің төмендеуі есебінен ұйым өнімді сатудан 5 200 мың теңгені жоғалтты. Бұл ұйым басшылығына маркетингтік талдауды жүргізіп, жоғары сапалы өнімді өндіру бойынша шараларды қолдану қажет.

3.4 Өнім сапасын талдау

Өнеркәсіптік ұйымдар қызметінің маңызды көрсеткіші болып өнім сапасы табылады. Оның артуы – бәсекелестік күрес, нарықтағы орынды жаулап алу және ұстап тұру нысандарының бірі. Өнім сапасының жоғарғы деңгейі өнімге деген сұраныстың

партуына және пайда сомасын тек сату көлемі есебінен ғана емес, сондай-ақ жоғарғы баға есебінен де ұлғайтуға әкеледі.

Өнім сапасы – бұйымның параметрлік, пайдаланушылық, тұтынушылық, технологиялық, дизайнерлік қасиеттерін, оның стандарттау және үйлестіру деңгейін, сенімділігі мен ұзақ мерзімділігін сипаттайтын түсінік. Өнім сапасының *жалпы, жеке және жанана* көрсеткіштерін ажыратады.

Жалпы көрсеткіштер түрі мен арналымына тәуелсіз барлық өндірілген өнім сапасын сипаттайды:

- а) жалпы шығарылымдағы жаңа өнімнің үлес салмағы;
- ә) жоғары сапалы өнімнің үлес салмағы;
- б) өнімнің орташа өлшенген баллы;
- в) орташа сорттық коэффициенті;
- г) аттестацияланған және аттестацияланбаған өнімнің үлес салмағы;
- д) сертифицикатталған өнімнің үлес салмағы;
- е) әлемдік стандарттарға сәйкес келетін өнімнің үлес салмағы;
- ж) экспортталатын өнімнің үлес салмағы, соның ішінде жоғары дамыған өнеркәсіптік елдерге.

Өнім сапасының *жеке (бірлі-жарым) көрсеткіштері* келесі кәсіптердің біріні сипаттайды:

- а) пайдалылық (сүттің майлылығы, көмірдің күлдігі, кеңдегі темірдің мөлшері, азық-түліктегі ақуыздың мөлшері);
- б) сенімділік (ұзақ мерзімділік, жұмыстан бас тартпаушылық);
- в) технологиялылық, яғни құрылымдық және технологиялық шешімдердің тиімділігі (еңбек сыйымдылығы, энергия сыйымдылығы);
- г) бұйымдардың эстетикалығы.

Жанана көрсеткіштер – бұл сапасыз өнімге салынған алынпұлдар, ақауы бар өнімдердің көлемі мен үлес салмағы, жарнамаланған өнімнің үлес салмағы, ақаудан болған жоғалтулар және т.б.

Талдаудың бірінші міндеті – жоғарыда аталған көрсеткіштердің динамикасын, олардың деңгейі бойынша жоспардың орындалуын, олардың өзгеру себептерін зерттеу және өнім санының деңгейі бойынша жоспардың орындалуына баға беру.

Сапасы сортпен сипатталатын өнім бойынша жалпы өндіріс көлеміндегі әрбір сорт өнімінің үлесі, орташа сорттық коэффициент, салыстырмалы жағдайдағы бұйымның орташа өлшенген бағасы. Бірінші көрсеткіш бойынша жоспардың орындалуын бағалау кезінде жалпы өнім көлеміндегі әрбір сорттың нақты үлесін жоспарлы үлеспен салыстырады, ал сапа динамикасын зерттеу үшін – өткен кезең мәліметтерімен салыстырады.

Орташа сорттық коэффициентін екі тәсілмен анықтауға болады:

$$K_{\text{сорттық}} = \frac{1 - \text{ші сорттағы өнім саны}}{\text{Жалпы өнім саны}}$$

$$K_{\text{сорттық}} = \frac{\text{Барлық сорттағы өнім құны}}{1 - \text{ші сорт өнімінің мүмкін болатын құны}}$$

Кесте 27

Өнім сорты	1 тонна бағасы, мың тг.	Өнімінің шығарылымы, мшб		Шығарылым құны, млн тг			
		жоспар	нақты	жоспар	нақты	1-ші сорт бағасы бойынша	
						жоспар	нақты
I	24	550	520	13 200	12 480	13 200	12 480
II	20	600	640	12 000	12 800	14 400	15 360
III	18	310	220	5 580	3 960	7 440	5 280
Барлығы	-	1 460	1 380	30 780	29 240	35 040	33 120

Осыдан сорттық коэффициент: жоспар бойынша — 0,878 (30 780 / 35 040), нақты - 0,883 (29 240 / 33 120). Сапа бойынша жоспардың орындалуы - 100,6% (0,883/0,878).

3.5 Ұйым жұмысының ырғақтылығын талдау

Ұйым қызметін зерттеу кезінде өнім өндіру мен өткізудің ырғақтылығын талдау маңызды. *Ырғақтылық – жоспарда қарастырылған көлемде және ассортименттегі графикке сәйкес өнімнің бірқалыпты шығарылымы.*

Ырғақты жұмыс өнімді уақтылы шығару мен сатудың негізгі шарты болып табылады. Ырғақсыздық барлық экономикалық көрсеткіштерді нашарлатады: өнім сапасы төмендейді; аяқталмаған өндіріс көлемі және қоймадағы жоспардан тыс дайын өнім қалдықтары ұлғаяды және соның салдарынан капитал айналымшылығы баяулайды; келісім-шарттар бойынша жабдықтау орындалмайды және ұйым өнімді уақтылы жеткізбегені үшін айыппұл төлеуге мәжбүр болады; түсім уақтылы келіп түспейді; еңбек ақы қоры шығындалады, өйткені ай басында жұмысшыларға жұмыстың тоқтап қалуын төлесе, ал соңында артық істелген жұмысқа төленеді. Мұның барлығы өнімнің өзіндік құнының артуына, пайда сомасының азаюына, ұйымның қаржылық жағдайының нашарлауына әкеледі.

Ырғақтылық бойынша жоспардың орындалуын бағалау үшін негелі және жанама көрсеткіштер қолданылады. *Тікелей көрсеткіштер* – ырғақтылық коэффициенті, вариация коэффициенті, ырғақсыздық коэффициенті, айлық шығарылымдағы әрбір декададағы (тәуліктегі) өнім өндірісінің үлес салмағы, тоқсанлық шығарылымдағы әрбір айда өндірілген өнімнің үлес салмағы, жылдық өндіріс көлеміндегі әрбір тоқсанда шығарылған өнімнің үлес салмағы, өткен айдың үшінші декадасындағы есепті кезеңнің бірінші декадасында шығарылған өнімнің үлес салмағы.

Ырғақтылықтың *жанама көрсеткіштері* – артық істелген жұмысқа қосымша төлемнің болуы, ұйым кінәсінен болған жұмыстың тоқтап қалуын төлеу, ақаудан болған жоғалтулар, уақытылы жабдықтамағаны және өнімді уақтылы жеткізбегені үшін айыппұлдар төлеу, нормативтен тыс аяқталмаған өндіріс және қоймада дайын өнім қалдықтарының болуы.

Ең кең таралған көрсеткіштердің бірі – ол *ырғақтылық коэффициенті*. Оның шамасы әрбір кезеңдегі нақты шығарылым

үлес салмақтарын қосу арқылы анықталады. Бірақ жоспарлы деңгейден асып кетпеуі тиіс.

Кесте 28 – Тоқсан бойынша өнім шығару ырғақтылығы

Тоқсан	Жылдық өнім шығарылымы, млн тт.		Өнімнің үлес салмағы, %		Жоспардың орындалуы, коэффициент	Ырғақтылық бойынша жоспардың орындалуына есептелген өнім үлесі, %
	жоспар	нақты	жоспар	нақты		
I	5 800	5 550	25,3	23,8	0,967	23,8
II	6 250	5840	27,3	25,0	0,934	25,0
III	5 950	6 780	26,0	29,0	1,139	26,0
IV	4 900	5 200	21,4	22,2	1,061	21,4
Барлығы	22 900	23 370	100	100	1,02	96,2

$$K_{\text{ырғақтылық}} = 23,8 + 25,0 + 26,0 + 21,4 = 96,2\%$$

Вариация коэффициенті (K_v) тәуліктегі (декада, ай, тоқсан) жоспарлы тапсырмадан орташа квадраттық ауытқудың орташа тәуліктік (орташа декадалық, орташа айлық, орташа тоқсандық) жоспарлы өнім шығарылымына қатынасы ретінде анықталады:

$$K_v = \sqrt{\frac{\sum \Delta x^2 / n}{\bar{x}}}$$

$$\sqrt{\frac{[(5,55-5,8)^2 + (5,84-6,25)^2 + (6,78-5,95)^2 + (5,2-4,9)^2] / 4}{3,723}} = 0,21$$

Мұндағы, Δx^2 — орташа тоқсандық тапсырмадан орташа квадраттық ауытқу; n — жоспарлы тапсырмалардың қосылған саны; \bar{x} — график бойынша орташа тоқсандық тапсырма.

Біздің мысалымызда вариация коэффициенті 0,21 құрады. Бұл дегеніміз тоқсан бойынша өнімнің шығарылымы графиктен орташа есеппен 21,0%-ға ауытқуда.

Өндіріс ырғақтылығын бағалау үшін ұйымдарда ырғақсыздық көрсеткіші есептеледі. Ол әрбір күнге (апта, декада, тоқсан)

өнімді шығару жоспарынан болған оң және теріс ауықулардың сомасы. Ұйым ырғақты жұмыс істеген сайын, ырғақсыздық көрсеткіші жоғары болады. Біздің мысалымызда ол мынаны құрады:

$$K_{\text{ырғақсыздық}} = 0,033 + 0,066 + 0,139 + 0,061 = 0,299$$

Егер өнімді шығару жоспарының орындалмау (артық орындалу) себептері белгілі болса, олардың ырғақсыздық көрсеткішіне әсерін есептеуге болады. Ол үшін берілген себеп бойынша өнім өндіру көлемінің өзгерісін жалпы ырғақсыздық көрсеткішіне жатқызып және 100-ге көбейту қажет.

Мысалы, шикізатты уақытылы жеткізбегені үшін бірінші тоқсанға шығару жоспары 900 мың тенгеге немесе 4%-ға орындалмады және жабдықтың істен шығуынан 850 мың тенгеге немесе 3%-ға орындалмады. Осыдан жалпы ырғақсыздық көрсеткішінің өзгерісіндегі бірінші фактордың үлесі 13,3% ($0,04/0,299 \times 100$), ал екіншінің үлесі – 10% ($0,03/0,299 \times 100$) құрайды.

Ырғақсыздықтың ішкі себептері – ұйымның қаржылық жағдайының нашар болуы, өндірісті ұйымдастырудың, технология және материалды – техникалық қамсыздандырудың, сонымен қоса жоспарлау мен бақылаудың ең төменгі деңгейі, **сыртқы себептері** – жабдықтаушылармен шикізат пен материалдардың уақытылы келіп-түспеуі, ұйым кінәсінен емес болған энерго-ресурстардың жетіспегендігі және т.б.

Талдау процесінде ырғақсыз жұмыс істегеннен өнім шығару бойынша ұйымның жіберіп алған мүмкіндіктерін есептеп алу қажет. Бұл орташа тәуліктік (орташа декадалық, орташа тоқсандық) ең жоғарғы өндіріс көлеміне сүйене отырып есептелген, өнімнің нақты және мүмкін болатын шығарылымы арасындағы айырма ($23\ 370 - 6\ 780 \times 4 = 3750$ млн тг.)

Ұқсас жолмен өнімді тиеу және сату ырғақтылығы талданады.

Талдау қорытындысында ырғақсыз жұмыс себептерін жою бойынша нақты шаралар өңделінеді.

Өзіндік жұмыс үшін материалдар

Келесі негізгі түсініктерге анықтама беріндер: жалпы өнім, орташа бағалар әдісі, тікелей шот әдісі, ырғақтылық, ырғақсыздық, вариация коэффициенті, өнім сапасы, орташа сорттық коэффициенті, тікелей көрсеткіштер, жанама көрсеткіштер.

Бақылау сұрақтары

1. Өнімді шығару мен өткізуді талдау міндеттері.
2. Өнім сапасы.
3. Ұйым жұмысының ырғақтылығы.
4. Ырғақсыздық себептері.
5. Сорттық коэффициентінің есептелуі.
6. Өнім өндірісі мен өткізіліуіне әсер ететін факторлар.

4-ТАҚЫРЫП.

ӨНДІРІСТІК РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫ ТАЛДАУ

4.1 Негізгі құралдарды талдау мәні мен міндеттері

Негізгі құралдар көптеген өндіріс құралдары бойынша пайдаланылады. қасиеті мен нысанын сақтай отырып, жанама түрде тозады, өзінің құнын жаңадан жасалған өнімге біртіндеп көшіреді. Негізгі құралдар – бұл өнім (жұмыс, қызмет) өндіруде немесе кәсіпорынды басқаруда еңбек құралы ретінде қолданылатын мүліктің бір бөлігі болып табылады.

Негізгі құралдарға ұйымның қозғалмайтын мүлік, жер учаскелері, үйлер мен ғимараттар, өткізгіш тетіктер, машиналар мен жабдықтар, өлшеуіш және реттеуіш аспаптары, есептеуіш машиналар мен техникалары және олардың бағдарламалық құралдары, көлік тасымалдау құралдары, аспаптар, өндірістік және шаруашылық құрал-саймандары, өнім және жұмыс малдары, көп жылдық көшеттер, шаруашылықтың ішкі жолы тағы да басқаларын жатқызамыз.

Өндіріс үдерісіне қатысу сипатына қарай негізгі құралдар былайша бөлінеді: өндірістік – бұл өндірістік үдеріске тікелей қатысатын немесе өндірістің негізін құрайтын негізгі құралдар. Олардың шамасы мен техникалық күйіне шаруашылық субъектісінің, жалпы елдегі салалардың экономикалық қуаты тәуелді.

Олардың құрамына өндірістік үйлер мен ғимараттар, машиналар мен жабдықтар, өлшеуші мен реттеуші аспаптар және құрылғылар, көлік құралдары, өндірістік және шаруашылық құрал-саймандар, керек-жарақтар, жұмысқа пайдаланылатын және өнім беретін малдар, көп жылдық өсімдіктер енеді.

Қор қайтарымдылығы, яғни негізгі құралдардың бірлігіне натуралды және ақшалай өлшеуіштермен, өнім өндіру негізгі өндірістік қорлардың тиімді пайдаланылуын сипаттайтын, жалпылаушы экономикалық көрсеткіш болып табылады.

Өндірістік емес – бұл тұтыну мақсатындағы негізгі құралдар. Олар өндіріс үдерісіне қатыспайды, ол ұжымның мәдени тұрмыстық қажеттілігін қамтамасыз етуге арналған (үйлер, ғимараттар, керек-жарақтар, денсаулық сақтау, спорт).

Ұйым қызметін талдауда негізгі құралды талдауға ерекше мән беріледі. Өнеркәсіптік кәсіпорындарда өнім өндірісі көлемін арттырудың маңызды факторларының бірі болып оны қажетті мөлшерде және ассортиментте негізгі құралдармен қамтамасыз ету және оларды тиімді пайдалану болып табылады.

Негізгі құралдарды талдау міндеттеріне келесілер жатады:

– кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің негізгі құралдармен қамтамасыз етілуін және жалпы мен жеке көрсеткіштер бойынша олардың пайдалану деңгейін анықтау:

– олардың деңгейінің өзгеру себептерін айқындау;

– негізгі құралдарды пайдалану дәрежесіне өнім өндіру көлемінің және басқа да көрсеткіштердің сезімталдығын бағалау:

– кәсіпорынның және жабдықтың өндірістік қуаттылығының пайдалану дәрежесін зерттеу;

– негізгі құралдарды пайдалану тиімділігін арттыру резервтерін анықтау.

Негізгі құралдарды талдаудың ақпарат көздеріне жаттындар:

- Кәсіпорынның бизнес-жоспары;
- Техникалық даму жоспары;
- Нысан №1 «Бухгалтерлік баланс»;
- Нысан №5 «Балансқа қосымша» («Негізгі құралдар» бөлімі);

- «Негізгі құралдардың болуы және қозғалысы туралы есептілік»;

- «Өндірістік қуаттылық балансы», негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша мәліметтер, негізгі құралдардың есебінің инвентарлық карточкасы, жоба-сметалық және техникалық құжаттама және тағы басқалары.

Негізгі құралдар баланста қалдық құны бойынша сипатталады. Бірақ та қазіргі кезде қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес негізгі құралдар баланстың қосымшасында көрсетіледі. Бұл құжатта негізгі құралдар әдіс құнымен сипатталады.

Әділ құн – бір-бірінен жақсы хабардар, бір-бірінен тәуелсіз және келісімді ерікті түрде жүргізетін тараптардың арасындағы міндеттемелерді өтеу немесе активтерді иелену үшін жеткілікті болатын ақша қаражатының шамасы.

Негізгі құралдар арналымы бойынша өндірістік және өндірістік емес болып екі топқа бөлінеді. Кәсіпорынның өндірістік қуаттылығын өндірістік негізгі құралдар анықтайды. Сонымен қатар, оларды активті (жұмыс машиналары және жабдықтар) және пассивті (өндірістік арналымындағы ғимараттар, қоймалар, көлік құралдары, жабдықтар және т.б) бөліктерге бөлу қарастырылады. Мұндай бөліп қарау негізгі құралдардың құрылымын оңтайлау негізінде олардың пайдалану тиімділігін арттыру резервтерін айқындау үшін қажет. Үлкен қызығушылық мұнда активті және пассивті бөліктердің, күш және жұмыс машиналарының арақатынасы тұғызады, өйткені олардың оңтайлы үйлесуінен қор қайтарымдылығы, қор рентабельділігі және кәсіпорынның қаржылық жағдайы байланысты.

4.2 Негізгі құралдардың құрамы мен құрылымын талдау

Негізгі құралдарды талдау көбінесе олардың көлемін, динамика мен құрылымын зерттеуден басталады.

Кесте 29 – Ұйымның негізгі құралдарының құрамы мен құрылымын талдау

№	Негізгі құралдар тобы	Есепті жыл басы		Есепті жыл аяғы		Ауытқы (+/-)	
		Сомасы, мың тг.	Үл. салмағы, %	Сомасы, мың тг.	Үл. салмағы, %	Сомасы, мың тг.	Үл. салмағы, %
1.	Жер	2830	2,4	735	0,7	-2095	-1,7
2.	Құрылғылар	7664	6,5	4203	4,0	-3461	-2,5
3.	Машиналар мен жабдықтар	1061	0,9	315	0,3	-746	-0,6
4.	Көлік құралдары	84306	71,5	91719	87,3	+7413	+15,8
5.	Өзге де негізгі құралдар	22049	18,7	8089	7,7	-13960	-11,0
6.	Барлығы	117910	100	105061	100	-12849	-

Жүргізілген есептеулерден келе, зерттелініп отырған ұйымда негізгі құралдардың сомасы жыл басымен салыстырғанда 12848 мың теңгеге азайған. Негізгі құралдар сомасының азаюына келесі құрамдас элементтер құнының төмендеуі әсер еткен, атап айтқанда: құрылғылардың 3461 мың теңгеге, машиналар мен жабдықтардың 746 мың теңгеге, өзге де негізгі құралдардың 13959 мың теңгеге төмендегені анықталған.

Ал негізгі құралдардың құрамына қарайтын болсақ, ең жоғарғы үлес салмақты көлік құралдары алып отыр. Көлік құралдарының үлес салмағы есепті кезең басында 71,5% құраса, есепті жыл аяғында 87,3%-ды құрады, яғни салыстырмалы түрде 15,8%-ға артқан. Соның салдарынан қалған көрсеткіштердің үлес салмағының азайғандығы байқалады, яғни жердің – 1,7%-ға,

құрылғылардың – 2,5%-ға, машиналар мен жабдықтардың – 0,6%-ға, өзге де негізгі құралдардың – 11,0%-ға үлес салмақтары.

4.3 Негізгі құралдардың қозғалысын талдау

Банктер және басқа инвесторлар кәсіпорынның мүлік құрамын зерттеу кезінде негізгі құралдардың жағдайына олардың техникалық жағдайы, өнімділігі, экономикалық тиімділігі, табиғи және моральді тозуы қозғарасынан көңіл бөледі. Ол үшін келесі көрсеткіштер есептеледі:

1. Жаңарту коэффициенті ($K_{ж}$). Жыл аяғындағы жалпы барлық негізгі құралдар құнындағы жаңа құралдардың үлесін сипаттайды:

$$K_{ж} = \frac{\text{Келіп түскен негізгі құралдар құны}}{\text{Кезең аяғындағы негізгі құралдар құны}}$$

2. Негізгі құралдарды жаңарту мерзімі ($M_{жаң}$):

$$M_{жаң} = \frac{\text{Кезең басындағы негізгі құралдар құны}}{\text{Келіп түскен негізгі құралдар құны}}$$

3. Шығу коэффициенті ($K_{шығу}$):

$$K_{шығу} = \frac{\text{Есептен шыққан негізгі құрал құны}}{\text{Кезең басындағы негізгі құралдар құны}}$$

4. Өсімше коэффициенті ($K_ө$):

$$K_ө = \frac{\text{Негізгі құралдардың өсім ше құны}}{\text{Кезең басындағы негізгі құралдар құны}}$$

Жұмыс машиналарының, жабдықтардың, құрал-саймандардың жағдайын сипаттау үшін техникалық жарамдылығы бойынша топтастыруды қолданады: жарамды жабдық; күрделі жөнделуді талап ететін жабдық; жарамсыз, есептен шығаруды қажет ететін жабдық.

Негізгі құралдарды талдаудың маңызды міндеті – кәсіпорынды негізгі өндірістік құралдармен қамтамасыз елуді зерттеу.

Машиналардың, механизмдердің, жабдықтардың, бөлмелердің жекелеген түрлерімен қамтамасыз етілуі олардың нақты болуын өнімді шығару бойынша жоспардың орындалуына қажетті жоспарлық қажеттілікпен салыстыру арқылы анықталады.

Кесте 30 – Ұйымның негізгі құралдар қозғалысының көрсеткіштерін талдау

№	Көрсеткіштер	Есепті жыл басы	Есепті жыл аяғы	Ауытқуы (+;-)
1.	Негізгі құралдардың жыл басындағы құны, мың тг	117910	105061	-12849
2.	Келіп түскен негізгі құралдар құны, мың тг	17330	35620	+18290
3.	Есептен шыққан негізгі құралдар құны, мың тг	30179	48287	+18108
4.	Жыл аяғындағы негізгі құралдар құны, мың тг	105061	92395	-12666
5.	Жаңарту коэффициенті	0,16	0,39	+0,23
6.	Негізгі құралдарды жаңарту мерзімі, күн	6,8	2,95	-3,85
7.	Шығу коэффициенті	0,26	0,46	+0,2
8.	Өсімше коэффициенті	-10,9	-12,1	-1,2

Негізгі өндірістік құралдармен кәсіпорынның қамтамасыз етілу деңгейін сипаттайтын жалпылаушы көрсеткіштері болып еңбектің қор қарулығы және еңбектің техникалық қарулығы.

Еңбектің жалпы қор қарулығының көрсеткіші кәсіпорынның еңбек шартын және қормен жабдықтанғандығын білдіреді.

4.4 Негізгі құралдардың техникалық жағдайын талдау

Негізгі құралдарды талдау барысында олардың техникалық жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер зерттеледі. Оларға жататындар:

1. Тозу коэффициенті ($K_{тозу}$).

$$K_{тозу} = \frac{\text{Негізгі құралдардың тозу сомасы}}{\text{Негізгі құралдардың бастапқы құны}}$$

2. Жарамдылық коэффициенті ($K_{\text{жарамдылық}}$).

$$K_{\text{жарамдылық}} = \frac{\text{Негізгі құралдардың қалдық құны}}{\text{Негізгі құралдардың бастапқы құны}}$$

3. Амортизацияның жинақталу коэффициенті ($K_{\text{амор жинақ}}$).

$$K_{\text{амор жинақ}} = \frac{НҚ_{\text{тозу}} + МЕА_{\text{тозу}}}{НҚ_{\text{бастапқықұны}} + МЕА_{\text{бастапқықұны}}}$$

Мұнда: $НҚ_{\text{тозу}}$ – негізгі құралдардың тозуы;

$МЕА_{\text{тозу}}$ – материалдық емес активтердің тозуы;

$НҚ_{\text{бастапқықұны}}$ – негізгі құралдардың бастапқы құны;

$МЕА_{\text{бастапқықұны}}$ – материалдық емес активтердің бастапқы құны.

4. Мүлікті нақты құн коэффициенті ($K_{\text{нақты құн}}$). Кәсіпкерлік қызметтің ауқымын сипаттайды. Егер бұл коэффициент теоретикалық мәнінен төмен болатын болса, онда компанияға ұзақ мерзімді қарыз қаражаттарын тарту қажет.

$$K_{\text{нақты құн}} = \frac{\text{Негізгі құралдардың қалдық құны}}{\text{Мүлік құны (баланс валютасы)}} \geq 0,5$$

Осы коэффициенттердің формуласын пайдаланып берілген ұйымның негізгі құралдарының техникалық жағдайына талдау жасауға болады

Кесте 31 – Ұйымның негізгі құралдары техникалық жағдайын талдау

№	Көрсеткіштер	Өткен жыл	Есепті жыл	Ауытқуы (+,-)
1.	Негізгі құралдардың бастапқы құны, мың теңге	117910	105061	-12849
2.	Негізгі құралдардың тозу сомасы, мың теңге	12849	12667	-182
3.	Негізгі құралдардың қалдық құны, мың теңге	105061	92394	-12667
4.	Материалдық емес активтердің бастапқы құны, мың теңге	151	127	-24

5.	Материалдық емес активтердің тозу сомасы, мың теңге	79	66	-13
6.	Мүлік құны, мың теңге	347310	412359	+65049
7.	Тозу коэффициенті	0,11	0,12	+0,01
8.	Жарамдылық коэффициенті	0,89	0,88	-0,01
9.	Амортизацияның жинақталу коэффициенті	0,11	0,12	+0,01
10.	Мүліктің нақты күн коэффициенті	0,30	0,22	-0,08

Зерттеуден келе қарастырылып отырған ұйымда негізгі құралдары техникалық жағдайлары бойынша барлық халықаралық тәжірибенің талаптарына сәйкес келеді. Өйткені, оның тозу коэффициенті 40%-дан төмен болып саналады.

Бұл кәсіпорында өткен жылы барлық негізгі құралдардың 11%-ы тозып, қалған 89%-ы пайдалануға жарамды болды. Ал есепті жылда бүкіл негізгі құралдарды 12%-ы тозса, ал 88% - әрі қарай қолдануға жарамды болып саналады. Бірақ та, мұнда тозу коэффициенті өткен жылмен салыстырғанда 10%-ға ұлғайып отыр, ол дегеніміз егер кәсіпорын осы позицияны ары қарай ұстаюға жібермей қадағалап отырса, онда өзінің негізгі құралдарын дұрыс басқарады деген шешім шығаруға болады.

4.5 Негізгі құралдарды пайдалану тиімділігін талдау

Негізгі құралдардың пайдалану тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштерге келесі көрсеткіштерді жатқызуға болады:

1. Қор қайтарымдылығы (K_n). Негізгі құралдардың еңбек өнімділігін сипаттайды. Ол негізгі құралдардың 1000 теңгесіне қанша табыс келетінін көрсетеді. Келетін табыс көп болған сайын, компанияның рентабельділігі соншалықты жоғары болады.

$$\text{Қор қайтарымдылығы} = \frac{\text{Өнімді өткізуден түскен табыс}}{\text{Негізгі құралдардың орташа жылдық құны}}$$

2. Қор сыйымдылығы (K_c). Қор қайтарымдылығының кері көрсеткіші болып табылады. Ол сатудың немесе өнімді өткізуден түскен табыстың 1000 теңгесіне қанша негізгі құрал келетінін көрсетеді.

$$\text{Қор сыйымдылығы} = \frac{\text{Негізгі құралдардың орташа жылдық құны}}{\text{Өнімді өткізуден түскен табыс}}$$

3. Қор қарулығы ($K_{\text{қарулығы}}$). Еңбек деңгейін, механизациялануын және автоматтандырылуын сипаттайды. Ол бір жұмысшыға ақшалай өлшеммен қанша негізгі құрал келетінін көрсетеді.

$$\text{Қор қарулығы} = \frac{\text{Негізгі құралдардың орташа жылдық құны}}{\text{Жұмысшылардың орташа тізімдік саны}}$$

4. Интегралды көрсеткіш (J). Негізгі құралдарды пайдаланудың жалпы тиімділігін сипаттайды.

$$J = \sqrt{K_{\text{қайтарымдылығы}} \times \frac{\text{Таза табыс}}{\text{Негізгі құралдардың орташа жылдық құны}}}$$

Мына жағдайларда компания өзінің негізгі құралдарын тиімді пайдаланады деп есептеледі, егер келесі шарттар сақталатын болса:

- 1) Қор қайтарымдылығы > Қор сыйымдылығы
- 2) Интегралды көрсеткіш жылдан жылға ұлғайса

Әрі қарай біздің зерттеу жүргізіліп отырған ұйымның мәліметтері негізінде негізгі құралдары пайдалану тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштерге есептеу жүргізу үшін келесі талдамалық кесте құрылады.

Кесте 32 – Ұйымның негізгі құралдарын пайдалану тиімділігін талдау

№	Көрсеткіштер	Откен жыл	Есепті жыл	Ауытқуы (+;-)
1.	Өнімді өткізуден түскен табыс, мың теңге	517119	502996	-14123
2.	Таза табыс, мың теңге	-32491	2110	+34601
3.	Негізгі құралдардың орташа жылдық құны, мың теңге	111486	98728	-12758

4.	Жұмысшылардың орташа тізімдік саны, адам	250	223	-27
5.	Қор қайтарымдылығы	4,64	5,09	+0,45
6.	Қор сыйымдылығы	0,22	0,20	-0,02
7.	Қор қарулығы	445,9	442,7	-3,2
8.	Интегралды көрсеткіш	-1,16	0,33	+1,49

Кестедегі жасалынған есептеулерден көле, берілген кәсіпорын өзінің негізгі құралдарын тиімді пайдаланады деген қорытынды жасауға болады. Ол туралы қор қайтарымдылығы және интегралды көрсеткіш мәндерінің өсуі айтады, нақтырақ айтсақ олардың алғашқысы 45%-ға, соңғысы 149%-ға ұлғайған. Бұл дегеніміз бұл ұйымда қызметтерді көрсету процесіне барлық негізгі құралдар қатысады. Оны қор қайтарымдылығының өсуі және қор сыйымдылығының азаюынан көруге болады. Келесі жылы берілген ұйым өзінің негізгі құралдары арқылы өндірістік әлеуетін арттыра алады.

4.6 Материалдық ресурстарды талдау мәні мен міндеттері

Өнімді өндіру бойынша жоспардың орындалуының, оның өндіріс құнын азайтудың, пайданы өсірудің қажетті шарты тиісті ассортимент және сапа бойынша шикізат материалдармен кәсіпорынды толық және уақытылы қамтамасыз ету. Кәсіпорынның материалдық ресурстарға деген қажеттілігінің өсуі интенсивті (материалдың және энергияның көп санын сатып алу немесе дайындау) немесе интенсивті жолмен (өнім өндіру процесінде бар қорларды үнемді пайдалану) қанағаттандырылуы мүмкін.

Бірінші жол бір өнімге деген үлестік материалдық шығындардың өсуіне әкеледі, дегенмен де оның өзіндік құны бұл кезде өндіріс көлемінің артуынан және тұрақты шығындардың үлесінің азаюынан төмендеуі мүмкін.

Екінші жол үлестік материалдық шығындардың қысқартылуы және бір өнімнің өзіндік құнын төмендеуін қамтамасыз

етеді. Шикізатты, материалдарды және энергияны үнемді пайдалану олардың өндірісінің ұлғаюымен бірдей келеді.

Материалдық ресурстармен қамтамасыз етуді және пайдалануды талдаудың міндеттеріне жататындар:

- материалдық-техникалық жабдықтау жоспарының шынайлығын, олардың орындалу дәрежесін және өнім өндіру көлеміне әсерін, оның өзіндік құнын және басқа көрсеткіштерді бағалау;

- материалдық ресурстардың пайдалану тиімділігінің деңгейін бағалау;

- материалдық ресурстарды үнемдеудің ішкі өндірістік резервтерін айқындау және оларды қолдану бойынша нақты шараларды өңдеу.

Материалдық ресурстарды талдаудың ақпарат көздеріне жататындар:

- материалды-техникалық жабдықтау жоспары;
- тапсырыстар;
- шикізат пен материалдарды жабдықтау келісім-шарттары;
- материалдық ресурстардың бар болуы және пайдалану жөніндегі және өндіру шығындары туралы статистикалық есептілік нысандары;

- материалды-техникалық жабдықтау бөлімінің оперативті мәліметтері;

- материалдық ресурстардың келіп түскені, жұмсалғандығы және қалдықтары туралы аналитикалық бухгалтерлік есептің мәліметтері және басқалары табылады.

Кәсіпорынның материалдық ресурстармен қамтамасыз етілуін талдау кезінде ең бірінші кезекте материалдық-техникалық қамсыздандыру жоспарының сапасы тексеріледі. Жоспардың шынайлығын тексеруді кәсіпорынның материалдық ресурстарына деген қажеттіліктерін есептеу негізінде жатқан нормалар мен нормативтерді зерттеуден бастау қажет. Содан кейін қамсыздандыру жоспарының өнімді өндіру қажеттіліктеріне сәйкестігі тексеріледі.

Кәсіпорынның үзіліссіз жұмыс істеуінің маңызды шарты болып материалдық ресурстарға деген қажеттіліктің жабу

көздерімен толықтай қамтамасыз етілуі табылады. Олар ішкі және сыртқы болуы мүмкін.

Сыртқы көздерге отырған келісім-шарттарға сәйкес жабдық-гаушылардан келіп түскен материалдық ресурстар жатқызылады.

Ішкі көздер – бұл шикізат қалдығын қысқарту, қайталанбалы шикізатты қолдану, материалдар мен жартылай фабрикаттарды өзіндік дайындау, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін сіңізу нәтижесінде материалдарды үнемдеу.

Ескере кеткен жөн, қорлардың азаюы өндірісті тоқтатады және компания табысын да төмендетеді. Сол уақытта қорлардың өте үлкен көлемде болуы компания шығындарын арттырады (сақтау, қамтамасыз ету, жұмысшыларға еңбек ақы төлеу шығындары).

4.7 Материалдық ресурстарына деген қажеттілікті талдау

Кез келген кәсіпорын қорларға деген өзінің қажеттіліктерін жоспарлауы тиіс. Қорлардың оңтайлы мөлшері өндірістің 7-10 күнін қамтамасыз етуі тиіс. ТМД елдерінде оңтайлы қор 30 күнді қамтамасыз етеді. Айналым қаражаттарына деген қажеттілікті анықтаудың үш есептеме әдісі бар, олар:

1) Аналитикалық (тәжірибелі-статистикалық) әдіс. Бұл әдістің мағынасы мынада: қажеттілік бір қатар жылдарға (3-5) есептеледі және орташаланатын. Айналым қаражатына деген қажеттілікті ($K_{\text{айд. қаражат}}$) есептеу мына формуламен жүргізіледі:

$$K_{\text{айд. қаражат}} = \text{Қорлар} + \text{Дебитор. берешек} + \text{Кредитор. берешек}$$

Алынған орташа шама жоспарланған кезеңдегі күтілетін тенденциялар есебінен түзетіледі.

2) Тікелей шот әдісі. Мұнда айналым қаражатының әрбір өшемсігінің (шикізат пен материалдар, дайын өнім және тауарлар, аяқталмаған өндіріс, дебиторлық қарыз, ақша қаражаттары, қысқа мерзімді инвестициялар) бір күндік айналымы және қорлар нормасы пайдаланылады, содан кейін айналым капиталының жалпы қажеттілігі есептеледі.

$K_{ш/м}$ – Бір күндік шығын $_{ш/м}$ x Қорлар нормасы

Мұнда: $K_{ш/м}$ – шикізат пен материалдарға қажеттілік;

Бір күндік шығын $_{ш/м}$ – шикізат пен материалдар бойынша бір күндік шығын.

Мысалы, тоқсандағы шикізат пен материалдар бойынша шығын 9900 мың теңгені құрайды. Ал бір күндік шығын 110 теңгеге тең болады (9900:90). қорлар нормасы 28 күнді құрайды.

Шикізат пен материалдарға қажеттілік = $110 \times 28 = 3080$ мың т.

$K_{а/о}$ – Бір күндік өнім шығарылымы x Аяқталмаған өндіріс нормасы

Мұнда: $K_{а/о}$ – аяқталмаған өндіріске деген қажеттілік.

Мысалы, тоқсандағы өзіндік күн бойынша өнімнің шығарылуы 12090 мың теңгені құрайды, бір күндік шығарылым 134.4 (12090:90) тсп. аяқталмаған өндіріс нормасы 3 күн.

Аяқталмаған өндіріске қажеттілік = $134,33 \times 3 = 403$ мың т.

Айналым қаражатының қалған элементтеріне деген қажеттілік осы жолмен анықталады.

Мысалы, дайын өнімге қажеттілік 269 мың тг., тауарларға қажеттілік 21 мың тг., тауарлар сомасы 42 мың тг., ақша қаражаттарына қажеттілік 30 мың тг. құрады. Жалпы қажеттілік = 3824 мың тг.

3) Коэффициенттік әдіс. Тікелей шот әдісінің талдау нәтижелерін пайдаланылады және өндіріс көлемінің күтілетін динамикасына сәйкес түзетіледі.

Шикізат пен материалдармен қамтамасыз етілу деңгейі шикізаттың нақты санын оның жоспарлық қажеттілігімен салыстырылады.

4.8 Материалдық ресурстарды пайдалануды талдау

Материалдық ресурстарды пайдалану тиімділігін сипаттау үшін қорытындылаушы және жеке көрсеткіштер жүйесі қолданылады.

Қорытындылаушы көрсеткіштерге материалдық шығындардың 1 теңгесіне келетін пайдал. материал қайтарымдылығы.

материал сыйымдылығы, өндіріс көлемі мен материалдық шығындардың өсу қарқындары арақатынасы коэффициенті, өнімнің өзіндік құнындағы материалдық шығындардың үлес салмағы, материалдарды пайдалану коэффициенті.

Материал сыйымдылығының жеке көрсеткіштері материалдық ресурстардың жекелеген түрлерінің пайдалану тиімділігін сипаттау үшін (шикізат сыйымдылығы, темір сыйымдылығы, отын сыйымдылығы, энергия сыйымдылығы және басқалары), сондай-ақ жекелеген бұйымдардың материал сыйымдылығы деңгейін сипаттау үшін қолданылады.

Материалдық ресурстардың пайдалану тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштер келесі жолмен анықталады:

1. Материалдық шығындардың бір тенгесіне келетін пайда ($P_{мш}$). Оның деңгейінің өсуі кәсіпорын жұмысын оң деп сипаттайды, материалдық ресурстардың жалпы пайдалану тиімділігін көрсететін көрсеткіш болып табылады және былайша анықталады:

$$P_{мш} = \frac{\text{Негізгі қызметтен түскен табыс}}{\text{Материалдық шығындар сомасы}}$$

2. Материал қайтарымдылығы (M_k). Материалдардың қайтарымын, яғни тұтынылған әрбір материалдық ресурстардың (шикізат, материалдар, отын, энергия) теңгесінен өндірілген өнім санын сипаттайды және төмендегідей есептеледі:

$$M_k = \frac{\text{Өндірілген өнім құны}}{\text{Материалдық шығындар сомасы}}$$

3. Материал сыйымдылығы (M_c). Өнім бірлігін өндіруге қиыңа материалдық шығындар келетінін көрсетеді.

$$M_c = \frac{\text{Материалдық шығындар сомасы}}{\text{Өндірілген өнім құны}}$$

4. Материалдық шығындар коэффициенті ($K_{мш}$). Өндіріс процесінде материалдар қаншалықты үнемдеп пайдаланылады, бекітілген нормативтермен салыстырғанда қосымша шығындар жоқ па дегенді анықтауға мүмкіндік береді.

$$K_{\text{мш}} = \frac{\text{Материалдық шығындардың нақты сомасы}}{\text{Материалдық шығындардың жоспарлы сомасы}}$$

Егер $K_{\text{мш}} > 1$ болса, онда шығындалу туралы айтады, ал егер $K_{\text{мш}} < 1$ – ол үнемделгені туралы ақпарат береді.

Талдау процесінде материалдарды пайдалану тиімділігі корсеткіштерінің нақты деңгейін жоспарлы деңгейімен салыстырады, олардың динамикасын және өзгеру себептерін (2-сурет), сондай-ақ өнім өндіру көлеміне әсерін зерттейді.



4-сурет. Материал сыйымдылығын факторлық талдаудың құрылымдық-логикалық сызбасы

Материал сыйымдылығы материал қайтарымдылығы сияқты ең бірінші кезекте өнім шығару көлеміне және оны өндіруге кеткен

материалдық шығындар сомасына байланысты. Ал құндық өлшемдегі жалпы өнім көлемі өндірілген өнім саны, оның құрылымы және босатылатын баға деңгейі есебінен өзгеруі мүмкін.

Материалдық шығындар сомасы, сондай-ақ өндірілген өнім көлеміне, оның құрылымына, өнім бірлігіне материал шығынына, материалдар құнына және тұрақты материалдық шығындар сомасына байланысты. Ал ол өз кезегінде жұмсалынған материалдар санына және олардың құнына байланысты.

Қорытындылай келгенде, жалпы материал сыйымдылығы өндірілген өнім көлеміне, оның құрылымына, өнім бірлігіне материал шығынның нормасы, материалдық ресурстардың бағалары және өнімнің босатылған бағалары байланысты.

4.9 Кәсіпорынның еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуін талдау

Еңбек ресурстары деп кәсіпорында жұмыс істейтін және олардың тізімдік құрамына кіретін әртүрлі кәсіби – мамандандырылған топтағы жұмысшылардың жиынтығы аталады.

Еңбек ресурстарына тиісті салада білімі, еңбек дағдысы және дені сау қасиеттері бар халықтың бір бөлігі жатады. Кәсіпорынның жеткілікті еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуі, оларды рационалды пайдалану, еңбек өнімділігінің жоғарғы деңгейі сияқты көрсеткіштердің өнім көлемін жоғарлату және өндіріс тиімділігін арттыруда үлкен мәні бар. Атап айтқанда, кәсіпорынның еңбек ресурстармен қамтамасыз етілуі және оларды пайдалану тиімділігіне барлық жұмыс көлемі және ұлқытында орындалуы, жабдықтарды, машиналарды, механизмдерді пайдалану тиімділігі және өнімді өндіру көлемінің нәтижесі ретінде оның өзіндік құны, пайда және экономикалық көрсеткіштердің бірқатары байланысты.

Еңбек ресурстарын талдаудың негізгі міндеттері:

- сандық және сапалық белгілер бойынша жалпы еңбек ресурстарымен кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің қамтамасыз етілуін зерттеу және бағалау;
- кәсіпорында персоналды пайдалану экстенсивтілігін, интенсивтілігін және тиімділігін бағалау;

– кадрлардың тұрақсыздық көрсеткіштерін анықтау және зерттеу;

– еңбек ресурстарының резервтерін, олардың толығырақ және тиімді пайдаланылуын айқындау.

Талдау жүргізудің ақпарат көздеріне жататындар;

– бұйрықтар;

– бірінші басшының үкімдері;

– еңбек жоспары;

– «Еңбек жөніндегі есеп беру» статистикалық есептілігі;

– жұмыс уақытының таблицасы;

– еңбек ақы бойынша кітап;

– кадрлар бөлімінің мәліметтері.

Кәсіпорынның еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуі категориясы және кәсіптілігі бойынша нақты жұмысшылар санын жоспарлы қажеттілікпен салыстыру арқылы анықталады.

Ұйымның еңбек ресурстары өнеркәсіптік-өндірістік және өнеркәсіптік емес персоналға бөлінеді.

Орындайтын қызметтерінің сипатына қарай өнеркәсіптік-өндірістік персонал жұмысшылар мен қызметкерлерге бөлінеді.

Жұмысшылар – бұл өнім (қызмет) өндірумен, жөндеумен, жүкті тасымалдаумен және т.б. айналысатын жұмыскерлер. Өндірістік процеске қатысу сипатына байланысты жұмысшылар, өз кезегінде негізгі (өнім өндіретін) және көмекші (технологиялық үдеріске қызмет көрсететін) болып бөлінеді.

Қызметкерлер құрамына басшыларды, мамандарды және техникалық атқарушыларды қосады.

Басшылар – бұл ұйым және оның құрылымдық бөлімшелері басшылығы қызметін атқаратын жұмыскерлер, сондай-ақ олардың орынбасарлары.

Мамандар – инженерлі-техникалық, экономикалық және басқа да қызметтерді орындайтын жұмыскерлер. Оған инженерлер, экономистер, бухгалтерлер, әлеуметтанушылар, заң кеңесшілері, нормалаушылар, техниктер және т.б. жатады.

Техникалық атқарушылар (жұмыскерлер) – құжаттарды дайындау мен рәсімдеуді, шаруашылық қызмет көрсетуді (іс жүргізушілер, хатшы-референттер, таблицалық қосушылар, сызушылар, копия түсірушілер, агенттер және т.б.) жүзеге асыратын жұмыскерлер.

Категория бойынша жұмыскерлердің арақатынасы ұйымның еңбек ресурстары құрылымын сипаттайды.

Еңбек ресурстарын талдауды оның құрылымын және тиісті мамандық пен біліктіліктегі қажетті кадрлармен жинақталғанын зерттеуден басталады.

Кесте 33— Ұйым жұмыскерлері құрамы мен құрылымы

Көрсеткіштер	Есеп беру, адам		Құрылымы, %		Өсу қарқыны, %
	Өткен кезең	Ағымдағы кезең	Өткен кезең	Ағымдағы кезең	
Жұмыскерлердің орташа тізімдік саны	75	86	100.0	100.0	114.7
Қызметің негізгі түрі, соның ішінде:	75	86	100.0	100.0	114.7
жұмысшылар	62	73	82,7	84,9	117,7
қызметкерлер	13	13	17,3	15,1	100

Ұйым жұмыскерлерінің жалпы саны өткен кезеңмен салыстырғанда 11 адамға (86 – 75) өскен. Оның 11 адамға немесе 17,7%-ға өсуі жұмысшылар категориясынан болса, ал қызметкерлер жағында өзгеріс болмаған.

Жұмыскерлер құрылымын тігінен талдау көрсеткендей, 82,7% және 84,9% жұмысшылар категориясына келсе, ал қызметкерлер категориясына сәйкесінше 17,3% және 15,1% келеді.

Егер ұйымда қызметкерлер санының өсуі байқалатын болса, онда бұл тек өнім өндіру көлемі артқан жағдайда ғана ақталатыны белгілі.

Талдау процесінде жұмыс күшінің құрылымын анықтау, жұмыс күшінің қозғалысын, сонымен қатар олардың пайдалану тиімділігін зерттеу қажет.


Еңбек ресурстарын талдау кезінде еңбек ақы қорын пайдалану тиімділігін анықтайтын көрсеткіштер зерттеледі.

Еңбек пен материалды талдаған кезде жиі экономикалық әдбиеттерде өнімнің еңбек сыйымдылығы түсінігі кездеседі.

Еңбек сыйымдылығы - өнім бірлігіне немесе барлық дайындалған өнім көлеміне жұмыс уақыты шығындары дегенді білдіреді. Өнім бірлігінің еңбек сыйымдылығы өнімнің бір түрін жасауға кеткен жұмыс уақытының қорын оның натуралды немесе шартты – натуралды өлшемдегі өндіріс көлеміне қатынасымен

анықталады. Осыдан өнімнің бір теңгесінің еңбек сыйымдылығын анықтауға болады. Ол барлық өнімді өндіруге кеткен жұмыс уақытының жалпы қорын шығарылған өнімнің құнына бөлу арқылы есептеледі Шыққан көрсеткіш - өнімнің орташа сағаттық өндіріміне қарама - қарсы көрсеткіш.

Өнімнің еңбек сыйымдылығын төмендету – еңбек өнімділігін арттырудың маңызды факторы болып табылады. Еңбек өнімділігінің өсуі ең алдымен өнімнің еңбек сыйымдылығы есебінен, әсіресе ұйымдыстырушылық техникалық шаралардың жоспарын орындау, сатып алынатын жартылай фабрикаттардың үлес салмағының артуы есебінен болады.



5-сурет. Еңбек ақы қорын пайдалану тиімділігінің көрсеткіштерін факторлық талдаудың құрылымдық-логикалық сызбасы

Талдау үдерісінде еңбек сыйымдылығының динамикасы, оның деңгейі бойынша жоспардың орындалуы, оның өзгерісінің себептері және еңбек өнімділігіне әсері зерттеледі. Айтарлықтай қызығушылық әртүрлі кәсіпорындарда өнімнің үлестік еңбек сыйымдылығын салыстыру тұғызады және ол алдыңғы қатарлы тәжірибені айқындауға және зерттелетін кәсіпорында оны ендіру бойынша шараларды өндеуге мүмкіндік береді.

Еңбек ресурстарының сандық сипаттамасы бірнеше көрсеткіштермен өлшенеді. Белгілі бір уақытқа жұмысшылар санын анықтау үшін жұмысшылардың тізімдік құрамы қолданылады. Оған тұрақты, уақытша немесе маусымдық жұмыстарға қабылданған және нақты жұмыс істейтіндер сияқты қандай да бір себептермен уақытша жұмыста жоқ адамдар кіреді. Тізімдік құрамына – қосалқы жұмысшылар енгізілмейді.

Бір жылдағы жұмысшылардың орташа тізімдік саны (ЖС_{жылдағы}) мына формуламен есептеледі:

$$ЖС_{жылдағы} = \frac{\text{Σ Айлар бойынша жұмысшылардың орташа тізімдік саны}}{12}$$

Бір айдағы жұмысшылардың орташа тізімдік саны (ЖС_{айдағы}) былайша анықталады:

$$ЖС_{айдағы} = \frac{\text{Ай күндеріндегі жұмысшылардың орташа тізімдік саны}}{30}$$

4.10 Жұмыс күші қозғалысын талдау

Еңбек ресурстарын талдаудың маңызды құрамдас бөлігі болып жұмыс күшінің қозғалысын зерттеу табылады. Жұмыс күші қозғалысын қарастыра отырып, жұмыскерлердің жиі ауысуы еңбек өнімділігі өсуіне кері әсерін тигізеді. Кадрларды ағылу себептерін (алеуметтік қамтамасыз ету жағдайы, себепсіз жұмыстан қалу, өз еркімен жұмыстан кету және т.б.), жұмыстан кету динамикасының құрамын: жеке немесе ұжымдық, қызметтік орынның ауысуы, басқа қызметке ауысу саны, зейнеркерлікке

шығу, келісім-шарт мерзімінің аяқталуы және басқаларын зерттеу талап етіледі.

Бір қатар жылдар динамикасын талдау келесі коэффициенттер негізінде жүзеге асырылады:

$$K_{\text{жаңарту}} = \frac{\text{Кезең ішінде қабылданған, жұмысшылар саны}}{\text{Жұмысшылардың орташа тізімдік саны}}$$

$$K_{\text{ағылу}} = \frac{\text{Барлық себептермен жұмыстан шыққан жұмысшылар саны}}{\text{Жұмысшылардың орташа тізімдік саны}}$$

Жұмыс күшінің жалпы айналым коэффициенті ($K_{\text{жұмыс күші}}$).

$$K_{\text{жұмыс күші}} = \frac{\text{Жұмысқа қабылданғандар} + \text{Жұмыстан шыққандар саны}}{\text{Жұмысшылардың орташа тізімдік саны}}$$

Жұмыс күшінің айналымы артық және қалыпты деп екіге бөлінеді. Қалыпты – әскерге шақыру, зейнеркерлікке шығу және оқуға кету, басқа қызметке ауысу және т.б. сияқты себептермен болған ұйымның қатысы жоқ айналым. Өз еркімен жұмыстан шығу, себепсіз жұмыстан қалу жұмыс күшінің артық айналымына жатқызылады.

Жұмыспен қамту ситуациясын бағалау үшін жұмыс күшін алмастыру коэффициенті ($K_{\text{алмастыру}}$) қолданылады.

$$K_{\text{алмастыру}} = \frac{\text{Жұмысқа қабылданған жұмысшылар саны}}{\text{Жұмыстан шыққан жұмысшылар саны}} = \frac{K_{\text{жаңарту}}}{K_{\text{ағылу}}}$$

Егер алмастыру коэффициенті 1-ден жоғары болса, онда жұмыстан шығумен байланысты тек жұмыс күшінің шығынының орнын толтыру ғана емес, сондай-ақ жаңа жұмыс орындары пайда болады. Егер коэффициенті 1-ден төмен болса, онда жұмыс орындары қысқарады да жұмыссыздыққа әкеледі.

Еңбек тәртібі деңгейі келесі жолмен анықталады:

$$K_{\text{еңбек тәртібі}} = \frac{1 - \text{Жұмыстан себепсіз қалған жұмысшылар саны}}{\text{Жұмысшылардың орташа тізімдік саны}}$$

Жалпы еңбек ресурстарының қозғалысын бағалау үшін келесі талдамалық кесте құрылады. Оның негізінде осы жоғарыда келтірілген формулалар негізінде жұмыс күшінің ағылуы мен жаңартылуын білуге болады.

Кесте 34 – Ұйымның еңбек ресурстары қозғалысы көрсеткіштерін талдау

№	Көрсеткіштер	Өткен жыл	Есепті жыл	Ауытқу (+;-)	Өсу қарқыны, %
1.	Жұмысшылардың орташа тізімдік саны, адам	250	223	-27	-10,8
2.	Жұмысқа қабылданды, адам	9	3	-6	-66,7
3.	Жұмыстан шыққаны, адам	36	4	-32	-88,9
4.	Жаңарту коэффициенті	0,036	0,013	-0,023	-63,8
5.	Ағылу коэффициенті	0,144	0,018	-0,126	-87,5
6.	Жұмыс күшінің жалпы айналым коэффициенті	0,18	0,03	-0,15	-83,3
7.	Жұмыс күшін алмастыру коэффициенті	0,25	0,72	+0,47	+188

Жүргізілген зерттеулерден келе, қарастырылып отырған ұйымда өткен жылмен салыстырғанда жұмысшылар саны 27 адамға немесе 10,8%-ға төмендеген. Жұмыстан шыққан жұмысшылардың саны 32 адамға немесе 32%-ға азайған. Сол уақытта егер ағым коэффициенті 30%-тен жоғары болса, онда кәсіпорын оң бағаға ие болмайды. Есепті кезеңде алмастыру коэффициенті 1-ден төмен болып тұр, ол да жағымсыз фактор болып табылады. Иәни жұмыс орындарының қысқарғандығы көрінеді.

Бұл берілген кәсіпорын басшылығына кадрларды сұрыптау кезіндегі өзінің саясатын қайта қарап, жоғарғы талаптарды қойып және еңбек өнімділігін арттыруда өзінің жұмысшыларын материалды жағынан қызықтыру қажет.

4.11 Жұмыс уақытын пайдалануды талдау

Жұмыс уақытын жоспарлаған кезде орынды себептермен жұмысқа келмеулер анықталады, ол үшін заң актілері, нормативтер және өтең жылдың мәліметтері пайдаланылады. Жұмыс уақытының балансы жекелеген категориялар бйынша және

жалпы ұйым бойынша жасалады. Талдау кезінде есеп беру мәліметтері, табель есебі, ауруды қуаландыру қағазы, бұйрықтар, үкімдер, статистикалық есеп беру және басқа құжаттар қолданылады.

Жұмыс уақытын пайдалануды зерттеу екі бағыт бойынша жүргізіледі:

- динамикада және жоспармен салыстыра отырып, жұмыс уақыты қорын пайдалану;

- жұмыс уақытын өнімсіз пайдалануды талдау.

Бірінші бағыт бойынша талдаудың негізгі міндегі – жұмыс уақытының жоғалтуларын айқындау (ішкі ауысымдық, бір күндік, жоспардан артық) және оларды жою бойынша шешім қабылдау.

Ол үшін нақты уақыт қорын базалық және жоспарлы қормен салыстырып, жоспарланбаған жоғалтуларды айқындау қажет: себепсіз жұмыстан қалу, жұмыстың тоқтап қалуы, жұмыстың болмауынан әртүрлі демалыстар, сонымен қатар жоспардан тыс жоғалтулар: ауру бойынша, әкімшіліктің рұқсатымен және басқалары.

Уақытты жоғалту себептері анықталады және олардың салдары айқындалады, яғни еңбек өнімділігіне және өнімді шығару көлеміне жұмыс уақытын пайдалану әсері анықталады.

Еңбек жөніндегі есеп беруде жұмыс уақытын пайдалану келесі көрсеткіштермен сипатталады:

- барлық жұмысшылармен орындалған адам-күндер саны;
- барлық жұмысшылармен орындалған адам-сағат саны.

Жұмыс уақытын пайдалану көрсеткіштеріне келесі факторлар әсер етеді:

- жұмысшылар санының өзгеруі;
- жұмыс уақытының бір күндік жоғалтулар (ауру, жұмыстан себепсіз қалу бойынша жоспардан тыс жоғалтулар және басқа да жоғалтулар);

- ішкі ауысымдық жоғалтулар;
- жұмыс уақытынан тыс уақыттағы жұмыс, яғни мейрам және демалыс күндеріндегі.

Жұмыс уақытты қорын пайдалануды талдау міндеттеріне жататындар:

- еңбек шартымен байланысты бір күндік жұмыс уақытының жоғалту себептерін айқындау:

- ұйымдастырушылық сипаттағы жұмыстың тоқтап қалу себептерін айқындау (материалдардың келіп түспеуі, жұмыстың болмауы, жабдықтың бұзылуы, жұмысшылардың себепсіз жұмыстан қалуы және т.б.),

- жұмысшылар сияқты, әкімшіліктің кінәсінде болған ішкі ауысымдық уақыт жоғалтуларын айқындау.

Кесте 35 – Ұйымның еңбек ресурстарын пайдалану

Көрсеткіш	Өткен жыл	Есепті жыл		Ауытқу	
		жоспар	нақты	Өткен жылдан	Жоспардан
Жұмысшылардың орташа тізімдік саны	160	160	165	+5	+5
Бір жұмысшымен жыл бойына орындалды:					
- күндер	220	220	210	-10	-10
- сағат	1727	1749	1638	-89	-111
Жұмыс күнінің орташа ұзақтығы, сағат	7,85	7,95	7,8	-0,05	-0,15
Жұмыс уақыты қоры, сағат	276 320	279 840	270 270	-6050	-9570
Оның ішінде жұмыстан тыс орындалған уақыт, мың сағат	1630	-	1485	-145	+1485

Жұмыс уақыты қоры (ЖУҚ) жұмысшылар санына (ЖОТС), бір жылда орташа шамада бір жұмысшымен орындалған күндер санына (К) және жұмыс уақытының орташа ұзақтығына (Ү) тиісінанысты:

$$ЖУҚ = ЖОТС \times К \times Ү$$

Талданып отырған ұйымда жұмыс уақытының нақты қоры жоспарға қарғанда 9570 сағатқа төмен. Ұйым қолда бар еңбек

ресурстарын толықтай жеткіліксіз пайдаланады. Орташа шамамен алғанда бір жұмысшымен 220 күннің орнына 210 күн орындалған.

Жұмыс уақытын есенке алған кезде күнтізбелік қор анықталады. Ол өзіне барлық себентер бойынша жұмысқа келулер мен келмеулердің адам-күндерін, сондай-ақ демалыс, мейрам және жыл сайынғы кезекті демалыс күндеріне келетін уақытты қосады.

Талдау процесінде жұмыс уақытын пайдалану зерттеледі. Ол үшін әрбір компания жұмыс уақытының балансын жасайды. Онда мына көрсеткіштер орын алады:

1) Жұмыс уақытының күнтізбелі қоры ($KK_{\text{жұмыс уақыты}}$). Ол төмендегідей формуламен анықталады:

$$KK_{\text{жұмыс уақыты}} = \text{Жұмысшылар саны} \times \text{Жылдағы күндер саны}$$

2) Жұмыс уақытының бюджеті ($B_{\text{жұмыс уақыты}}$).

$$B_{\text{жұмыс уақыты}} = \text{Күнтізбелі қор}_{\text{жұмыс уақыты}} \times \text{Демалыс, мейрам күндері}$$

3) Жұмыс уақытының тиімді қоры ($TK_{\text{жұмыс уақыты}}$).

$$TK_{\text{жұмыс уақыты}} = \text{Бюджет}_{\text{жұмыс уақыты}} - \text{Барлық жұмысқа келмеулер}$$

4) Бір жұмысшының тиімді қоры ($TK_{\text{бір жұмысшы}}$).

$$TK_{\text{бір жұмысшы}} = \frac{TK_{\text{жұмыс уақыты}}}{\text{Жұмысшылардың орташа тізімдік саны}}$$

Кесте 36 – Жұмыс уақытының балансы (адам/күндер)

№	Көрсеткіштер	Откен жыл	Есепті жыл	Өсу қарқыны, %	Ауытқуы (+;-)
1.	Жұмысшылардың орташа тізімдік саны, адам	250	223	-10.8	-27
2.	Жұмыс уақытының күнтізбелі қоры, күн	91500	81395	-11,04	-10105
3.	Мейрам және демалыс күндері	28000	25422	-9,2	-2578
4.	Жұмыс уақытының бюджеті	63500	55973	-11.8	-7527
5.	Жұмысқа келмегендер, адам соның ішінде:	110	97	-11.8	-13

-	Оқу бойынша демалыс	51	58	+13,7	+7
-	Жүктілік және босану бойынша демалыс	25	30	+20,0	+5
-	Ауруы бойынша	22	9	-59,1	-13
-	Жұмысқа келмеу	12	-	-	-12
6	Жұмыс уақытының тиімді қоры	63390	55876	-11,9	-7514
7.	Бір жұмысшының тиімді қоры	253,6	250,6	-1,2	-3,0

Кестедегі келтірілген мәліметтері негізінде жасалған есептеулерден келе берілген ұйымда жұмыс уақытын пайдалану бойынша оң баға алмайды. Ол туралы бір жұмысшының тиімді қоры 3,0 күнге немесе 1,2%-ға азаюы айтады. Сонымен қатар бұл ұйымда оқу бойынша демалыстардың 7 күнге артуы байқалады. Бұл дегеніміз ұйым басшылығы жұмысшылардың біліктілігін арттыруға қызығушылығын танытуда. Ұйым әкімшілігінде жұмыс уақытын пайдалануға қатаң бақылау жүргізіледі. Мұнда жұмысқа келмегендер саны өткен жылмен салыстырғанда тек 13 күнге ғана азайған. Атап айтқанда, оның ішінде жүктілік және босану бойынша 5 адамға көбейіп, ауруы бойынша 13 адамға азайғандығы, ал себепсіз жұмыстан қалу өткен жылда 12 адамды құраса, есепті жылда бұл құбылыстың болуы байқалмаған.

Жалпы қорытындылай келе, бұл болған өзгерістер еңбек өнімділігін арттырудың резервтерін төмендетеді.

Өзіндік жұмыс үшін материалдар

Келесі негізгі түсініктерге анықтама беріндер: негізгі құралдардың техникалық жағдайы, қор қайтарымдылығы, қор сыйымдылығы, қор қарулығы, материал сыйымдылығы, материалдық шығындар, еңбекақы қоры, жұмыс күші, еңбек ресурстары.

Бақылау сұрақтары

1. Негізгі құралдарды талдаудың міндеттері мен ақпарат көздері.
2. Негізгі құралдар қозғалысын сипаттайтын көрсеткіштер.

3. Негізгі құралдардың техникалық жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер.
4. Негізгі құралдарды пайдалану тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштер.
5. Материалдық ресурстарды талдау міндеттері мен ақпарат көздері.
6. Материалдық ресурстарды пайдалану тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштер.
7. Еңбек ресурстарын талдау мақсағы мен міндеттері.
8. Еңбек ресурстары қозғалысын сипаттайтын көрсеткіштер.
9. Еңбек ресурстарын пайдалану тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштер жүйесі.

5-ТАҚЫРЫП.

ӨНІМНІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫН ТАЛДАУ

5.1 Өнімнің өзіндік құнын талдаудың маңызы, міндеттері және ақпарат көздері

Өнімнің өзіндік құны оны өндірудің экономикалық тиімділігінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Онда шаруашылық қызметтің барлық жақтары, барлық өндірістік ресурстарды қолдану нәтижелері көрсетіледі. Оның деңгейіне кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелері, кеңейтілген ұдайы өндіріс қарқыны, шаруашылық субъектісінің қаржылық жағдайы байланысты.

Өнім, жұмыс және қызметтің өзіндік құны шығындарды басқару жүйесінде үлкен маңызы бар. Ол оның деңгейінің өзгеру тенденциясын зерделеуге, нақты шығындар сомасының нормативтен ауытқуын және оның себептерін анықтауға, өнімнің өзіндік құнын төмендету резервтерін белгілеуге және өнімнің өзіндік құнын төмендету мүмкіндіктерін пайдалану бойынша кәсіпорын жұмысына баға беруге мүмкіндік береді.

Шығындарды басқару жүйесінің тиімділігі оларды талдауды ұйымдастыруға байланысты, ал ол келесі факторлармен анықталады:

- кәсіпорында қолданылатын шығындарды есепке алу нысандары мен әдістері;

- кәсіпорындағы есептік-талдамалық үдерістердің автоматтандырылу деңгейі;

- операциялық шығындар деңгейін жоспарлау және нормалау жағдайы;

- күнделікті апталық және айлық операциялық шығындар бойынша ішкі есептіліктің бар болуы;

- шығындардың қалыптасу үдерісін басқара және талдай алатын білікті мамандардың болуы.

Өнімнің өзіндік құнын талдау үшін «Өнімді өндіру және сату шығындары туралы есеп беру» статистикалық есептілігі, өнімнің өзіндік құнын жоспарланған және есептік калькуляциялары, негізгі және көмекші өндірістер бойынша шығындардың синтетикалық және аналитикалық есебі және т.б. мәліметтері қолданылады.

Өнімнің өзіндік құнын талдау үшін объектілер болып табылады:

- өнімнің тұтастай толық және шығындар элементтері бойынша өзіндік құны;

- шығарылған өнімнің 1 теңгесіне кеткен шығындар;

- жеке бұйымдар өзіндік құны;

- шығындар баптары бойынша (жеке баптары);

- жауапкершілік орталықтары бойынша шығындар.

Ұйымдардағы өзіндік құнды жоспарлауды және оны есепке алуды шығындар элементтері бойынша және шығындардың калькуляциялық баптары бойынша жүргізеді. Шығындар элементтері: материалдық шығындар, еңбек ақы шығындары, әлеуметтік қажеттіліктерге аударымдар, негізгі құралдар амортизациясы, басқа да шығындар.

Элементтер бойынша шығындарды топтастыру материал сыйымдылығын, энергия сыйымдылығын, еңбек сыйымдылығын, қор сыйымдылығын зерделеу үшін және шығындар құрылымына техникалық прогрестің әсерін есептеу үшін қажет. Егер еңбекақы үлесі азайып, амортизация үлесі көбейетін болса, онда ол ұйымның техникалық деңгейінің жоғарлағанын, еңбек өнімділігінің

өскенін көрсетеді. Еңбек ақының үлес салмағы егер жартылай фабрикалтар мен сатып алынған комплекттелген бұйымдар үлесі жоғарылаған жағдайда қысқарады және бұл кәсіпорынның маманданған деңгейін көрсетеді.

Шығындарды орнына қарай, яғни калькуляция баптары бойынша топтастыру ресурстардың қайда, қандай мақсатқа және қандай мөлшерде жұмсалғанын анықтайды. Ол көп номенклатуралы өндірісте бұйымдардың жеке түрлерінің өзіндік құнын есептеу және шығындарды қысқарту резервтерін іздеу үшін қажет.

Калькуляцияның негізгі баптарына мыналар жатады: шығындар және материалдар, жартылай фабрикалтар, технологиялық мақсаттарға жанар май және энергия, өндіріс жұмысшыларының негізгі және қосымша еңбек ақысы, машина және жабдықтарды ұстау шығындары, жалпы өндірістік шығындар, жалпы шаруашылық шығындары, басқа да өндірістік шығындар, коммерциялық шығындар, ақаудан болған жоғалтулар.

Шығындар тікелей және жанама болып бөлінеді. Тікелей шығындар белгілі бір өнім түрін өндірумен байланысты (шикізат, материалдар, өндірістік жұмысшылар еңбек ақысы және басқалар) шығындар. Олар калькуляцияның сол және басқа да объектісіне кіреді. Жанама шығындар өнімнің бірнеше түрін өндірумен байланысты шығындар және олар калькуляция объектілер бойынша сәйкесінше базаға (жұмысшылардың негізгі және қосымша еңбек ақысына немесе барлық тікелей шығындарға, өндірістік ауданға және басқалар) пропорционалды бөлінеді. Жанама шығындарға жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық шығындары, негізгі құралдарды ұстап тұру шығындары және басқаларды мысал ретінде келтіруге болады.

Шығындарды қазіргі нарық жағдайында анық және анық емес (имплицитті) деп бөледі. Анық шығындарға жеткізушілерге өндіріс факторлары мен аралық шығарылатын бұйымдар тікелей төлемдер түріндегі шығындар жатады. Нақты шығындар құрамына жұмысшылар, менеджерлер, қызметкерлер еңбек ақылары, сауда фирмаларына комиссия төлемдері, банктерге және басқа жеткізушілерге қаржылық және материалдық қызметтер төлемдері, көлік шығындарын төлеу және басқалар.

Анық емес (имплицитті) шығындар – фирма иелеріне тиесілі немесе заңды тұлға ретінде фирманың меншігіндегі ресурстарды қолданудағы альтернативті шығындар. Мұндай шығындар келісім-шартпен қарастырылмайды және бухгалтерлік (қаржылық) есептілікте көрсетілмейді.

Мысалы: фирма оның иесіне тиесілі ғимаратты қолданады. Ол үшін ештеңе төлемейді.

5.2 Өнімді өндіруге кеткен жалпы шығындар сомасын талдау

Талдау үдерісін әдетте толық шығындардың жалпы сомасын және негізгі элементтерін зерделеуден бастайды.

Кесте 37 – Өнімді өндіру шығындары

Шығындар элементтері	Сомасы, мың тг			Шығындар құрылымы, %		
	жоспар	нақты	+;-	жоспар	нақты	+;-
Тіпбек ақы	41000	42930	1930	28,98	27,27	-1,71
Әлеуметтік қажеттіліктерге ауларым	1845	1932	87	1,30	1,23	-0,07
Материалдық шығындар	52336	63492	11156	36,9	40,34	3,44
Амортизация	6300	7000	700	4,45	4,44	-0,01
Басқа да шығындар	39968	42034	2066	28,37	26,72	-1,65
Толық өзіндік құн	141449	157388	15939	100	100	-
Оның ішінде:						
-ауыспалы шығындар	101300	111000	9700	71,61	70,52	-1,09
-тұрақты шығындар	40149	46388	6239	28,39	29,48	1,09

Өнімді өндіруге кеткен шығындардың жалпы сомасы өнімді өндіру көлемі; өнімнің құрылымы; өнімнің бір бірлігіне кеткен ауыспалы шығындар; тұрақты шығындар сомасы есебінен өзгеруі мүмкін.

Өнімді өндіру көлемі өзгеруінен тек қана ауыспалы шығындар көбейеді. Тұрақты шығындар сол өндірістік күш қуаттың сақталуы жағдайында қысқа мерзімді кезең аралығында өзгеріссіз қалады. Шығындар сызығы тұрақты және ауыспалы шығындар бар болған жағдайда бірінші дәрежелі теңдеумен көрсетіледі:

$$\Sigma_{ж} = \sum V_{\text{Ш}\Theta} \times v_{\text{т}} + A = \sum (\text{Ш}\Theta_{\text{ж}} + Y_{\text{т}} \times v_{\text{т}}) + A$$

Мұнда: $\Sigma_{ж}$ – өнім өндіруге кеткен шығындардың жалпы сомасы;

$V_{\text{Ш}\Theta}$ – өндірілген өнім көлемі;

v – бір бірлікке келетін ауыспалы шығындар деңгейі;

A – барлық шығарылған өнімге келетін тұрақты шығындардың абсолюттік сомасы.

Шығындардың жалпы сомасын тұрақты және ауыспалы шығындарға бөлумен анықтайтын факторлық талдау мәліметтері келесі кестеде келтірілген.

Кесте 38 – Өнімнің бір бірлігіне шығындар

Өнім түрі	Өзіндік құн деңгейі, теңге						Өндіріс көлемі, дана	
	Жоспар			Нақты			Жоспар	Нақты
	Барлығы	Оның ішінде		Барлығы	Оның ішінде			
ауыспалы		тұрақты	ауыспалы		тұрақты			
А	6000	4500	1500	7300	5500	1800	18089	17024
Б және т.б.	3291.5	1989.95	1301.55	5809.25	3047	2762.25	10000	5700

Кесте 39 – Өнім өндіруге кеткен шығындардың жалпы сомасын факторлық талдау үшін мәліметтер

Шығындар	Сомасы млн теңге	Шығындардың өзгеру факторлары			
		Шығарылған өнім көлемі	Өнім құрылымы	Ауыспалы шығындар	Тұрақты шығындар
Жоспар бойынша жоспарланған шығарылған өнімге: $\Sigma(V_{\text{Ш}\Theta}_{\text{ж}} \times v_{\text{т}}) + A_{\text{ж}}$	141449	жоспар	жоспар	жоспар	жоспар
Жоспарланған құрылым сақталуында шығарылған өнімнің нақты көлеміне есептелген жоспар бойынша: $\Sigma(V_{\text{Ш}\Theta}_{\text{ж}} \times v_{\text{т}}) \times K_{\text{т}} + A_{\text{ж}}$	121999,400	нақты	жоспар	жоспар	жоспар

Нақты құрылым жағдайында нақты шығарылған өнімге жоспарланған деңгей бойынша: $\Sigma(VШӨ_{\text{ш}} \times V_{\text{ш}}) + A_{\text{ж}}$	128099,715	нақты	нақты	жоспар	жоспар
Тұрақты шығындардың жоспарланған деңгейінде нақты: $\Sigma(VШӨ_{\text{ш}} \times V_{\text{ш}}) + A_{\text{ж}}$	151149	нақты	нақты	пақты	жоспар
Нақты: $\Sigma(VШӨ_{\text{ш}} \times V_{\text{ш}}) + A_{\text{ж}}$	157388	нақты	нақты	пақты	пақты

Кестеден шығарылған тауарлық өнімнің шартты – табиғи көлемі бойынша жоспардың артық орындалуына байланысты шығындар сомасының артқанын көруге болады.

Шығарылған өнімнің құрылымы өзгеруі есебінен шығындар сомасының да көбейгенін байқаймыз. Бұл жалпы шығарылған өнім ішінде шығын сиымдылығы жоғары өнім үлесінің көбейгені деген сөз, жекелеп айтқанда шығарылған өнімнің құрылымының өзгеруінен шығындар 6100315 теңгеге көбейген, өнімнің бір бірлігіне кеткен ауыспалы шығындар деңгейі жоғарлауынан өнімді өндіруге кеткен шығындар 2304925 теңгені құрады. Тұрақты шығындар жоспармен салыстырғанда 6239000 теңгеге жоғарланған, ол да жалпы шығындар сомасының көбеюіне себеп болды.

Қорытындылап айтқанда, шығындардың жалпы сомасы жоспардан 15939000 теңгеге артық (157388000 – 141449000) немесе 11,26 %-ға артық. Оның ішінде өнімді өндіру көлемі бойынша жоспардың орындалуынан және өнімнің құрылымының өзгеруінен 13349285 теңгеге (128099715 – 141449000) азайып және өнімнің өзіндік құнының өсуінен 29288285 теңгеге (157388000 – 128099715) көбейген.

Ауыспалы және тұрақты шығындардың үлес салмағының өзгеруі өнімнің ресурс сиымдылығы жоғарлауынан да, сонымен бірге ресурсқа бағаның өсуінен де болады.

Осы факторлардың өнімнің өзіндік құнына әсерін анықтау үшін есеп беру кезеңіндегі қолданылған ресурстардың нақты санын жоспарланған бағаға немесе базалық кезеңдегі бағаға

көбейту керек, содан кейін оны есеп беру кезеңіндегі оның нақты құнымен салыстырады.

5.3 Өнімнің жеке түрлерінің өзіндік құнын талдау

Өзіндік құнының өзгеру себептерін терең зерттеу үшін жеке бұйымдар бойынша есептік калькуляцияны талдайды, бір бірлікке кеткен шығындардың нақты деңгейін жоспармен және өткен жыл мәліметтерімен толық шығындар және шығындар элементтері бойынша салыстырады.

Өнімнің бір бірлігінің өзіндік құны деңгейі өзгерісіне бірінші гәртіптегі фактордың әсерін келесі факторлық үлгі көмегімен зерделейді:

$$C_t = \frac{A_t}{VШ\Theta_t} + b_t$$

Кесте 40 – А бұйымы өзіндік құнын факторлық талдау үшін бастапқы мәліметтер

Көрсеткіштер	Жоспар бойынша	Нақты	Жоспардан ауытқу
Өндіріс көлемі, мшб	11520	10080	-1440
Тұрақты шығындар сомасы, млн.тг	13824	14112	288
Өнімнің бір бірлігінің ауыспалы шығындары, мың тг	5600	6200	600
1 мшб өзіндік құны	6800	7600	800

Осы үлгіні қолдана отырып, А бұйымы өзіндік құны өзгерісіне факторлардың әсерін тізбектелген қойылымдар әдісімен есептейміз:

$$C_{\text{жосп}} = \frac{A_{\text{жосп}}}{VШ\Theta_{\text{жосп}}} + b_{\text{жосп}} = \frac{13824000}{11520} + 5600 = 6800 \text{ мың тг}$$

$$C_{\text{шартты1}} = \frac{A_{\text{жосп}}}{VШ\Theta_{\text{нақты}}} + b_{\text{жосп}} = \frac{1382400}{10080} + 5600 = 6971,4286$$

$$C_{\text{смертты}} = \frac{A_{\text{нақты}}}{VШ\Theta_{\text{нақты}}} + b_{\text{жосп}} = \frac{1411200}{10080} + 5600 = 7000$$

$$C_{\text{нақты}} = \frac{A_{\text{нақты}}}{VШ\Theta_{\text{нақты}}} + b_{\text{нақты}} = \frac{14112000}{10080} + 6200 = 7600$$

Өнімнің бір бірлігі өзіндік құнының жалпы өзгерісі мынадай:

$$\Delta C_{\text{жалпы}} = 7600 - 6800 = 800 \text{ мың тг.}$$

Оның ішінде:

а) өндірілген өнім көлемі әсерінен:

$$6971,4286 - 6800 = 171,4286 \text{ мың тг.}$$

б) тұрақты шығындар есебінен:

$$7000 - 6971,4286 = 28,5714$$

в) өнімнің бір бірлігінің ауыспалы шығындар есебінен:

$$7600 - 7000 = 600 \text{ мың тг.}$$

Осындай есептеулерді өнімнің әрбір түрі бойынша жүргізеді.

Одан кейін шығындардың әрбір баптары бойынша тауарлы өнімнің құнын жеке-жеке зерделейді, ол үшін нақты мәліметтерді жоспармен немесе өткен кезең мәліметтерімен салыстырады (41-кесте).

Кесте 41 – Шығындар баптары бойынша А бұйымының өзіндік құнын талдау

Шығындар баптары	Бір бірлік шығындары; мың тг			Шығындар құрылымы, %		
	жоспар	нақты	Δ	жоспар	нақты	Δ
Шикізат және материалдар	2880	3280	400	42,35	43,15	0,8
Жалармай және мергия	750	807	57	11,03	10,6	-0,97
Өндірістік жұмысшылар еңбек ақысы	1550	1650	100	22,79	21,7	-1,09
Әлеуметтік сақтандыру нұсқалары	75	83	8	1,10	1,09	-0,01
Жабдықтарлы ұстап тұру және эксплуатация шығындары	480	590	110	7,05	7,76	0,01

Жалпы өндірістік шығындары	410	420	10	6,02	5,52	-0,5
Жалпы шаруашылық шығындары	300	310	10	1,41	4,07	-0,34
Ақаудан жоғалтулар	-	60	60	-	0,78	0,78
Басқа да өндірістік шығындар	175	180	5	2,57	2,37	-0,2
Коммерциялық шығындар	180	220	40	2,68	3,5	0,82
Жиыны	6800	7600	800	100	100	-

Келтірілген мәліметтер шығындардың артық жұмсалуды барлық баптар бойынша болғанын көрсетеді. Әсіресе шығындардың ішінде ең көп жұмсалғаны шикізат пен материалдар және жабдықтарды ұстап тұру шығындары.

Осындай есептеулер өнімнің әрбір түрі бойынша жүргізіледі. Анықталған ауытқулар факторлық талдау объектісі болып табылады.

5.4 Тікелей материалдық шығындарды талдау

Өнеркәсіп өнімінің өзіндік құнында жоғары үлес салмақты әдетте шикізат пен материалдарға кеткен шығындар алады. Бұл бап бойынша шығындардың жалпы сомасы өндірілген өнім көлеміне (VЖӨ), оның құрылымына (УС₁) және жеке бұйымдарға кеткен шығындар үлесі өзгерісіне (МШҮ) байланысты. Соңғысы (МШҮ) өз кезегінде өнімнің бір бірлігіне кеткен материалдар санына (ШҮ) және материалдардың бір бірлігінің орташа бағасына (Б₁) тәуелді.

Тікелей материалдық шығындарды талдауды ең алдымен өнімнің бір бірлігіне кеткен материалдық шығындар өзгерісіне әсер ететін факторларды зерттеуден бастаған жөн. Ол үшін келесі факторлық үлгі қолданылады.

$$МШҮ_1 = \sum (ШҮ_1 \times Б_1)$$

Бұл факторлардың әсерін тізбектелген қойылымдар әдісімен есептеуге болады:

$$MШY_0 = \sum(ШY_{10} \times B_{10}); \quad MШY_{из} = \sum(ШY_{11} \times B_{10})$$

$$MШY_1 = \sum(ШY_{11} \times B_{11})$$

$$\Delta MШY_{из} = MШY_{из} - MШY_0$$

$$\Delta MШY_0 = MШY_1 - MШY_{из}$$

Мысалы:

Кесте 42 – Өнімнің бір бірлігіне кеткен тікелей материалдық шығындар сомасына факторлардың әсерін есептеу

Бұйым түрі	Бұйымға материал шығындары, м		Ісметрмат бағасы, тт		Бұйымға материалдық шығындар, тт			Бұйымға материалдық шығындар өзгерісі, тт		
	t ₀	t ₁	t ₀	t ₁	t ₀	MШY _{из}	t ₁	Жалпы	Оның ішінде	
									Шығын нормасы есебінен	Баға есебінен
А бұйымы										
Қимнің сырт жағы мағасы	2,9	2,8	2500	2650	7250	7220	7420	170	-50	220
Қимнің ішкі жағы мағасы	2,6	2,6	500	620	1300	1300	1612	312	--	312
І-яқса да материал шп	--	--	--	--	250	254	260	10	4	6
Жылыны					8800	8774	9292	492	-46	538
Б бұйымы										
Қимнің сырт жағы мағасы	2,7	2,6	1250	1500	3375	3350	3900	525	-25	550
Қимнің ішкі жағы мағасы	2,6	2,7	250	260	650	660	702	52	10	42
І-яқса да материал шп	--	--	--	--	125	125	170	45	--	45
Қимнің					4150	4135	4772	622	-15	637

Өнімнің бір бірлігіне шикізат пен материалдар шығыны олардың сапасына, материалдың бір түрін басқаға ауыстыруға, шикізат рецептурасының өзгеруіне, өндірістің техникасы, технологиясы және ұйымдастырылуына, жұмыскерлердің біліктілігіне, шикізат қалдықтарына және басқаларға байланысты.

Алдымен материалдар үлес салмағының қандай да бір фактордың әсерінен өзгеруін білу керек, содан кейін жоспарланған баға мен өнімнің i түрі бойынша өндірістің нақты көлеміне көбейту қажет. Нәтижесінде сәйкесінше фактор есебінен осы бұйым түрі өндірісіне кететін материалдық шығындардың өсімше (прирост) сомасын аламыз.

$$\Delta MШ_{xt} = \Delta ШY_{xt} \times B_{ixk} \times VШ\Theta_{ix}$$

Материалдың орташа баға деңгейі шикізат нарығына, инфляциялық факторларға, материалдық ресурстардың ішкі топтық құрылымына, тасымалдау және дайындау шығындары деңгейіне, шикізат сапасына және т.б. байланысты. Осы факторлардың әрбіреуі әсерінен материалдық шығындардың жалпы сомасы қалай өзгергенін білу үшін қандай да бір фактордың есебінен материалдың i түрі немесе материалдар тобының орташа бағасы өзгерісін сәйкесінше қолданылған материалдар түрінің нақты санына көбейтеді:

$$\Delta MШ_{xt} = \Delta B_{ix} \times ШY_{ix} \times VШ\Theta_{ix}$$

Көптеген кәсіпорындарда шикізаттың жоспардан тыс қайтарылатын қалдықтары болады, оларды сатуға немесе басқа мақсаттарға пайдалануға жарайды. Егер олардың қолдануға болатын баға бойынша құнын бастапқы шикізат бағасы бойынша құнымен салыстырса, онда өнімнің өзіндік құнына кіретін материалдық шығындардың қандай сомаға көбейгенін білуге болады.

Жоспардан тыс қайтарылмайтын қалдықтардың болуы өнімнің тікелей қымбаттауына және оны шығару көлемінің төмендеуіне әкеледі. Материалдық шығындардың сомасы қаншалықты жоғарлағанын анықтау үшін қайтарылмайтын қалдықтардың

жоспардан тыс көлемін (санын) бастапқы материалдың жоспарланған бағасына көбейту керек.

Бір материалды басқамен ауыстыру нәтижесінде өнімнің бір бірлігіне қолданылған материалдар саны ғана емес, сонымен бірге олардың құны да өзгереді. Осыған байланысты өнімнің бір бірлігіне материалдық шығындардың қалай өзгергенін анықтау үшін ауыстыратын материал шығыны нормасы мен ($ШУ_1$) ауыстырылушы материал шығыны ($ШУ_0$) нормасы арасындағы айырманы ауыстырылушы материал бағасына (B_0) көбейту керек, ал ауыстыратын материал бағасымен (B_1) ауыстырылушы материал бағасы (B_0) арасындағы айырманы ауыстыратын материалдар шығыны ($ШУ_1$) нормасына көбейтеді, содан кейін алынған нәтижелерді бір-біріне қосады:

$$\Delta MШУ = (ШУ_1 - ШУ_0) \times B_0$$

$$\Delta MШУ = (B_1 - B_0) \times ШУ_1$$

Өнімнің i түрі бойынша өндіріске материалдық шығындар сомасы өзгерісіне факторлардың әсерін есептеудің жинақталған түрі келесі кестелерде берілген.

Кесте 43 - Д бұйыммен шығарудың материалдық шығындары

Көрсеткіштер	Жоспар			Нақты			Жоспардан ауытқу
	кг	Бағасы, теңге	Сомасы мың теңге	кг	Бағасы теңге	Сомасы теңге	
А материалы	2000	1800	3600,0	2050	1750	3587,5	-12,5
Өндіріске босатылды							
Қалдықтар:							
Қайтарылатын	140	500	70,0	160	500	80,0	10
Қайтарылмайтын	50	-	-	60	-	-	-
Бұйым шығындары	1810	-	3530	1830	-	3507,5	-22,5
Б материалы	50	4500	225,0	-	-	-	-225
С материалы	-	-	-	60	4000	240	+240
Жпыны	-	-	3755	-	-	3747,5	-7,5

Осындай есептеулер өнімнің әрбір түрі бойынша жоспарлы және есептік калькуляция негізінде жасалады, содан кейін түлік кәсіпорын бойынша алынған нәтижелер жинақталады.

Кесте 44 – Д бұйымы бірлігіне материалдық шығындар сомасы өзгерісіне факторлардың әсерін есептеу

Фактор	Әсерді есептеу	Әсер мөлшері, тенге
А материалы шығыны үлесінің жоғарлауы	$(1830-1810) \times 1800$	+36000
А материалы бағасының төмендеуі	$(1750-1800) \times 2050$	-102500
Қайтарылатын қалдықтардың көбеюі	$(160-140) \times (1800-500)$	+26000
Қайтарылмайтын қалдықтардың көбеюі	$(60-50) \times 1800$	+1800
В материалын С материалымен ауыстыру:		
Санының өзгеруі	$(60-50) \times 4500$	45000
Бағасының өзгеруі	$(4000-4500) \times 60$	-30000
Жыны	3747500-3755000	-7500


Егер кәсіпорында сатылып алынатын комплектіленген бұйым мен жартылай фабрикаттар бар болса, онда олардың кәсіпорын кооперациясы үшін қаншалықты тиімді екенін анықтау керек.

Ол үшін сатып алу бағасы мен бұйымды дайындаудың өзіндік құнын салыстырады. Егер сатып алу бағасы дайындаудың өзіндік құнынан төмен болса, онда бұйымды немесе жартылай фабрикатты сатып алған тиімді.

5.5 Тікелей еңбек шығындарын талдау

Тікелей еңбек шығындарын өнімнің өзіндік құнында маңызды үлес салмақты алады және оның деңгейін қалыптастыруға үлкен әсер етеді. Сондықтан тауарлы өнімнің бір теңгесіне еңбек ақы динамикасын, оның өзіндік құндағы үлес салмағын және мөлшерін анықтаушы факторларды зерделеу, шығындардың осы баптары бойынша қаражаттарды үнемдеу резервтерін іздеу маңызды роль атқарады.

Тікелей еңбек ақының жалпы сомасы тауарлы өнімді өндіру көлеміне, оның құрылымына және жеке бұйымдар шығындары деңгейіне байланысты. Соңғысы өз кезегінде еңбексыйымдылығы мен 1 адам-сағатқа еңбек ақы деңгейіне тәуелді.



6-сурет. Өндірілген өнімге еңбек ақы факторлық жүйесінің құрылымдық-логикалық сызбасы

Факторлық үлгі:

а) тұтас кәсіпорын бойынша жалпы тікелей еңбекақы шығындары:

$$EA_{\text{ж}} = \sum (VШӨ_{\text{ж}} \times УС_1 \times ЕС_1 \times ЕТ_1)$$

б) тікелей еңбекақы сомасының өнімнің i түрі жалпы өндірісіне әсері:

$$EA_i = VШӨ_i \times ЕС_1 \times ЕТ_1$$

в) өнімнің i түрі бірлігіне тікелей еңбек ақы әсері:

$$EAУ = ЕС_1 \times ЕТ_1$$

Алғашында өнімнің әрбір түрі өзіндік құнының өнімнің еңбек сыйымдылығы және орташа сағаттың еңбек төлемі

есебінен қалай өзгергенін білу керек. Ол үшін келесі кестені құруға болады:

Кесте 45 – Өнімнің бір бірлігіне төленетін еңбекақыны факторлық талдау

Өнім түрі	Еңбек сыйымдылығы		1 адам-сағатқа төлем деңгейі, теңге		Өнімнің бір бірлігіне еңбек ақы, теңге		Жоспардан ауытқу		
	t ₀	t ₁	t ₀	t ₁	t ₀	t ₁	Жалпы	Оның ішінде	
								Еңбек сыйымдылығы есебінен	Еңбек төлемі деңгейі есебінен
А	15	16	2500	3500	37500	56000	18500	3500	15000
Б	13	12	3200	3500	41600	42000	400	-3200	3600

Есептеуді абсолюттік айырма әдісімен анықтаймыз:

$$\Delta EAY_{EC} = \Delta EC_i \times ET_{i0}$$

$$\Delta EAY_{ET} = EC_{i1} \times \Delta ET_i$$

Алынған мәліметтер екі бұйым бойынша өнім бірлігіне еңбекақының еңбек төлемі деңгейінің жоғарлауынан болғанын көрсетеді. Сонымен бір уақытта өнімнің еңбек сыйымдылығы инновациялық шаралар жүргізумен төмендеуі есебінен еңбекақының үнемделуі болған.

Осыдан кейін өнімнің әрбір түрі бойынша жалпы өндірісінің еңбекақы сомасына факторлардың әсерін анықтау қажет. Ол үшін де абсолюттік айырма әдісін қолдануға болады.

$$\Delta EA_{(VШ0)} = \Delta VШ_{01} \times EC_{i0} \times ET_{i0} = (17024 - 18089) \times 15 \times 2500 = -39937500 \text{ тг}$$

$$\Delta EA_{(EC)} = VШ_{01} \times \Delta EC_i \times ET_{i0} = 17024 \times (16 - 15) \times 2500 = 42560000 \text{ тг}$$

$$\Delta EA_{(ET)} = VШ_{01} \times EC_{i1} \times \Delta ET_i = 17024 \times 16 \times (3500 - 2500) = 272384000 \text{ тг}$$

Тұтас кәсіпорын бойынша тікелей еңбек ақының жалпы сомасы жоғарыда аталған факторлармен қоса өнімнің құрылымына да байланысты. Еңбек сыйымдылығы көбірек өнім үлесі жоғарлағанда еңбекақы шығылы көбейеді және керісінше.

Жалпы шығарылған өнімге тікелей еңбекақы бойынша жалпы артық шығынды және оның ішінде оған әсер ететін факторлардың үлесін есептейміз.

Кесте 46

Көрсеткіш	Есептеу алгоритмі	Есептелуі	Сомасы, мың тг
EA ₀	$\sum(VШ\Theta_{10} \times EC_{10} \times ET_{10})$	18089×15×2500+10000×13×3200	1094337,5
EA _{ш1}	$EA_0 \times I_{тн}$	410000×0,87	356700
EA _{м2}	$\sum(VШ\Theta_{12} \times EC_{12} \times ET_{12})$	17024×15×2500+5700×13×3200	875520
EA _{м3}	$\sum(VШ\Theta_{13} \times EC_{13} \times ET_{13})$	17024×16×2500+5700×12×3200	899840
EK ₁	$\sum(VШ\Theta_{11} \times EC_{11} \times ET_{11})$	17024×16×3500+5700×13×3500	1192744

$$\Delta EA_{VШ\Theta} = 356700 - 1094337,5 = - 737637,5 \text{ мың тг}$$

$$\Delta EA_{кыр} = 875520 - 356700 = 518820 \text{ мың тг}$$

$$\Delta EA_{EC} = 899840 - 875520 = 24320 \text{ мың тг}$$

$$\Delta EA_{ET} = 1192744 - 899840 = 292904 \text{ мың тг}$$

Өнімнің еңбек сыйымдылығы және еңбекақы деңгейі өңдіріске жаңа, прогрессивті техника және технологияны енгізу, механикаландыру және автоматтандыруға байланысты. Бұл факторлардың еңбекақы сомасы өзгерісіне әсерін былайша табуға болады:

$$\Delta EA_{x1} = \Delta EC_{x1} \times ET_0 \times VШ\Theta_1$$

$$\Delta EA_{x1} = EC_1 \times \Delta ET_{x1} \times VШ\Theta_1$$

Егер өнімнің өзіндік құнына осы фактордың әсерін кешенді бағалау керек болса, онда жана жабдықты енгізуге байланысты амортизация және басқа да шығындардың қаншалықты жоғарлағанын есепке алу керек:

$$\Delta \Theta K_{x1} = \frac{\Pi_0 \pm \Delta EA_{x1} \pm \Delta A_{\text{амз}}}{\text{VШ}\Theta_0 + \Delta \text{VШ}\Theta_{x1}} - \Theta K_0$$

Мұнда: $\Delta \Theta K_{x1}$ – инновациялық шаралар есебінен өнімнің бір бірлігі өзіндік құны деңгейінің өзгерісі;

ΔEA_{x1} – осы шара есебінен еңбекақы сомасының өзгерісі;

$\Delta A_{\text{амз}}$ – осы шараны енгізуге байланысты негізгі құралдарды ұстаудың басқа шығындары мен амортизация сомасы өзгерісі;

$\Delta \text{VШ}\Theta_{x1}$ – осы шара есебінен шығарылған өнім өзгерісі;

Еңбекақы өзгерісі факторларын талдау кезінде сонымен бірге ғылыми-техникалық шараларды енгізу актісі мәліметтерін пайдалануға болады, онда әрбір енгізілген шара есебінен еңбекақының үнемделген сомасы көрсетіледі.

5.6 Жанама шығындарды талдау

Өнімнің өзіндік құнындағы жанама шығындар келесі кешенді баптардан тұрады: жабдықты ұстау және эксплуатация шығындары, жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық шығындары, коммерциялық шығындар. Бұл шығындарды талдау олардың 5-10 жыл аралығы динамикасында өнімнің 1 теңгесіне нақты мөлшерін, сонымен бірге есеп беру кезеңіндегі жоспарланған деңгейімен салыстыру жолымен жүргізіледі. Мұндай салыстыру динамикада және жоспармен салыстырғанда өнімнің құнындағы олардың үлесінің қалай өзгергенін көрсетеді.

Талдау үдерісінде жанама шығындардың абсолютті және қатысты өзгерісін туындатқан себептерді анықтайды. Өзінің құрамы бойынша бұл кешенді баптар. Олар среже бойынша бірнеше шығындар элементінен тұрады.

Машиналар және жабдықтарды ұстау шығындарына машина және технологиялық жабдық амортизациясы оларды жөндеу шығындары, ішкі заводтық жүктерді ауыстыру және басқа шығындар кіреді. Амортизацияның жалпы сомасы машина және жабдықтар санына, олардың құрылымына, құнына және амортизация нормасына тәуелді. Жабдық құны қымбатырақ машинаны сағып алу және оларды инфляцияға байланысты қайта бағалау есебінен өзгеруі мүмкін. Амортизация нормасы кәсіпорынның амортизациялық саясатына және оны есептеу әдісіне байланысты.

Өнімнің бір бірлігіне амортизация үлесі өнімді өндіру көлеміне де байланысты қаншалықты қолда бар өндірістік күш қуат көлемінде өндірілген өнім көп болса, соншалықты өнім бірлігіне амортизация және басқа да тұрақты шығындар аз болады.

Эксплуатациялық шығындар көлеміне жұмыс істеп тұрған жабдық саны, оның жұмыс істеу уақыты және 1 машина-сағат жұмысқа шығындар үлесі әсер етеді.

Жабдықтарды жөндеу шығындары жөндеу жұмыстары, олардың күрделілігі, негізгі құралдардың тозу деңгейі, қосалқы бөлшектер құны және жөндеу материалдары, оларды үнемді пайдалану есебінен өзгеруі мүмкін.

Жүктерді ішкі ауыстыру шығындары сомасына көлік құралдары түрі, оларды толық пайдалану, өндірістік бағдарламаны орындау деңгейі, қозғалмалы құрамды ұстап тұру шығындары әсер етеді.

Шығындар баптары бойынша жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық шығындарын талдау үшін аналитикалық бухгалтерлік есеп мәліметтерін қолданады. Әрбір бап бойынша жоспардан абсолюттік және қатысты ауытқуын және олардың себептерін анықтайды.

Сметанын орындалуын тексерген кезде барлық үнемделген маражат сомасын кәсіпорынның еңбегі деп санауға болмайды. Еметадан нақты шығындардың ауытқуын бағалау оларды қандай себептер туындатқанына байланысты болады. Талдау үдерісінде өндірістік емес шығындар, шаруашылықсыздықтан жоғалтулар

анықталуы керек. оларды өнімнің өзіндік құнын төмендетудің қолданылмаған резерві ретінде қарастыруға болады.

Өндірістік емес шығындарға бұзылулардан және шикізат жетіспеушілігінен жоғалтуларды, кәсіпорын кінәсіне байланысты тұрып қалуларға төлем, кәсіпорынның тұрып қалуына байланысты қолданылған энергия және жанармай құндарын жатқызуға болады.

Егер қандай да бір факторлар есебінен үстеме шығындардың жалпы сомасы өзгерісі белгілі болса, онда олардың жеке бұйымдар өзіндік құнына әсерін білуге болады. Ол үшін қандай да бір i факторы бойынша жалпы өндірістік және жалпышаруашылық шығындарының жалпы сомасы өзгерісі пайызын сол өнім түріне енгізілген үстеме шығындардың нақты сомасына көбейту керек.

Коммерциялық шығындарға сатып алушыға өнімді тиеу бойынша шығындар, тара шығындары, қораптау шығындары, нарықта өткізуді зерделесу, жарнама шығындары кіреді.

Тауарларды жеткізу бойынша шығындар жеткізу ара қашықтығына, жеткізу жүгі салмағына, тасымал тарифіне, көлік құралдары түріне байланысты.

Жүкті тиеу және түсіру шығындары тиелген өнім салмағына және тиеу бағасына және 1 тонна өнімді түсіру бағасына тәуелді.

Тара және қораптау шығындары олардың саны және құнына байланысты өзгереді.

Кесте 47 – Жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық шығындары өзгеруі факторлары

Шығындар бағтары	Шығындардың өзгеру факторлары	Әсерді есептеу
Басқару жұмыскерлері еңбекақысы	Жұмыскерлер саны мен орташа еңбекақы өзгерісі	$EA = AC \times ET$ $\Delta EA_{AC} = \Delta AC \times ET_0$ $\Delta EA_{ET} = AC_1 \times \Delta ET$
	Негізгі құралдарды ұстау	
Амортизация	Негізгі құралдар құны мен амортизация нормасының өзгеруі	$A = НК \times АН$ $\Delta A_{НК} = \Delta НК \times АН_0$ $\Delta A_{АН} = НК_1 \times \Delta АН$

Жарық беру, жылыту сумен қамтамасыз ету және басқа	Қолданылған қызмет саны мен олардың құнының өзгеруі	$M = K \times B$ $\Delta M_x = \Delta K \times B_0$ $\Delta MB = K_1 \times \Delta B$
Негізгі құралдарда ағымдық жөндеу шығындары	Жұмыс көлемімен олардың құнының өзгеруі	$ЖШ = V \times B$ $\Delta ЖШ_V = \Delta V \times B_0$ $\Delta ЖШ_B = V_1 \times \Delta B$
Жеңіл көлікті ұстау шығыны	Машина санымен бір машинаны ұстау шығындарының өзгеруі	$Ш = MC \times \Psi Ш$ $\Delta Ш_{MC} = \Delta M \times \Psi Ш_0$ $\Delta Ш_{\Psi Ш} = MC_1 \times \Delta \Psi Ш$
Іс сапар шығындары	Іс сапар саны, іс сапардың орташа ұзақтығы, іс сапардың бір күнінің орташа құты	$ІСШ = C \times \Psi \times OK$ $\Delta ІСШ_C = \Delta C \times \Psi_0 \times OK_0$ $\Delta ІСШ_{\Psi} = C_1 \times \Delta \Psi \times OK_0$ $\Delta ІСШ_{OK} = C_1 \times \Psi_1 \times \Delta OK$
Тұрып қалуларды төлеу	Тұрып қалу адам күні және тұрып қалудың бір күніне төлем деңгейі	$тк = тк \times мм$ $\Delta тк_{тк} = \Delta тк \times мм_0$ $\Delta тк_{мм} = тк_1 \times \Delta мм$
Материалдар бұнылуынан жетіспеушілігінен жоғалту	Материалдар саны және олардың құны	$МЖ = C \times B$ $\Delta МЖ_C = \Delta C \times B_0$ $\Delta МЖ_B = C_1 \times \Delta B$
Өнімнің өзіндік құнына енетін салықтар, аударылымдар	Салық салынатын базаның және әрбір түрі бойынша ұсталымның пайыздық ставкасы	$C = CB \times CTP$ $\Delta C_{CB} = \Delta CB \times CTP_0$ $\Delta C_{CTP} = CB_1 \times \Delta CTP$
Үлшекті қорғау шығындары және т.б.	Көрсетілген шығындар көлемі мен олардың құнының өзгеруі	$Ш = V \times K$ $\Delta Ш_V = \Delta V \times K_0$ $\Delta Ш_K = V_1 \times \Delta K$

5.7 Өнімнің өзіндік құнын төмендету резервтерін анықтау

Өнеркәсіп өнімдерінің құнын төмендету резервтерінің (P↓OK) негізгі көзі болып табылады:

1) өндіріс көлемін кәсіпорынның толық өндірістік құны қуатын қолдану есебінен ($P \uparrow \Pi \Theta$);

2) Оны өндіру үшін шығындарды қысқартуды ($P \downarrow \Pi$) еңбек өнімділігін жоғарлату, шикізат материалдар, электроэнергия, жанар май, жабдықтарды үнемді қолдану, өндірістік емес шығындарды, өндірістік ақауларды және т.б. азайту есебінен.

Резервтер мөлшері келесі формуламен есептеледі:

$$P \downarrow \Theta K_{\text{ж}} = \Theta K_{\text{ж}}^* - \Theta K_{\text{ж}} = \frac{\Pi_{\text{ж}} - P \downarrow \Pi + \Pi_{\text{к}}}{V \Pi \Theta_{\text{ж}} + P \uparrow V \Pi \Theta} - \frac{\Pi_{\text{ж}}}{V \Pi \Theta_{\text{ж}}}$$

Мұнда: $\Theta K_{\text{ж}}^*$, $\Theta K_{\text{ж}}$ – сәйкесінше бұйымның өзіндік құнының мүмкін болатын және нақты деңгейі.

$\Pi_{\text{к}}$ – өнімді шығаруды жоғарлату резервтерін игеру үшін қажетті қосымша шығындар.

Өнім өндіруді жоғарлату резервтері өндірістік бағдарламаны орындауды талдау үдерісінде анықталады. Өнім өндіру көлемі жоғарлауы кезінде тек ауыспалы шығындар (тікелей жұмысшылар еңбекақысы, тікелей материалдық шығындар және т.б.) көбейеді, тұрақты шығындар сомасы тәртіп бойынша өзгермейді. нәтижесінде өнімнің өзіндік құны төмснейді.

Шығындарды қысқарту резервтері шығындардың әрбір баптары бойынша нақты ұйымдастырушылық–техникалық шаралар есебінен (жаңа прогрессивті өндіріс техникасы мен технологиясын енгізу) еңбекті ұйымдастыруды жақсарту және басқалар есебінен анықталады.

Ұйымдастырушылық – техникалық шараларды енгізу нәтижесінде ($P \downarrow EA$) еңбекақы бойынша шығындарды үнемдеуді енгізгенге дейінгі бұйымның еңбек сыйымдылығымен (ECY_0) енгізгеннен кейінгі (ECY_1) сәйкесінше шаралар арасындағы айырманы жоспарланған орташа сағаттық еңбек гөлеміне (ET) және бұйымды шығарудың ($V \Pi \Theta_{\text{ж}}$) жоспарланған санына көбейтумен анықтайды.

$$P \downarrow EA = (ECY_1 - ECY_0) \times ET_{\text{ж}} \times V \Pi \Theta_{\text{ж}}$$

Үнемдеу сомасы еңбекақы қорынан аударым пайызына жоғарлайды, ол өнімнің өзіндік құнына кіреді. Жаңа технологияны енгізу және басқа да ұйымдастырушылық шаралар есебінен өндіріске жоспарланып шығарылатын өнімге материалдық шығындарды төмендету резервін ($P \downarrow MШ$) келесідей түрде анықтауға болады:

$$P \downarrow MШ = (ШҮ_1 - ШҮ_0) \times VШ\Theta_{ж} \times B_{ж}$$

Мұнда: $ШҮ_1; ШҮ_0$ — ұйымдастырушылық-техникалық шараларды сәйкесінше енгізгенге дейін және енгізгеннен кейін өнімнің бір бірлігіне материалдар шығышы;

$VШ\Theta_{ж}$ — жоспарланып шығарылған өнім;

$B_{ж}$ — материалдардың жоспарланған бағасы.

Негізгі құралдарды сату, ұзақ мерзімге жалға беру және қажетсіз, артық, пайдаланылмаған ғимараттар, машиналар, жабдықтар есебінен оларды ұстап тұру шығындарын қысқарту резервін ($P \downarrow H\ThetaҚ$) бастапқы құнын амортизация нормасына көбейтумен анықтайды.

$$P \downarrow H\ThetaҚ = HБҚ \times AН$$

Мұнда: $HБҚ$ — негізгі құралдардың бастапқы құны,

$AН$ — амортизация нормасы.

Үстемешығындарды үнемдеу резерві басқару аппаратын тиімді қысқарту, іс-сапарға қаражаттарды, пошта-телеграфтың және канцелярия шығындарын үнемді пайдалану, материалдардың бұзылуынан болған жоғалтуларды, тұрып қалуларға төлемдерді қысқарту есебінен шығындардың әрбір баптары бойынша факторлық талдау негізінде анықталады.

Өнім өндіруді жоғарлату резервін игерудегі қосымша шығындар әрбір оның түрі бойынша жеке-жеке есептеледі. Бұл негізінен қосымша шығарылған өнім үшін еңбекақы, шикізат, материалдар, энергия және басқа да ауыспалы шығындар, олар өндірілген өнім көлеміне пропорционалды өзгереді. Олардың мөлшерін анықтау үшін қандай да бір өнім түрін ауыспалы шығындардың нақты деңгейінің үлесіне көбейтеді.

$$\text{Ш}_к = P \uparrow V \text{Ш}_г \times \text{В}_{гн}$$

Мысалы, А бұйымның нақты шығарылымы 5040 мшб; оны жоғарлату резерві – 160 мшб; өндіріс үшін шығындардың жалпы сомасы – 22680 мың тг; барлық баптар бойынша шығындарды қысқарту резерві – 816 мың тг; өнімді өндіруді жоғарлату резервін игерудегі қосымша ауыспалы шығындар – 496 мың тг; (16×3,1 мың тг) Осыдан өнімнің бір бірлігінің өзіндік құнын төмендету резерві:

$$P \downarrow \text{ӨҚ} = \frac{22680 - 816 + 496}{5040 + 160} - \frac{22680}{5040} = 4300 - 4500 = -200 \text{ мың тг}$$

Осындай есептеулер өнімнің әрбір түрі бойынша жүргізіледі, ол әрбір ұйымдастырушылық-техникалық шараларға байланысты қажетіне қарай.

Өзіндік жұмыс үшін материалдар

Келесі негізгі түсініктерге анықтама беріңдер: тікелей және жанама шығындар, тұрақты және ауыспалы шығындар, өзіндік құн, толық өзіндік құн, еңбек ақы шығындары, материалдық шығындар, амортизация, үстеме шығындар.

Бақылау сұрақтары

1. Өнімнің өзіндік құнын талдаудың ақпарат көздері, маңызы және міндеттері.
2. Өнімнің өзіндік құнының құрамы мен құрылымы.
3. Экономикалық элементтер бойынша өнімді өткізу мен өндіріске кеткен шығындарды талдау.
4. Шығындардың калькуляциялық баптары бойынша өнімнің өзіндік құнын талдау әдістемесі.
5. Жеке өнім түрлерінің өзіндік құнын талдау.
6. Тікелей еңбек ақы шығындарын талдау әдістемесі
7. Тікелей материалдық шығындарды талдау әдістемесі
8. Жанама шығындарды талдау әдістемесі
9. Өнімнің өзіндік құнын төмендету резервтері

III БӨЛІМ

МОДУЛЬ III «ҚАРЖЫЛЫҚ ТАЛДАУ»

Тақырып 1. Қаржылық талдау негіздері

Тақырып 2. Компанияның қаржылық жағдайын жалпы бағалау

Тақырып 3. Баланс өтімділігін талдау

Тақырып 4. Қаржылық тұрақтылықты талдау

Тақырып 5. Ақша ағынын талдау

Тақырып 6. Компанияның табыстылығын талдау

1-ТАҚЫРЫП.

ҚАРЖЫЛЫҚ ТАЛДАУ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Қаржылық талдаудың мақсаты мен міндеті. Басқарушылық шешімдерді қабылдаудағы қаржылық талдаудың ролі

Отандық және шетел ғалым-экономистері жазған әдебиеттерден “қаржылық жағдай” түсінігіне анықтама беруде бірдей көзқарас жоқ екенін байқауға болады, мысалы:

➤ Қаржы ресурстарының бар екенін, орналасуын және пайдаланылуын көрсететін көрсеткіштер жиынтығы;

➤ Ұйымдардың шаруашылық қызметін қамтамасыз ету үшін ақша қаражаттарымен қамтамасыз етілуі немесе қамтамасыз етілмеуі;

➤ Ұйымның жағдайы бойынша белгілі бір күнге өзінің қызметін қаржыландыру қабілеттілігін көрсететін экономикалық категория;

➤ Төлем қабілеттіктің, несиеқабілеттіліктің сипаттамасы, қаржы ресурстары және капиталды пайдалану, мемлекет және шаруашылық субъектілері алдында міндеттемелерді орындау;

➤ қаржы ресурстарының қолда барын, үлестіріліп таратылуы және пайдалануын сипаттайтын көрсеткіштер жиынтығы;

➤ Ұйымның қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуі, оларды мақсатты орналастыру және тиімді пайдалану, басқа да заңды және жеке тұлғалармен қаржылық өзара қарым-қатынас, төлемқабілеттілігі және қаржы тұрақтылығы;

➤ Қаржы ресурстары көздерін, оның ішінде меншікті және т.б. тиімді пайдалану және табу қабілетімен анықталатын ұйым қызметінің нәтижелілігі;

➤ Қаржы бәсекелестік қабілеттілігінің сипаттамасын (яғни төлем қабілеттілігі, несие қабілеттілігі) қаржы ресурстары мен капиталды пайдалану, мемлекет алдында және басқа да шаруашылық субъектілерінің алдында өз міндеттемелерін орындау. Шаруашылық субъектісінің қаржылық жағдайын талдаудың келесі түрлерін жүргізеді: табыстылық пен рентабельділік; қаржылық тұрақтылық; несие қабілеттілігі; капиталды пайдалану: валюталық өзін-өзі өтеу.

Әртүрлі көзқарастар мен пікірлерді жинақтай келе, «қаржылық жағдайға» келесідей анықтаманы келтіруге болады: қаржылық жағдай – бұл пайдаланылатын қаражат көздерінің бар екенін және құрылымын, олардың орналасуын және пайдаланылуын сипаттайтын экономикалық категория.

Қаржылық жағдай елеулі деңгейде ұйымның бәскеге қабілеттілігін, оның іскер ортадағы әлуетін анықтайды, ұйымның өзінің экономикалық мүддесінің кепілдендірілгенін және оның серіктестерінің қаржы және басқа да экономикалық қатынастарын бағалайды.

Ұйымның қаржылық жағдайы тұрақты, тұрақсыз (дағдарыс алдындағы) және дағдарысты болуы мүмкін. Ұйымның тұрақты қаржылық жағдайы туралы оның төлемдерін толық және уақытында жүргізе алуы, өзінің қызметін кең көлемде қаржыландыруы, алдын ала күтпеген жағдайларды көтере алуы және өзінің төлемқабілеттілігін ұстай алуы қабілеті, ол осы айтылған жайлар жоқ болса, онда қаржылық жағдайдың тұрақсыздығы туралы айтуға болады.

Ұйымның тұрақсыз қаржылық жағдайының шегі банкрот жағдайы болып табылады, яғни оның өзінің міндеттемелері бойынша жауап бере алу қабілетсіздігі.

Ұйымның қаржылық жағдайы жалпы оның қызмет етуінің келесі параметрлерімен сипатталады:

- табыстылығы (рентабельділігі);
- өтімділігі (төлемқабілеттілігі);
- өнім өндірісін және сату үдерісін ұйымдастыру үшін қажетті меншікті қаржы ресурстарының болуы;
- негізгі қорлар және айналым қаражаттарын оңтайлы орналастыру және пайдалану;
- қаржылай тұрақтылығымен және несие қабілеттілігімен.

Ұйымның қаржылық жағдайы, оның тұрақтылығы және бірқалыптылығы оның өндірістік, коммерциялық және қаржылық қызметі нәтижесіне байланысты.

Егер өндірістік және қаржылық жоспарлар сәтті орындалып жатса, онда ол ұйымның қаржылық жағдайына жағымды әсер етеді және керісінше, өнімді өндіру және сату бойынша жоспардың орындалмауынан оның өзіндік құны жоғарлайды, өнімді өткізуден түскен табыстың және пайда сомасы төмендейді және соның салдарынан ұйымның қаржылық жағдайы және оның төлем қабілеттілігі нашарлайды. Тұрақты қаржылық жағдай өз кезегінде өндірістік жоспарлардың орындалуына жағымды әсер етеді және қажетті ресурстармен өндіріс қажеттіліктерін қамтамасыз етеді.

Берілген түсініктердегі өзгешеліктер қаржылық жағдайды талдау құрылымында да көрінеді. Көптеген зерттеушілер талдауды қаржылық коэффициенттерді топтарға бөлумен және талдау әдістері арқылы сәйкесінше бағыттармен анықтайды. Бағыттар бөлінген топтармен және олардың ішкі мазмұны бойынша да ерекшеленеді.

Сонымен бірге ұйымның қаржылық жағдайы қаржылық жағдайды бағалауға қарағанда кең көлемдегі түсінік екенін атап өту керек, өйткені нақты қаржылық жағдайды бағалаудан гөрі оны анықтайтын себептермен факторларды белгілеуді енгізу

керек, сонымен қатар қаржылық жағдайды жақсартатын негізгі жолдар мен әдістерді анықтау қажет.

Ұйымның қаржылық жағдайын қысқа бағалауға болады. Бірінші жағдайда қаржылық жағдайды бағалау критериясы болып ұйымның контрагенттер алдында уақытында және толық көлемде қысқа мерзімді міндеттемелері бойынша есептесу жүргізу мүмкіндігін жалпы түрде сипаттайтын өтімділігі және төлем қабілеттілігі табылады.

Ұйым қызметінің тұрақтылығын ұзақ мерзімді болашаққа бағалау ұйымның жалпы қаржылық құрылымы мен сыртқы кредиторлар мен инвесторларға тәуелділік деңгейімен, сыртқы қаражат кездерін тартумен қызмет ету шарттарына байланысты.

Қаржылық жағдай ұйымының шаруашылық қызметі үдерісінде қалыптасады және көбінде жеткізушілер, сатып алушылар, салық және қаржы органдары, банктер, акционерлер және басқа да мүмкін болатын серіктестермен өзара қарым – қатынаста анықталынады.

Талдау нәтижесі бойынша серіктестердің әрбіреуі экономикалық бітімгерліктің тиімділігін бағалауына болады, өйткені қаржылық жағдайды талдаудың көрсеткіштер жинағы ұйымның үздіксіз шаруашылық қызметін қамтамасыз ету мүмкіндігі, оның инвестициялық тартымдылығы, төлемқабілеттілігі, даму перспективасы туралы толық сипаттама алуға болады.

Нақты ұйымның қаржылық жағдайын зерделеуге сыртқы және ішкі де пайдаланушылар мүдделі. Ішкі пайдаланушыларға ұйымның иелері және әкімшілік, сыртқы пайдаланушыларға кредиторлар, инвесторлар, коммерциялық серіктестер жатады.

Ішкі пайдаланушылар мүддесі үшін жүргізілген қаржылық жағдайды талдау ұйымның мүмкіндіктерін, жұмыс жағдайын нығайту және белгілеу мақсатында оның қаржылық қызметінің әлсіз жақтарын анықтау үшін ұйымның жұмысын тиімді қамтамасыз ететін басқару шешімдерін қабылдау үшін ақпараттық база құруға арналған.

Сыртқы пайдаланушылар мүддесі үшін қаржылық жағдайды талдау олардың экономикалық мүдделерінің кепілдік деңгейін ұйымның уақытында өзінің міндеттемелерін өтеу қабілеті,

инвесторлар үшін қаражаттарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету және т.б. бағалау үшін жүргізіледі. Бұл талдау көмегімен нақты ұйыммен бітімгерліктің тиімділігін және сенімділігін бағалауға болады.

Нарықтық қатынастары жағдайында ұйымның қаржылық жағдайын талдаудың маңызы жоғары болып табылады. Бұл ұйымдардың тәуелсіздігімен сонымен бірге басқа контрагенттер алдында өзінің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері үшін толық жауапкершілікте болуымен түсіндіріледі.

Ұйымның қаржылық жағдайының объективті дұрыс бағасын алудың ең жақсы тәсілі, бұл – талдау, ол оның даму бағытын бақылауға, оның шаруашылық қызметіне кешенді түрде баға беруге мүмкіндік береді және осындай жолмен басқарушылық шешімдерді өңдеумен кәсіпорынның өзінің өндірістік кәсіпкерлік қызметі арасында байланыстырушы қызмет атқарады.

Қаржы ресурстары жағдайының нарық талаптарына сай болуы және де ұйымның дамуына байланысты қажеттіліктерге жауап бере алуы өте маңызды болып табылады, себебі қаржылық тұрақтылықтың жетіспеушілігі кәсіпорынның төлеу қабілетінің жоқтығына және оның дамуына қажетті қаражатының болмауына, ал көп болуы дамуға кедергі жасап, басы артық қорлармен және резервтермен кәсіпорын шығындарын көбейтуіне әкеліп соқтыруы мүмкін.

Қаржылық жағдайды талдау өндіріс қаражаттарының орнала-суын және пайдаланылуын ұйымның төлемқабілеттілігін, меншікті айналым қаражаттарының қамтамасыз етілуін, қорлардың жағдайын, меншікті және қарыз қаражаттарының қорлану көздерін, жеткізушілер және мемлекет арасындағы есептесу тәртібін, қаржы ресурстарының тиімді пайдаланылуын анықтауды зерделеуден тұрады.

Қаржылық жағдайды талдаудың негізгі мақсаты қаржы ресурстарының пайдаланылуын объективті бағалау негізінде ішкі шаруашылық резервтерді, қаржылық жағдайды нығайту және төлемқабілеттілікті жоғарлату үшін анықтау болып табылады.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер шешіледі:

- активтердің құрамы мен құрылымын, олардың жағдайын және қозғалысын бағалау;
- меншікті және қарыз капиталы көздерінің құрамы мен құрылымын, олардың жағдайын және қозғалысын бағалау;
- ұйымның қаржылық тұрақтылығынын абсолюттік және қатыстырмалы көрсеткіштерін талдау, олардың өзгеру деңгейін бағалау;
- шаруашылық субъектісінің төлемқабілеттілігін және оның балансының активтері өгімділігін талдау.

1.2 Қаржылық және басқарушылық талдаудың өзара байланысы

Шаруашылық субъектілерінің қаржы-шаруашылық қызметін экономикалық талдау екіге бөлінеді: басқарушылық және қаржылық. Мұндай бөлу коммерциялық құпияны сақтау заңы іс – әрекетімен негізделген және тәжірибе жүзінде жалпы бухгалтерлік есеп жүйесінің ұйым көлемінде басқару және қаржылық есепке бөлінуімен түсіндіріледі.

Басқарушылық талдауды жүргізу үшін негізінен мәлімет көзі болып басқарудағы есептілік табылады.

Басқарудағы есептілік – өнімнің жекелеген түрлерінің өзіндік құны жайлы немесе сұранысы төмен тауарлардың өзіндік құны туралы және т.б. мәліметтері бар, сыртқы тұлғалардан қатал құпияда ұсталынатын есептілік.

Қаржылық есептілік – бұл ұйымдағы жағдайын білуі үшін, оның қаржылық жағдайы мен шаруашылық қызметінің есеп беру жылындағы нәтижесімен танысуы үшін акционерлерге, банктерге, сақтандыру компанияларына, мемлекет ұйымдарына арнайы анықтамалықтарда, қаржылық газеттерде, бюлетеньдерде жарияланатын есептілік.

Басқарушылық талдау тек ішкі, ал қаржылық талдау өз кезегінде ішкі және сыртқы болып бөлінеді.

Басқарушылық талдау шартты түрде өндірістік және қаржылық болып екіге бөлінеді.

Сыртқы қаржылық талдау – жарияланған қаржылық есептілік негізінде жүзеге асырылады және мүддесі бар контрагенттердің, меншік иелерінің тапсыруымен ұйымның сыртынан жүргізіледі. Оны орындауға маман талдаушылар, яғни ұйымға қатысы жоқ тұлғалар шақырылады.

Ішкі қаржылық талдау – ұйымның қаржылық жағдайының қалыптасқан себептерін зерттейді. Ұйым активтерінің пайдалану тиімділігін, көрсеткіштердің өзара байланыстылығын анықтайды.

Қаржылық талдаудың мынадай ерекшеліктері бар:

- талдау субъектілерінің көптігі;
- талдау субъектілерінің мақсаттары мен мүдделерінің әр түрлілігі;
- талдаудың жариялы сыртқы есептілікке сүйенуі;
- ақпаратты пайдаланушылар үшін талдау нәтижесінің ашықтығы.

Басқарудағы талдаудың ерекшеліктеріне келесілер жатады:

- талдау нәтижелерінің ұйым басшыларына бағытталуы;
- талдау жүргізу үшін ақпаратты жоғары көлемде пайдалану;
- ұйым қызметін жан-жақты зерттеу;
- жоспарлау, есеп және талдау жүйелерінің бір-бірімен бірлесуі;
- талдау нәтижелерінің жоғары көлемде жабықтығы.
- Қаржылық және басқарушылық талдаудың өзара байланысының көрінуі:
 - Ақпаратты пайдаланушылар жағынан қарасақ қаржылық талдауда ішкі және сырт жақтан мүддесі бар тұлғалар пайдаланушылар болып табылады да, ал басқарушылық талдауда – ұйым басшылары және оның бөлімшелері болып табылады.
 - Ақпарат көздеріне келетін болсақ, қаржылық талдау тек қаржылық есептілікті, ал басқарушылық талдау – барлық экономикалық ақпарат жүйесін, оның ішінде қаржылық есептілікті қолданады.

– Көрсеткіштерді есептеу үшін қаржалақ талдауда тек ақшалай нысан қолданылса, ал басқарушылық талдауда кез-келген бағыт және ақша бірліктері қолданылады.

1.3 Қаржылық талдау әдістері

Ұйымның қаржылық жағдайын талдаудың әдістері дегеніміз ұйымның қызметін математикалық, статистикалық, есептік және ақпараттарды өңдеудің басқа тәсілдерін қолдана отырып, кешенді органикалық өзара байланыста зерттеу.

Талдауда тәртіп бойынша жедел бухгалтерлік есеп және бақылау үдерісінде қалыптасатын көрсеткіштер жүйесі қолданылады. Көрсеткіштердің жетіспеген бөлігі зерттеу кезінде есептелінеді. Талдау көмегімен ұйым қызметінің нәтижелер өзгерісіне әсер ететін елеулі факторлық көрсеткіштері анықталынады. Талданатын көрсеткіштер арасындағы өзара байланысты анықтау мен өлшеу ұйым жұмысын органикалық өзара байланыста зерттеуін қамтамасыз етеді.

Барлық тәсілдерді бір уақытта қолдану ұйымның қаржылық жағдайын, оның іскер серіктес ретінде сенімділігін, даму перспективасын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Қаржылық талдау әдістерін бірінші деңгейде нысандандырылмаған және нысандандырылған әдістерге бөледі.

Нысандандырылмаған әдістер талдамалық тәртіптерді логикалық деңгейде көрсетуге негізделген. Оларға: сараптамалық бағалау, көрсеткіштер жүйесінің психологиясын құру, аналитикалық кестелер жүйесін құру жатады. Бұл әдістерде талдаушының білімі, тәжірибесі және алдын ала сезу қабілеті маңызды роль атқарады.

Нысандандырылған әдістерге қатаң нысандандырылған аналитикалық тәуелділік нәтижесінде құрылған әдістер жатады. Оларға тізбектелген қойылымдар әдісі, абсолюттік және қатысты айырма әдістері, баланстық байланыс, топтастыру, графиктік және интегралдық, индекстік әдістер жатады. (оларды қолдану әдістемесі екінші тақырыпта көрсетілген).

Қаржылық талдаудың тәжірибесі қаржылық есептілікті оқудың негізгі ережелерін қалыптастырды. Олардың ішінен алты негізгі әдісті бөліп қарастыруға болады:

- 1) көлденең талдау;
- 2) тікелей талдау;
- 3) трендтік талдау;
- 4) салыстырмалы талдау;
- 5) факторлық талдау;
- 6) қаржылық коэффициенттер әдісі.

Көлденең (уақытша) талдау – есеп берудің әрбір позициясын өткен кезеңмен салыстыру. Ол өткен кезеңмен салыстырғандағы бухгалтерлік баланстың түрлі баптарының абсолюттік және салыстырмалы ауытқуларын анықтауға мүмкіндік береді.

Тікелей (құрылымдық) талдау - әрбір есеп позициясының жалпы нәтижеге тигізетін әсерін айқындай отырып, қорытынды қаржылық көрсеткіштердің құрылымын анықтау. Ол жалпы баланс немесе оның бөлімдері бойынша қорытынды көрсеткіштегі және баптардың үлес салмағын анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, ұзақ және қысқа мерзімді міндеттемелердің ұйымның қорлану кездерінің жалпы құнындағы, яғни салынған капиталдағы үлес салмағы және тағы басқалар.

Трендтік талдау барлық көрсеткіштер 100% деп алынатын базистік жыл деңгейінен, бірқатар жылдар көрсеткіштерінің салыстырмалы ауытқуын есептеуге негізделеді. Басқаша айтқанда, трендтік талдау әрбір есеп позициясын бірқатар өткен кезеңдермен салыстыруды және трендгі, яғни жеке кезеңдердің дербес ерекшеліктері мен кездейсоқ әсерлерінің тазартылған көрсеткіш динамикасының негізгі тенденциясын анықтауды көрсетеді.

Салыстырмалы (кепістіктік) талдау – бұл фирмалардың, еңшілес фирмалардың, бөлімшелердің және цехтардың жекелеген көрсеткіштері бойынша есебінің құрама көрсеткіштерін шаруашылық ішіндегі талдау, сондай-ақ берілген фирманың көрсеткіштерін орташа салалық және орташа жалпы экономикалық

мәліметтері бар бәсекелес фирмалардың көрсеткіштерімен салыстырғандағы шаруашылықаралық талдау болып табылады.

Факторлық талдау – бұл жекелеген факторлардың (себептердің) нәтижелік көрсеткішке тигізетін әсерін зерттеудің детерминдік (анықтау) немесе реттелмеген тәсілдері көмегімен талдау. Сонымен қатар факторлық талдау қорығынды көрсеткіштерді оның құрамдас бөліктеріне жіктегенде – тура, ал оның жеке элементтерін жалпы қорытынды көрсеткішке біріктіргенде ол кері (синтез) болуы мүмкін.

Қаржылық талдаудың нарықтық экономика жағдайындағы көбірек таралған әдісі әр түрлі қаржылық коэффициенттерді пайдалану болып табылады.

Коэффициенттер салыстырмалы шамалар болып табылады, оларды есептеу кезінде шамалардың біреуін бірлік ретінде алып, ал екіншісін бірлікке қатынасы ретінде көрсетеді. Қаржылық коэффициенттерді есептеу баланстың жеке баптарының арасында болатын өзара байланыстарға негізделген. Олар ұйымның қаржылық жағдайын кезекті факторлық талдау үшін алғашқы база болып табылады және де олар талдау нәтижесінде талдау жүргізушіге жасырын құбылыстарды ашуға мүмкіндік беретін екі шаманың арасындағы өзара математикалық қатынастарды көрсетеді.

Ұйымның қаржылық жағдайын талдаудың мазмұнына кіреді:

- қаржылық жағдайды жалпы бағалау;
- баланс активтері мен пассивтері құрамын, олардың құрылымын және динамикасын талдау;
- өтімділікті және төлемқабілеттілікті талдау;
- қаржылық тұрақтылықты және несиеқабілеттілікті талдау;
- ұйымның банкрот болу ықтималдығын талдау және құнын бағалау.

Нарықтық экономика жағдайында тек талдау негізінде жоспарлаудың барлық сатыларында және оның нақты қызметінде және де есеп беру уақытында ғана емес, сонымен қатар бірқатар кезеңдерде, ұйымның алдына қойылған міндеттерді шешудің оңтайлы нұсқасын білгілеуге, яғни оның даму тенденциясын анықтауға болады.

Талдау объектісі болып ішкі шаруашылық жоспарлау, есеп, есептілік және басқа да ақпарат көздерінің көрсеткіштер жүйесінде көрсетілген әлеуметтік және мәдени даму сұрақтарын бірге алғандағы ұйымның шаруашылық-қаржы қызметінің барлық жақтары табылады.

Өзіндік жұмыс үшін материалдар

Келесі негізгі түсініктерге анықтама беріңдер: талдау, қаржылық жағдай, қаржылық есептілік, басқарудағы есептілік, қаржылық талдау әдісі, көлденең талдау, трендтік талдау, коэффициенттер, факторлық талдау

Бақылау сұрақтары

1. Ұйымның қаржылық жағдайы түсінігінің мәні.
2. Ұйымның тұрақты қаржылық жағдайы
3. Ұйымның қаржылық жағдайы көрсеткіштері
4. Ұйымның қаржылық жағдайын талдаудың мақсаты және міндеттері
5. Ұйымның қаржылық жағдайын талдаумен айналысушылар
6. Ішкі және сыртқы талдаудың мәні
7. Ұйымның қаржылық жағдайын талдау әдісі
8. Тікелей және көлденең талдау
9. Трендтік және салыстырмалы талдау
10. Ұйымның қаржылық жағдайын талдаудың қатысты көрсеткіштері
11. Ұйымның қаржылық жағдайын талдаудың ақпараттық базасы
12. Басқарушылық және қаржылық талдаудың өзара байланысы
13. Басқарушылық және қаржылық талдау ерекшеліктері

2-ТАҚЫРЫП. КОМПАНИЯНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЖАЛПЫ БАҒАЛАУ

2.1 Аналитикалық процедураларға сипаттама.

Салыстырмалы талдамалық баланс.

Балансты тікелей және көлденең талдау

Өртүрлі авторлар қаржылық жағдайды талдаудың өртүрлі әдістемесін ұсынады. Талдау әдістемесінің процедуралық жақтарын қарастыру қойылған мақсаттарға, сонымен қатар ақпараттық, уақытша, әдістемелік және техникалық қамтамасыз етудің өртүрлі факторларына байланысты.

Аналитикалық жұмыстың логикасы оны ұйымдастыруды екі үлгідегі құрылым түрінде ұсынады:

- қаржылық жағдайды экспресс –талдау;
- қаржылық жағдайды болшектеп талдау.

Экспресс –талдауды үш сатыда орындаған дұрыс: дайындық сатысы, есептілікті экономикалық оқу және талдау.

Бірінші сатының мақаты – қаржылық есептілікті мақсатты талдау туралы шешім қабылдау және оны оқуға дайын екенін көз жеткізу. Мұнда формальді белгілері бойынша есептілікті қарапайым түрде есептеп, тексеру жүргізіледі; барлық қажетті нысандардың және қосымшалардың, реквизиттердің, қолдардың бар екені анықталады; барлық есеп нысандарының дұрыстығы және анықтылығы тексеріледі, баланс валютасы және барлық уақытаралық жиынтықтар тексеріледі.

Екінші сатының мақсаты – балансқа қосымша түсініктеме жазбамен танысу. Бұл есеп беру кезеңінде жұмыс жағдайын бағалау үшін, қызметінің негізгі көрсеткіштерінің тенденцияларын анықтау үшін, сонымен қатар шаруашылық субъектісінің мүлдіктік және қаржылық жағдайының сапалық өзгерістерін бағалау үшін қажет.

Үшінші саты экспресс –талдаудың негізгісі, оның мақсаты – ұйымның шаруашылық қызметі нәтижелеріне және қаржылық

жағдайына жан-жақты баға беру. Мұндай талдау әртүрлі пайдаланушылар мүдделері үшін сол және басқа да деңгейде егжей-тегжейлі қарау.

Ұйымның қаржылық жағдайын талдау нәтижелері мен сапасы көбінде ақпараттық базаның қолжетерлігі және сапасымен анықталады.

Қаржылық жағдайды талдаудың ақпараттық базасы болып негізінен ұйымның қаржылық есептілігі табылады. Бірінші кезекте бұл «Бухгалтерлік баланс» (№1 нысан) және балансқа қосымша, «Жиынтық табыс туралы есеп беру» (№2 нысан), «Ақша қаражаттары қозғалысы туралы есеп беру» (№3 нысан), «Меншікті капиталдағы қозғалыс туралы есеп беру» (№4 нысан).

Қаржылық талдау үшін негізгі ақпараттық көз қаржылық жағдайға есеп беру кезеңінің басы мен соңына өзінше бір “бір мезетте көрініс” беретін бухгалтерлік баланс болып табылады. Қаржылық талдауды жиі балансты талдау деп те атайды. Қаржылық жағдайды тереңдетіп талдау басқа да қаржылық есептілік нысандарын, сонымен бірге бухгалтерлік есеп мәліметтерін қолдана да жүргізіледі. Мұнда бухгалтерлік баланс негізгі анықтаушы рол атқарады.

Қаржылық жағдайды талдау міндеттерінің логикасы мен сипаты бухгалтерлік баланстың түрлері мен құрылымы, оның активтер және пассивтер бөлімдері және баптарымен өзара байланысты. Бухгалтерлік баланс ұйымның шаруашылық қаражаттарын белгілі бір күнге, олардың құрамы мен қорлану көздері бойынша топтастырылып, ақшалай бағаланған түрде жинақтап көрсетеді. Сондықтан бухгалтерлік баланс іс жүзінде ұйымның қаражаттарын және қаржылық қатынастарының айналымын жинақтап көрсететін, қолданылып жүрген жүйелі үлгі болып табылады.

Есептілікте ұсынылған ақпаратқа қойылатын негізгі талап – ол пайдаланушылар үшін пайдалы болуы керек, яғни осы ақпаратты негізделген іскерлік шешімдер қабылдау үшін қолдануға болатын болу керек. Ақпарат пайдалы болу үшін сәйкесінше келесі критерияларға жауап беру қажет:

1) орынды берілген ақпарат маңызды және пайдаланушы қабылдаған шешімге әсер етеді;

2) сенімділік-экономикалық мазмұнының заңды нысаннан басым болуы, тексеру мүмкіндігі және құжатты негізделген;

3) шыншылдық – қателер және әуестенген бағалауды болдырмайды, сонымен бірге шаруашылық өмірдегі оқиғаларды бұрмаламайды;

4) бейтараптық– қаржылық есептілік пайдаланушылардың бір тобының мүдделерін қанағаттандыру үшін басқа біреуге зиян келтіруге бағыт жасамайды;

5) түсініктілік – пайдаланушылар есептіліктің мазмұнын арнайы кәсіптік дайындықсыз ақ түсіне алады.

Есептілікке енгізілетін есептік ақпараттарды қалыптастыру кезінде ақпараттарға белгілі бір шектеулер қойылу керек:

- есептілікті құруға кеткен шығындардың пайдамен ара салмағы ақылға қонымды екенін білдіретін шығындар мен тиімділіктің оңтайлы қатынасы;

- сақтық қағидасы (консерватизм) есептілік құжаттары активтер мен пайданы артық бағалауды, міндеттемелерді азайтып бағалауды жібермеу керек екенін болжайды;

- құпиялылық қағидасы есептік ақпараттарда ұйымның бәсекелі жағына зиян келтіруі мүмкін мәліметтерінің болмағанын талап етеді.

Бухгалтерлік баланс ұйымның қаржылық жағдайын талдау үшін негізгі ақпараттық көз ретінде қызмет етеді. Баланстың жиыны баланс валютасы деп аталады және ұйымның құзырындағы қаражаттардың мөлшерлі сомасын береді. Бірақ ұйымның қаржылық жағдайын баланс бойынша талдау енбекті көбірек қажет ететін және тиіміз іс, өйткені есептік көрсеткіштердің көптігі негізгі тенденцияларды бөліп қарауға мүмкіндік бермейді. Балансты жүргізуді құрушылардың бірі Н.А. Блатов ұйымның қаржылық жағдайын талдауды салыстырмалы аналитикалық баланс көмегімен зерттеуді ұсынды.

Салыстырмалы аналитикалық баланс бастапқы баланс арқылы оның баптарын кесектендіру және оны көрсеткіштердің құрылымымен, есеп беру кезеңіндегі салымдардың динамикасы-

мен және қаражаттар көздерімен толықтару арқылы жасалынады. Аналитикалық баланстың міндетті көрсеткіштері болып табылады:

- кезең басындағы және соңындағы бастапқы баланс баптарының абсолюттік көлемдері;
- кезең басындағы және соңындағы баланс валютасындағы баланс баптарының үлес салмақтары;
- жыл басына қарағанда көлемдердің пайыз мөлшеріндегі өзгерісі (баланс баптарының өсу қарқыны);
- баланс валютасы өзгерісіне қарағанда пайыздық өзгерістер (құрылымдық өзгерістердің өсу қарқыны);
- баланс валютасы және әрбір баптың өсуінің бір пайызының бағасы – кезең базасындағы және соңындағы көлемнің абсолюттік өзгеруі қатынасы.

Ұйымның қаржылық жағдайын жалпы бағалау үшін бухгалтерлік баланс баптарын жеке өзіндік ерекшеліктеріне қарай топтастыру керек:

- өтімділігі төмендеу деңгейі бойынша (активтер);
- төлеу мерзімі жоғары деңгейі бойынша (пассивтер).

Салыстырмалы аналитикалық балансты әртүрлі тәсілдермен құруға болды. Әртүрлі бөлімдер баптарын біріктіруге болады. Аналитикалық баланста активтер мен пассивтердің негізгі бөлімдерін ғана ұсынған дұрыс. 48-ші кестеде аналитикалық баланстың нұсқаларының бірі келтірілген.

Кесте 48 – Салыстырмалы аналитикалық баланс

(мың теңге)

Көрсеткіштер	Жыл	Жыл
	басына	соңына
Активтер		
I. Қысқа мерзімді активтер		
Ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері	-	10
Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар	-	2160
Қысқа мерзімді дебиторлық берешек	25	104
Запастар	546	935
Басқа да қысқа мерзімді активтер	9	2205
Қысқа мерзімді активтер жиыны	580	5414

II. Ұзақ мерзімді активтер		
Негізгі құралдар	104	95
Ұзақ мерзімді активтер жиынтығы	104	95
Баланс	684	5509
Пассивтер		
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер		
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	100	2326
Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер	58	83
Қысқа мерзімді кредиторлық берешек	93	1803
Қысқа мерзімді міндеттемелер жиынтығы	251	4212
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер	-	-
V. Капитал		
Шығарылған капитал	100	100
Үлестірілмеген табыс (жабылмаған зиян)	333	1197
Капитал жиынтығы	433	1297
Баланс	684	5509

Аналитикалық баланс тікелей және қолданыс талдау жүргізгенде қолданылады. Онда баланс құрылымы, оның жеке баптарының және бөлімдерінің өзгеру тенденциялары, ұйым мүлкінің прогрессивтілігі және оңтайлылық деңгейі зерделенеді.

Ұйымның қаржылық жағдайын жалпы бағалауды баланстың “ауыру” баптарын анықтау негізінде жасауға болады, оларды шартты түрде екі топқа бөлуге болады:

- есеп беру кезеңінде ұйымның өте нашар қанағаттанарлықсыз жұмысы туралы дәлел болатын және соның нәтижесінде нашар қаржылық жағдайдың қалыптасуы;

- аналитикалық есеп мәліметтері бойынша анықталынатын ұйым жұмысының белгілі бір кемшіліктері туралы куә болатын.

Балансты талдаудың негізгі міндеттеріне жатады:

- ұйымның мүлктік жағдайына баға беру;
- активтердің жеке топтарының өтімділігін талдау;
- пассивтердің құрамын, құрылымын және динамикасын зерделеу;
- міндеттемелердің активтермен қамтамасыз етілуі сипаттамасы;

- активтер мен пассивтердің жеке топтарының өзара байланыстылығын талдау;
- ақша қаражаттарын басқару қабілеттілігін талдау;
- капиталды сақтау және өсіру мүмкіндігін бағалау.

Мұнда баланс баптарының құрамын, құрылымын өзара байланыстылығын зерделеу және оларды топтастыру тікелей талдауға, ол динамикасын бағалау – балансты көлденең талдауға жатады.

Балансқа талдауды жүргізгенде қажет:

активтерді талдағанда:

- негізгі аналитикалық топтарды бөлу: қысқа мерзімді және ұзақ мерзімдіге;
- активтердің жеке баптарының маңыздылығын бағалау;
- активтердің жеке баптарының өзара динамикасын салыстыру;
- қысқа мерзімді активтермен қысқа мерзімді міндеттемелердің өзгеру динамикасын салыстыру;

міндеттемелерді талдағанда:

– аналитикалық топтарды бөлу: қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді; өтеу мерзімі жоғары және өтеу мерзімі өтіп кеткен; қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген;

– активтерді қалыптастыру үшін қарызбен қаржыландырылған қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді көздердің маңыздылығын бағалау;

капиталды талдаған кезде:

- капиталдың меншік иелерінің салымдары есебінен қалыптасқан бөлігін және ұйымның пайдасы есебінен құрылған бөлігін жекелей бөліп, капитал құрылымын бағалау;
- капиталдың өзгеру себептерін талдау;
- резервтің бар екенін ұйымның қаржылық күшінің босалқы қоры ретінде бағалау.

Баланстың қасиеттерін талдаған кезде:

– баланс өтімділігін активтерді олардың айналымдылығы (сатылымдылығы) мерзімі бойынша топтастыру жолымен; пассивтерді – оларды өтеу мерзімі бойынша және активтермен пассивтердің сәйкесінше топтарын салыстыру;

– меншікті капитал мен міндеттемелердің арақатынасының сипаттамасын беру;

– ұзақ мерзімді қаржыландыру көздерінің үлесін бағалау – меншікті капитал және мерзімді міндеттемелердің қаржыландыру кездерінің жалпы көлеміндегі үлесі;

– дебиторлық және кредиторлық берешектердің қалыптасу және өтеу шарттарын салыстыру.

Ұйымның қаржылық жағдайын талдау үшін балансты оқи білу керек және оны талдаудың әдістемесін жақсы меңгеру қажет. Балансты оқи білу – бұл оның әрбір баптарының мазмұны, оны бағалау тәсілдерін және баланстың басқа баптарымен байланысын, әрбір бап бойынша мүмкін болатын өзгерістердің сипатын және олардың ұйымның қаржылық жағдайына, оның төлем қабілеттілігіне әсерін білу.

Балансты оқу талдаудың бастапқы сатысы болып табылады, онда пайдаланушы ұйыммен алдын-ала танысады. Балансты оқығанда баланс жиынының және оның баптарының жеке бөлімдері, ұйым қаражаттарының орналасу дұрыстығы, оның ағымдағы төлемқабілеттілігі және т.б. анықталынады.

Балансты оқығанда тікелей және көлденең талдау қолданылады.

Тікелей талдау ұйым қаражаттарының және олардың кездерінің құрылымын көрсетеді. Салыстырмалы көрсеткіштерге көшу пайдаланылатын ресурстар көлемі бойынша және басқа да көлемді көрсеткіштерден өзгешеленетін ұйымның экономикалық әлуетіне және қызметінің нәтижелеріне шаруашылық аралық салыстыру жүргізуге мүмкіндік береді.

Салыстырмалы көрсеткіштер инфляцияның әсерін жұмсартатындықтан баланстың абсолюттік көрсеткіштерін және олардың мәнін динамикада салыстыруды едәуір бұрмалайды.

Тікелей талдауға бастапқы немесе жинақталған баптар номенклатурасындағы түрлендірілген баланс жатқызуға болады.

Тікелей талдаудың мақсаты жске баптардың баланс жиынындағы үлес салмағын есептеу және олардың динамикасын активтердің және оларды өтеу кездерінің құрылымдық өзгерісін анықтауға және болжауға мүмкіндік алу үшін бағалау болып табылады.

Кесте 49 –Балансты тікелей талдауға мысал

Көрсеткіштер	Жыл басында		Жыл соңында		Өзгеруі (+, -), мың теңге	Өзгеру көрсеткіші (+, -), %
Активтер						
I. Қысқа мерзімді активтер						
Ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері	-	-	10,0	0,2	+10,0	-
Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар	-	-	2160,0	79,2	+2160,0	-
Қысқа мерзімді дебиторлық берешек	25,0	3,7	104,0	2,0	79,0	+416,0
Қосалқы бөлшектер	546,0	79,8	935,0	16,9	389,0	+171,2
Басқа да қысқа мерзімді активтер	9,0	1,3	2205,0	40,0	+2196,0	+2450,0
Қысқа мерзімді активтер жиыны	580,0	84,8	5414,0	98,3	+4834,0	+933,4
II. Ұзақ мерзімді активтер						
Негізгі құралдар	104,0	15,2	95,0	1,7	-9,0	-8,7
Ұзақ мерзімді активтер жиыны	104	15,2	95,0	1,7	-9,0	-8,7
Баланс	684,0	100,0	5509	100,0	+4825,0	+805,4
Пассивтер						
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер						
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	100,0	14,6	2326,0	42,2	+2226,0	+2326,0
Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер	58,0	8,5	83,0	1,5	+25,0	+143,1
Қысқа мерзімді кредиторлық берешек	93,0	13,6	1803,0	32,7	+1710	+1938,7
Қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны	251,0	36,7	4212,0	76,4	+3961,0	+1678,1
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер	-	-	-	-	-	-
V. Капитал						
Шығарылған капитал	100,0	14,6	100,0	1,8	-	+100,0
Үлестірілмеген табыс (жабылмаған зиян)	333,0	48,7	1197,0	21,8	+864,0	+359,4
Капитал жиыны	433,0	63,3	1297,0	23,6	+864,0	+299,5
Баланс	684,0	100,0	5509,0	100,0	+4825,0	+805,4

Балансты көлденең талдаудың мәні абсолютті көрсеткіштер қатысты өсу (төмендеу) қарқынымен толықтырылатын аналитикалық кесте құруда. Тәртіп бойынша, бірқатар жалғасқан кезеңдердің базистік өсу қарқыны алынады, ол жеке көрсеткіштердің өзгерісін талдауға ғана емес, сонымен бірге олардың маңызды болжауға да мүмкіндік береді. Көлденең талдау нәтижелерінің бағалылығы инфляция жағдайында едәуір төмендейді. Сонда да бұл мәліметтерді шаруашылық аралық салыстыруда қолдануға болады.

Көлденең талдаудың мақсаты баланстың әртүрлі баптары мөлшерінің белгілі бір кезеңге абсолюттік және салыстырмалы өзгерістерін анықтау және осы өзгерістерге баға беру болып табылады.

Балансты көлденең талдауға мысал 50-ші кестеле көрсетілген.

Кесте 50 – Ұйымның балансын көлденең талдау

Көрсеткіштер	Жыл басы		Жыл соңы		мың теңге	%
	мың теңге	%	мың теңге	%		
Активтер						
I. Қысқа мерзімді активтер						
Ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері	-	-	10,0	-	+10,0	-
Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар	-	-	2160,0	-	+2160,0	-
Қысқа мерзімді дебиторлық берешек	25,0	100,0	104,0	416,0	+79,0	+316,0
Болшектер	546,0	100,0	935,0	171,2	+389,0	+71,2
Басқа да қысқа мерзімді активтер	9,0	100,0	2205,00	24500,0	+2196,0	+24400,0
Қысқа мерзімді активтер жиыны	580,0	100,0	5414,0	933,4	+4834,0	+833,4
II. Ұзақ мерзімді активтер						
Центрі құралдар	104,0	100,0	95,0	91,3	-9,0	-8,7
Ұзақ мерзімді активтер жиыны	104,0	100,0	95,0	91,3	-9,0	-8,7
Баланс	684,0	100,0	5509,0	805,4	+4825,0	+705,4
Пассивтер						
Қысқа мерзімді міндеттемелер	100,0	100,0	2326,0	2326,0	+2226,0	+2226,0
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер						

Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер	58,0	100,0	83,0	143,1	+25,0	+25,0
Қысқа мерзімді кредиторлық берешек	93,0	100,0	1803,0	1938,7	+1710,0	+1838,7
Қысқа мерзімді міндеттемелер жапыны	251,0	100,0	4212,0	1378,1	3961,0	1278,1
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер	-	-	-	-	-	-
V. Капитал						
Шығарылған капитал	100,0	100,0	100,0	100,0	-	-
Үлестірілмеген табыс (жабылмаған зиян)	333,0	100,0	1197,0	359,4	+864,0	+199,5
Капитал жапыны	433,0	100,0	1297,0	459,4	864,0	+199,5
Баланс	684,0	100,0	5509,0	805,4	+4825,0	+705,4

Баланс негізіндегі тікелей және көлденең талдауды ұйымның қызметін экономикалық талдаудың бастапқы сатысында жүзеге асырған дұрыс. Оны көбінде көмекші саты ретінде қарастырған дұрыс, өйткені ары қарай тереңдетілген және жан-жақты талдауды да қажет ететін аспектілер анықталынады. Тікелей талдау салалық ерекшеліктерді есепке ала отырып, ұйымға маңызды мүліктік бөліктерді және қаржылық қаражаттардың көздерін бөліп қарауға мүмкіндік жасайды, ал көлденең талдау мүліктің құрылымында және қаржыландыру бағытында, қарастырылып отырған уақытта орын алған елеулі өзгерістерді анықтайды. Балансты тікелей және көлденең талдауды жүргізу бойынша ұсыныстар:

1. Балансты талдауды меншікті капитал мөлшерінің өзгерісінен бастаған пайдалы. (Баланстың V бөлімі “ Капитал”). Бұл есеп беру кезеңіндегі тенденцияны бірден көруге мүмкіндік береді.

2. Егер баланстың V бөлімі есеп беру кезеңінің залалдары есебінен меншікті капиталдың төмендегенін және де бұл бизнестің даму логикасын көрсететін болса, онда осы залалдардың қаржыландыру көздерін анықтау қажет. Тәртіп бойынша, залалдар айналым капиталы есебі өзгерісінен қаржыландырылады, ал ол болса қосалқы бөлшектер мен дебиторлық берешектердің азаюына, кредиторлық берешектің көбеюіне

әкелелі. Бірақ залалдардың қаржыландыру көзі мүлікті сату, ұзақ мерзімді қарыз немесе жарғылық капиталды көбейту болуы да мүмкін. Егер мұндай операциялар ұйыммен таза табыс болған жағдайда жүргізілетін болса, онда бұл әрекеттер экономикалық мақсат жағынан қарағанда негіздеуді талап етеді.

3. Ары қарай баланстың жиынтық баптарына, яғни қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтерге, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерге талдау жүргізген дұрыс. Бұл көрсеткіштердің есеп беру кезеңіндегі кез-келген өзгерісі осы бөлімге бөлшектен талдау жасаулы және көрсеткіштердің өзгеру себептерін анықтауды талап етеді. Табылған өзгеру себептері ұйым қызметінде есеп беру кезеңінде қазіргі тенденцияларды көрсету қажет.

4. Есептің жиі қателігі ұзақ мерзімді берешекті 12 ай аралығында міндеттемелерді орындау уақыты келгенде қысқа мерзімдігі ауыстырмау болып табылады.

2.2 Активтердің құрамын, құрылымын және динамикасын талдау

Баланс активтері дегеніміз ұйымға тиесілі ақша қаражаттарының және мүліктің жиынтығы: ғимарат, машиналар және жабдықтар, қосалқы бөлшектер, банктік салымдар, авторлық құқық және т.б. Кең мағынада бұл ақшалай құндылыққа не және ақшалай бағаланатын кез-келген құндылық.

Баланс активтерінде ұйымның құзырындағы капиталдың орналасуы туралы деректер, яғни оның нақты мүлікке және материалдық құндылыққа салымы туралы, сонымен бірге бос ақшалардың қалдықтары туралы мәліметтер бар. Орналасқан капиталдың әрбір түріне баланстың әрбір бабы сәйкес келеді.

Баланс активтерінің мәліметтері бойынша ұйымның активтерінде қандай өзгерістер болғаны, оның жылжымайтын мүлігі қандай бөлігін, ал қандай бөлігін айналым қаражаттары, оның ішінде өндірісте және айналым ортасында қаншалықты құрайтыны жайлы анықтауға болады.

Баланс активтерінің баптарын топтастырудың басты белгісі болып олардың өтімділік деңгейі саналады. Бұл белгі бойынша баланстың барлық активтері қысқа мерзімді активтерге (баланстың I бөлімі) және ұзақ мерзімді активтерге (баланстың II бөлімі) бөлінеді.

Баланс активтерінің құрамы мен құрылымы капиталдың көлемі мен құрылымына тәуелді. Сол себепті активтерді талдау олардың қалыптасу көздері және өтімділікті талдаумен байланысты. Талдау үдерісінде динамикадағы жалпы баланс валютасындағы қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтердің үлес салмағын, қаражаттар орналасуындағы ауытқуы мен өзгеруін есептей отырып, баланс активтерінің құрылымын анықтау қажет.

Баланс активтерінің құрылымының өзгерісін зерттеу маңызды ақпарат алуға мүмкіндік жасайды. Мүліктегі айналым қаражаттары үлесінің жоғарлауы мыналарды білдіреді:

➤ ұйым қаражаттарының айналымдылығы жылдамдығына жағдай жасайтын активтердің мобильді құрылымын қалыптастыру;

➤ қысқа мерзімді активтердің бір бөлігін ұйымның және басқа дебиторлардың дайын өнімін тұтынушыларды несиелеуге қарай бұру, ал ол өндірістік үдерістегі айналым қаражаттарының бұл бөлігінің нақты имабильді екенін білдіреді;

➤ өндірістік базаны бұру;

➤ олардың бухгалтерлік есептегі қалыптасқан тәртібі салдарынан негізгі қорлардың нақты бағалауының бұрмалануы және т.б.

Жалпы айтқанда “жақсы” баланстың белгілері болып табылады:

1) баланс валютасы есеп беру кезеңінің соңында басымен салыстырғанда жоғарлаған;

2) қысқа мерзімді активтердің өсу қарқыны ұзақ мерзімді активтердің өсу қарқынына карағанда жоғары;

3) ұйымның меншікті капиталы қарыз капиталынан артық және оның өсу қарқыны қарыз капиталының өсу қарқынынан жоғары;

4) дебиторлық және кредиторлық берешектердің өсу қарқыны біркелкі болып келеді.

Активтер құрылымындағы өзгерістердің себептері туралы нақты тұжырым жасау үшін баланс активтерінің бөлімдеріне және жеке баптарына жеке-жеке, атап айтқанда, ұйымның өндірістік әлуетінің жағдайын бағалауға негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің тиімді пайдаланылуына, қысқа мерзімді активтердің айналым жылдамдығына талдау жүргізу керек.

Қысқа мерзімді активтерді талдау. Қысқа мерзімді активтер ұйымның мүлкінің мобилді бөлігін құрайды, өйткені олар бір жылда толық айналым немесе бірнеше айналым жасайды. Олардың жағдайы және тиімді пайдаланылуы оның сәтті қызметінің негізгі шарғы.

Ұйым жұмысының ырғақтылығы, жоғары нәтижелігі көбінде оның айналым қаражаттарымен қамтамасыз етілуіне байланысты. Қысқа мерзімді активтерді алуға белінетін қаражаттардың жетіспеушілігі өндірістің қысқаруына, өндірістік бағдарламалардың орындалмауына әкеледі. Қаражаттарды оларға нақты қажеттілігінен артық жұмсау ресурстардың қозғалыссыздығынан оларды тиімсіз пайдалануға әкеліп соғады.

Қысқа мерзімді активтердің абсолюттік және қатысты мөлшерінің жоғарлауы өндірістің ауқымының кеңеюіне немесе инфляция факторының әсерін ғана сипаттап қоймай, сонымен бірге олардың айналымының ақырындауын көрсетеді, ол өз кезегінде олардың жалпы көлемінде қажеттіліктің өсуіне объективті әсер етеді.

Ақша қаражаттарының көбеюі тәртіп бойынша ұйымның қаржылық жағдайының нығаюын білдіреді. Ақша сомасы барлық бірінші кезектегі төлемдерді өтеу үшін жететіндей болуы керек. Ұзақ уақыт аралығында ақша қалдықтарының болуы айналым капиталын дұрыс пайдаланбау нәтижесінде болады. Оларды пайда алу мақсатында айналымға жіберу керек: өзінің өндірісін кеңейту немесе басқа ұйымдардың акцияларына салу.

Өнімді (жұмыс, қызмет) сату, басқа активтерді сату бойынша шаруашылық – қаржылық операцияларды жүргізу үдерісінде

дебиторлық берешек пайда болады. Дебиторлық берешекті талдау қысқа мерзімді активтердің ішіндегі үлес салмағын анықтау жолымен жүзеге асырылады. Содан кейін бір жыл ішіндегі оның сомасының өзгеру динамикасы зерделенеді: жыл соңындағы қалдықтар жыл басындағы сомамен салыстырылады; оның жағдайы бағаланады, яғни баланс баптары және дебиторлар түрлері бойынша пайда болуы және жабылуы.

Баланс активтеріндегі дебиторлық берешектің жоғары үлесі ұйымның өзінің сатып алушыларына коммерциялық кредит беруі үшін кеңінен қолданылады. Оларды несиелей отырып, ұйым негізінде өзінің табыс бөлігін бөліп береді. Бірақ ұйымның төлемдері тоқтап қалатын болса, онда ол ағымдағы шаруашылық қызметін қамтамасыз ету үшін кредиторлық берешегін көбейте отырып, несие алуға тиіс болады.

Дебиторлық берешекті талдағанда оны қалыпты және уақытынан асып кеткен деп белу керек. Уақытынан асып кеткен дебиторлық берешектің болуы қаржылық қиыншылықты тудырады, капиталдың айналымдылығын ақырындадатады. Төлемдермен есептесулерді алдын ала төлемдерді, вексельдерді қолданумен және т.б. жолдармен жылдамдату қажет. Талдау үдерісіндегі дебиторлық берешектің динамикасын, құрамын, себептерін және пайда болу ұзақтығын, оның құрамында қайтарып алу үшін күттірмейтін шаралар қабылдауға қайтарып алу уақыты келгендер бойынша мүмкіндік бар жағын зерделеу қажет.

Дебиторлық берешекті талдай отырып, оның сомасын кредиторлық берешек мелшерімен салыстырып және айналымдылығын анықтау керек. Дебиторлық берешектің айналымдылығының төмендігі тауарлы несиенің берілуімен, ұзақ уақытқа вексельмен берешекті рәсімдеу, сатып алушылардың шоттарды толеу қабілетсіздігі, болмаса дебиторлық берешекті қайтарып алу бойынша жұмыстың нашарлығымен түсіндіріледі.

Ұйымдар есептесу және келісім тәртіптерін сақтағанда үлкен көлемде дебиторлық берешегі болмау керек, өйткені бұл айналым қаражаттарының ауысуына, олардың айналымдылығының ақырындауына, ең соңында қосымша қаражат көздерінің қажет-

тілігінің пайда болуына әкеледі және ұйымның қаржылық жағдайын нашарлатады. Сонымен бірге ұйымның өндірістік циклі ұзарады.

Дебиторлық берешек көп болған сайын ұйымда ақша қаражаттары аз болады. Ұйымның қаржылық жағдайына өндірістік босалқы қорлардың жағдайы үлкен әсер етеді. Сондықтан қаржылық жағдайды бағалау үшін босалқы қорлар туралы мәліметтерді талдау керек. Босалқы қорлар оңтайлы болуы керек, яғни өндіріс уақытында және толық көлемде барлық қажетті ресурстармен қамтамасыз етілуі керек және де сол уақытта олар қоймаларда жатып қалмауы қажет.

Босалқы қорлардың құрылымын зерделеген кезде қысқа мерзімді активтердің элементтері шикізат, материалдар және басқа соларға ұқсас құндылықтар аяқталмаған өндіріс шығындары, дайын өнім және қайта сатуға арналған тауарлар, тиелген тауарлар өзгерісі тенденцияларын анықтауға басты көңіл аударған дұрыс. Өндірістік бөлшектердің үлес салмағының жоғарлауы:

1) ұйымның өндірістік әлуегінің өскенінен;

2) өндірістік босалқы қорларға салым жасау арқылы ұйымның ақшалай активтерін инфляция әсерінен болатын күнсызданудан қорғауға тырысуды;

3) таңдалынған шаруашылық стратегияның рационалды еместігі, соның салдарынан қысқа мерзімді активтердің елсүлі бөлігі өтімділігі төмен босалқы қорларға салынғанын білдіреді.

Ұзақ мерзімді активтерді талдау. Ұзақ мерзімді активтер бухгалтерлік баланста нетто бағамен келтіріледі. Негізгі құралдар, материалдық емес активтер қалдық құнымен, ол басқа қалған ұзақ мерзімді активтер – нақты езіндік құны бойынша көрсетіледі. Бұл бағалау ұйымды сатқан болмаса жапқан кезде ұзақ мерзімді активтерді сатып алуға болатын ақшалай қаражаттардың сомасы туралы мәлімет бере алмайды.

Ұзақ мерзімді активтердің мелшері құрылыстың және сатып алудың, қайтарымсыз қосылудың, жарғылық капиталға салымның жабу нәтижесінде шығып қалудың ссебінен түсулер нәтижесінде өзгеруі мүмкін. Сондықтан талдау үдерісінде бастапқы

және қалдық күн түрінде немесе ұзақ мерзімді активтердің нақты өзіндік құнымен; мезеттік және аралық мөлшерлер: күндық және габиғи көрсеткіштер түрінде қолданылады. Ұзақ мерзімді активтерді талдаған кезде олардың құрылымына, динамикасына және тиімді пайданылуына баға беру қажет.

Активтер құрамында ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың болуы осы салымдардың инвестициялық бағытталғанын көрсетеді. Сондықтан ұйымның қор портфелінің құрамына енетін эмиссиялық бағалы қағаздардың табыстылығына, өтімділігіне және тәуекеліне баға беру керек.

Баланстың екінші бөлімінің құрамында материалды емес активтердің болуы ұйымның таңдап алған стратегиясының инновациялық түрде екенін жанама түрде көрсетеді, өйткені ол қаражаттарды патенттерге, лицензияларға, бағдарламалық опімдерге және басқа интеллектуалды меншіктер объектілеріне салады. Материалды емес активтердің тиімді пайдаланылуына жеке-жеке талдау жүргізу ұйымның басшылығы үшін өте маңызды.

2.3 Пассивтердің құрамы, құрылымы және динамикасын талдау

Баланстың пассивтеріне ұйымның кредиторлар, жұмыскерлер, инвесторлар алдында ұзақ мерзімдегі және қысқа мерзімдегі міндеттемелері, сонымен бірге ұйымның шығарылған капиталы, эмиссиялық табысы, сатып алынған үлестік құралдары, резервтері, үлестірілмеген табысы кіретін меншікті қаражаттары енеді.

Баланстың пассивінде келтірілетін деректер меншікті және қарыз капиталының құрылымында қандай өзгерістер болғанын, ұйымның айналымына қанша ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қарыз қаражаттары тартылғанын анықтауға мүмкіндік жасайды, яғни пассивтер ұйымның мүлкін қалыптастыруға бағытталған қаражаттар қайдан алынғанын көрсетеді. Ұйымның қаржылық жағдайы көбінде өзінің құзырында қандай қаражаттары бар екеніне және олар қайда салынғанына байланысты.

Ұйымның активтерінің қалыптасу көздері болып меншікті капитал, сонымен бірге қарыз капиталы қызмет етеді. Талдау үдерісінде талдау кезеңінде меншікті және қарыз қаражаттары өсуінің қалай жүргеніне, тартылған қаражаттардың негізгі түріне, меншікті және қарыз қаражаттарының өсуінің немесе төмендеуінің жалпы тенденциясына, меншікті және қарыз қаражаттарының жалпы өзгерісіне көңіл аудару қажет.

Пассивтерді талдау төлемқабілеттілікті қалпына келтіруді қамтамасыз ету үшін және қайта құрылымдау жүргізу мүмкіндігі үшін, міндеттемелердің орындалуы уақыты үшін ішкі шаруашылық резервтерді анықтау мақсатында жүргізіледі. Ол ұйым балансы баптарының топтары бойынша жүргізіледі және меншікті қаражаттардың көздерін, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді талдаудан тұрады.

Баланс пассивтерінің құрылымын зерттеу ұйымның төлем қабілетсіздігіне әкеліп соғатын қаржылық тұрақсыздығының (тұрақтылығы) мүмкін болатын бірден-бір себептерін анықтауға мүмкіндік береді. Тұрақсыздықтың себебі шаруашылық қызметті қаржыландыру үшін тартылған көздердегі қарыз қаражаттарының рационалды емес жоғары үлесі болуы мүмкін.

Меншікті қаражаттардың кез-келген үлесінің көбеюі ұйымның қаржылық тұрақтылығын нығайтуға жағдай жасайды. Меншікті және қарыз қаражаттарының ара қатынасын анықтаған кезде, тәртіп бойынша, ұзақ мерзімді несиелер мен қарыздар меншікті қаражаттар көздеріне тең болатынын есепке алу керек.

Бұдан басқа, белгілі бір жағдайларда баланс пассивінің болашақ кезеңдегі табыстары, болашақ кезеңдегі шығындар және төлемдер резервтері сияқты баптары шын мәнінде меншікті қаражаттардың көздері болып табылады.

Меншікті қаражаттардың көздерін талдау. Ұйымның меншікті қаражаттар көздеріне шығарылған капитал, эмиссиялық табыс, шығарылған меншікті үлестік құралдар, резервтер, сонымен бірге үлестірілмеген табыс жатады және олар бухгалтерлік баланстың V Капитал бөлімінде көрсетіледі.

Ұйымның көлемі есетін жоғары тенденцияны көрсететін меншікті капиталы бар болса, онда әлуэтті кредиторлар, инвест-

торлар, қарыз берушілер және акционерлер үшін нарықтық жағдайда қосымша кепіл болып табылады. Ұйымның өзі үшін меншікті капитал жарғылық қызметті жүзеге асыруда мүмкін болатын залалдарды жабуда мүліктің жаңа түрін жасауға және қызмет ортасын кеңейтуде негізгі қаражат көзінің бірі.

Сондықтан пассивтердің құрылымын талдаған кезде, бірінші кезекте қаржыландыру көздерінде нақты меншікті капиталдың үлесі қандай екеніне көңіл аударады. Қарыз қаражаттарының өсу қарқынымен салыстырғанда меншікті қаражаттардың өсу қарқынының жоғарылығы ұйымның қаржылық жағдайының нығаюына мүмкіндік жасайды.

Балансты қарастыру кезінде баланс пассивтеріндегі меншікті және қарыз капиталының ара қатынасын талдаудың маңызы зор. Меншікті капиталдың үлесі көп болған сайын ұйымның қаржылық тұрақтылығы жоғары, сыртқы кредиторларға тәуелділігі төмен және оған банкрот болу қатері жоқ екенін міндетті түрде түсіну керек.

Меншікті капиталға қажеттілік ұйымның өзін-өзі қаржыландыру талаптарымен түсіндіріледі. Ол ұйымның дербестілігінің және тәуелсізділігінің негізі болып табылады. Бірақ ұйымның қызметін тек меншікті қаражаттар есебінен қаржыландыру, әсіресе өндірістің маусымдық сипатта болуында әрқашан тиімді бола бермейді. Онда жеке кезеңдерде банк шоттарында үлкен қаражат жиналып қалады да, ал басқа кезеңдерде олардың жетіспеушілігі болатынын есепке алу керек. Бұдан басқа, егер қаржылық ресурстарға баға онша жоғары болмай, ал ұйым несиелік ресурстарға төлегеннен, салынған капиталға жоғары деңгейде қайтарымды қамтамасыз ете алатын болса, онда қарыз қаражаттарын тарта отырып, ол меншікті капиталдың рентабельділігін жоғарлата алады.

Қаржыландыру көздерінде резервтер мен үлестірілмеген табыстың бар болуы ұйымның тиімді жұмыс істегенін білдіреді, ойткені меншікті капиталдың бұл бөлігі шаруашылық қызмет үдерісінде құралады.

Қарыз қаражаттары көздерін талдау. Ұйымның меншікті капиталын талдағаннан кейін оның міндеттемелерін талдауға

көшуге болады. Ұйымның міндеттемелері дегеніміз кең мағынада қарыз қаражаттары, оларды өтеу уақыты бойынша қысқа мерзімді (1 жылға дейін уақытта) және ұзақ мерзімді (1 жылдан жоғары уақытта) деп бөлуге болады. Талдау үшін қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қарыз қаражаттарының ішінде қарыз алудың банк кредиттері және қарыздары сияқты түрлерін бөліп қарау керек.

Ұйымның міндеттемелеріне тартылған қаражаттарды да қосуға болады, яғни төлеу уақыты жетпеген кредиторлық берешек. Талдау мақсаты үшін кредиторлық берешектің жалпы сомасының ішінде жеткізушілер мен мердігерлер алдындағы, берілген вексельдер бойынша, алынған аванстар, табыстарды төлеу бойынша құрылтайшыларға берешек, еншілес және тәуелді қоғамдар алдындағы берешектерді бөліп қарау керек.

Тартылған қаражаттар ішінде ерекше топты тұрақты пассивтер деп аталатын топ алады, оның талдауы келесі бағытта жүргізіледі. Еңбекақы бойынша персоналдар алдындағы ұйымның берешегі, бюджетпен әлеуметтік сақтандыру және қамтамасыз ету органдары алдындағы берешек.

Қарыз қаражаттарын ұйымның айналымына тартқанда, егер олар айналымда ұзақ уақытта тұрып қалмай және уақытында қайтарылған жағдайда қаржылық жағдайдың уақытша жақсаруына ықпал етеді. Керісінше жағдайда уақытынан асып кеткен кредиторлық берешек пайда болады да, соңында айып пұл төлеуге және қаржылық жағдайдың нашарлауына әкеліп соғады. Сондықтан талдау үдерісінде кредиторлық берешектің құрамын пайда болу ұзақтылығын, ресурстарды жеткізушілерге, еңбек ақы бойынша ұйымның персоналдарға, бюджетке уақытынан асып кеткен берешектердің жиілігін және пайда болу себептерін зерделеу қажет және төлемдерді уақытында төлемегендіктен төленген есімақы сомасын анықтау керек.

Қысқа мерзімді кредиторлық берешектің тез есуі оның айналымдылығының төмендеуіне әкеледі. Мұнда бюджетке және бюджетпен тыс қорларға төлемдердің уақытынан асып кетуі жеткілікті жоғары деңгейдегі ставкалардағы айыппұлдардың, есімақылардың түрлерін қолдануды қажет етеді.

Қарыз капиталының құрылымындағы қаржылық тұрақтылықты жоғарлататын және төлем қабілеттілікті жоғалту тәуекелін төмендететін ұзақ мерзімді міндеттемелердің үлесінің жоғары болуы жағымды жайт болып табылады. Сонымен бірге, егер ұйымның қаражаттары негізінен қысқа мерзімді міндеттемелер есебінен құралған болса, онда оның қаржылық жағдайы қарыз қаражаттарын пайдалануды қысқа мерзімді қайтару қажеттілігі себебінен тұрақсыз болады. Сондықтан меншікті және қарыз капиталының ара қатынасының оңтайлы болуынан ұйымның қаржылық жағдайы байланысты. Дұрыс қаржылық стратегия жасау көптеген ұйымдарға өз қызметтінің тиімділігін жоғарлатуға көмектеседі.

Өзіндік жұмыс үшін материалдар

Келесі негізгі түсініктерге анықтама беріңдер: экспресс-талдау, аналитикалық баланс, активтер, пассивтер, ұзақ мерзімді активтер, қысқа мерзімді активтер, айналым капиталы, баланс валютасы, негізгі капитал, жағымды баланс, меншікті қаражаттар, қарыз қаражаттары, меншікті қаражат кездері.

Бақылау сұрақтары

1. Салыстырмалы аналитикалық баланс.
2. Экспресс-талдаудың мақсаты және сатылары.
3. Баланс активтері және пассивтерін топтастыру белгілері.
4. Ұйымның қаржылық жағдайына жалпы бағалаудың жүргізілуі.
5. Балансты талдаудың негізгі міндеттері.
6. Балансты талдауды жүргізуге қойылатын талаптар.
7. Балансты тікелей талдау және оның мақсаты.
8. Балансты келдеңен талдау және оның мақсаты.
9. Балансты келдеңен талдауды жүргізу бойынша ұсыныстар.
10. Баланс активтерін талдаудың мәні.
11. “Жағымды” баланс белгілері.

12. Қысқа мерзімді активтерді талдау.
13. Ұзақ мерзімді активтерді талдау.
14. Баланс пассивтерін талдаудың мәні.
15. Меншікті қаражаттардың көздерін талдау.
16. Қарыз қаражаттары көздерін талдау.

3-ТАҚЫРЫП.

БАЛАНС ӨТІМДІЛІГІН ТАЛДАУ

3.1 Өтімділік және төлемқабілеттілік түсінігінің экономикалық мазмұны

Кәсіпорынның қаржылық жағдайына талдау жүргізген кезде оның өтімділігін зерттеу маңызды роль атқарады. Өтімділік ұйымның сезсіз төлем қабілеттілігін білдіреді және активтер мен міндеттемелердің арасындағы жалпы сомасы бойынша да, келіп түсу уақыты бойынша да әрдайым теңдікті көрсетеді. Ұйымның өтімділігі шын мәнінде баланс өтімділігін көрсетеді. Сондықтан ұйымның өтімділігін бағалау үшін бухгалтерлік баланстың көрсеткіштерін тереңінен зерттеу керек.

Кәсіпорынның өтімділігі деп бұл баланс өтімділігіне қарағанда кеңірек қолданылатын түсінік. Баланс өтімділігі тек ішкі көздер (активтерді сату) есебінен ғана төлемдік қаражаттарды іздеуді қарастырады. Дегенмен де ұйым егер оның іскерлік әлемде тиісті атақ дәрежесі және инвестициялық тартымдылықтың жетерлік дәрежедегі жоғарғы деңгейі болса сырт жақтан қарыз қаражаттарын тартуына болады.

Баланс өтімділігі – шаруашылық субъектісінің активтерді қолма-қол ақшаға айналдыру және өзінің міндеттемелерін жабу мүмкіндігі, ал нақтырақ айтсақ – бұл ұйымның қарыз міндеттемелерін оның активтерімен жабу дәрежесі. Ол қолда бар төлем қаражаттарының қысқа мерзімді қарыз міндеттемелер шамасына сәйкес болу дәрежесіне байланысты.

Төлемқабілеттілік және өтімділік түсініктері өте жақын, бірақ екіншісі мол сыйымды. Баланс және ұйым өтімділігі дәре-

жесіне төлем қабілеттілік байланысты. Сол кезде өтімділік есеп айырысулардың қысқа мерзімді жағдайы сияқты, болашақты да сипаттайды. Ұйым есепті мерзімде төлем қабілетті болып саналса, бірақ мұнда оның болашақта жағымсыз мүмкіндіктері болуы мүмкін, және керісінше.

Ұйымның төлемқабілеттілігі оның қаржылық тұрақтылығының маңызды белгілерінің бірі және сондықтан онымен тығыз байланысты болады. Сондықтан нарық экономикасы жағдайында оған кеп көңіл бөледі.

Баланс өтімділігін талдау мәселесін қарастырар алдында, жалпы активтердің, баланстың және ұйымның “өтімділігін” анықтап алу керек.

Өтімділіктің екі тұжырымдамасы белгілі. Бірінші тұжырымдама бойынша өтімділік: ұйымның өзінің қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеу қабілеттілігі ұғынылады. Ал екінші тұжырымдама бойынша, өтімділік – бұл қысқа мерзімді активтердің ақша қаражаттарына айналуға дайындығы мен жылдамдығы.

Өтімділік ұйымның сөзсіз төлем қабілеттілігін білдіреді және активтер мен міндеттемелердің арасындағы жалпы сомасы бойынша да, келіп түсу уақыты бойынша да әрдайым теңдікті көрсетеді. Ұйымның өтімділігі шын мәнінде баланс өтімділігін көрсетеді. Сондықтан ұйымның төлем қабілеттілігін бағалау үшін бухгалтерлік баланстың көрсеткіштерін тереңінен зерттеу керек.

Актив және пассив құрылымдарымен анықталатын баланстың қасиеттерін талдаған кезде төменгі әрекеттер жүзеге асырылуы тиіс:

- активтерді айналымдылық мерзіміне (еткізілетіне) байланысты, пассивтерді - өтеу жеделдігі бойынша топтастыру жолымен баланс өтімділігін бағалау және активтер мен пассивтердің тиісті топтарын сәйкестендіру;

- меншікті капитал мен міндеттемелердің арақатынасын сипаттау;

- жалпы қаржыландыру кездерінің шамасында меншікті капитал мен ұзақ мерзімді міндеттемелердің үлес салымағын бағалау;

- дебиторлық және кредиторлық қарыздардың пайда болу және өтеу шарттарын салыстыру.

3.2 Баланс өтімділігін талдау әдістемесі

Баланс өтімділігін талдаудың мәні – активтегі өтімділік дәрежесі бойынша топталған қаражаттарды пассивтегі міндеттемелермен салыстыруда.

Актив пен пассив баптары белгілі бір тәртіппен топастырылады.

Талдау жүргізу үшін баланстың активі мен пассивін келесі белгілер бойынша топтастырады: өтімділіктің азаю дәрежесі бойынша (актив); төлем жүргізу жеделдігі бойынша.

Өтімділік дәрежесіне, яғни ақша қаражаттарына айналу жылдамдығына байланысты ұйым активтері келесідей топтарға бөлінеді:

А₁. Ең өтімді активтер. Бұл активтер тобына қысқа мерзімді активтердің ең мобильдік бөлігі болып саналатын ұйымның ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері, сонымен қатар қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар жатады. Ақшалар төленуге бірден дайын, ал қысқа мерзімді инвестициялар (бағалы қағаздар) қолма-қол ақшаға тез айналады.

А₂. Тез өтегін активтер. Оларға қысқа мерзімді дебиторлық берешек (есепті күннен кейінгі 12 ай ішінде күтілетін төлемдер) және өзге де қысқа мерзімді активтер жатқызылады. Мұнда мысалы, қысқа мерзімді берілген аванстар, жобалауға, тәжірибелі орнатылымды өңдеу, саймандарды дайындаудың жаңа технологиялық үдерістеріне шығындар және т.с.с. сипатталады.

Дебиторлық берешек бойынша ағымдағы шотқа сомалар белгілі бір мерзімдерде түседі және олар өзінің міндеттемелерін төлеуге жұмсалынуы мүмкін. Есеп айырысу құжаттары бойынша тиелген, сатып алушылармен уақытылы төленбеген тауарлар бойынша мерзімі өткен берешектердің өтімділігі төмен. Бірақ қалыпты нарықтық экономика мерзімі өткен қарыздарды болдырмауға тырысады, өйткені уақытында оларды талап етуге шаралар қолданылады. Кез-келген дебитор айыппұлдар мен өсімпұлдарға жол бермеу үшін соңғы нәтижеде банкрот деп жарияламау үшін өзінің қарыздарын уақытында өтеуге ұмтылады.

Сондықтан да өтімді қаражаттарды есептеу кезінде сенімді түрде оған қысқа мерзімді дебиторлық берешек сомасын да қосады. Бірақ инфляция жағдайында әріптестер арасында шаруашылық байланыстардың үзілуінен барлық дебиторлық берешек ақшаға тез айналмауы мүмкін. Күмәнді дебиторлық берешектің едәуір үлес салмағы ұйымның қаржылық тұрақтылығына қауіп төндіруі мүмкін.

А₃. Баяу өткізілетін активтер – ең төменгі өтімді активтер. Оған қысқа мерзімді активтердің қалған барлық баптары жатады, оның ішінде ең жоғарғы үлес салмақты өзіне шикізат пен материалдарды, дайын өнімді, қайта сатуға және сақтауға сатып алынған тауарлар, аяқталмаған өндіріс, басқа да шығындар, қорларды есептен шығаруға резервтерді қосатын «Қорлар» бабы алады.

Бұл топтың активтері ақшаға күрделірек айналады: сатып алушы табу керек, ал бұл әрқашан оңай болмайды және белгілі бір уақытты қажет етеді.

А₄. Қиын өткізілетін активтер. Бұлардың құрамына ұзақ мерзімді активтердің барлық баптарын кіргізеді.

Осылайша, өтімділік дәрежесі бойынша баланс активтерін топтастыруда басты орынды ең өтімді және меншік нысанындағы әмбебабы – кассада, банктің валюталық және ағымдағы шоттарындағы, аккредитивтегі, чек кітапшаларындағы және өзге де төлем құжаттарындағы қолма-қол ақша, сонымен қатар ақшалай құжаттар және жолдағы аударымдар алады.

Содан кейін басқа ұйымдардың активтеріне салынған қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар (бағалы қағаздар), қаржылық инвестициялардың объектісі ретінде сатып алынған вексельдер, сондай-ақ мемлекеттік бағалы қағаздарға инвестициялар, дебиторлармен есеп айырысу келесі орынға ие.

Белгіленген актив баптары ұйымның өтімділігін білдіреді. яғни алғашқы кезектегі міндеттемелерді төлеу үшін жұмсалынатын қаражаттар активтегі бөлігі. Ең төменгі өтімді элементтер қорлар және ұзақ мерзімді активтер баптарында топтастырылған. Баланс мәліметтерін пайдалана отырып, актив

баптарын өтімділік дәрежесі бойынша топтастыру үшін келесі кестені құрастырайық (кесте 51).

Кесте 51 – Өтімділік дәрежесі бойынша баланс активінің баптарын топтастыру

Активтер	Жыл басы, мың теңге	Жыл аяғы, мың теңге
I. Ең өтімді активтер:		
Ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері	153 286	131 496
Барлығы:	153 286	131 496
II. Тез өтетін активтер:		
Қысқа мерзімді саудалық және басқа да дебиторлық берешек	87 205	267 702
Басқа да қысқа мерзімді активтер	33 832	14 388
Барлығы:	121 037	282 090
III. Баяу өтетін активтер:		
Қорлар	341 300	313 232
Ағымдағы салықтық активтер	22 663	19 341
Барлығы:	363 963	332 573
IV. Қиын өтетін активтер:		
Негізгі құралдар	1 320 210	1 240 463
Материалдық емес активтер	325	576
Барлығы:	1 320 535	1 241 039
Жиынтығы:	1 958 821	1 987 198

Баланс пассивінің баптары қайтару, өтеу уақытының мерзіміне байланысты былайша топтастырылады:

P_1 . Ең жедел міндеттемелер. Оған қысқа мерзімді кредиторлық берешек пен өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер баптары жатқызылады.

P_2 Қысқа мерзімді міндеттемелер. Оған «Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер», «Салықтар бойынша міндеттемелер», «Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер» және «Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері» баптары жатады.

P_3 . Ұзақ мерзімді міндеттемелер. Бұл топтың құрамына «Ұзақ мерзімді міндеттемелер» деп аталатын баланс бөліміне жататын барлық баптар кіреді.

P_4 Тұрақты міндеттемелер. Осы топқа «Капитал» деп аталатын баланс бөліміне жататын барлық баптар жатқызылады.

Кесте 52 – Талемдерді өтеу дәрежесі бойынша пассив баптарын топтастыру

Пассивтер	Жыл басы, мың теңге	Жыл аяғы, мың теңге
I. Ең жедел міндеттемелер:		
Қысқа мерзімді саудалық және басқа да кредиторлық берешек	49 801	84 039
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	9 862	35 584
Барлығы:	59 663	119 623
II. Қысқа мерзімді міндеттемелер:		
Қарыздар	61 783	18 535
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	13 681	74 186
Қысқа мерзімді резервтер	7 614	649
Жұмыскерлерге сыйақылар	25 982	36 104
Барлығы:	109 060	129 474
III. Ұзақ мерзімді міндеттемелер:		
Қарыздар	222 421	222 421
Ұзақ мерзімді резервтер	56 869	56 869
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	57 864	57 865
Барлығы:	337 154	337 155
IV. Тұрақты міндеттемелер:		
Жарғилық капитал	956 377	956 377
Резервтер	335 218	328 205
Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)	161 349	116 364
Барлығы:	1 452 944	1 400 946
Жиынтығы:	1 958 821	1 987 198

Ұйым балансының өтімділігін анықтау үшін өтімділігі бойынша топтастырылған актив топтарын өтеу дәрежесі бойынша топтастырылған пассив топтарымен салыстырамыз. Ұйым баланс толығымен абсолютті өтімді деп саналады, егер келесідей қатынастар орындалса:

- 1) $A_1 \geq P_1$
- 2) $A_2 \geq P_2$
- 3) $A_3 \geq P_3$
- 4) $A_4 < P_4$

Яғни ең өтімді активтер ең жедел міндеттемелерден жоғары немесе тең болуы тиіс. Ал тез өтетін активтер тобы қысқа мерзімді міндеттемелер тобынан артық болғаны дұрыс. Үшінші топқа кіретін баяу өтетін активтер ұзақ мерзімді міндеттемелер

тобынан жоғары болуы тиіс және де соңғы қалған қатынас. ол қиын өтетін активтер тобы тұрақты міндеттемелер тобынан кем болғаны жөн. Осы қатынастар орындалса, берілген ұйым толықтай төлем қабілетті және өтімді болып саналады.

Ал егер осы қатынастардың тек біреуі ғана орындалмайтын болса, онда ұйым балансын шартты өтімді деуге болады. Өйткені басқа үш қатынастың артық шыққан сомаларымен жетпей тұрған соманы жабуға болады деп есептей аламыз. Төртінші теңсіздіктің терең экономикалық мәні бар: оның орындалуын қаржылық тұрақтылықтың ең төменгі шарттарының сақталғандығын, ұйымның меншікті айналым қаражатының барын дәлелдейді.

Жоғарыда келтірілген екі кестенің мәліметтерін пайдалана отырып, берілген ұйымның баланс өтімділігіне талдау жасауға болады. Ол үшін осы келтірілген теңсіздікке алынған нәтижелерді салыстыру қажет.

Есепті жыл басына баланс өтімділігі келесі сипатқа ие болды:

1-ші шарт бойынша $153\ 286 > 59\ 663$

2-ші шарт бойынша $121\ 037 > 109\ 060$

3-ші шарт бойынша $363\ 963 > 337\ 154$

4-ші шарт бойынша $1\ 320\ 535 < 1\ 452\ 944$

Есепті кезең басына ұйым балансы абсолютті өтімді деп есептеледі. Берілген төрт қатынастың барлығы да орындалуда. Бұл ұйымның осы кезеңде өзінің барлық міндеттемелерін тиісті активтермен өтеуіне жеткілікті екенін көрсетеді.

Есепті кезең аяғына келесідей нәтижелерге қол жеткіздік:

1-ші шарт бойынша $131\ 496 > 119\ 623$

2-ші шарт бойынша $282\ 090 > 129\ 474$

3-ші шарт бойынша $332\ 573 < 337\ 155$

4-ші шарт бойынша $1\ 241\ 039 < 1\ 400\ 946$

Келтірілген қатынастарда кезең аяғында ұйым балансы өтімсіз деп есептеуге болады. Берілген төрт қатынастың үшіншісі ғана орындалмайды. Бұл ұйымның осы кезеңде өзінің ұзақ мерзімді міндеттемелерін баяу өтетін активтермен өтеуге жеткіліксіз екенін білдіреді.

Ұйымның төлем қабілеттілігін анықтау үшін және қаражаттарды қаншалықты сомада жетіспейтінін көрсету үшін

төлем күнтізбесін құрастыру қажет етіледі. Ол үшін келесідей кесте құрылады.

Кесте 53 – Ұйымның төлем күнтізбесі

Актив	Жыл басы, мың теңге	Жыл аяғы, мың теңге	Пассив	Жыл басы, мың теңге	Жыл аяғы, мың теңге	Төлемдік артықшылық немесе жетіспеушілік, мың тг.	
						Жыл басы	Жыл аяғы
I	153286	131496	I	59663	119623	93 623	11 873
II	121037	282090	II	109060	129474	11 977	152 616
III	363963	332573	III	337154	337155	26 809	-4 582
IV	1320535	1241039	IV	1452944	1400946	132 409	159 907

Төлем күнтізбесі бойынша бұл ұйымның қаржылық жағдайы қалыпты екенін көруге болады. Кестеден жыл аяғына үшінші шарт бойынша жетіспеушілік сомасы 4 582 мың теңгені құраған. Ал оны бірінші шарттың артықшылық сомасынан жабуға болады, яғни ақша қаражаттарының қалған молшерімен ұзақ мерзімді міндеттемелерді жаба аламыз. Сол себепті ұйым өтімді болып саналады.

Сонымен қатар баланс өтімділігін анықтау үшін жалпы өтімділік коэффициенті қолданылады. Бұл коэффициент шетелдік тәжірибеде салмақты коэффициенттерімен есептеледі.

Алғашқы бірінші топтарға, ең өтімді активтер мен ең жедел міндеттемелерге салмақты коэффициент 1 қолданылады.

Екінші топтарға, тез өтетін активтер мен қысқа мерзімді міндеттемелерге 0,5. Үшінші топқа, баяу өтетін активтер мен ұзақ мерзімді міндеттемелерге 0,3. Ол келесі формуламен анықталады:

$$K_{\text{ж}} = \frac{A_1 + 0,5 \times A_2 + 0,3 \times A_3}{\Pi_1 + 0,5 \times \Pi_2 + 0,3 \times \Pi_3}$$

Салмақты коэффициенттер халықаралық стандарттармен қабылданған және сәйкесінше мыналарды құрайды:

– I топ активі (A1) және I топ пассиві (Π1) = 1. Бұл дегеніміз ұйымның айтарлықтай ақша қаражаттары болған кезде жедел міндеттемелерді жабу ықтималдығы 100% құрайды.

- II топ активі (A2) және II топ пассиві (П2) = 0,5. Дебиторлық берешектің уақтылы қайтырылу ықтималдығы 50% құрайды дегенді білдіреді.

- III активі (A3) және III топ пассиві (П3) = 0,3. Ұйымның өзінің өнімдері мен тауарларын уақтылы сатып, және түскен ақша сомасына міндеттемелерін жабу ықтималдығы 30%-ға тең дегенді анықтайды.

Жалпы өтімділік коэффициентінің теориялық мәні 0,9 құрауы тиіс. Жоғарыдағы формуланы пайдалана отырып, мына нәтижелерге қол жеткіздік:

$$\text{Жыл басы } K_{\text{жк}} = \frac{153\,286 + 0,5 \times 121\,037 + 0,3 \times 363\,963}{59\,663 + 0,5 \times 109\,060 + 0,3 \times 337\,154} = 1,5$$

$$\text{Жыл аяғы } K_{\text{жк}} = \frac{131\,496 + 0,5 \times 282\,090 + 0,3 \times 332\,573}{119\,623 + 0,5 \times 129\,474 + 0,3 \times 337\,155} = 1,3$$

Көрсетілгендей жалпы өтімділік коэффициентінің мәні екі есепті кезеңде де теориялық мәнінен әлдеқайда жоғары болды. Бұл жағдай ұйымның төлем қабілетті екенін айтады. Бірақ та бұл көрсеткіш ұйымның қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеу жөніндегі мүмкіндіктерін көрсете алмайды. Сондықтан, осы көрсеткішпен қатар, ұйымның төлем қабілеттігін бағалау үшін, ең өтімді қаражаттардың жиынымен ажыратылатын, өтімділік көрсеткіштерінің бүтіндей жүйесі қолданылады.

3.3 Өтімділік коэффициенттерін талдау

Төлем қабілеттілікті сипаттайтын көрсеткіштеріне келесі өтімділік коэффициенттері жатады: абсолютті өтімділік коэффициенті; аралық өтеу (жабу) коэффициенті; жалпы өтеу (жабу) коэффициенті; таза айналым капиталы.

Абсолютті өтімділік коэффициенті ақша қаражаттары мен тез өткізілетін бағалы қағаздардың мерзімді және қысқа мерзімді міндеттемелерге қатынасы ретінде есептеледі.

$$K_{\text{абсолютті өтімділік}} = \frac{\text{Ең өтімді активтер}}{\text{Жедел міндеттемелер} + \text{Қысқа мерзімді міндеттемелер}}$$

$$K_{\text{абсолютті өтімділік}} \geq 0,2 - 0,5$$

Бұл коэффициентпен баланстың жасалу мезгілінде немесе жақын уақытта қысқа мерзімді міндеттемелердің қандай бөлігі өтелетінін көрсетеді. Ол қысқа мерзімді міндеттемелердің қандай бөлігі жедел отелуі керек екендігін көрсететін төлем қабілеттілігінің қағаз белгісі.

Берілген ұйымның мәліметтерін пайдалана отырып, абсолютті өтімділік коэффициентін есептейік.

$$\text{Жыл басына } K_{\text{абсолютті өтімділік}} = \frac{153\,286}{59\,663 + 109\,060} = 0,9$$

$$\text{Жыл аяғына } K_{\text{абсолютті өтімділік}} = \frac{131\,496}{119\,623 + 129\,474} = 0,5$$

Аралық отеу коэффициентін есептеу үшін (немесе оның басқа аталуы: қауіпті өтім коэффициенті, өтімділіктің дәл коэффициенті) ақша қаражатының құрамына алдыңғы көрсеткіштің алымына дебиторлық борын және басқа да активтер қосылады. Ол ұйымның дебиторлармен өз уақытында есеп жүргізу жағдайында болжамданған төлемдік мүмкіндігін көрсетеді, яғни қысқа мерзімді міндеттемелердің қандай бөлігі тек ақша қаражаты есебінен емес, сонымен қатар откізілген өнімдер, орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер бойынша түсімдер есебінен өтелетінін сипаттайды.

$$K_{\text{аралық отеу}} = \frac{\text{Ең өтімді активтер} + \text{Тез өтетін активтер}}{\text{Жедел міндеттемелер} + \text{Қысқа мерзімді міндеттемелер}}$$

$$K_{\text{аралық отеу}} \approx 0,7 - 0,8$$

Берілген ұйымда аралық отеу коэффициенті келесі нәтижелер берді:

$$\text{Жыл басына } K_{\text{аралық отеу}} = \frac{153\,286 + 121\,037}{59\,663 + 109\,060} = 1,6$$

$$\text{Жыл аяғына } K_{\text{аралық өтеу}} = \frac{131\,496 + 282\,090}{119\,623 + 129\,474} = 1,7$$

Ағымдағы өтімділік коэффициенті (жалпы, өтеу коэффициенті) барлық қысқа мерзімді активтердің жедел және қысқа мерзімді міндеттемелердің көлеміне қатынасын көрсетеді. Ол қысқа мерзімді активтер мен міндеттемелердің қандай есесін өтейтінін белгілеуге мүмкіндік береді және дебиторлармен өз уақытында есеп айырысу және дайын өнімді тиімді өткізу жағдайларында ғана емес, сонымен бірге материалды айналым құралдарының басқа элементтері қажет болған кезде сату жағдайында бағаланатын ұйымның төлемдік мүмкіндіктерін көрсетеді. Бұл коэффициент кәсіпорынның шаруашылық қызметін жүргізу және қысқа мерзімді міндеттемелерді уақтылы жабу үшін айналым қаражаттарымен жалпы қамтамасыз етілуін сипаттайды.

Ағымдағы өтімділік коэффициенті өтімді құралдар жедел және қысқа мерзімді міндеттемелердің сомасын өтейтінін белгілеуге мүмкіндік береді және сонымен балан құрылымының тұрақтылық дәрежесін ғана емес, кәсіпорынның өзінің қысқа мерзімді қарыздары бойынша тез есептесе алу қабілеттілігін дәлелдейді.

$$K_{\text{ағымдағы өтімділік}} = \frac{\text{Қысқа мерзімді активтер}}{\text{Қысқа мерзімді міндеттемелер}}$$

$$K_{\text{ағымдағы өтімділік}} \geq 2$$

Қарастырылып отырған ұйымның ағымдағы өтімділік коэффициентінің мәні келесідей болды:

$$\text{Жыл басына } K_{\text{ағымдағы өтімділік}} = \frac{638\,286}{168\,723} = 3,8$$

$$\text{Жыл аяғына } K_{\text{ағымдағы өтімділік}} = \frac{746\,159}{249\,097} = 3,0$$

Жалпы алғанда, соңғы екі өтімділік коэффициенттерінің шамалары ғалап етілген шектеуге жауап бермейді, жыл соңында оның мәні өткен жылмен салыстырғанда көбейіп отыр және ол

төлем қабілетсіздіктің өспелі тәуекелділігі туралы айтады. Сондықтан, алдағы уақытта бұл құбылысты жою үшін, оның себептерін анықтаған жөн.

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде бұл көрсеткішке ұйымның ағымдағы өтімділігін бағалау кезінде ерекше мән беріледі. оның кеңінен қолдануының негізгі себептері мыналар [19]:

- біріншіден, қысқа мерзімді активтер мен қысқа мерзімді пассивтердің өтелу дәрежесін көрсетеді. бұл көрсеткіш қаншалықты жоғары болса, соншалықты қысқа мерзімді міндеттемелерді төлеу сенімділігі жоғары болады;

- екіншіден, қысқа мерзімді активтердің қысқа мерзімді пассивтерден асып кетуі қысқа мерзімді активтерді сату немесе жою кезінде (гарату) зияндардың пайда болуына бөгет болады. Бұл қарсы әрекеттің қаншалықты күштірек болуы, кредитор үшін соншалықты тиімді. Бұл арттыруды шетел компанияларында жұмыс істеуші капитал немесе қаржы-пайдаланушылық қажеттілік деп атайды.

Жалпы өтеу коэффициенті ондіріс сипатына байланысты күрт ауытқуы мүмкін. Оның деңгейіне тиелген тауарлар мен көрсетілген қызметтер мен есеп айырысу нысандары, өндіріс циклінің ұзақтығы, тауарлы-материалдық құндылықтар қорларының құрылымы және басқалар әсер етеді. Ағымдағы өтімділік коэффициенті барлық айналым қаражаттарының бір айналымының орташа ұзақтығына тең кезеңдегі ұйымның күтілетін төлем қабілеттілігін сипаттайды.

Осы көрсеткіштің нормативті маңызына байланысты басқа пікірлер де кездеседі. Ол 1-3 аралық шегінде болуы тиіс. Төменгі шегі қысқа мерзімді міндеттемелерді өтеуге жеткілікті болуы тиіс, жетпесе ұйым төлеуге қабілетсіз болуы мүмкін. Қысқа мерзімді активтердің қысқа мерзімді міндеттемелерден екі есе артық болуы орынсыз болып саналады, себебі бұл компанияның өз қаражаттарын рационалды жұмсамаумен олардың тиімсіз пайдалануын көрсетеді.

Ағымдағы өтімділік коэффициентінің 2-ге тең нормативтік мәні біздің елімізде есеп беру ұйымдардағы нақты жағдайды

ескермей, ұйымның банкроттығы туралы шешім қабылдау үшін қажет белгілердің бірі ретінде алынған. Жалпы өтеу коэффициентінің нормативтік мәні барлық ұйымдар үшін бірдей, яғни шаруашылық субъектісінің өндірісі түрі мен салалық ерекшеліктері есепке алынбайды.

Таза айналым капиталы талдау процесінде жиі қолданылады. Оны әлемдік тәжірибеде кейбір әдебиеттерде «Нетто айналым капиталы» деп те аталып қолданылады. Таза айналым капиталы бизнесінің сипаты үшін үлкен мәні бар. Егерде таза айналым капиталы жылдан жылға ұлғайып отырса, онда бизнес үлкен пайда әкелетінін көрсетеді. Бұл көрсеткіштің есептелінуі қысқа мерзімді активтерден қысқа мерзімді міндеттемелерді шегеру жолымен анықталады.

Таза айналым капиталын есептеген кезінде теріс сан шықса, онда зерттеліп отырған ұйым банкрот болуға жуық және қаржылық қиындықтарға ұшырап, қарыз-қаражаттарын қажеті бар екенін көрсетеді.

Кесте 55 – Таза айналым капиталын есептеу

Көрсеткіштер	Жыл басы, мың тг	Жыл аяғы, мың тг	Ауытқуы (+;-)
1. Қысқа мерзімді активтер	638 286	746 159	+107 873
2. Қысқа мерзімді міндеттемелер	168 723	249 097	+80 374
3. Таза айналым капиталы	469 563	497 062	+ 27 499

Есептеулер нәтижелеріне қарасақ, таза айналым капиталы жыл басымен салыстырғанда 27 499 мың теңгеге ұлғайған. Ол ұйымның әрі қарай дамуына он әсер етеді.

Өзіндік жұмыс үшін материалдар

Келесі негізгі түсініктерге анықтама беріңдер: өтімділік, төлем қабілеттілік, несиелік қабілеттілік, баланс, таза айналым капиталы, абсолютті өтімділік коэффициенті, аралық өтеу коэффициенті, ағымдағы өтімділік коэффициенті, төлем күнтізбесі, активтерді өтімділік дәрежесі бойынша топтастыру.

Бақылау сұрақтары

1. Өтімділік түсінігі
2. Баланс өтімділігі мазмұны
3. Активтерді өтімділік дәрежесі бойынша топтастыру
4. Пассивтерді міндеттемелерді өтеу дәрежесіне қарай топтастыру
5. Баланс өтімділігінің шарттары
6. Төлем күнтізбесін құру негіздері
7. Өтімділік коэффициенттері
8. Өтімділік көрсеткіштерін есептеу қажеттілігі

4-ТАҚЫРЫП.

ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ТАЛДАУ

4.1 Қаржылық тұрақтылықтың абсолютті көрсеткіштерін талдау

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын, оның тұрақтылығы көбінесе капитал құрылымының оңтайлығына (меншікті және тартылған қаражаттардың арақатынасы) және кәсіпорын активтер құрылымының оңтайлығына байланысты, ең алдымен негізгі және айналым қаражаттарының арақатынасына, сондай-ақ кәсіпорынның жекелеген актив пен пассив түрлерінің салмақтылығына.

Қаржылық тұрақтылықтың абсолютті көрсеткіштері – қорлардың, олардың қалыптасу көздерімен камтамасыз етілу дәрежесін көрсететін көрсеткіштер.

Қорлардың қалыптасу көздерін сипаттайтын үш негізгі көрсеткіш анықталады:

1. *Меншікті айналым қаражатының бар болуы*($МАК_{\text{айн}}$). Бұл көрсеткіш меншікті капитал мен ұзақ мерзімді активтердің арасындағы айырма ретінде анықталады. Ол меншікті айналым қаражаттарын сипаттайды. Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда оның көбеюі кәсіпорын қызметінің болашақтағы дамуын

көрсетеді. Құрылуына қарай меншікті айналым капиталының бар болуын былай жазуға болады:

$$МАК_{\text{болуы}} = \text{Меншікті капитал} - \text{Ұзақ мерзімді активтер}$$

$МАК_{\text{болуы}}$ - көрсеткіші бірқатар маңызды талдау коэффициенттерін есептеп табу үшін пайдаланылады: кәсіпорынның қысқа мерзімді активтерін жабу коэффициенті (бұл көрсеткіштің нормативті мәні 0,1-ден төмен болмауы керек), қорларды жабу коэффициенті (бұл көрсеткіштің нормативті мәні – 0,6-дан төмен емес) және тағы да басқалары.

2. Қорларды қалыптастыруда меншікті және ұзақ мерзімді қарыз көздерінің бар болуы ($МжҰҚ_{\text{болуы}}$). Бұл көрсеткіш алдыңдағы көрсеткішті, яғни меншікті айналым капиталының ұзақ мерзімді міндеттемелер сомасына қосу жолымен мына формуламен анықталады:

$$МжҰҚ_{\text{болуы}} = \text{Меншікті айналым капиталы} + \text{Ұзақ мерзімді міндеттемелер}$$

3. Қорларды негізгі қалыптастыру көздерінің жалпы мөлшері ($ЖМ_{\text{тмк}}$) алдыңғы көрсеткішті қысқа мерзімді несиелер мен қарыздар сомасына қосу жолымен, мына формула арқылы анықталады:

$$ЖМ_{\text{тмк}} = МжҰҚ_{\text{болуы}} + \text{Қысқа мерзімді несиелер мен қарыздар}$$

Қорлардың бар болуының үш көрсеткішіне қорлар мен шығындардың олардың қалыптасу көздерімен қамтамасыз етілуінің үш көрсеткіші сәйкес келеді.

Меншікті айналым капиталының ($МАК_{\text{болуы}}$) артықтығы (+) немесе жетіспеушілігі (–)

$$\pm МАК_{\text{болуы}} = МАК_{\text{басты}} - ҚШ$$

Мұнда:

ҚШ – қорлар мен шығындар.

Қорларды қалыптастыруда меншікті және ұзақ мерзімді көздерінің артықтығы (+) немесе жетіспеушілігі (–)

$$\pm МжҰҚ_{\text{болуы}} = МжҰҚ_{\text{басты}} - ҚШ$$

Қорларды негізгі қалыптастыру көздерінің жалпы мөлшерінің ($ЖМ_{қорлар}$) артықтығы (+) немесе жетіспеушілігі (—)

$$\pm ЖМ_{қорлар} = ЖМ_{қорлар} - ҚШ$$

Қорлардың, олардың қалыптасу көздерімен қамтамасыз етілуінің үш көрсеткішін есептеу кәсіпорынның қаржылық жағдайын оның тұрақтылық дәрежесі бойынша келесі төрт типке жіктеуге мүмкіндік береді:

- 1) қаржылық жағдайдың абсолютті тұрақтылығы;
- 2) қаржылық жағдайдың қалыпты тұрақтылығы;
- 3) тұрақсыз қаржылық жағдайы;
- 4) дағдарысты (қауіпті) қаржылық жағдайы.

Қаржылық жағдайдың абсолютті тұрақтылығы мына теңсіздікпен сипатталатын уақытта қалыптасады:

$$Қорлар > Меншікті айналым капиталы немесе$$

$$Қорлар < Меншікті айналым капиталы$$

Бұл теңсіздік қорлар меншікті айналым капиталымен жабылатынын көрсетеді, яғни кәсіпорын сыртқы кредиторлардан тәуелсіз болады. Мұндай жағдай өте сирек кездеседі. Оның үстіне, бұл жағдай ең дұрыс деп қарастырылмауы мүмкін, себебі әкімшілік негізгі қызмет үшін қаражаттың сыртқы көздерін пайдалана алмайды, пайдаланғысы келмейді немесе пайдалануға мүмкіндігі жоқ.

$$МжҰҚ_{бағам} < ҚШ < ЖМ_{қорлар}$$

Бұл келтірілген қатынас тиімді жұмыс істеп тұрған кәсіпорын тауарлы материалдық қорларды жабу үшін әр түрлі «қалыпты» - меншікті және тартылған қаражаттар көздерін пайдаланып жатқан жағдайға сәйкес келеді.

Тұрақсыз қаржылық және қалыптасқан жағдай келесі теңсіздікпен сипатталады:

$$ҚШ > ЖМ_{қорлар} \text{ немесе } ЖМ_{қорлар} < ҚШ$$

Бұл қатынас кәсіпорын өзінің қорларының бір бөлігін жабу үшін «қалыпты емес» болып, яғни негізделмеген болып

саналатын қосымша жабу көздерін тартуға баруына тура келетін жағдайға сәйкес келеді.

Ішкі талдау кезінде кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығына төлеу қабілетсіздігі балансын құру негізінде, терендетілген зерттеу жүргізіледі, оған өзара байланысқан көрсеткіштер топтары кіреді:

- төлемеушіліктің жалпы мөлшері;
- банктің қарызы бойынша уақыты өтіп кеткен борыштар;
- жабдықтаушылардың есеп айырысу құжаттары бойынша

уақыты өтіп кеткен борыш:

- бюджетке салықты толық төлемеу;
- басқа да төлемеулер, соның ішінде еңбек ақы бойынша да.

Төлемеушіліктердің себептері:

- меншікті айналым қаражатының жетіспеуі;
- тауарлы-материалдық құндылықтардың жоспардан тыс

корлары:

- сатып алушылар уақытында төлемеген, тиеліп жіберілген

тауарлар;

- акцептен бас тарту себепті сатып алушылардың жауапты

сақтауындағы тауарлар;

- айналым қаражатын күрделі құрылысқа, жұмысшылардың

алған қарыздары бойынша борыштарына жұмылдыру, сонымен бірге бөлінген қаржыландыру көздерінің қаражаттарымен жабылмаған шығындар.

Қаржылық шиеленісті азайту көздері:

- уақытша бос меншікті қаражаттар;
- қарастырылған қаражаттар (калыпты кредиторлық борыштың дебиторлық борыштан асып кетуі);

- айналым қаражатын уақытша толтыруға алынған банк несиелері және тағы басқа қарыз қаражаттары.

Қаржылық шиеленісті азайтатын төлемеушілік пен қаржы көздерінің жалпы мөлшерін толық есептегенде, 2-топ бойынша қорытынды I және 3-топтар бойынша қорытындылардың сомасына тең болуы керек. Қаржылық жағдайды төлем тәртіптерін және несиелік қатынастарды талдау үшін берілген көрсеткіштерді динамикада қарастыру ұсынылады (мысалы, тоқсан бойынша).

Қорлардың қалыптасу көздерімен қатар қаржылық жағдай үшін барлық айналым капиталының, әсіресе тауарлы-материалдық қорларға қатысты (айналымға қарсы) азаюымен көрінетін материалды айналым қаражатының айналымдылығы маңызды орын алады.

Қорлардың жағдайын тереңдетіп талдау қаржылық жағдайды ішкі талдаудың құрамдас бөлігі болып табылады, себебі қаржылық есептілікте орын алмаған және коммерциялық құпияға жататын қорлар жөнінде ақпаратты қолдануды көздейді.

Қорытындылай келе айта кету керек, арнайы әдебиеттерде кәсіпорындарда қалыптасқан қаржылық жағдайға одан да басқаша жіктеу берілген. Оларды келесі 4 топқа бөледі:

- 1) қаржылық жағдайы жақсы кәсіпорындар;
- 2) қаржылық жағдайы орташа кәсіпорындар;
- 3) қаржылық жағдайы нашар кәсіпорындар;
- 4) банкрот кәсіпорындар.

Бұл кезде өндірістік кәсіпорынның қаржылық жағдайы қаражаттарды жұмсаудың келесі негізгі бағыттары бойынша қарастырылады:

- қалыпты (біркелкі) өндірістік-шаруашылық және ұдайы өндіру қызметін қамтамасыз ету;
- ұзақ мерзімді несиелер мен қарыздар бойынша уақтылы есеп айырысулар;
- кәсіпорынның дамуы бойынша көлемді жобаларды қаржыландыру мүмкіндігі (нарықтың жаңа секторларын игеру, өндіріс көлемін кеңейту, өнім мен технологияның жаңа түрлерін игеру және т.б.)

Қаражатты жұмсаудың осы бағыттарын қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету мүмкіндігін негізге ала отырып, осы көзқарастың авторлары кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау және оны қайсыбір топқа жатқызудың өз әдістемесін ұсынады.

Айталық, егер ұйымның қарамағындағы қаржы ресурстары осы үш функцияны да орындауға мүмкіндік берсе, онда оның жағдайын жақсы деп бағалау керек. Егер алдыңғы екі функциялар орындалып, ал үшіншісін орындауға қаражат жетпесе,

онда оның жағдайы орташа болады. Ал егер қаражат алдыңғы екі функцияны орындауға жетпесе, онда кәсіпорынның қаржылық жағдайы банкрот болуға (құлдырауға) жақын.

Кесте 56 – Қорлардың оларды қалыптастырудың қалыпты көздерімен қамтамасыз етілуі

Көрсеткіштер	Жыл басы, мың тг	Жыл аяғы, мың тг	Ауытқы (+,-)
1. Меншікті капитал	1 452 944	1 400 946	-51 998
2. Ұзақ мерзімді активтер	1 320 535	1 241 039	-79 496
3. Меншікті айналым капиталының бар болуы	132 409	159 907	+27 498
4. Ұзақ мерзімді міндеттемелер	337 154	337 155	+1
5. Қорлардың меншікті және ұзақ мерзімді қалыптасу көздерінің бар болуы	469 563	497 062	+27 499
6. Қысқа мерзімді несиелер мен қарыздар	61 783	18 535	-43 248
7. Қорларды қалыпты қалыптасу көздерінің жалпы мөлшері	531 346	515 597	-15 749
8. Қорлар	341 300	313 232	-28 068
9. Меншікті айналым капиталының артықтығы немесе жетіспеушілігі	-208 891	-153 325	+55 566
10. Қорлардың меншікті және ұзақ мерзімді қалыптасу көздерінің артықтығы немесе жетіспеушілігі	128 263	183 830	+55 567
11. Қорлардың қалыпты қалыптасу көздерінің жалпы мөлшерінің артықтығы немесе жетіспеушілігі	190 046	202 365	+12 319

Кестеден көрініп отырғандай зерттелетін кәсіпорын есепті жылы қорлармен қаржыландырудың қалыпты көздерімен қамтамасыз етілді. Меншікті айналым капиталы жыл басында 208 891 мың теңгеге қорларды жаба алмады.

Кәсіпорын жағдайды нормаланған күйіне келтіру үшін қары қаражаттарын және қысқа және ұзақ мерзімді банк несиелерін және қарыздарды алды. Нәтижесінде қорлардың қалыпты қаржыландыру көздерімен қамтамасыз етілуі жыл басына 190 046 мың теңгені құрады, жыл аяғында оның мөлшері 202 365 мың теңгені құрады және оның шамасы жыл басымен са-

лыстырғанда 6.5%-ке өсіп отыр. Ол кәсіпорынның қаржылық жағдайы жақсарып дағдарыс қауіпі жоқ екенін айтып отыр.

4.2 Қаржылық тұрақтылық коэффициенттерін талдау

Қазіргі кездес бәсекелестік нарықтық жағдайда жұмыс істейтін ұйымдар мен кәсіпорындардың қаржылық тұрақтылығы оның бәсекелестікке қабілеттілігін бағалаудағы маңызды фактор болып табылады. Басқаша сөзбен айтқанда, ұйымның тұрақты жұмыс істеуінің негізі мен әрі қарай өмір сүрудің кепілі ретінде оның тұрақтылығы саналады.

Белгілі бір уақыт кезеңіне байланысты қаржылық тұрақтылықты талдау ұйымның есепті кезең ішінде қаржылық ресурстарын қаншалықты дұрыс басқарады деген сұраққа жауап беруге мүмкіндік береді.

Ұйымның қаржылық тұрақтылығы деп ұдайы өндіріс шығындарының және төлем қабілеттіліктің өзін-өзі қаржыландыруымен қамтамасыз етілетін қаржылық ресурстар жағдайып айтады.

Мұндағы маңыздысы қаржылық ресурстардың жағдайы нарық талаптарына сәйкес болып және ұйымның даму қажеттіліктеріне жауап беруге тиісті, өйткені жеткіліксіз қаржылық тұрақтылық оның төлем қабілетсіздігіне және өндіріс дамуына қаражаттардың жоқ болуына әкелуі мүмкін, ал шамадан тыс қаржылық тұрақтылық – ұйымның шығындарын артық қорлар және резервтермен ұлғаюына әкеле отырып, дамуына кедергі жасайды.

Сондықтан талдаудың маңызды міндеті болып ұйымның қаржылық тұрақтылығын сипаттайтын көрсеткіштерді зерттеу табылады. Зерттеуші оларды талдау әдістемесін игеруі тиіс. Өйткені нарықтық қатынастар жағдайында ұйымның қаржылық тұрақтылығын талдау рөлі сөзсіз аса жоғары. Бұл ұйымдардың өзіндік жұмыс жасауымен байланысты және меншік иелері, жұмысшылары, коммерциялық әріптестері және басқа да

контрагенттері алдында қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелеріне толықтай жауапты.

Ұйымның қаржылық жағдайын, оның тұрақтылығы көбінесе капитал көздері құрылымының оңтайлылығына (меншікті және тартылған қаражаттардың арақатынасы) және ұйым активтер құрылымының оңтайлылығына байланысты, ең алдыменен негізгі және айпалым қаражаттарының арақатынасына, сондай-ақ кәсіпорынның жекелеген актив пен пассив түрлерінің салмақтылығына.

Қаржылық тұрақтылық коэффициенттерін талдаудың мағынасы олардың мәндерін базистік шамасымен салыстыру, сонымен қатар олардың динамикасын есепті кезеңге және бірнеше жылға зерттеу арқылы көрінеді. Базистік шамалар ретінде берілген ұйымның өткен жылдағы көрсеткіштердің мәндері, көрсеткіштердің орташа салалық мәндері, ең перспективті ұйымдардың көрсеткіштер мәндері алынуы мүмкін. Одан басқа, салыстыру базасы ретінде қаржылық жағдайдың тұрақтылығы тарапынан көрсеткіштердің оңтайлы немесе критикалық (шекті) мәндерін сипаттайтын шамаларды эксперттік бағалау нәтижесінде негізделген немесе алынған нәтижелер қолданылуы мүмкін.

Ең алдыменен кәсіпорынның капитал құрылымына талдау жасап және қаржылық тұрақтылық пен қаржылық тәуекелділік дәрежесін бағалау қажет. Осы мақсатпен келесі көрсеткіштер анықталады:

1. Автономия коэффициенті (меншіктік, тәуелсіздік коэффициенті) (K_{101}). Ол жиынтық (жалпы, авансталған) капиталдағы меншікті капиталдың үлес салмағын сипаттайтын көрсеткіш болып табылады. Бұл коэффициент ұйымның қарыз қаражаттарына қаншалықты тәуелсіз екенін және меншікті қаражаттарды тиімді қолдануды көрсетеді.

Ұйымның меншікті қаражаттары көп болған сайын, ол экономикадағы болып жатқан қолайсыз жағдайлардан жеңіл өтеді. Оның өсуі ұйымның қаржылық тәуелсіздігінің артқандығын, болашақ кезеңде қаржылық қиындықтар тәуекелділігінің төмендегені туралы білдіреді.

Сондықтан да әлеуеті жоғары кәсіпкерлер резервтік қорлардың гүрлерін құру арқылы және жарғылық капиталға дивидендтерге бөлінбеген таза пайданың бөлігін тікелей аудару жолымен меншікті капитал сомасын ұлғайтуға тырысады. Автономия коэффициенті төменгі формуламен анықталады:

$$K_{\text{авт}} = \frac{\text{Меншікті капитал}}{\text{Авансталған капитал (баланс валютасы)}} \approx 0,5 - 0,6$$

Халықаралық тәжірибеде тәуелсіздік коэффициенті 60%-н аспайды. Бұл дегеніміз кәсіпорында меншік иесі 60% салынған капиталға ие.

2. Тәуелділік коэффициенті ($K_{\text{тәуелд}}$). Ол автономия коэффициентіне қарама-қарсы коэффициент, яғни қарыз капиталдың жиынтық капиталға қатынасымен анықталады және авансталған капиталдың жалпы сомасындағы қарыз үлесін сипаттайды. Бұл үлес жоғары болған сайын, ұйымның сыртқы қаржыландыру көздеріне тәуелділігі жоғары болады және мына формуламен анықталады:

$$K_{\text{тәуелд}} = \frac{\text{Тартылған капитал}}{\text{Авансталған капитал (баланс валютасы)}} \approx 0,4 - 0,5$$

3. Қаржыландыру коэффициенті ($K_{\text{қарж}}$). Ұйымның қаржылық тұрақтылығын сипаттайтын көрсеткіштің бірі. Бұл коэффициенттің деңгейінің жоғары болуы банктер мен инвесторлардың қаржыландыруын қамтамасыз етеді. Қаржыландыру коэффициенті қандай бөлік меншік қаражатынан, қандай қарыз капиталынан қаржыланыпты көрсетеді. Қаржыландыру коэффициенті 1-ден төмен болса, онда төлем қабілетсіздік қауіптілігін білдіреді және жиі қарыз алуды қиындатады. Оның анықталынуы келесі жолмен жүзеге асырылады:

$$K_{\text{қарж}} = \frac{\text{Меншікті капитал}}{\text{Тартылған капитал}} > 1$$

4. Қарыз және меншікті капиталдың арақатынас коэффициенті ($K_{\text{к.к.р}}$). Бұл қаржыландыру коэффициентіне кері көрсеткіш. Қарыз коэффициентінің меншікті капиталға қатынасымен

анықталады. Ол активтерге салынған меншікті қаражаттардың бір теңгесіне қанша қарыз қаражаты тартылғанын, ұйымда қай қаражаттар – қарыз немесе меншікті көп екенін көрсетеді.

$$K_{\text{к/кк}} = \frac{\text{Тартылған капитал}}{\text{Меншікті капитал}} \leq 1$$

Егер оның мәні 1-ден жоғары болса, ұйымның қаржылық тәуелсіздігі мен тұрақтылығы критикалық нүктеге дейін жетеді де, қарыз қаражаттарына ұйымның тәуелділігі жоғары болады. Бірақ әрқашан жауап біркелкі болмайды. Бұл көрсеткіштің деңгейі салалық ерекшеліктерге, ұйымның шаруашылық қызмет сипатына және қысқа мерзімді активтер айналым жылдамдығына байланысты.

5. Инвестицияларды жабу коэффициенті (қаржылық тұрақтылық коэффициенті) ($K_{\text{и.ж}}$). Ұйымның тәуелсіздік дәрежесін сипаттайтын маңызды көрсеткіш. Ол жалпы авансталған капиталдың ішінде меншік және ұзақ мерзімді қарыз қаражаттарының үлесін сипаттайды және мына формуламен анықталады.

$$K_{\text{и.ж}} = \frac{\text{Меншікті капитал} + \text{Ұзақ мерзімді міндеттемелер}}{\text{Авансталған капитал}} \approx 0,9$$

Батыс елдері тәжірибесінде коэффициенттің қалыпты мәні 0,9 айналасына тең, ал оның төмендеуінің төменгі мәні 0,75.

6. Маневрлеу коэффициенті ($K_{\text{маневрлеу}}$). Ол меншік айналым капиталының меншікті капиталға қатынасымен анықталады. Ұйымның меншікті қаржаттарының қай бөлігі мобильдік нысанда екендігін көрсетеді, және былай анықталады. Коэффициенттің төменгі мәні меншікті қаржаттардың айтарлықтай бөлігі имобильді сипаттағы құндылықтарға бекітілгенін білдіреді, яғни қолма-қол ақшаға жеткілікті тез айналмайтыны.

$$K_{\text{маневрлеу}} = \frac{\text{Меншікті айналым капиталы}}{\text{Меншікті капитал}} \geq 0,5$$

Меншік айналым капиталы = Меншікті капитал –
– Ұзақ мерзімді активтер

$$K_{\text{маневрлеу}} = \frac{\text{Меншікті айналым капиталы}}{\text{Меншікті капитал}} \geq 0,5$$

7. Қорларды жабу коэффициенті ($K_{\text{кж}}$). Ол меншікті айналым капиталының қорлар құнына қатынасымен анықталады. Егер олардың шамасы негізделген қажеттіліктен айтарлықтай жоғары болса, онда меншікті айналым капиталы тек қорлардың бір бөлігін ғана жабуы мүмкін, яғни көрсеткіш 1-ден төмен болады.

Керісінше жағдайда, қызметті үзіліссіз жүзеге асыруға ұйымда қорлар жеткіліксіз болса, онда көрсеткіш 1-ден жоғары, бірақ бұл оның жақсы қаржылық жағдайының белгісін көрсетпейді. Сондықтан, қорларды меншікті айналым капиталымен жабу коэффициентінің деңгейін қорлар жағдайына байланысты бағалау қажет.

$$K_{\text{кж}} = \frac{\text{Меншікті айналым капиталы}}{\text{Қорлар}} \geq 0,6 - 0,8$$

8. Инвестициялау коэффициенті ($K_{\text{и}}$). Негізгі капиталдың негізгі құралдарын сатып алуға меншікті капиталдың пайдалануын көрсетеді.

$$K_{\text{и}} = \frac{\text{Меншікті капитал}}{\text{Негізгі капитал (ұзақ мерзімді активтер)}} \geq 0,5$$

9. Қарыз қаражаттарды ұзақ мерзімді тарту коэффициенті ($K_{\text{үнт}}$). Ұйым активтерін меншікті капиталмен қатар қаржыландыруға тартылған ұзақ мерзімді қарыздардың (міндеттемелердің) үлесін көрсетеді. Ол ұйым өндірісті жаңарту мен кеңейтуге қарыз қаражаттарын қаншалықты интенсивті түрде пайдаланатынын бағалайды.

$$K_{\text{үнт}} = \frac{\text{Меншікті капитал} + \text{Ұзақ мерзімді міндеттемелер}}{\text{Ұзақ мерзімді міндеттемелер}}$$

10. Қысқа мерзімді қарыз коэффициенті ($K_{\text{кмр}}$). Ұйымның жалпы міндеттемелер сомасындағы (тартылған, қарыз капиталы) қысқа мерзімді міндеттемелердің үлесін сипаттайды.

$$K_{\text{крат.}} = \frac{\text{Қысқа мерзімді міндеттемелер}}{\text{Тартылған капитал}}$$

11. Кредиторлық берешек коэффициенті ($K_{\text{крб}}$). Ұйымның жалпы міндеттемелеріндегі кредиторлық берешек және өзге де пассивтер үлесін көрсетеді.

$$K_{\text{крб}} = \frac{\text{Кредиторлық берешек} - \text{Өзге де пассивтер}}{\text{Тартылған капитал}}$$

12. Дебиторлық және кредиторлық берешектер арақатынас коэффициенті ($K_{\text{дк}}$). Кредиторлық берешектің дебиторлық берешекпен қамтамасыз етілуін көрсетеді. Егер біріншісі екіншісімен қамтамасыз етілмесе, онда мұндай жағдай жағымсыз деп есептелінеді, себебі меншікті қаражаттардың кейбір өтімді бөлігінің ақшаға айналуының баяулауына әкеледі.

$$K_{\text{дк}} = \frac{\text{Дебиторлық берешек}}{\text{Кредиторлық берешек}} = 2:1$$

13. Несиелер бойынша пайыздарды төлуге ұйымның қабілеттілік коэффициенті ($K_{\%}$). Ұйымның банктен алған несиелері бойынша сыйақыларды төлеу қабілеттілігін сипаттайды.

$$K_{\%} = \frac{\text{Таза табыс} + \text{Салыктар} + \text{Несиелер бойынша пайыздар}}{\text{Төлеген пайыздар сомасы}}$$

Ұйымның қаржылық тұрақтылығын анықтау үшін келесі талдамалық кесте құрастырылады.

Кесте 57 – Қаржылық тұрақтылық коэффициенттерін талдау

№	Көрсеткіштер	Жыл басы, мың тг	Жыл аяғы, мың тг	Ауытқуы (+;-)
1	Меншікті капитал, мың теңге	1 452 944	1 400 946	-51 998
2	Тартылған капитал, мың теңге	505 877	586 252	+80 375
3	Авансталған капитал, мың теңге	1 958 821	1 987 198	+28 377
4	Ұзақ мерзімді міндеттемелер, мың теңге	337 154	337 155	+1
5	Қысқа мерзімді міндеттемелер, мың теңге	168 723	249 097	+80 374

6	Ұзақ мерзімді активтер, мың теңге	1 320 535	1 241 039	-79 496
7	Меншікті айналым капиталы, мың теңге	132 409	159 907	+27 498
8	Қорлар, мың теңге	341 300	313 232	-28 068
9	Кредиторлық берешек, мың теңге	49 801	84 039	+34 238
10	Өзі де пассивтер, мың теңге	9 862	35 584	+25 722
11	Дебиторлық берешек, мың теңге	87 205	267 702	+180 497
12	Автономия коэффициенті ($K_{авт}$).	0,74	0,70	-0,04
13	Тәуелділік коэффициенті ($K_{тәуелд}$).	0,26	0,30	+0,04
14	Қаржыландыру коэффициенті ($K_{қрж}$).	2,9	2,4	-0,5
15	Қарыз және меншікті капиталдың арақатынас коэффициенті ($K_{қ/мө}$).	0,3	0,4	+0,1
16	Инвестицияларды жабу коэффициенті (қаржылық тұрақтылық коэффициенті) ($K_{пж}$).	0,9	0,9	*
17	Маневрлеу коэффициенті ($K_{маневрл}$).	0,09	0,11	+0,02
18	Қорларды жабу коэффициенті ($K_{қж}$).	0,4	0,5	+0,1
19	Инвестициялау коэффициенті ($K_{и}$).	1,10	1,12	+0,02
20	Қарыз қаражаттарды ұзақ мерзімді тарту коэффициенті ($K_{қмт}$).	5,3	5,1	-0,2
21	Қысқа мерзімді қарыз коэффициенті ($K_{қмк}$).	0,33	0,42	+0,09
22	Кредиторлық қарыз коэффициенті ($K_{қрл}$).	0,12	0,20	+0,08
23	Дебиторлық және кредиторлық қарыз арақатынас коэффициенті ($K_{қ/к}$).	1,7	3,2	+1,5

Есептеулерден келе, бұл қарастырылып отырған ұйымда қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерінің мөлшері теориялық мәндеріне жауап береді. Мысалы, автономия коэффициенті есепті жыл басында 0,74 болса, ал аяғында 0,70 құрады. Бұл жыл аяғына ұйымның барлық жұмсалынған капиталдың 70% меншікті қаражаттар құрайтынын көрсетеді. Ал сырттан тартылған қаражаттарға тәуелділікті сипаттайтын коэффициент сәйкесінше 30% -ды құрауда.

Қаржыландыру коэффициентінің мәні жыл басына 2,9 болса, жыл соңына 2,4 құрады. Ол қаржылық тұрақтылықты білдіреді және банктер мен инвесторлардың қаржыландыруын қамтамасыз етеді. Осыған қарама-қарсы коэффициент қарыз және меншікті қаражаттардың арақатынас коэффициентінің мәні сәйкесінше 0,3 және 0,4 құраған. Инвестицияларды жабу коэффициентінің теориялық мәні 0,9 қолайлы болса, бұл ұйымда оның шамасы мәнге екі кезеңде де жауап беруде.

Маневрлеу коэффициентінің мәні есепті жыл аяғында 0,11 құрап, теориялық мәніне сәйкестігін айтады. Ол дегеніміз бұл ұйымда меншікті қаражаттардың айтарлықтай бөлігі мобильді сипаттағы құндылықтарға бекітілгенін, яғни қолма-қол ақшаға жеткілікті тез айналады дегенді білдіреді.

Дебиторлық және кредиторлық берешектер арақатынас коэффициенті жыл соңына 3,2 құрады, ол кредиторлық берешектің дебиторлық берешекпен қамтамасыз етілгенін көрсетеді.

Өзіндік жұмыс үшін материалдар

Келесі негізгі түсініктерге анықтама беріңдер: қаржылық тұрақтылық, тартылған капитал, меншікті капитал, абсолютті тұрақтылық, қалыпты тұрақтылық, тұрақсыз қаржылық жағдай; дағдарысты (қауіпті) қаржылық жағдай, қаржыландыру коэффициенті, ұйымның тәуелсіздігі мен қаржылық тәуелділігі.

Бақылау сұрақтары

1. Қаржылық тұрақтылық түсінігі.
2. Қаржылық тұрақтылықтың абсолютті көрсеткіштері.
3. Қаржылық тұрақтылық коэффициенттері.
4. Тәуелсіздік пен тәуелділік коэффициенттері.
5. Қаржылық тұрақтылыққа әсер етуші факторлар.
6. Инвестицияларды жабу коэффициентінің сипаттамасы.
7. Маневрлеу коэффициентінің сипаттамасы.
8. Дебиторлық және кредиторлық берешектің арақатынасының қолайлы мәні.

5-ТАҚЫРЫП. АҚША АҒЫНЫН ТАЛДАУ

5.1 Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп, оның талдамалық құндылығы

Нарықтық экономиканың міндеттерінің бірі – ол жеткілікті төлем қабілеттілік пен ұйым қызметінің жоғарғы рентабельділігі арасындағы оңтайлы балансты ұстап тұру. Бұл міндетті шешу көбінесе ақша қаражаттарының қозғалысын талдауға негізделеді. Мұндай талдау тұрақсыз экономика және төлемеу дағдарысы жағдайында ақша қаражаттарын ұқыпсыз басқаруда немесе бұндай басқарудың жоқтығында мүлдем табысы бар ұйымды банкрот болуына әкелуі мүмкін.

7 ҚЕХС сәйкес субъектілер жасаған "Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп" заңды тұлғаның қаржылық жағдайындағы өзгерісті бағалауға мүмкіндік береді және субъектінің есепті жылдың ишіндегі қаржылық есебінің құрамында беріледі.

Ақша қаражаттары туралы есеп беру – ақша қаражаттары және оның эквиваленттерінің ағымы және шығуын білдіретін ақша ағымдарының ағымын талдау үшін негізгі ақпарат көзі. Ол келесі баланстық теңдеу арқылы жасалады:

$$AK_{\text{басм}} + AK_{\text{түсу}} - AK_{\text{шығу}} = AK_{\text{аяғл}}$$

Мұнда: $AK_{\text{басм}}$ – есепті кезең басына ақша қаражаттар қалдығы;

$AK_{\text{түсу}}$ – есепті кезең ішінде ақша қаражаттарының келіп түскені;

$AK_{\text{шығу}}$ – есепті кезең ішінде ақша қаражаттарының шыққаны;

$AK_{\text{аяғл}}$ – есепті кезең аяғына ақша қаражаттар қалдығы.

Есеп беру ақша қаражаттар есебінің шоттары бойынша мәліметтер негізінде құрастырылады. Онда ақша қаражаттардың келіп түсу көздері мен олардың жұмсалыу бағыттарын сипат-

тайтын ұйымның ақша ағымдары туралы ақпарат қамтылған. Бұл ақпаратқа меншік иелері сияқты, инвесторлар да қызығушылық танытуда. Меншік иелері ақша ағымдары туралы ақпаратқа ие бола отырып, пайданы бөлу мен пайдалануға қатысты саясатты өңдеуге негіздемелі түрде қарастыруға мүмкіндік алады.

Ақша қаражаттар қозғалысы туралы есеп берудің ақпараты негізінде ұйым қызметін қаржылық жоспарлау мен бюджеттеуі, оның инвестицияларының тиімділігінің бағалануы, қосымша қаржылық ресурстарды тарту саласында ұйым қызметінің белсенділігі мен нәтижелілігі болуы мүмкін.

Инвесторлар қарыз алушының қаражаттарының жеткіліктілігі және міндеттемелерін өтеу ақша қаражаттарын табу мүмкіндіктері туралы қорытынды жасай болады. Ақша қаражаттары есеп беруде операциялық (ағымдағы), инвестициялық және қаржылық қызметтер шегінде көрсетіледі. Ұйымдағы ақша қаражаттар өзгерісін сипаттайтын жиынтық нәтиже осы барлық қызмет түрлерінен алынған қозғалысының нәтижелері сомасынан құралады.

Операциялық қызметі – заңды тұлғаның табыс алатын негізгі қызметі және инвестициялық пен қаржылық қызметтеріне қатысы жоқ басқадай қызметі. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттар ағымына мыналар жатады:

- тауар сатудан және қызмет көрсетуден түскен түсімдері;
- жалдан, сыйақылардан, комиссиялықтардан және басқа табыстардан түсімдер;
- тауарлар мен қызметтер үшін жабдықтаушыларға төленген ақша төлемдері;
- қызметкерлерге төлемдер;
- сақтандыру сыйақылары бойынша сақтандыру комиссиясынан, талаптардан, аннуитеттерден және өзге де сақтандыру сыйақыларынан түсімдер мен төлемдер;
- ақша төлемдері немесе табыс салығын өтеу, егер олар қаржыландыру жөніндегі қызметпен және инвестициялық қызмстпен байланыссыз болса;
- шарттар бойынша ақша түсімдері немесе төлемдер.

Ұйым қызметінің келесі түрі болып инвестициялық қызмет табылады. Ол ұзақ мерзімді активтерді және ақша қаражаттар эквиваленттеріне жатпайтын басқа да инвестицияларды сатып алу және сатумен байланысты. Инвестициялық қызметтен ақша қаражаттар қозғалысы туралы ақпаратты жекелеп ашу үлкен мәнге ие, өйткені ол болашақ табыстар мен ақша қаражаттар ағымын жұмсау мақсаты үшін арналған ресурстарды сатып алу мақсатымен қандай шығындар жұмсалғанын көрсететеді.

Инвестициялық қызметтен ақша қаражаттар ағымына жатады:

– негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді және өзге де ұзақ мерзімді активтерді сатып алу, сату кезіндегі ақша төлемдері немесе түсімдері;

– меншікті капиталды немесе басқа кәсіпорындардың қарыз міндеттемелерін, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындардағы қатысу үлесін сатып алу кезіндегі ақша төлемдері немесе түсімдері;

– басқа кәсіпорындарға аванстық төлемдер және берілетін қарыз;

– басқа кәсіпорындарға ұсынылған аванстық төлемдерді өтеуден алынған ақша түсімдері.

Қаржылық қызмет бұл нәтижесінде меншікті капитал мен ұйымның қарыз қаражаттарының құрамы мен мөлшері өзгеріске ұшырайтын субъектінің қызметі болып табылады. Қаржылық қызметтен ақша қаражаттар қозғалысы туралы ақпаратты жекелеп ашу үлкен мәнге ие, өйткені берілген ақпарат оны қаржыландыратын адамдар тарапынан ұйымның болашақ ақша ағымдарына талаптарды болжаған кезде пайдалы болады.

Қаржылық қызметтен ақпалай ағымдарға мыналар жатады:

– акциялар немесе меншікті капиталдың басқа элементін шығарудан түскен ақша түсімдері;

– акция сатып алған кездегі немесе меншікті акциялардың төлемін төлеп алған кездегі акционерлерге ақша төлемдері;

– қамтамасыз етілмеген қарыз міндеттемелерін, қарыздарды, вексельдерді, облигацияларды, басқа да қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қарыздарды шығарудан түскен ақша түсімдері;

– алынған қарыздарды өтеу есебіне ақша төлемдері;

– қаржыландырылатын жолмен, яғни ұзақ мерзімді жалмен байланысты ақша төлемдері мен түсімдері.

Операциялық қызметтен ақша қаражаттар ағымдары ұйымның негізгі қызметімен байланысты. Олар әдетте, пайда мен залалды апықтауға кіретін операциялар мен басқа оқиғалар нәтижесі болып табылады.

Инвестициялық қызметке әдетте ұзақ мерзімді баптары жатады, ал қаржылық қызметке әдетінше ұзақ мерзімді міндеттемелер мен меншікті капиталдың баптары жатады.

Құралы мақсатына, сондай-ақ ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігіне байланысты операциялық қызметтен түскен ақша ағымдары екі негізгі әдістің көмегімен көрсетілуі мүмкін: тікелей әдіс және жанама әдіс. Мұнда инвестициялық және қаржылық қызметтің ақша ағымдары тек тікелей әдіспен ғана сипатталады.

Тікелей әдіске басымдылық беріледі, өйткені ол болашақ ақша түсімдерін бағалауда тиімді болатын ақпаратпен қамтамасыз етеді, ал оны жанама әдіс бере алмайды.

Тікелей әдісті қолданған кезде ақша қаражаттарының барлық түрдегі түсімдері мен олардың төлемдері туралы ақпарат екі тәсілмен алынуы мүмкін: біріншіден, журналдар, қосымша ведомостар бойынша кәсіпорынның есептік жазуларынан; екіншіден, сату көлемін, сатылған өнімнің өзіндік құнын және есепті кезең ішінде тауарлы-материалдық қорларды, дебиторлық және кредиторлық берешектердегі өзгерістерді ескеріп, шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есеп берудегі басқа баптарды түзету жолымен; басқа да ақшалай емес баптардан; инвестициялық қызметтен немесе қаржыландыру жөніндегі қызметтен болған ақша қаражаты қозғалыстарының нәтижесінде ақша әсері туындайтын басқа баптардан.

Тікелей әдіс ең ақпараттық түр ретінде 7 «Ақша қаражаттар қозғалысы туралы есептілік» Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартымен (IAS) құпталады.

Жанама әдіс әлемдік тәжірибеде кеңінен таралған, бірақ Қазақстан Республикасында мүлдем қолданылмайды. Ол көбінесе теориялық сипатқа ие және ұйыммен алынған пайданы түзетуді қарастырады. Бұл әдіс бойынша операциялық қызметтен алынған ақша қаражаттарының таза түсімі таза пайданы немесе зиянды түзету жолымен анықталады. Мұндағы ескерілетіндер:

- есепті кезең ішінде тауарлы-материалдық қорлардағы және операциялық қызметтен алынған дебиторлық және кредиторлық берешектерде болған өзгерістер:

- тозу, амортизация, резервтер, салықтар, бөлінбеген пайда сияқты ақшалай емес баптар;

- инвестициялық қызметтен, сондай-ақ қаржыландыру жөніндегі қызметтен алынған ақша қаражаттарының қозғалысы нәтижесінде алынған ақша әсері туындайтын өзге де баптар.

Ұйымның қалауы бойынша өтімділіктің қаржы жағдайын анықтау үшін пайдаланушыларға қажетті болып табылатын қосымша ақпарат алынып көрсетіледі

5.2 Ақша қаражаттар қозғалысын талдау

Ақша қаражаттар қозғалысын талдаудың міндеттеріне жататындар:

- ақша қаражаттары ағым көлемінің оңтайлығын бағалау;
- ақша қаражаттар қозғалысының құрамын, құрылымын және бағыттарын бағалау;

- әртүрлі факторлардың ақша қаражаттар ағымын қалыптастыруға әсерін айқандау және өлшеу;

- ақша қаражаттардың пайдалануын жақсарту резервтерін айқындау және бағалау;

- ақша қаражаттардың пайдалану тиімділігін арттыратын резервтерді сату бойынша ұсыныстар өңдеу.

Қаржылық есептіліктің «Ақша қаражаттар қозғалысы туралы есептілік» мәліметтері бойынша есепті кезеңдегі ұйымның ақша қаражаттары ағымы мен шығуына талдау жүргізу үшін келесі кесте құрылады.

Кесте 58 – Ақша қаражаттар қозғалысын талдау

№	Көрсеткіштер	Сомасы, мың теңге		Өзгерісі (+,-)
		Жыл басы	Жыл аяғы	
1	Операциялық қызмет			
1.1.	Ақша қаражаттарының келіп түскені	871 618	868 651	-2 967
1.2.	Ақша қаражаттарының шыққаны	742 520	811 148	+68 628
1.3.	Операциялық қызметтен алынған ақша қаражаттарының таза сомасы	129 098	57 503	-71 595
2.	Инвестициялық қызмет			
2.1.	Ақша қаражаттарының келіп түскені	33	0	-33
2.2.	Ақша қаражаттарының шыққаны	447 039	22 912	-424 127
2.3.	Инвестициялық қызметтен алынған ақша қаражаттарының таза сомасы	-447 006	-22 912	-469 918
3.	Қаржылық қызмет			
3.1.	Ақша қаражаттарының келіп түскені	327 452	0	-327 452
3.2.	Ақша қаражаттарының шыққаны	117 530	56 381	-61 149
3.3.	Қаржылық қызметтен алынған ақша қаражаттарының таза сомасы	209 922	-56 381	-266 303
4	Қаржы-шаруашылық қызметтен алынған ақша қаражаттарының барлығы	-107 986	-21 790	+86 196

Кестеден келе қаржы-шаруашылық қызмет нәтижесінде ұйымның ақша қаражаттар мөлшері жыл басында 107 986 мың теңгеге, ал жыл аяғында 21 790 мың теңгеге шығындалған. Есепті жыл соңында операциялық қызметтен түскен ақша ағымының сомасы 868 651 мың теңгені құрап, жыл басымен салыстырғанда 2 967 мың теңгеге азайған. Ал осы қызметтен жұмсалынған ақша қаражаттар сомасы жыл аяғында 811 148 мың теңгені құрады, жыл басына қарағанда 68 628 мың теңгеге артық.

Операциялық қызметте есептен шыққан ақша қаражаттарына қарағанда келіп түскендері басым болған. Басқаша сөзбен

айтқанда операциялық қызметтен ұйым есепті кезең соңында 57 503 мың теңге мөлшерінс қол жеткізген.

Ал инвестициялық қызметті талдау барысында жыл басы мен жыл аяғында бұл қызмет түрінен компания ақша қаражаттарын көп жұмсаған. Бұл қызмет түрінен келіп түскен ақшамен салыстырғанда керісінше ақша сомасының жұмсалынуы жыл басы мен аяғында сәйкесінше 447 039 мың тг және 22 912 мың тг. құраған.

Қаржылық қызметтің ақша ағымы бойынша алынған таза сома кезең басында 209 922 мың теңгені құраса, ал есепті жыл соңында ұйым ақша шығысы басым болып 56 381 мың тг. құрады. Есепті жыл аяғында қаржылық қызметтен ақша қаражаттар келіп түсуі болмаған.

Жалпы алғанда, ұйым қаржылық және инвестициялық қызмет түрінен алынған оң нәтижеге қол жеткізбеді.

Әрі қарай қызмет түрлерінен түскен ақша қаражаттар құрылымын қарастыру үшін келесі кесте құрылады.

Кесте 59 – Ақша қаражаттар түсімдерінің құрылымы

№	Корсеткіштер	Сомасы, мың теңге		Үлес салмағы, %		Өзгерісі (+,-)
		Жыл басы	Жыл аяғы	Жыл басы	Жыл аяғы	
1.	Операциялық қызметтен түсімдер	871 618	868 651	72.7	100	-2 967
2.	Инвестициялық қызметтен түсімдер	33	0	0,002	-	-33
3.	Қаржылық қызметтен түсімдер	327 452	0	27.3	-	-327 452
	Қаржы-шаруашылық қызметтен алынған түсімдер жиынтығы	1 199 103	868 651	100	100	-330 452

Кесте мәліметтері бойынша есепті жылы ақша қаражаттар түсімдері құрылымында ең жоғарғы үлес салмақ операциялық қызметке келеді. Оның шамасы жыл басында 72,7%-ды құрап, жыл аяғында 100%-ды құрады.

Аталған фактор ұйым қызметі үшін жағымды болып саналады. Өйткені кез-келген ұйым табысты жұмыс істеуі үшін операциялық қызметке барлық ақша қаражаттар түсімінің ең жоғарғы үлесі келуі тиіс. Бұл шарт бсрілген ұйымда орындалуда. Осындай өсу тенденциясы сақталатын болса, онда келесі жылы ұйым жақсы нәтижелерге қол жеткізуі мүмкін.

Жыл басында қаржылық қызметтен түсімдер барлық ақша түсімдері ішінде 27,3% болды. Ал есепті кезең соңында қаржылық және инвестициялық қызметтен ақша түсімі қозғалысы болмаған.

Қаржы-шаруашылық қызметіндегі ақша қаражаттар түсімінің құрамы мен құрылымын қарастыру үшін келесі кесте құрылады.

Кесте 60 – Ақша қаражаттар түсімдерінің құрамы мен құрылымы

Көрсеткіштер	Сомасы, мың теңге		Үлес салмағы, %		Өзгерісі (+,-)
	Жыл басы	Жыл аяғы	Жыл басы	Жыл аяғы	
Қаржы-шаруашылық қызметтен алынған түсімдер, барлығы:	1 199 103	868 651	100	100	-330 452
1. Операциялық қызмет бойынша	871 618	868 651	72,7	100	-2 967
соның ішінде:					
- тауарлар мен қызметтерді сату	866 189	852 461	72,2	98,1	-13 728
- басқа да табыстар	4 736	3 998	0,4	0,5	-738
- сатып алушылардан, тапсырыс берушілерден алынған аванстар	31	12 098	0,002	1,4	+12067
- басқа да түсімдер	662	94	0,05	0,01	+8496
2. Инвестициялық қызмет бойынша	33	0	0,002	-	-33
соның ішінде:					
- негізгі құралдарды сату	33	0	0,002	-	-33
3. Қаржылық қызмет бойынша	327 452	0	27,3	-	-330 452
соның ішінде:					
- қарыздар алу	327 452	0	27,3	-	-330 452

Кестеден операциялық қызметтен түскен түсімдердің көп бөлігі тауарлар мен қызметтерді сатудан болғанын көруге болады. Инвестициялық қызметтен ақша қаражаттарының түсімдері тек негізгі құралдарды сатудан болған. Ал қаржылық қызметтер болған ақша түсімдері қарыздар алудан түскен.

Ақша қаражаттар түсімдері ішінен ең жоғарғы үлес салмақты есепті жыл аяғында 100%-ды операциялық қызмет түсімдері алған.

Ақша қаражаттарының жұмсалудың қарастыру үшін келесі талдау қарастырылады.

Кесте 61 – Ақша қаражаттар шығысының құрылымы

Корсеткіштер	Сомасы, мың теңге		Үлес салмағы, %		Өзгерісі (+,-)
	Жыл басы	Жыл аяғы	Жыл басы	Жыл аяғы	
Операциялық қызмет бойынша шығыс	742 520	811 148	56,8	91,1	+68 628
Инвестициялық қызмет бойынша шығыс	447 039	22 912	34,2	2,6	-424 127
Қаржылық қызмет бойынша шығыс	117 530	56 381	9,0	6,3	-61 149
Қаржы-шаруашылық қызмет бойынша шығыс жиынтығы	1 307 089	890 441	100	100	-416 648

Кестеден келе. ақша қаражаттар шығыс құрылымында негізгі бөлік операциялық қызмет шығысына келеді. Оның үлесі жыл басында 56,8%-ды құраса, жыл аяғында 91,1%-ды алып отыр. Инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражаттар шығысы жыл басында 34,2% болса, есепті жыл соңында 2,6%-ды құраған. Ал қаржылық қызмет бойынша ақша қаражаттар шығысы сәйкесінше 9,0% және 6,3% құраған.

Жалпы қаржы-шаруашылық қызмет бойынша шығыс сомасы жыл басымен салыстырғанда 416 648 мың теңгеге азайған. Оған инвестициялық қызметтен болған шығыстардың азаюы әсер етті.

Соңғы қорытындыларды қалыптастыру үшін қаржы-шаруашылық қызметтің ақша қаражаттар құрамы мен құрылымын қарастыру үшін келесі кесте құрылады.

Кесте 62 – Ақша қаражаттар шығыстарының құрамы мен құрылымы

Көрсеткіштер	Сомасы, мың теңге		Үлес салмағы, %		Өзгерісі (+,-)
	Жыл басы	Жыл аяғы	Жыл басы	Жыл аяғы	
Қаржы-шаруашылық қызметтен кеткен шығыстар, барлығы	1 307 089	890 441	100	100	-416 648
1. Операциялық қызмет бойынша	742 520	811 148	56,8	91,1	+68 628
соның ішінде:					
- тауарлар мен қызметтер үшін жабдықтаушыларға төлемдер	366 127	445 148	28,0	50,0	+79 021
- тауарлар мен қызметтер жабдықтаушыларына берілген аванстар	3 486	4 873	0,3	0,5	+1 387
- еңбек ақы бойынша төлемдер	144 572	203 126	11,1	22,8	+58 554
- сыйақы төлемдері	13 226	14 411	1,0	1,6	+1 185
- бюджетке табыс салығы және басқа да төлемдер	151 171	80 245	11,6	9,0	-70 926
- басқа да төлемдер	63 938	63 345	4,9	7,1	-593
2. Инвестициялық қызмет бойынша	447 039	22 912	34,2	2,6	-424 127
соның ішінде:					
- негізгі құралдарды сатып алу	442 709	18 275	33,9	2,0	-424 434
- материалдық емес активтерді сатып алу	-	656	-	0,07	+656
- басқа да төлемдер	4 330	3 981	0,3	0,4	-349
3. Қаржылық қызмет бойынша	117 530	56 381	9,0	6,3	-61 149
соның ішінде:					
- қарыздарды өтеу	43 248	43 248	3,3	4,8	-
- дивидендтерді төлеу	4 282	13 133	0,3	0,01	+8 851
- басқа да төлемдер	70 000	-	5,3	-	-70 000

Есептеулерден келе талданып отырған ұйымда операциялық қызметтен кеткен ақша қаражаттарының көп бөлігі тауарлар мен қызметтер үшін жабдықтаушыларға төлемдер жасауға жұмсалған. Тауарлар мен қызметтер жабдықтаушыларына берілген аванстар 0,3%-дан 0,5%-ға, еңбекақы бойынша төлемдерүлес

салмағы 11,1%-дан 22,8%-ға, сыйақы төлемдері 1,0%-дан 1,6%-ға, басқа да төлемдер 4,9%-дан 7,1%-ға ұлғайған. Ал осы қызмет бойынша бюджетке табыс салығы және басқа да төлемдер үлесі 11,6%-дан 9,0%-ға дейін төмендеген.

Инвестициялық қызмет бойынша шығыстар негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатып алуға, басқа да төлемдер жасауға жұмсалған. Оның ішінде ең жоғарғы үлеске ие негізгі құралдарды сатып алу 33,9%-дан 2,0%-ға дейін қысқарған.

Инвестициялық қызмет нәтижесіне оң баға беруге болмайды, өйткені негізгі құралдардың сатып алынуы қызметтің кеңеюін, ұйымның материалдық-техникалық базасының нығаюын білдіреді.

Қаржылық қызметтен келген ақша қаражаттарының негізгі шамасы қарыздарды өтеуге жұмсалынған.

Енді ұйымның ақша қаражаттар қалдығының жалпы өзгерісіне құрылымдық талдау жүргізу қажет.

Кесте 63 – Ақша қаражаттарының жалпы өзгерісін құрылымдық талдау

Көрсеткіштер	Сомасы, мың теңге		Үлес салмағы, %		Өзгерісі (+,-)
	Жыл басы	Жыл аяғы	Жыл басы	Жыл аяғы	
1. Операциялық қызмет бойынша ақша қаражаттарының таза сомасы	129 098	57 503	-119,5	-263,9	-71 595
2. Инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражаттарының таза сомасы	- 447 006	-22 912	413,9	105,1	+424094
3. Қаржылық қызмет бойынша ақша қаражаттарының таза сомасы	209 922	-56 381	-194,4	258,7	-266 303
Қаржы-шаруашылық қызмет бойынша ақша қаражаттар түсімінің жиынтығы	- 107 986	-21 790	100	100	-36786

Кестеден келе, есепті жыл басында ұйымда ақша қаражаттарының 107 986 мың теңге сомасына шығындалуы болған. Ақша

қаражаттарының шығындалуында ең жоғарғы үлес салмағы инвестициялық қызмет алады.

Жыл басында қаржы-шаруашылық қызмет бойынша ақша қаражаттар түсімі операциялық және қаржылық қызмет бойынша болған. Ал есепті жыл аяғында тек операциялық қызмет бойынша ақша түсімі орын алған. Қалған қызметтерден ақша қаражатының жұмсалуды орындалған.

Негізінен операциялық қызметтен келіп түскен ақша қаражаттар ағымы қалған екі қызметтен болған ақша қаражаттары шығысын қамтамасыз етуі қажет. Біздің ұйымда мұндай жағдай орын алмағандықтан, оның қызметіне оң баға бере алмаймыз.

Келесі кезекте өткен жылмен салыстырғандағы ақша қаражаттары қалдықтары өзгерісіне талдау жасау қажет.

Кесте 64 – Ақша қаражаттар қалдығының динамикасы

№	Көрсеткіштер	Жылдар		Өзгерісі (т,-)
		Жыл басы	Жыл аяғы	
1.	Жыл басына ақша қаражаттар және оның эквиваленттері	229 829	153 286	+76 543
2.	Ұйымның үш қызметінен ақша қаражаттар жиынтығы	- 107 986	-21 790	-36 786
3.	Жыл аяғына ақша қаражаттар және оның эквиваленттері	121 843	131 496	+9 653

Кестеден келе, ақша қаражаттар қалдығы жыл аяғына жыл басымен салыстырғанда 9 653 мың теңгеге өскен, тіпті 4 есеге төмендеген. Бұл ұйымның жыл басына ақша қаражаттары шамасының жыл басымен салыстырғанда 76 543 мың теңге сома-сына өсуі нәтижесінде болған. Сондықтан жыл соңында ақша қаражаттар қалдығының ұлғаюы байқалған.

Осылайша, ақша қаражаттар қозғалысына талдау жасау ұйымның өтімділігі мен төлем қабілеттілігіне, оның болашақтағы қаржылық әлеуетіне қатысты қорытындыларды терсідетуге және түзетуге мүмкіндік береді.

Өзіндік жұмыс үшін материалдар

Келесі негізгі түсініктерге анықтама беріндер: ақша ағыны, инвестициялық қызмет, қаржылық қызмет, операциялық қызмет, таза ақша ағыны, тікелей әдіс, жапама әдіс, ақша кірісі пен шығысы, ақша қаражаттарының таза сомасы.

Бақылау сұрақтары

1. Ақша ағыны түсінігі.
2. Қаржылық қызметтен алынған түсімдер мен төлемдер.
3. Инвестициялық қызметтен алынған түсімдер мен төлемдер.
4. Операциялық қызметтен алынған түсімдер мен төлемдер.
5. Ақша қаражаттар қозғалысы туралы есептілік. ҚЕХС №7.
6. Тікелей әдіс.
7. Жапама әдіс.

6-ТАҚЫРЫП.

КОМПАНИЯНЫҢ ТАБЫСТЫЛЫҒЫН ТАЛДАУ

6.1 Абсолютті табыстылық көрсеткіштерін талдау

Ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесін бағалаумен тікелей байланысты қаржылық есептіліктің элементтері болып пайдалар мен залалдар танылады. Қызмет нәтижесі пайда мен залал туралы есепте берілген ұйымның табыстары (кірістері) мен шығыстарының өзара байланысы болып табылады.

Пайда көп жағдайда қызмет нәтижелерінің өлшеуі ретінде немесе инвестицияларға табыс немесе акцияға пайда сияқты басқа өлшеулер үшін негіз ретінде пайданылады. Пайданы өлшеуге тікелей байланысты қаржылық есептіліктің элементтері табыстар мен шығыстар болып табылады. Олар мынадай түрде айқындалады;

– табыстар – активтердің ағыны немесе өсімі нысанындағы есепті кезең ішіндегі экономикалық пайданың ұлғаюы немесе капиталға қатысатын адамдардың жарналарына байланысты ұлғаюдан ерекшеленетін капиталдың ұлғаюына әкелетін міндеттемелердің азаюы;

– шығыстар – активтердің жылыстауы немесе азаюы нысанындағы есепті кезең ішінде экономикалық пайданың азаюы немесе капиталға қатысатын адамдарға бөлуге байланысты азаюдан ерекшеленетін капиталдың азаюына әкелетін міндеттемелердің пайда болуы.

Табысты айқындау өзіне негізгі қызметтен түскен табысты, сол сияқты өзге де табыстарды қамтиды. Табыстар өзіне ұйымның қарапайым қызметінің түрлерінен алынған қаражаттың түсуін, оның ішінде өнім сату мен қызмет көрсетуді, сыйақыны, пайыздар, дивидендтерді сатудан түскен табыстарды қамтуы мүмкін.

Өзге де табыстар мекеменің қарапайым қызметі үрдісінде туындауы немесе туындамауы мүмкін кірісті айқындауды қанағаттандыратын түсімдерді білдіреді. Өзге де табыстарды пайдалар мен залалдар туралы есепте танылған кезде олар, әдетте, жеке беріледі, себебі олар туралы ақпарат экономикалық шешімдер қабылдаған кезде пайдалы.

Шығыстарды айқындау залалды, сондай-ақ ұйымның қарапайым қызметі барысында туындайтын шығыстарды қамтиды.

Ұйымның қарапайым қызметі барысында туындайтын шығыстар, мысалы, сатылған өнім мен көрсетілген қызметтердің амортизациясын қамтиды. Олар әдетте, активтердің, мысалы, ақша қаражатының және олардың баламаларының, қорлардың, негізгі құралдардың жылыстауы немесе азаюы нысанын қабылдайды.

Пайда мен залал туралы есептегі табыстар мен шығыстарды тану активтер мен міндеттемелерді тануға немесе өлшеуге тікелей байланысты.

Пайдалар мен залалдар туралы есептің өзінде міндетті түрде кезең ішінде мынадай сомаларды көрсеткенде кем дегенде мынадай желілік баптар болуы тиіс:

- табыс;
- қаржыландыру туралы шығындар;
- қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың пайдалар мен залалдарында үлес қосып қатысуы бойынша есептеу әдісі сәйкес ескерілген ұйымның үлесі;
- салық бойынша шығыстар;
- тоқтатылған қызметтен алынған салық салудан кейінгі жиынтық пайда немесе залал, сату шығындарын шегергенде әділ құны бойынша бағалау нәтижелері бойынша танылған салық салудан кейінгі пайда немесе залал немесе тоқтатылған қызметті құрайтын активтердің немесе шығу тобының (топтарының) шығуынан кейін құрайтын бірегей соманы;
- пайда немесе залал.

Пайдалар мен залалдар туралы есептің өзінде міндетті түрде мынадай баптар кезең ішінде пайданы немесе залалды бөлу ретінде ашып көрсетілуі тиіс:

- азшылық үлесіне жатқызылатын пайда немесе залал;
- еншілес компанияның меншікті капитал иелеріне жататын пайда немесе залал.

Ұйым қызметінің қаржылық нәтижелерін түсіну үшін осылайша ұсыну маңызды болған кезде, пайдалар мен залалдар туралы есептің өзіне міндетті түрде қосымша желілік баптар, бөлімдердің тақырыптары және аралық сомалар ұсынылуға тиіс.

Ұйым қызметінің әр түрлі түрлерінің, операциялардың және басқа оқиғалардың ықпалы пайда немесе залал алу үрдісінің және болжамдылығы жағынан өзгеше болғандықтан, қызметтің қаржылық нәтижелерінің компоненттерін ашып көрсету қол жеткен қаржылық нәтижелерін түсінуге және болашақ нәтижелерді болжауға көрсетеді. Пайдалар мен залалдар туралы есептің өзіне қосымша желілік баптар қосылады, ал осы баптардың аталуына және оларды орналастыру тәртібіне қажет болған жағдайда қызметтің қаржылық жағдайын анықтау үшін өзгерістер енгізіледі. Есепке алынуға тиісті факторлар табыстар мен шығыс-

тардың тиісті компоненттерін мәнділігі мен сипатын және мақсатын қамтиды.

Егер табыстар мен шығыстардың баптары елеулі болып табылса, олардың сипаты мен шамасы міндетті түрде бөлек ашып көрсетіледі.

Пайдалар мен залалдар туралы есеп негізгі қызмет бойынша, сондай-ақ негізгі емес қызмет бойынша да алынған барлық табыстар мен шығыстардың жиынтық деректерін көрсетеді де, пайдаланушыларға ұйымның түпкілікті қаржылық нәтижелері туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Бұл есепті жасау және өткізу тәртібі 1- «Қаржы есептілігін ұсыну» IAS Халықаралық қаржы есептілігінің стандартты Ұлттық қаржылық есептіліктің №2 стандарты, Қаржылық есептілікті әзірлеу және тапсырудың тұжырымдалық негіздемемен белгіленген. Ұйымдар аталған есепті жасау және тапсыру мақсатында жоғарыда көрсетілген нормативтік құжаттар пайдалар мен залалдар туралы есептің баптарының сыныпталу және есепке алу тәртібін жүйелі түрде анықтайды да, ұйымның әр түрлі есепті кезеңдердегі және әр түрлі заңды тұлғалардың қаржылық нәтижелерін салыстыру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Көрсетілген нормативтік құжаттар негізгі және негізгі емес қызметтерден алынған табыстар мен шығыстардың әр түрлі баптарының сондай-ақ басқа да табыстар мен шығыстардың мазмұнын ашып көрсетеді.

Пайдалар мен залал туралы есептілікте талдауға жатқызылған бірінші көрсеткіші ол жалпы пайда. Ол өнімді (жұмыс, қызметті) өткізуден түскен табыс (түсім) және өткізілген өнімнің және көрсетілген қызметтің өзіндік құны арасындағы айырманы білдіреді. Бұл есептік аналитикалық көрсеткіш аралық пайда көрсеткіші ретіндегі мәнге ие.

Жалпы пайда = ӨӨТТ – ӨӨӨҚ

Мұнда: ӨӨТТ – өнімді өткізуден және қызмет көрсетуден түскен табыс;

ӨӨӨҚ – өткізілген өнімнің және көрсетілген қызметтің өзіндік құны.

Жалпы пайданың өзгерісіне өткен жылмен салыстырғанда келесі факторлар әсер етуі мүмкін:

- 1) өткізілген өнімнің өндірістік өзіндік құны;
- 2) бір өнімнің бағасы;
- 3) өткізілген өнімнің көлемі (саны);
- 4) өткізілген өнім құрамындағы құрылымдық өзгерістер.

Өнімнің өзіндік құны жалпы пайдаға әсер етуші маңызды фактор болғандықтан көптеген ұйымдарда өзіндік құнды баптар бойынша талдаумен айналысатын, оны төмендету жолдарын іздестіретін экономикалық қызмет бөлімшелері жұмыс атқарады. Бірақ айтарлықтай шамада бұл жұмыс бастапқы шикізат пен отын-энергетикалық ресурстардың бағасының өсуінен және инфляцияға байланысты құнсызданады. Бағаның күрт өсуі және меншікті айналым қаражаттарының жетіспеуі жағдайында шаруашылық субъектілерінде өзіндік құнды төмендету нәтижесінде табысты арттыру мүмкіндігі болмайды.

Шаруашылықтың тұрақты экономикалық жағдайлары кезінде жалпы пайданы арттырудың негізгі жолы өзіндік құнды материалдық шығындар тарапынан төмендетуден тұрады. Әсіресе бұл өңдеуші және қайта өндіруші салалар үшін (машина құрылыс және темір өңдеу, металлургиялық, нефтехимиялық, мақта-мата, тамақ және т.б.) маңызды, оларда өнімнің өзіндік құнындағы шикізаттың үлес салмағы өте жоғары.

Өндіруші салаларда пайданың өсімшесіне жету күрделі. Оған негізінен өндіру көлеміне арттыру салдарынан қол жеткізуге болады.

Өнімді өткізу көлемінің өсуі жалпы пайданың шамасына тікелей пропорционалды түрде әсер етеді. Өткен кезеңмен салыстырғанда өнім көп өндірілген сайын, жалпы пайда соншалықты көп алынады.

Кәсіпорында өнімді өткізуден түскен табыс жоспарланған тауар өндірісінен және бұйымдардың (дайын өнімдер, сатып алушының жауапты сақталуындағы тауарлар) отпеген бөлігінің қалдықтарының өзгерісінен шығуы керек. Бірақ өнімді өткізуден түсетін табыс көлемі жоспарының төмендеуі, ауыспалы тауар-

лары – материалдық қорлардың тым артуы есебінен болатын жағдайлар да кездеседі.

Өтпеген өнімнің қалдықтары келесі себептерге байланысты құралады. Дайын өнімнің бір бөлігі оларды буып-түю, орау тиеуге дайындау, көлік партиясының көлеміне толтыру, есеп айрысу құжаттарын жазу үшін заңды түрде қоймада жиналып қалады. Осы жерде дайын өнімнің қалдықтарының нормадан тыс мөлшерде өсуіне кәсіпорынның қаржы қызметінің көңіл аударуы қажет.

Өнім өткізуден түсетін табыс сомасына қоймадағы өтпеген бұйымдар қалдықтарының және сатып алушының жауапты сақталуындағы тиеліп жіберілген тауарлардың өзгерістері белгілі бір әсер етеді. Тауарлары – материалдық құндылықтардың азаюы немесе керсінше өсуі бірінші жағдайда өткізуден түсетін табыс сомасының өсуіне, екіншіде – азаюына әсер етеді.

Келесі жалпы пайдадан кейінгі көрсеткіш ол жалғасатын қызметтен алынған кезеңдегі пайда (залал). Оның шамасы мына формуламен анықталады:

$$\text{ЖҚП} = (\text{ЖП} + \text{ҚТ} + \text{ӨТ}) - (\text{ӨӨШ} + \text{ӨШ} + \text{ӨШ} + \text{Ү})$$

Мұнда: ЖҚП – жалғасатын қызметтен түскен пайда;

ЖП – жалпы пайда;

ҚТ – қаржыландыру табыстары;

ӨТ – өзге табыстар;

ӨӨШ – өнімді өткізуге (қызмет көрсетуге) кеткен шығындар;

ӨШ – әкімшілік шығындар;

ӨШ – өзге шығындар;

Ү – үлестік қатысу әдісімен есептелінген ұйымның пайда (залал) үлесі.

Таза пайда көрсеткіші – қарастырылып отырған есеп берудің ең маңызды көрсеткіштерінің бірі. Таза пайданы пайдалану бағыттары ұйымның өзлігімен анықталады. Оның есебінен резервтер құрылады, дивидендтерді төлеу, акционерлік жиналыстарда бекітілген үлестегі жұмысшыларға төлеу, қайырымдылық және басқа да мақсаттарға аударымдар жүргізіледі. Оның

негізінде қаржылық аналитиктердің әртүрлі рейтингтері және есептемелері қалыптасады, оның шамасынан акция бағамы, қарапайым және артықшылығы бар акциялар бойынша төленетін дивиденд мөлшері байланысты.

Ұйымның таза пайдасы пайдаға салықты шегергеннен кейінгі табыстар мен шығындар арасындағы айырманы білдіреді.

Кесте 65 – Абсолютті табыстылық көрсеткіштерін талдау

№	Көрсеткіштер	Өткен жыл, мың тг.	Есепті жыл, мың тг.	Ауытқуы (+;-)
1	Түсім	883 253	951 927	+68 674
2	Откізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны	636 153	791 613	+155 460
3	Жалпы пайда	247 100	160 314	-86 786
4	Сату шығындары	-	-	-
5	Әкімшілік шығыстар	95 561	122 935	+27 374
6	Басқа да шығыстар	3 785	409	-3 376
7	Басқа да табыстар	789	398	-391
8	Барлығы операциялық пайда	148 543	37 368	-111 175
9	Қаржыландыру табыстары	7	-	-7
10	Қаржыландыру шығыстары	13 226	14 411	+1 185
11	Үлестік қатысу әдісімен ескерілген ассоциацияланған ұйымдар мен бірлескен қызметтің пайдасындағы (залалындағы) ұйым үлесі	-	-	-
12	Басқа да операциялық емес табыстар	-	-	-
13	Басқа да операциялық емес шығыстар	-	-	-
14	Салық салуға дейінгі пайда (залал)	135 324	22 957	-112 367
15	Табыс салығы бойынша шығыстар	-	-	-
16	Жалғасатын қызметтен салық салудан кейінгі пайда (залал)	135 324	22 957	-112 367
17	Тоқтатылған қызметтен салық салудан кейінгі пайда (залал)	-	-	-
18	Жыл пайдасы	135 324	22 957	-112 367

Ұйымның пайда мен залал туралы есеп беруіндегі табыс көрсеткіштерінің көпбөлігі өткен жылмен салыстырғанда төмендеген. Өнімді өткізуден түскен түсім мөлшері 68 674 мың теңгеге ескен. Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құныда жыл басымен салыстырғанда 155 460 мың теңгеге ұлғайған. Осы фактордың өсуі жалпы пайда шамасының 86 786 мың теңгеге төмендеуіне әкеп соқтырды. Қаржыландырудан түскен табыс жыл басында 7 мың теңгені құраса, жыл аяғында оның болуы орын алмаған. Басқа да табыстар шамасы да 391 мың теңгеге төмендеген.

Шығындар түрлерінде де көрсеткіштердің өсу өзгерістері байқалған, оның ішінде жыл басымен салыстырғанда әкімшілік шығындар мөлшері 27 374 мың теңгеге, қаржыландыру шығыстары 185 мың теңгеге ұлғайған. Ал басқа да шығыстар мөлшері керісінше 3 376 мың теңгеге азайған.

Шығындардың өсуі таза пайда сомасының қысқаруына әкелді. Оның шамасы жыл басында 135 324 мың теңгені, жыл аяғында 22 957 мың теңгені құрап, салыстырғанда 112 367 мың теңгеге төмендеген.

6.2 Табыстылықтың қатыстырмалы көрсеткіштерін талдау

Табыстылықтың қатыстырмалы көрсеткіштеріне нарықтық экономика жағдайындағы кәсіпорынның қаржылық қызмет жасау, қаржыландыру көздері ынталандыру және оларды тиімді пайдалану сияқты мүмкіндіктерін анықтайтын, осы кәсіпорын қызметінің тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштері жатады. Олар кәсіпорын қызметін түрлі бағытта белгілейді және олар экономикалық процеске қатысушылардың мүдделеріне сай топтастырылады. Табыстылық коэффициенттерді салыстырмалы талдау мен кәсіпорынның қаржы жағдайын бағалаудың міндетті элементтері болып табылады, өйткені олар кәсіпорын табысын қалыптастырудың факторлық ортасын сипаттайтын маңызды көрсеткіштер.

Табыстылық көрсеткіштері 3 топқа бөлінеді:

1) жалпы активтер (авансталған, жиынтық капитал) және олардың жекелеген элементтері;

а) өнімдер;

ә) ақша қаражаттарының таза ағымы (немесе түсімі) негізінде есептелетін табыстылық көрсеткіштері.

Ұйым активтерін (мүлкін) пайдалану тиімділігін бірден-бір дұрыс, танылған әрі кең тараған қорытындылаушы көрсеткіштерінің бірі – табыстылық коэффициенті, ол таза табыстың жалпы активтерге (авансталған капиталға) қатынасын көрсетеді. Активтердің табыстылық деңгейін капиталды пайдаланудың таңдау жолдарымен, мысалы, ұйымның алған табысымен салыстырған жөн.

Табыстылық коэффициентіне талдау жүргізушілер:

- басқару тиімділігінің көрсеткіштері;
- ұйымның инвестициялау мақсатында қажетті табысты

жеткілікті

түрде ала алу қабілетін көрсететін өлшеуіш;

- табысты болжау әдісі;
- шешім қабылдау және бақылау құралы ретінде пайдаланады.

Басқару тиімділігінің көрсеткіші ретінде, авансталған капиталдың табыстылық деңгейі оның сапасының индикаторы болып табылады. Ұйымның инвестициялауға қажетті табысты жеткілікті көлемде алу мүмкіндігін білдіретін өлшеуіш ретінде, авансталған (жалпы) капиталдың табыстылық деңгейі ұйымның ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылығының сенімді көрсеткіші болып саналады. Осыған байланысты ол, инвесторлар мен ұзақ мерзімді несиелер, заем берушілердің үлкен наразына ие болады.

Бұл көрсеткішті табысты (пайданы) болжау мақсатында пайдаланудың тиімділігі сонда, ол ұйымның болашақта алынатын табысын активтермен (жалпы капитал) байланыстыруға мүмкіндік береді. Бұл болжаудың нақтылығын жоғарылатады.

Активтердің тиімділік деңгейі, ұйымдарда инвестициялық шешімдер қабылдауда, қаржылық жоспарлауда, үйлестіруде, сондай-ақ шаруашылық қызметі мен оның нәтижесін бақылау мен бағалауда маңызды роль атқарады. Үлгілі басқарылатын

ұйым, табыстың қалыптасуын, оның әрбір орталықтары бойынша қатаң гүрде бақылап отырады және сәйкесінше осы нәтижелер негізінде бөлімше басшыларына сыйақылар беріледі. Активтерге немесе жобаларға жаңа қаржы салымдарын сал қажеттілігін бағалаған кезде, олардан алынатын табыс есептеледі және бұл есептер, шешімдер қабылдауда негіз болып табылады.

Табыстылықтың салыстырмалы көрсеткіштеріне жататындар:

1. Ұйым активтерінің табыстылығы (T_a).

Барлық активтердің тиімділік деңгейі (авансталған, жиынтық капитал) мына формула бойынша есептеледі:

$$T_a = \frac{\text{Таза табыс}}{\text{Барлық активтер (баланс валютасы)}}$$

2. Қысқа мерзімді активтердің табыстылығы ($T_{\text{қысқа мерзімді актив}}$). Ол ұйым қысқа мерзімді активтерге жұмсалған бір тенгеден қанша табыс алатынын көрсетеді және мына формуламен анықталады:

$$T_{\text{қысқа мерзімді актив}} = \frac{\text{Таза табыс}}{\text{Қысқа мерзімді активтер орташа мөлшері}}$$

3. Ұзақ мерзімді активтердің табыстылығы қысқа мерзімді активтердің табыстылығын анықтау жолымен ұқсас. Тек бөлшек бөлімінде ұзақ мерзімді активтердің орташа шамасы алынады.

4. Меншікті капитал табыстылығы ($T_{\text{м.к}}$). бұл көрсеткіш акционерлік компания құқығында жұмыс істейтін ұйымдар үшін салынған капиталдың табыстылық деңгейін, яғни акционерлік капиталдың пайдалану тиімділігіне баға беретін негізгі көрсеткіш болып табылады.

$$T_{\text{м.к}} = \frac{\text{Таза табыс}}{\text{Меншікті капиталдың орташа мөлшері}}$$

5. Инвестициялардың табыстылығы ($T_{\text{инв}}$). Қаржылық салымдардың табыстылық деңгейі ұйым қаншалықты инвестициялық қызметін тиімді атқаратынын көрсетеді.

$$T_{\text{инв}} = \frac{\text{Таза табыс}}{\text{Меншікті капиталдың — Ұзақ мерзімді міндеттемелердің орташа мөлшері орташа мөлшері}}$$

6. Сату көлемінің табыстылығы ($T_{\text{сату көлемі}}$). Бұл көрсеткіш деңгейіне өткізілетін өнім құрылымының, оның өзіндік құнының және сатылатын бағалардың өзгеруі әсер етеді.

$$T_{\text{сату көлемі}} = \frac{\text{Жалпы табыс}}{\text{Өнімді өткізуден түскен табыс}}$$

7. Өткізілген барлық өнімнің табыстылығы ($T_{\text{барлық өнім}}$). Өткізілген өнімнің бір тенгесіне келетін таза табыстың мөлшерін көрсетеді.

$$T_{\text{барлық өнім}} = \frac{\text{Таза табыс}}{\text{Өнімді өткізуден түскен табыс}}$$

8. Негізгі қызметтің табыстылығы ($T_{\text{нк}}$).

$$T_{\text{негізгі қызмет}} = \frac{\text{Негізгі қызметтен түскен табыс}}{\text{Өнімнің өзіндік құны + Кезен шығындары}}$$

9. Перманенттік капиталдың табыстылығы ($T_{\text{пк}}$). Ол ұйымның ұзақ мерзімдік пайдалануындағы капиталы қанша табыс әкелетінін көрсетеді. Оның мәні меншікті капиталдың табыстылық көрсеткішіне ұқсас, тек бір айырмашылығы — талдағанда ұйымның ұзақ мерзімді міндеттемелерінің әсерін еске алу керек.

Бұл көрсеткіштің есептелінуі инвестициялар табыстылығының есептелінуіне ұқсас есептелінеді.

10. Тартылған капиталдың табыстылығы ($T_{\text{тк}}$).

$$T_{\text{тк}} = \frac{\text{Таза табыс}}{\text{Қысқа мерзімді міндеттемелер + Ұзақ мерзімді міндеттемелер орташа мөлшері орташа мөлшері}}$$

Кесте 66 – Табыстылықтың қатыстырмалы көрсеткіштерін талдау

№	Көрсеткіштер	Жыл басы	Жыл аяғы	Ауытқуы (+,-)
1	Таза пайда, мың теңге.	135 324	22 957	-112 367
2	Өнімді өткізуден түскен табыс, мың теңге	883 253	951 927	+68 674
3	Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны, мың теңге	636 153	791 613	+155 460
4	Жалпы пайда, мың теңге	247 100	160 314	-86 786
5	Кезең шығындары, мың теңге	112 572	137 755	-25 183
6	Негізгі қызметтен түскен табыс, мың теңге	134 528	22 559	-111 969
7	Авансталған капиталдың орташа шамасы, мың теңге	1 958 821	1 987 198	+28 377
8	Қысқа мерзімді активтердің орташа шамасы, мың теңге	638 286	746 159	+107 873
9	Ұзақ мерзімді активтердің орташа шамасы, мың теңге	1 320 535	1 241 039	-79 496
10	Меншікті капиталдың орташа шамасы, мың теңге	1 452 944	1 400 946	-51 998
11	Ұзақ мерзімді міндеттемелердің орташа шамасы, мың теңге	337 154	337 155	+1
12	Тартылған капиталдың орташа шамасы, мың теңге	505 877	586 252	+80 375
13	Активтердің табыстылығы, %	6,9	1,1	-5,8
14	Қысқа мерзімді активтердің табыстылығы, %	21,2	3,1	-18,1
15	Ұзақ мерзімді активтердің табыстылығы, %	10,2	1,8	-8,4
16	Меншікті капиталдың табыстылығы, %	9,3	1,6	-7,7
17	Инвестициялардың табыстылығы, %	0,1	1,3	+1,2
18	Сату көлемінің табыстылығы, %	28,0	16,8	-11,2
19	Өткізілген өнімнің табыстылығы, %	15,3	2,4	-12,9
20	Негізгі қызметтің табыстылығы, %	18,0	2,4	-15,6
21	Инвестициялық капиталдың табыстылығы, %	0,1	1,3	+1,2
22	Тартылған капиталдың табыстылығы, %	26,7	3,9	-22,8

Кестеден келе, зерттелініп отырған ұйымның табыстылық көрсеткіштерінің біршамасы азайғандығы көрінуде. Тек есепті

кезең басымен салыстырғанда инвестициялардың табыстылығы 1,2%-ға көбейгендігі байқалады. Бұл көрсеткіштің өсуіне меншікті капитал шамасының азаюы әсер еткен. Ал қалған табыстылық көрсеткіштердің төмендеуіне таза табыс сомасының 112 367 мың теңгеге азайғандығы әсер еткен. Оның мөлшері есепті жыл басында 135 324 мың теңгені, ал жыл аяғында 22 957 мың теңгені құраған.

Табыстылық көрсеткіштері ішінде, активтердің табыстылығы кезең басымен салыстырғанда 5,8%-ға, қысқа мерзімді активтердің табыстылығы 18,1%-ға, ұзақ мерзімді активтердің табыстылығы 8,4%-ға, меншікті капитал табыстылығы 7,7%-ға, тартылған капиталдың табыстылығы 22,8%-ке, өткізілген өнімнің табыстылығы 12,9%-ға, сату көлемінің табыстылығы 11,2%-ға төмендегені байқалады.

Қорыта келгенде, жалпы ұйымның табыстылық көрсеткіштері оң бағаланбайды. Себебі, таза пайданың төмендеуі әрқашан да ұйым рентабельділігіне жағымсыз әсер етіп, оның төлем қабілеттілігін төмендетіп, ұйымның қаржылық жағдайын нашарлатуға әкеледі.

Өзіндік жұмыс үшін материалдар

Келесі негізгі түсініктерге анықтама беріңдер: компанияның табыстылығы, табыстылықтың абсолютті көрсеткіштері, табыстылықтың қатыстырмалы көрсеткіштері, перманенттік капитал, таза пайда, жалпы пайда, негізгі қызметтен түскен табыс.

Бақылау сұрақтары

1. Кәсіпорын табыстылығы түсінігі.
2. Табыстылықтың абсолютті көрсеткіштері.
3. Табыстылықтың қатыстырмалы көрсеткіштері.
4. Табыстылық көрсеткіштеріне әсер ететін факторлар.
5. Кезең шығындары.
6. Қорытынды пайда.

ҚОСЫМША А

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бұйрығына
20 тамыз 2010 жыл №422

БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС
31.12.12 жыл жағдайына

мың теңге

Активтер	Жол коды	Есепті кезең аяғына	Есепті кезең басына
I. Қысқа мерзімді активтер:			
Ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері	010	131 496	153 286
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтер	011		
Туынды қаржылық құралдар	012		
Пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша ескерілген қаржылық активтер	013		
Өтелуге дейін ұсталатын қаржылық активтер	014		
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық активтер	015		
Қысқа мерзімді саудалық және басқа да дебиторлық берешек	016	267 702	87 205
Ағымдағы табыс салығы	017	19 341	22 663
Қорлар	018	313 232	341 300
Басқа да қысқа мерзімді активтер	019	14 388	33 832
Барлығы қысқа мерзімді активтер	100	746 159	638 286
II. Ұзақ мерзімді активтер:			
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтер	110		
Туынды қаржылық құралдар	111		
Пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша ескерілген қаржылық активтер	112		
Өтелуге дейін ұсталатын қаржылық активтер	113		
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық активтер	114		
Ұзақ мерзімді саудалық және басқа да дебиторлық берешек	115		
Үлестік қатысу әдісімен ескерілген инвестициялар	116		

Инвестициялық жылжымайтын мүлік	117		
Негізгі құралдар	118	1 240 463	1 320 210
Биологиялық активтер	119		
Барлау және бағалау активтері	120		
Материалдық емес активтер	121	576	325
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	122		
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	123		
Барлығы ұзақ мерзімді активтер	200	1 241 039	1 320 535
Баланс (жол 100 + жол 200)		1 987 198	1 958 821

Міндеттемелер және капитал	Жол коды	Есепті кезең аяғына	Есепті кезең басына
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер:			
Қарыздар	210	18 535	61 783
Туынды қаржылық құралдар	211		
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	212	74 186	13 681
Қысқа мерзімді саудалық және басқа да кредиторлық берешек	213	84 039	49 801
Қысқа мерзімді резервтер	214	649	7 614
Табыс салығы бойынша ағымдағы салықтық міндеттемелер	215		
Жұмыскерлерге сыйақылар	216	36 104	25 982
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	217	35 584	9 862
Барлығы қысқа мерзімді міндеттемелер	300	249 097	168 723
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер:			
Қарыздар	310	222 421	222 421
Туынды қаржылық құралдар	311		
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	312		
Ұзақ мерзімді мерзімді саудалық және басқа да кредиторлық берешек	313		
Ұзақ мерзімді резервтер	314	56 869	56 869
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	315	57 865	57 864
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	316		
Барлығы ұзақ мерзімді міндеттемелер	400	337 155	337 154

У. Капитал			
Жаргынлык (акционерлик) капитал	410	956 377	956 377
Эмиссиялык табыс	411		
Сатып алынган менликти үлестик куралдар	412		
Резервтер	413	328 205	335 218
Бөлінбеген пайда (жабылмаган залал)	414	116 364	161 349
Барлығы капитал	500	1 400 946	1 452 944
Баланс (жол 300 + 400 + жол 500)		1 987 198	1 958 821

Басшы _____
(аты-жөнү) колы

Бас бухгалтер _____
(аты-жөнү) колы

Мөр орны

ҚОСЫМША Ә

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бұйрығына
20 тамыз 2010 жыл №422

ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ЕСЕПТІЛІК

31 желтоқсан 2012 аяқталатын жылмен

мың теңге

КӨРСЕТКІШТЕР АТАУЫ	Жол коды	Есепті кезеңге	Алдыңғы кезеңге
Түсім	010	951 927	883 253
Откізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны	011	791 613	636 153
Жалпы пайда (жол 010 – жол 011)	012	160 314	247 100
Сату шығындары	013		
Әкімшілік шығыстар	014	122 935	95 561
Басқа да шығыстар	015	409	3 785
Басқа да табыстар	016	398	789
Барлығы операциялық пайда (залал) (+/- 012 жолдан бастап 016 жолға дейін)	020	37 368	148 543
Қаржыландыру табыстары	021		7
Қаржыландыру шығыстары	022	14 411	13 226
Үлестік қатысу әдісімен ескерілген ассоциацияланған ұйымдар мен бірлескен қызметтің пайдасындағы (залалындағы) ұйым үлесі	023		
Басқа да операциялық емес табыстар	024		
Басқа да операциялық емес шығыстар	025		
Салық салуға дейінгі пайда (залал) (жол 110 +/- жол 120)	100	22 957	135 324
Табыс салығы бойынша шығыстар	101		
Жалғасатын қызметтен салық салудан кейінгі пайда (залал) (жол 100 – жол 101)	200	22 957	135 324
Тоқтатылған қызметтен салық салудан кейінгі пайда (залал)	201		
Жыл пайдасы (жол 200 + жол 201)	300	22 957	135 324

Басшы _____
(аты-жөні) қолы

Бас бухгалтер _____
(аты-жөні) қолы

Мөр орны

ҚОСЫМША Б

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бұйрығына
20 тамыз 2010 жыл №422

АҚША ҚАРАЖАТТАР ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕПТІЛІК 31 желтоқсан 2012 аяқталатын жылмен

мың теңге

Көрсеткіштер атауы	Жол коды	Есепті кезең	Өткен кезеңге
I. Операциялық қызметтен ақша қаражаттар қозғалысы			
1. Ақша қаражаттар түсімі, барлығы	010	868 651	871 618
соның ішінде:			
тауарлар мен қызметтерді сату	011	852 461	866 189
басқа да табыстар	012	3 998	4 736
сатып алушылардан, тапсырыс берушілерден алынған аванстар	013	12 098	31
сақтандыру шарттары бойынша түсімдер	014		
алынған сыйақылар	015		
басқа да түсімдер	016	94	662
2. Ақша қаражаттар шығысы, барлығы	020	811 148	742 520
соның ішінде:			
тауарлар мен қызметтер үшін жабдықтаушыларыға төлемдер	021	445 148	366 127
тауарлар мен қызметтер жабдықтаушыларына берілген аванстар	022	4 873	3 486
еңбек ақы бойынша төлемдер	023	203 126	144 572
сыйақы төлемдері	024	14 411	13 226
сақтандыру шарттары бойынша төлемдер	025		
бюджетке табыс салығы және басқа да төлемдер	026	80 245	151 171
басқа да төлемдер	027	63 345	63 938
3. Операциялық қызметтен ақша қаражаттарының таза сомасы (жол 010 – жол 020)	030	57 503	129 098
II. Инвестициялық қызметтен ақша қаражаттар қозғалысы			
1. Ақша қаражаттар түсімі, барлығы	040	0	33
соның ішінде:			
негізгі құралдарды сату	041		33
материалдық емес активтерді сату	042		
басқа да ұзақ мерзімді активтерді сату	043		

басқа ұйымдардың үлестік құралдарын (еншілес ұйымдардан басқа) және бірлескен кәсіпкерліктегі қатысу үлесін сату	044		
басқа ұйымдардың үлестік құралдарын сату	045		
еншілес ұйымдарға бақылауды жоғалтқан кезде шығынның орнып толтыру	046		
басқа да қаржылық активтерді сату	047		
фьючерстік және форвардтық келісім-шарттар, опциондар және своптар	048		
алынған дивидендтер	049		
алынған сыйақылар	050		
басқа да түсімдер	051		
2. Ақша қаражаттар шығысы, барлығы	060	22 912	447 039
соның ішінде:			
негізгі құралдарды сатып алу	061	18 275	442 709
материялдық емес активтерді сатып алу	062	656	
басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатып алу	063		
басқа ұйымдардың үлестік құралдарын (еншілес ұйымдардан басқа) және бірлескен кәсіпкерліктегі қатысу үлесін сатып алу	064		
басқа ұйымдардың үлестік құралдарын сатып алу	065		
еншілес ұйымдарға бақылауды сатып алу	066		
басқа да қаржылық активтерді сату	067		
қарыздар беру	068		
фьючерстік және форвардтық келісім-шарттар, опциондар және своптар	069		
ассоциацияланған және еншілес ұйымдарға инвестициялар	070		
басқа да төлемдер	071	3 981	4 330
3. Инвестициялық қызметтен ақша қаражаттарының таза сомағы (жол 040 – жол 060)	080	-22 912	- 447 006
III. Қаржылық қызметтен ақша қаражаттар қозғалысы			
1. Ақша қаражаттар түсімі, барлығы	090	0	327 452
соның ішінде:			

ҚОСЫМША В

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бұйрығына
20 тамыз 2010 жыл №422

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІС ТУРАЛЫ ЕСЕПТІЛІК 31 желтоқсан 2012 аяқталатын жылмен

мың теңге

	Жол коды	Бас ұйымның капиталы				Бөлінбеген пайда	Бақыланбайтын меншік иелері үлесі	Капитал жиынтығы
		Жарғылық (акционерлік) капитал	Эмиссиялық табыс	Сатып алынған меншікті үлестік құралдар	Резервтер			
Алдыңғы жылдың 1 қантарына сальдо	010	956 377			323 053	215 815		1 495 245
Есеп саясатындағы өзгерістер	011							
Қайта саналған саль- до (жол 010 + / - жол 011)	100	956 377			323 053	215 815		1 495 245
Жалпы жиынтық пайда, барлығы (жол 210 + жол 220)	200	0	0	0	12 165	83 747	0	95 912
Жыл пайдасы (залалы)	210					74 954		74 954
Басқа да жиынтық пайда, барлығы (221 мен 229 жол сомасы)	220	0	0	0	12 165	8 793	0	20 958

акциялар және басқа да қаржылық құралдар эмиссиясы	091		
қарыздар алу	092	0	327 452
алынған сыйақылар	093		
басқа да түсімдер	094		
6-шілден 15-а қаражаттар шығысы барлығы	100	56 381	117 530
соның ішінде:			
қарыздарды өтеу	101	43 248	43 248
сыйақыларды төлеу	102		
дивидендтерді төлеу	103	13 133	4 282
Ұйым акциялары бойынша Мешік иелеріне төлемдер	104		
басқа да төлемдер	105		70 000
3. Қаржылық қызметтен ақша қаражаттарының таза сомасы (жол 090 – жол 100)	110	-56 381	209 922
4. Теңгеге валюталардың айырбас бағамдар әсері	120		
5. Ақша қаражаттардың ұлғаюы + / - азаяуы (жол 030 + / - жол 080) + / - жол 110)	130	-21 790	- 107 986
6. Есепті кезең басынан ақша қаражаттар және олардың эквиваленттері	140	153 286	229 829
7. Есепті кезең аяғына ақша қаражаттар және олардың эквиваленттері	150	131 496	121 843

Басшы _____ /
(аты-жөні) қолы

Бас бухгалтер _____ /
(аты-жөні) қолы
Мер орыны

соның ішінде:								
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан өсімше (салықтық әсерді шегергенде)	221				20 958			20 958
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан амортизация аударымы (салықтық әсерді шегергенде)	222				-8 793	8 793		0
Қолда бар сатуға арналған қаржылық активтерді қайта бағалау (салықтық әсерді шегергенде)	223							0
Үлестік қатысу әдісімен ескерілген ассоциацияланған ұйымдар мен бірлескен қызметтегі басқа да жиынтық пайда (залал) үлесі	224							0
Зейнетақы міндеттемелері бойынша актуарлы пайда (залал)	225							0

Еншілес ұйымдардың мерзімі ұзартылған салығына табыс салығы ставкасындағы өзгеріс әффектісі	226							0
Ақша ағымын хеджирлеу (салықтық әсерді шегергенде)	227							0
Шетел ұйымдарына инвестициялар бойынша бағамдық айырма	228							0
Шетел операцияларына таза инвестицияларды хеджирлеу	229							0
Меншік иелерімен операциялар, барлығы (310 мен 318 жол сомалары)	300	0	0	0	0	-138 213	0	-138 213
соның ішінде:	310							0
Акциялар түрінде қызметкерлерге сыйақылар:								0
соның ішінде:								0
қызметкерлер қызмет құны								0

Акциямен қызметкерлерге сыйақы сызбасы бойынша акциялар шығару								0
Акциямен қызметкерлерге сыйақы сызбасына қатысты салықтық тиімділік								0
Меншік иелерінің салымдары	311							0
Меншікті үлестік құралдарды (акцияларды) шығару	312							0
Бизнесті біріктірумен байланысты үлестік құралдарды шығару	313							0
Конвертацияланатын құралдардың үлестік компоненті (салықтық әсерлі шегергенде)	314							0
Дивидендтерді төлеу	315					-138 213		-138 213
Меншік иелері пайдасына басқа бөлулер	316							0
Меншік иелерімен басқа да операциялар	317							0

Бақылауды жоғалтуға әкелмейтін еншілес ұйымдарына қатысу үлесіндегі өзгерістер	318							0
Есепті кезең І қантарына салыдо (жол 100 + жол 200 + жол 300)	400	956 377	0	0	335 218	161 349	0	1 452 944
Есеп саясатындағы өзгерістер	401				-2	-2		
Қайта саналған салыдо (жол 400 +/- жол 401)	500	956 377	0	0	335 216	161 351	0	1 452 944
Жалпы жиынтық пайда, барлығы (жол 610 + жол 620)	600	0	0	0	-7 011	29 968	0	22 957
Жыл пайдасы (залалы)	610					22 957		22 957
Басқа да жиынтық пайда, барлығы (621 мен 629 жол сомасы)	620	0	0	0	-7 011	7 011	0	0
соның ішінде:								
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан өсімше (салықтық әсерді шегергенде)	621							
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан амортизация аударымы (салықтық әсерді шегергенде)	622				-7 011	7 011		0

Қолда бар сағуға арналған қаржылық активтерді қайта бағалау (салықтық әсерді шегергенде)	623							0
Үлестік қатысу әлісімен ескерілген ассоциацияланған ұйымдар мен бірлескен қызметтегі басқа да жиынтық пайда (залал) үлесі	624							0
Зейнетақы міндеттемелері бойынша актуарлы пайда (залал)	625							0
Еншілес ұйымдардың мерзімі ұзартылған салығына табыс салығы ставкасындағы өзгеріс эффектісі	626							0
Ақша ағымын хеджирлеу (салықтық әсерді шегергенде)	627							0
Шетел ұйымдарына инвестициялар бойынша бағамдық айырма	628							0

Шетел операцияларына таза инвестицияларды хеджирлеу	629							0
Меншік иелерімен операциялар, барлығы (710 мен 718 жол сомалары)	700	0	0	0	0	- 74 955	0	- 74 955
соның ішінде:								0
Акциялар түрінде қызметкерлерге сыйақылар:	710							0
соның ішінде:								0
қызметкерлер қызмет құны								0
акциямен қызметкерлерге сыйақы сызбасы бойынша акциялар шығару								0
акциямен қызметкерлерге сыйақы сызбасына қатысты салықтық тиімділік								0
Меншік иелерінің салымдары	711							0
Меншікті үлестік құралдарды (акцияларды) шығару	712							0

713	Бизнесі біріктірумен байланысты Улестік құралдарды шығару									0
714	Конвертация банатын құрақтардың Улестік компоненті (салықтық әсерді шеткергенде)									0
715	Дивидендтерді төлеу								74 955	74 955
716	Меншік иелері пайдаланына басқа бөлулер									0
717	Меншік иелерімен басқа да операциялар									0
718	Бақылауды жоғалтуға әкелмейтін еншілес ұйымдарына қатысу Улестіктері өзгерістер									0
800	Еселгі кезең 31 желтоқсанын бағыдо (жол 500 + жол 600 + жол 700)	956 377	0	0	328 205	116 364	0	1 400 946		

Басшы _____

Бас бухгалтер _____ (аты-жөні) қолы

Мөр орны _____ (аты-жөні) қолы

Мөр орны

ТЕСТІЛЕР

1. Барлық көрсеткіштер 100% деп алынатын базистік жыл деңгейінен, бірқатар жылдар көрсеткіштерінің салыстырмалы ауытқуын есептеуге пегізделген әдіс:

- a) коэффициенттер;
- b) трендтік талдау;
- c) тікелей талдау;
- d) көлденең талдау;
- e) факторлық талдау.

2. Нәтижесінде меншікті капитал мен қарыз қаражаттарының құрамы мен мөлшері өзгеріске ұшырайтын субъектінің қызметі:

- a) қаржылық қызмет;
- b) инвестициялық қызмет;
- c) операциялық қызмет;
- d) ақша қаражаттары;
- e) салыстырмалы қызмет.

3. Активтер рентабельділігі анықталады:

- a) өнімді өткізуден түскен табыс / активтер;
- b) таза табыс / активтер;
- c) өнімді өткізуден түскен табыс / активтердің орташа мөлшері;
- d) таза табыс / активтердің орташа мөлшері;
- e) міндеттемелер / активтердің орташа мөлшері;

4. Қай теңсіздіктер жиынтық баланс өтімділігін сипаттайды:

- a) $1A \geq 1П$, $2A \geq 2П$, $3A \geq 3П$, $4A \leq 4П$;
- b) $1A \leq 1П$, $2A \geq 2П$, $3A \leq 3П$, $4A \geq 4П$;
- c) $1A \leq 1П$, $2A \geq 2П$, $3A \geq 3П$, $4A \geq 4П$;
- d) $1A \leq 1П$, $2A \leq 2П$, $3A \leq 3П$, $4A \geq 4П$;
- e) $1A \geq 1П$, $2A \leq 2П$, $3A \leq 3П$, $4A \geq 4П$.

5. Жалпы пайда қалай анықталады:

- a) өнімді өткізуден түскен табыс – сатылған өнімнің өзіндік құны;

- b) өнімді өткізуден түскен табыс – кезең шығындары;
- c) негізгі қызметтен алынған табыс + негізгі емес қызметтен алынған табыс;
- d) салық салынғанға дейінгі әдеттегі қызметтен алынған табыс - салықтар;
- e) өнімді өткізуден түскен табыс - салықтар.

6. Айналым қаражаттарын бекіту коэффициенті қалай анықталады:

- a) Қысқа мерзімді активтердің орташа мөлшері / ӨӨТТ;
- b) ӨӨТТ / Жалпы табыс;
- c) ӨӨТТ / Баланс валютасы;
- d) Баланс валютасы / ӨӨТТ;
- e) ӨӨТТ / Қысқа мерзімді активтер.

7. Мапеврлеу коэффициенті қалай анықталады:

- a) Меншікті айналым капиталы / Меншікті капитал;
- b) Таза табыс / Дивидендтер;
- c) Таза табыс / Капитал;
- d) Капитал / ӨӨТТ;
- e) Таза табыс - Меншікті капитал.

8. Меншікті капитал табыстылығы коэффициенті анықталады:

- a) өнімді өткізуден түскен табыс / меншікті капитал;
- b) таза табыс / меншікті капиталдың орташа мөлшері;
- c) меншікті капитал / өнімді өткізуден түскен табыс;
- d) өнімді өткізуден түскен табыс / меншікті капиталдың орта мөлшері;
- e) меншікті капитал / таза табыс.

9. Қай көрсеткіш абсолютті табыстылық көрсеткіштеріне жатады:

- a) ӨӨТТ;
- b) Ақша қаражаттар;
- c) Міндеттемелер;

- d) Капитал;
- e) Жарғылық капитал.

10. Өтімділігі жағынан «басқа да қысқа мерзімді активтер» бабы қай активтер тобына кіреді?

- a) Ең өтімді активтер;
- b) Тез өтетін активтер;
- c) Баяу өтетін активтер;
- d) Қиын өтетін активтер;
- e) Өтімсіз активтер.

11. Қаржылық талдаудың ақпарат көзі:

- a) нормативті актілер;
- b) заңдар;
- c) ақша қаражаттары;
- d) баланс;
- e) банк көшірмелері.

12. Ұйымның қаржылық тұрақтылық коэффициенттерін атаңыз:

- a) өндірістік мақсаттағы мүліктер, негізгі құралдардың шынайы құны мен активтердің мобилдік коэффициенттері;
- b) негізгі құралдардың тозуы, жарамдылығы, жаңартылуы мен активтердің мобилдік коэффициенттері;
- c) тәуелсіздік, қаржыландыру, қарыз және меншікті капитал арақатынас коэффициенттері;
- d) айналымдылық коэффициенттері;
- e) рентабельділік коэффициенттері.

13. Біркүндік айналымды анықтаңыз: өнімді өткізуден түскен табыс =1530, активтер =1012, активтердің орташа мөлшері = 428,5, таза табыс = 94

- a) 4,25;
- b) 100,8;
- c) 3,57;
- d) 1,5;
- e) 0,2.

14. Өнімді өткізуден түскен табыс және өзгермелі шығындар арасындағы айырма несі анықтайды:

- a) маржиналды табыс;
- b) негізгі қызмет табысы;
- c) жиынтық табыс;
- d) таза табыс;
- e) салық салынғаннан кейінгі табыс.

15. Қысқа мерзімді активтер табыстылығы:

- a) таза табыс / өнімді (қызмет, жұмыс) өткізуден түскен табыс;
- b) жиынтық табыс / өнімді (қызмет, жұмыс) өткізуден түскен табыс;
- c) таза табыс / жиынтық капитал;
- d) негізгі қызметтен алынған табыс / сатылған өнімнің толық өзіндік құны;
- e) таза табыс / қысқа мерзімді активтердің орташа шамасы.

16. Бухгалтерлік баланста қысқа мерзімді активтер бөліміне кіретін бап:

- a) негізгі құралдар;
- b) материалдық емес активтер;
- c) жарғылық капитал;
- d) қысқа мерзімді міндеттемелер;
- e) ақша қаражаттар.

17. Қорлар өтімділік дәрежесіне қарай активтердің қай тобына жатады:

- a) баяу өтетін активтер;
- b) қиын өтетін;
- c) тез өтетін;
- d) ең өтімді;
- e) өтімсіз.

18. Негізгі құралдар айналымдығы анықталады:

- a) өнімді сатудан түскен табыс / негізгі құралдардың орташа шамасы;

- b) негізгі құралдардың орташа шамасы / өнімді сатудан түскен табыс;
- c) негізгі құралдардың орташа шамасы / өзгермелі шығындар сомасы;
- d) негізгі құралдардың орташа шамасы / тұрақты шығындар сомасы;
- e) өнімді сатудан түскен табыс / негізгі құралдардың орташа шамасы.

19. Дебиторлық борыштың айшалымдылық коэффициенті:

- a) дебиторлық борыштың орташа шамасы / өнімді сатудан түскен табысқа
- b) өнімді сатудан түскен табыс / дебиторлық борыштың орташа шамасы;
- c) қысқа мерзімді активтердің орташа шамасы / дебиторлық борыштың орташа шамасы;
- d) дайын өнімнің орташа шамасы / дебиторлық борыштың орташа шамасы;
- e) өнімді сатудан түскен табыс / дебиторлық борыштың орташа шамасы.

20. Есеп берудің әрбір позициясын өткен кезеңімен салыстыру талдаудың қай әдісіне жатады:

- a) коэффициенттер;
- b) трендтік талдау;
- c) тікелей талдау;
- d) көлденең талдау;
- e) факторлық талдау.

21. Ұзақ мерзімді активтерді сатып алу және сату, неснелерді алу және қайтару ұнымның қай қызмет түріне жатады:

- a) қаржылық қызмет;
- b) инвестициялық қызмет;
- c) операциялық қызмет;
- d) қарапайым қызмет;
- e) негізгі қызмет.

22. Қысқа мерзімді міндеттемелерге жатады:

- a) қысқа мерзімді несиелер мен заемдар;
- b) уақытында төленбеген кредиторлық борыш, қарыздар;
- c) ұзақ мерзімді несиелер мен заемдар;
- d) меншік капитал;
- e) негізгі құралдар.

23. Пайда болу орнына байланысты кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық жағдайына әсер ететін факторлар:

